

Әділбаев Алау Шайқымұлы

**Қазақ салт-дәстүр,
әдет-ғұрыптарының ислам
шариғатымен үйлесімі**

«Қазақстандық исламтану мектебін дамытуға
қатысты зерттеу жұмыстарын жүргізу»
тақырыбы бойынша грант аясында жарық
көрген монографияның

№2 томы

Астана, 2018



«Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ



«Рухани құндылықтарды қолдау қоры» КК



Қазақстан Республикасының
Қоғамдық даму министрлігі

«Рухани құндылықтарды қолдау қоры» корпоративтік қоғам «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының көзқарасын білдіруі міндетті емес жарияланымдардың мазмұны үшін жауапты. Осы жинақтағы авторлар көзқарасы «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ көзқарасымен сәйкес келмеуі мүмкін.

Қазақ салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарының ислам шарифатымен үйлесімі

**«Қазақстандық исламтану мектебін дамытуға
қатысты зерттеу жұмыстарын жүргізу»
тақырыбы бойынша грант аясында жарық
көрген монографияның №2 томы**



Қазақстан Республикасының Қоғамдық даму министрлігі мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимылы, діни қызмет, мемлекеттік жастар және отбасы саясаты, қоғамдық сананы жаңғырту, қайырымдылық, волонтерлік қызмет, медиация, ішкі саяси тұрақтылықты, конфессияаралық және этносаралық келісімді қамтамасыз ету салаларында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.



«Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ мемлекет пен үкіметтік емес ұйымдар арасындағы өзара әрекеттесу механизмдерін жетілдіру және грант бөлуші ұйым жұмысының ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында құрылған. Ұйымның негізгі қызметі мемлекеттік және мемлекеттік емес гранттарды ҮЕҰ-ға бөлу және олардың іске асуын қадағалау болып табылады.

Астана, 2018 жыл
Басылым - 300 дана.

ӘОЖ 28
КБЖ 86.38
Б45

**БАСПАҒА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ МИНИСТРЛІГІ
ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ КОМИТЕТІНІҢ
САРАПТАМА БӨЛІМІ ҰСЫНҒАН,
2018 жылы**

Б45 А.Ш. Әділбаев

Қазақ салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарының ислам шариғатымен үйлесімі: Монография – Астана: «Рухани құндылықтарды қолдау қоры» корпоративтік қоры, 2018. – 170 б., **«Қазақстандық исламтану мектебін дамытуға қатысты зерттеу жұмыстарын жүргізу» тақырыбы бойынша грант аясында жарық көрген монографияның 2 томы**

ISBN 978-9965-9896-3-6

Кітап Қазақстан Республикасы Қоғамдық даму министрлігінің қолдауымен «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ жүргізген грант аясында жарық көріп отыр.

Кітапта жарық көрген материалдар Грант берушінің көзқарасы болып табылмайды.

ӘОЖ 28
КБЖ 86.38

ISBN 978-9965-9896-3-6

© «Рухани құндылықтарды қолдау қоры» КҚ, 2018

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	6
--------------	---

I. ИСЛАМ ШАРИҒАТЫ ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫҚ ҒҰРЫПТАР МЕН ДӘСТҮРЛЕР

1.1. Ислам дінінің ұлттар дәстүріне көзқарасы.....	8
1.2. Әдет-ғұрыптың шариғат нормаларын белгілеудегі мән-маңызы.....	14
1.3. Фикһ әдебиеттерінде әдет-ғұрып ұғымының қолданылуы.....	16
1.4. Әдет-ғұрыптың ислам құқығының қайнар көзі екендігінің дәлелі.....	18
1.5. Ислам құқығында әдет-ғұрыптарға қойылатын шарттар.....	21
1.6. Ислам дінінің қазақ жеріне таралу тарихына қысқаша шолу.....	24
1.7. Дала заңдары және ислам шариғаты.....	31

II. ИСЛАММЕН ҮНДЕСКЕН ДӘСТҮРЛЕР МЕН ӘДЕТ-ҒҰРЫПТАР

2.1. Дүние есігін ашқаннан ақтық сапарға дейін.....	37
Азан шақырып ат қою.....	37
Бесік – ұлттың ұясы.....	38
Қырқынан шығару.....	44
Тұсаукесер.....	47
Ауызға түкірту.....	50
Тұмар және көзмоншақ тағу.....	53
Мұсылмандық белгісі – сүндетке отыру.....	56
Тілашар және сауат ашу.....	57
«Жеті атасын білген ұл...».....	58
Жеті атаға дейін қыз алыспау дәстүрі.....	60
«Баталы құл арымас, батасыз құл жарымас».....	61
Жар таңдаудың жасампаздық жолы.....	64
Мың жылдық туысқандықтың негізі – құдалық.....	68
Қызды айттыру немесе сөз салу дәстүрі.....	69
Қалың мал және жасау.....	72
Ақ неке.....	76
Беташар дәстүрі.....	79
Келіннің сәлем салуы.....	82
Әмеңгерлік: «Әйел ерден кетсе де, елден кетпейді».....	84
2.2. Өліге құрмет – тіріге міндет.....	87
«Ноқталы басқа бір өлім».....	87
Әл үстіндегі адамға талқин айту.....	90
Арулап аттандыру.....	92
Жаназа намазын өтеу.....	96
«Дәуір айналдыру» салты.....	97
Жерлеу және қабір тұрғызу.....	98

Көңіл айту.....	102
Жоқтау.....	104
Әруақтарға Құран бағыштау.....	106
Қабірді зиярат ету.....	108
Ас, садақа беру жоралғылары.....	111
Жыртыс, тәбәрік беру.....	116

III. ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛЫ ДӘСТҮРЛЕРІ

3.1. Ұят – беттің пердесі.....	120
3.2. «Жасы үлкенді қадірлесе құт болар».....	124
3.3. Туысыңмен тату бол тірісінде.....	129
3.4. Ата тұрып ұл сөйлегеннен без.....	135
3.5. Саусақ бірікпей ине ілікпес.....	137
3.6. Көрші ақысы – Тәңір ақысы.....	141
3.7. «Қонақ келсе – құт келер».....	142
3.8. «Біздерге сәлем беру болды – сүннет».....	146
3.9. Жылу жинау.....	148
3.10. Қолға су құю.....	150
3.11. Айттау дәстүрі.....	151
3.12. Мәуліт мерекесін тойлау.....	154

Қорытынды	160
------------------------	-----

Әдебиеттер тізімі	163
--------------------------------	-----

Кіріспе

Кез келген халықтың мәдениеті, өмір салты, тұрмыс-тіршілігі мен ойлау жүйесінде діннің және соның негізінде қалыптасқан діни түсініктің алар орны ерекше. Ал қазақ халқының діни санасының қалыптасуында ислам дінінің, оның ішінде сүнниттік ханафи мәзһабының рөлі бір бөлек.

Мұсылмандық Орта Азияға, соның ішінде қазақ даласына сонау VIII ғасырдың өзінде-ақ ене бастады. 751 жылы Талас бойында қарақытайлар мен мұсылмандар арасындағы шешуші шайқаста мұсылмандардың жеңіске жетуімен ислам діні мен мәдениеті қазақ жеріне тарай бастады. Орта Азияны мекендеген түркі халықтары арасында ислам діні қарқынды дамып, Қазақстан аймағында Қараханидтер мен Алтын Орда кезеңінде ресми дін ретінде жарияланды. Қазақ халқының ұлт ретінде ұйысуында ислам дінінің ықпалы күшті болды.

Адамзаттың түрлі ұлт, ұлысқа бөлінуінің өзі – Жаратқанның қалауы екенін терең пайымдаған қазақ халқы ұстанатын Имам Әбу Ханифа және ханафи мәзһабы ғалымдары да үкім берерде адамдардың салт-дәстүрі шарифатқа қайшы келмесе оны дәлел ретінде санаған. Тек ханафи мәзһабында ғана емес, жалпы ислам шарифатында әдет-ғұрыпты арнайы үкім шығарушы норма ретінде белгілеу кең қолданылған. Алайда, фикһ методологиясына қатысты алғашқы кезеңдік еңбектерде әдет-ғұрыптың терминдік мәні мен діни дәлелдер қатарында саналу мәселесіне ерекше тоқталмағандығын көруге болады. XIII ғасырда өмір сүрген мәлики мәзһабының көрнекті ғалымы имам Шиһабуддин әл-Қарафи еңбектерінде ислам құқығындағы әдет-ғұрыптың маңыздылығына тоқталып өткен. Ал, әдет-ғұрып сөзінің ең алғашқы анықтамасы ханафи мәзһабы ғалымы Әбулбәрәкәт ән-Нәсәфидің (710/1310) «әл-Мустасфа» атты еңбегінде кездеседі.

Әдет-ғұрыптың анықтамасы, діни дәлелдері, түрлері, шарттары мен фикһтағы мән-маңызы секілді тақырыптар шеңберінде бөлек дәлел ретінде қолданылуына қатысты ең алғаш ауқымды еңбек жазған ханафи мәзһабының көрнекті ғалымы – Ибн Абидин (1198–1252/1783–1836). Ол өзінің «Мажмуғату әр-расаил Ибн Абидин» атты трактаттар жинағында «Нәшру әл-ғұрып» деген атаумен ғұрып тақырыбына ауқымды орын берген.

Қазақ әдет-ғұрып заңдарына қатысты алғашқы зерттеулер Ресей империясы кезеңінде орыс шенеуніктері А.И. Тевкелев, И. Кирилов, П.И. Ричковтың, А. Левшиннің, Спасскийдің, Н. Гродековтың еңбектерінде көрініс тапқан. Ал қазақ тіліндегі алғашқы зерттеулер мен деректер Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, Ж. Ақпаев, А.Байтұрсынов, Б. Сырттанов т.б. тарапынан жасалды. Бертін келе осы тақырыпқа қатысты С. Зимановтың батамасымен Н.Өсеров, С.Даулетова, С. Өзбекұлы, Х. Әбішев, Қ. Ідірісов, Ш. Андабековтер қалам тартты. Осы ретте К. Зайлағидің докторлық диссертациясын да ерекше атап өтуге болады. Алайда бұл еңбектерде әдет-ғұрыптардың шарифат заңдарымен үйлесімі мәселесі кең түрде қарастырылмады. Соңғы кездері осы олқылықтардың орнын толтыратын бірқатар еңбектердің де жарыққа шығуы көңіл қуантады. Солардың қатарында

Ш. Әділбаеваның «Хадис – ғұрпымыз, сүннет – салтымыз» атты еңбегін, А. Әбдірәсілқажының салмақты мақалаларын, М. Исаханның бірқатар маңызды зерттеулері мен ҚМДБ тарапынан шығарылған «Дін мен дәстүр», 1-2 кітаптарын да арнайы атап өтуге болады.

Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінде маңызды рөл атқаратын салт-дәстүрлердің ислам тағылымы мен мұсылман ғұрыптарымен үйлесімін зерттеп, кең насихаттау – қазіргі таңда діни тұтастық пен ұлттық сананы қалыптастыру жолында жасалатын өте маңызды шаралардың бірі. Неге десеңіз қазіргі таңда қазақ мемлекетінің тұтастығына басты қауіп шеттен келген радикалды ағымдар әрекетінен туындап отыр. Қазақ халқының ғасырлар бойына қалыптасқан діни-рухани көзқарасы мен мәдени мұралары осы ағымдар тарапынан мансұқталуда. Қазақ қоғамы әртүрлі діни көзқарастарға бөлініп, топ-топқа жіктеле бастады. Бұл – еліміздің діни тұтастығына қарсы бағытталып отырған үлкен қауіптердің бірі. Өкінішке қарай тарихы мен дәстүрін, ділі мен дінін жақсы білмейтін жастарымыздың көбі «таза ислам» ұранына алданып, діни радикалдардың арбауына түсуде. Кейбірі тіпті өз елін тастап, «жихадқа» (иә, бұл сөзді әдейі тырнақшаның ішінде айтып отырмыз) кетсе, енді бірі бұл елде ислам мүлдем болмағандай жергілікті жамағаттың діни дәстүрлерінің барлығын «бидғатқа балап», ширкке шығарды. Өз кезегінде ел бірлігі мен діни тұтастыққа қауіп төндіретін мұндай кері тартпа пікірлерге тосқауыл қоя білу үшін күш қолдану арқылы күресу жемісті нәтиже бермейді. Сондықтан да мұндай идеологиялық қатерлерге ғылыми тұрғыдан жауап беруіміз қажет.

Елбасы 2012 жылғы жолдауында «..Біз елдің дәстүрлері мен мәдени нормаларына сәйкес келетін діни сана қалыптастыруымыз керек» деп діни ұстанымымыздың қай бағытта жүргізілуі тиіс екендігін белгілеп берген болатын. Расында қазақ елінің діни санасының қалыптасуында сүнниттік ханафи мәзһабы ғалымдарының сіңірген еңбегі зор. Осы мәселені біз өзіміздің діни «ішкі» сүзгі ретінде қалыптастыруымыз міндет. Онсыз біз сырттан келіп, еліміздің тұтастығын бұзғысы келетін жат ағымдарға қарсы тұра алмаймыз.

Қазақ халқының салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптарының үйлесімін көрсету бір жағынан қазіргі таңда исламдық радикалдардың, екінші жағынан қазақты евангелизациялау саясатын көздеген христиан миссионерлердің, сондай-ақ қазақ жеріндегі мұсылмандыққа тән мұраларды жоққа шығарғысы келетін өзге де ұмтылыстардың алдын-алады.

Осы еңбегімізде қазақ халқының бала дүниеге келген күннен бастап, есею, жетілу, үйлену кезінде орындалатын отбасылық салттарының шарифат қағидаларымен қаншалықты үндесетінін нақты дәлелдермен ашып көрсетуге мән беріледі. Сонымен қатар ақтық сапарға шығарып салу, дүниеден өткен адамның артынан жасалатын дәстүрлер мен жол-жоралғылар да қолға алынады. Ғасырлар бойы халқымыздың қанына сіңіп, атадан балаға беріліп келе жатқан көптеген дәстүрлері де қарастырылып, олардың ислам дінінің құндылықтарымен үйлесімі көрсетіледі.

І. ИСЛАМ ШАРИҒАТЫ ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫҚ ҒҰРЫПТАР МЕН ДӘСТҮРЛЕР

1.1. Ислам дінінің ұлттар дәстүріне көзқарасы

Бүгінгі күні ксенофобия – (өзге ұлт өкілдеріне жаугершілік көзқараспен қарау) адамзатты алаңдатып отырған өзекті мәселелердің бірі. Тіпті ұлттың өзіндік айқындалуының ажырамас бөлігі болып табылатын діни тиістілік те ксенофобияның құрбанына айналып үлгерді. Әлемнің әр түкпірінде қандай да бір дінге немесе ұлтқа тиістілік негізінде пайда болып жатқан қақтығыстар мен түсініспеушіліктер адамзаттың өзара салауатты қарым-қатынас орнатуы мен бейбіт өмір сүруіне кедергі келтіруші себептер қатарынан орын алып отыр¹. Өкінішке орай, нарықтық қоғамда өмір сүріп отырған қазіргі заманның адам санасы бірінші кезекке болмысының жағымсыз қырларын көрсетуге құмбыл тартып тұрады.

Хақ Тағала Пайғамбарымыздың күллі адамзатқа жіберілгеніне ерекше назар аударып², Құранда бекітілген құндылықтардың белгілі бір уақытқа, мекенге, ұлтқа ғана тән емес екендігін баяндаған. Күллі адамзат үшін жіберілген Құран адамзат тарихының әр кезеңінде түрліше сипатта көрініс тапқан ұлтшылдыққа қарсы шығып, белгілі бір ұлт пен қауымды, яки әлеуметтік топты өзгелерден жоғары санайтын түсініктің негізіне балта шапқан.

Ардақты пайғамбарымыз да осы дәстүрлерді іс жүзінде көрсете отырып, сонау ерте кездің өзінде адамдарды түр-түсіне, реңіне, тегіне, әлеуметтік жағдайына қарай алаламау қажет екенін, Құранда айтылғандай артықшылықтың құдайға жақындықта екен үйретіп кеткен. Мәселен, Пайғамбарымыз (с.а.с.) ұлты бөлек болса да парсылық Салманды өз отбасына жатқызған. Мекке алынған кезде жүздеген туыстары тұрған кезде, ұлтшылдық сезімдері билеп, қарсы шыққандықтарына қарамай қара нәсілді Біләлмен қасына ертіп, Қағбаға бірге кіріп, оған азан шақыртқан және Құрайыш руының ішіндегі беделді туыстары тұрғанына қарамастан, екі көзі көрмейтін Ибн Үмму Мактумды қаншама рет өзінің орнына өкіл етіп қалдырып кетіп отырған³.

Ислам діні ұлтшылдықтың ең негізгі өлшемі саналатын өзгелерді төмен санау түсінігіне тыйым салған. Бұған қатысты Құран кәрімде: **«Уа, иман еткендер! Араларыңнан бір қауым басқа бір қауымды келемеждемесін! Қайдан білесіңдер, бәлкім, мазаққа ұшыраған қауым өзін мазақ қылған қауымнан әлдеқайда қайырлы шығар»**⁴ делінген. Ислам діні ұлтшылдықтың ең негізгі ерекшелігі болып табылатын «бізден өзгелер» деп өзекке тебетін және өзгелерді қор санайтын түсінікке түбегейлі қарсы шыққан.

Ислам діні адамзатты түрлі топтарға бөлетін, ұлттар мен ұлыстар арасындағы

¹ Васильев Л. С., История религий Востока. – Москва: Высшая школа, 1983.

² «Ағраф» сүресі, 158-аят; «Ибрахим сүресі», 1-аят; «Әнбия» сүресі, 107-аят; «Фурқан» сүресі, 1-аят; «Сәбә» сүресі, 28-аят; «Хадид» сүресі, 9-аят.

³ Ибн Хишам, Әс-Сирату ән-нәбәуия.– Бейрут, 1391/1971.1-4- том.

⁴ «Хужарат» сүресі, 11-аят.

түрлі қақтығыстарға жол ашатын ұлтшылдық түсінігін «қараңғылық кезеңнің сарқыншағы» ретінде сипаттап, оны мұсылманшылыққа жат түсінік ретінде қарастырған. Адамзаттың бір ата мен анадан тарайтынын баяндай отырып, адамдардың тек тұрғысынан тең екенін білдірген.

Қасиетті Құранда адамның Алла алдында дәрежесі оның белгілі бір ұлтқа яки нәсілге тиісті болуымен емес, өзге қасиеттерімен айқындалады. «Рум» сүресінің 22-аятында: **«Көктер мен жерді жаратуы, тілдерінің, түстерінің қарама-қарсылығы да Оның белгілерінен. Шүбәсіз, бұларда білгендер үшін белгілер бар»**, деп Жаратушы адамдар арасындағы айырмашылықтардың ақыл салып ойланғандар үшін анық белгі екендігін айтады. Құран қоғамдық және әлеуметтік әркелкілікті әлемдегі әр алуандылық секілді Алланың құдыреттілігінің белгісі ретінде қарастырады. Сондықтан түрлілікті Иләһи құдыреттің жемісі ретінде қабылдау керек. Өз кезегінде табиғатта кездесетін әр алуандылықтың сақталуы әлемнің болашағы үшін қаншалықты маңызды болса, адамзатқа тән түрлілік пен әр алуандылықтың сақталуы да адамзаттың болашағы тұрғысынан алғанда соншалықты маңызды.

Ал «Хужурат» сүресінің 13-аятында: **«Әй, адам баласы! Шүбәсіз сендерді бір ер, бір әйелден жараттық. Сондай-ақ бір-біріңді тануларың үшін сендерді ұлттар, рулар қылдық. Шынында Алланың қасында ең ардақтыларың – тақуаларың. Шүбәсіз, Алла толық білуші, әр нәрседен хабар алушы»**, деп адамдардың мәдени және этникалық әртүрлілігінің мәні көрсетіледі. Бұл аят мына нәрселерге назар аудартады:

1. Адамдардың бәрі – бір ата мен анадан туылған бауыр. Олардың бір-бірінен ешқандай үстемдігі жоқ;

2. Алла тағаланың адамдарды түрлі ұлт пен рулар етіп жаратуының себебі бір-біріне дұшпандық етіп жауласу емес, бір-бірімен жақыннан араласып танысып, білісуі;

3. Алланың қасында ардақты кісілер қандай да бір ұлтқа, руға яки әлеуметтік топқа тән адамдар емес, Құдай тағаламен байланысы берік, тақуа жандар.

Өкінішке орай, адамның бойындағы ксенофобиялық сезімдер ислам тарихында да бой көрсеткені жасырын емес. Ислам дінінің шекарасы кеңейіп, Араб түбегінен әлдеқайда алыс мекендерге таралуы мұсылман үмбеті арасындағы ұлттық ерекшеліктер мен дәстүрлерге қатысты пікірталастар мен түрлі ұстанымдарға негіз болды. Әсіресе ХІХ және ХХ ғасырлардағы мұсылман әлемінде белең ала бастаған ұлттық қозғалыстар ықпалымен ксенофобия мәселесі тіпті ушыға түсті. Арабтар алғашқы мұсылмандар ретіндегі тарихи рөлін алға тартса, түріктер ислам әлеміндегі саяси билікті игере алу қабілетін маңызды етіп көрсетті, ал парсылар өз дәстүрлерін дәріптей бастады. Бұл тараптардың әрбірі өз көзқарастарын ислами қайнарларға негіздеуге тырысты. Кейде ұлттық ұстынды берік ете түсуге бағытталған бұл толқын шектен шығып, соғыстарға, азаматтық қақтығыстарға себепкер болды⁵.

⁵ Esposito, John L. Islam: The Straight Path. 3rd edition. – New York: Oxford University Press, 1997. A general introduction to Islam which covers the history of Islamic belief and practice with special emphasis on modern Islam.

Асабия (араб тіліндегі «трайбализм/ұлтшылдық» ұғымына берілген атау) жайлы Пайғамбар (с.а.с.) былай деген: «Асабияға шақырушы, асабия үшін күресуші және асабия үшін жанын қиюшы бізден емес (мұсылман үмбетінен емес)». Пайғамбарға (с.а.с.): «Уа, Алла Елшісі! Асабия деген не?»— деген сұрақ қойылғанда, Ол: «Ол сіздің өз ұлтыңызды (немесе тайпаңызды) өзгелерге қиянат жасауда қолдауыңыз» – деп жауап берген⁶.

Сонымен қатар Пайғамбар (с.а.с.) былай деген: *«Расында Жаратушы Алла сендерді жахилият дәуірінде қалыптасқан тәкаппарлық сезімінен және ата-бабаларыңды мадақтаудан арылтты. Енді адамдардың екі түрі болуы мүмкін: иман келтіргендер, яғни Алла заңдарын білетіндер; және дұрыс емес істер жасаушы күнәһарлар. Біз бәріміз – Адам атаның балаларымыз, Адамды Алла Тағала топырақтан жаратты. Адамдар енді өз ұлтымен мақтануды, тәкаппарлануды қою керек, себебі ол тозақтың жанып тұрған отының шоғы».*

Әбу Хурайраның (р.а.) жеткізуімен Пайғамбарымыздан (с.а.с.) мынадай хадис жеткен: *«Алланың құлдары, бір-біріңді қызғанбаңдар, сатып алғыларың келмейтін тауардың бағасын көтермеңдер, бір-біріңе жеккөрушілік сезінбеңдер, бір-біріңнен теріс айналмаңдар, өзгелердің келісімдерін бұзбаңдар, өзара бауыр болыңдар,! Мұсылман мұсылманның бауыры: ол оған қиянат жасамайды, көмексіз қалдырмайды, жек көрмейді. Тақуалық мына жерде! – Ол кеуде тұсын үш рет нұсқап, сөзін жалғады, – Жамандық жасау үшін өзіңнің мұсылман бауырыңды жек көру жетіп жатыр. Мұсылманның қаны, мүлкі, ары өзге бір мұсылман үшін харам болып табылады. Күдіктен аулақ болыңдар, күдік – ең өтірік баян. Расында Алла сендердің сырт келбеттеріңе, байлықтарыңа қарамайды, Ол сендердің жүректерің мен амалдарыңа қарайды!»⁷*

Сахабалар арасында орын алған Салман әл-Фарси, Біләл Хабашиді нәсілдеріне, ұлтына қатысты алалау жағдайында Пайғамбардың (с.а.с.) «Терісінің түсі ақ болғанның оны терісінің түсі қара болғаннан артық етер ешбір ерекшелігі жоқ» деген мағынада берген жауабы ислам дінінде нәсілдік, ұлттық шеңбердегі шектеулі көзқарастарға орын жоқ екендігін анық көрсетеді.

Бүгіндері барлық халықтық салт-дәстүрлер ислам дініне қарсы, оларға мүлдем еруге болмайды дейтіндер де, исламда тыйым салынған іс-әрекеттерді «ата-баба жолы» деп ақтап, жасауды әбестік көрмейтіндер де кездесіп жатады. Бұл екі тараптың да асыра сілтеушілікке ұрынғандығын атап өткен жөн. Себебі ислам шектен шығуға емес, орта жолды ұстануға үндейді.

Жер шарында өмір сүріп жатқан 7 миллиардтан астам адамның әрқайсысы қандай да бір ұлт өкілі болып табылады және өз ойларын қандай да бір тілде жеткізеді. Құран сөздеріне зер сала оқыған әрбір адам тілдердің, нәсілдер мен ұлттардың өте көп және сан алуан болуы Жаратушы даналығының дәлелі болып табылатындығын түсінері даусыз. «Алғашқы мұсылмандар бұлай жасамаған» деп дәстүрлерімізден бас тарту бізді ұлт ретіндегі ерекшелігімізден, бірегейлігімізден айырып, қарапайым қоңыр тобырға айналуымызға себепкер болады. Алғашқы

⁶ Әбу Дәуд, Сунән, 5119-хадис

⁷ Муслим, Бирр, 28

мұсылмандардың арабтар болғанын ескерсек, олардың қазақ халқына тән арнайы дәстүрлерден хабарсыз қалып, оларды ұстанбауы – заңдылық. Алайда аталарымыз ұстанып келген дәстүрлеріміз ислам шарифаты талаптарына қайшы келмейді. 1000 жылдан астам уақыт өмірлік ұстанымдарын, өмір сүру салтын, дүниетанымы мен ділін ислам дінінің негіздеріне сай етіп өрнектеген қазақ халқы жаңа мыңжылдықтың басында өз тарихынан бас тартып, оны түкке тұрғысыз қателік ретінде көре алады ма? Өз тарихынан, дәстүрлерінен ажыратылған ұлттың күні қашан да қараң болмақ.

Осы ретте салт-дәстүр, әдет-ғұрып ұғымдарына қысқаша тоқтала кетсек. Әсілінде олардың мәні терең. Дәстүр – ұрпақтан-ұрпаққа ауысып берілетін, тарихи қалыптасқан нормалар мен үрдістер жиынтығы. Ол – халықтың мінез-құлқының, іс-әрекетінің рухани негізі. Дәстүр мәдениетпен тығыз байланысты, сол себепті де мәдениеті дамыған ел дәстүрге де бай болады. Ата-ананы құрметтеу, үлкенді сыйлау, адалдық, әділеттілік, мейірімділік сезімдері озық дәстүрлерге жатады. Салт-дәстүр – әр ұлттың, халықтың діні мен сеніміне, тұрмыс-тіршілігіне, ұлттық құрылым ерекшелігіне сәйкес ғасырлар бойы жинақталып, өмірдің өзі туғызған ғұрыптардың жиынтығы; қауым мен қоғамда қалыптасқан мінез-құлықтың үлгілері. Күнделікті қолданыста бір мәдени топты екіншісінен айыратын және бейресми жолмен реттейтін қабылданған мінез-құлық ережесіне немесе әлеуметтік әрекеттерді жөнге келтіретін механизмге жатады⁸.

Салт-дәстүр ұлт үшін өмір, қоғам заңы болып негізделіп, сана, тағылым, тәрбие, тіршілік ережесі ретінде ел зердесіне рухани байлық – өнеге тәжірибесін құраған. Бұл талаптар мен ережелерді халық бұлжытпай орындаумен бірге оны құрметтемеген, сақтамаған адамдарды сол заң негізінде жазалап та отырған. Өткен заманда қазақ қоғамы үшін салт-дәстүр бұлжымас заңның деңгейінде болды. Мысалы, той, наурыз көже, қыз ұзату, қонағасы, шашу, ерулік ата салты болып саналады. Салт-дәстүрдің ел арасындағы тәлімдік, тәрбиелік, халықтық мәні зор. Халықтың атадан балаға көшіп, дамып отыратын тарихи әлеуметтік, мәдени-тұрмыстық, кәсіптік, салт-сана, мінез-құлық, тәлім-тәрбие және рухани іс-әрекетінің көрінісі дәстүр арқылы танылады. Салт-дәстүр байлығы – мәдениеттің байлығы. Мысалы, үлкенді құрметтеу, байғазы, көрімдік, сүйінші, кәде сұрау, сәлем беру, ат тергеу, құрдастық қалжың, т.б. салт-дәстүрге жатады. Қазақ халқы салт-дәстүрге бай.

Жалпы біз салт-дәстүр деп екі сөзден құралған қос сөзді бірге қолданып жүрміз. Алайда салт пен дәстүрдің арасында айырмашылықтың бар екенін де ескеру керек. Салт дегеніміз адам өмірінің күнделікті тіршілігінде (отбасынан бастап қоғамдық өмірдегі қатынаста) жиі қолданылатын мінез-құлық, қарым-қатынас ережелері мен жол-жора, рәсім, заңдарының жиынтығы. Ол жеке адам өмірінде еңбек, іс-әрекет, адамгершілік, құқық, діни ережелермен байланысты көрініс береді де біртіндеп ауыл-аймақ, ру-тайпаға ортақ рәсімге (ритуалға) айналады. Ал дәстүр – қоғамдық сананың барлық салаларымен байланыста дамыған. Топтасқан қауымның қалыптасқан бірыңғай көзқарасын, әдет, заңын марапаттайтын рәсім.

⁸ Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Әлеуметтану және саясаттану бойынша.– Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ. 2006. – 569-б.

Сонымен қатар дәстүр – тарихи тұрақтанған, қоғамдық қарым-қатынастың нормада бір ұрпақтан екінші ұрпаққа жалғасып жататын, көпшілік қоғам мүшелеріне ортақ әдет-ғұрыптардың жинақталған түрі.

Сондықтан да дәстүрдің мағынасы салттан әлдеқайда кеңірек. Мұнда салт жеке адам өмірінде көрініс тауып, ақырындап ауыл-аймақ, ру-тайпаға ортақ рәсім ретінде танылса, дәстүр топтасқан қауымның бірыңғай көзқарасынан туындаған рәсім⁹.

Ал араб тілінде жазылған танымал түсіндірме сөздікте ғұрып сөзіне мынадай анықтама берілген екен: «Ғұрып деп көпшілік тарапынан жақсы деп қабылданған, ғасырдан ғасырға жалғасып келе жатқан үрдісті айтамыз»¹⁰. Жалпы мұсылмандық дүниетаным бойынша кез келген дәстүрді ең алдымен ақыл мен нақылдың (уахи) сүзгісінен өткізу керек, яғни ақылға теріс не Құранға қайшы болмауы қажет. Сонымен қатар ол адамның жаратылысына жайсыздық бермеуі керек. Себебі, Құранда жандарына жайлылық бермесе де дәстүрдің тозығына жармасып ақиқатты қабылдамаған мүшріктер жайында былай делінеді: **Оларға: «Алланың түсірген Кітабына еріндер, (соны ғана басшылыққа алындар) делінсе, олар: «Жоқ, біз ата-бабаларымыздан не көрсек, соған ереміз, (соны ғана басшылыққа аламыз)», – дейді. Сонда шайтан оларды (адасқан аталарының жолына түсіріп) жалындаған жаһаннам азабына шақырып жатса да ма?!»**¹¹.

Қазақ қоғамы ұлт болып қалыптасқаннан бері екі нәрсеге аса мұқият қарағандығын, оның бірі тіл, екіншісі әдет-ғұрып екендігін дәйектеушілердің пікірлері де, бұл құрылымның аса маңызды өмірмәнділік-дүниетанымдық құндылық екендігін айғақтап тұр¹². Себебі, салт-дәстүр мен әдет-ғұрып ұлттық руханиятты қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Бүгінгі таңда ғылымда адамның биоәлеуметтік жаратылыс екендігі турасында пікір қалыптасты. Адамның биологиялық болмысын теріске шығара алмаймыз, алайда адамның әлеуметтік жағы басым. Бір сөзбен айтқанда адам-тұлға болып қалыптасуға бейім әлеуметтік жаратылыс. Ал әлеуметтенуде ұлттық салт-дәстүрдің, әдет-ғұрыптың, халықтық салт-сананың рөлі зор. Әрі-беріден соң бұл элементтер халықтың ұлттық кодын құрайды. Әр ұлттың өзіне тән дүниетанымға, салт-санаға ие болуы бұл – Құдай тағаланың мына дүниеге қойған заңдылығы.

Дәстүр дегеніміз – қоғамдағы белгілі бір топтың рәміздік мән немесе ерекше маңыздылық бере отырып ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отыратын, тамыры өткен шақта жатқан сенімі не іс-әрекет кешені. Сонымен қатар дәстүрді мәдениеттің құрамдас бөліктерін ұрпақтан ұрпаққа ауызша не жазбаша күйде жеткізу деп те сипаттасақ болады¹³. Дәстүр белгілі бір адамдар тобының үнемі негізге алатын ой және іс-әрекет бейнесін көрсетеді. Дәстүрлердің барлығы келесі ұрпаққа жетіп, сақтала бермеуі мүмкін. Америкалық әлеуметтанушы Дэвид Гросс кейбір

⁹ https://massaget.kz/mangilik_el/shanyirak/salt-dastur/35697/

¹⁰ Рағиб әл-Исфакани, Муфрадат. – 334-б.

¹¹ «Лұқман» сүресі, 21-аят.

¹² Жүнісов А. Бабалар дәстүрі. – Алматы, 1992. – 77- б.

¹³ Андреева И.Н. Традиция // Социологическая энциклопедия / Под. Общ. Ред. А.Н. Данилова. Минск: Белорусская энциклопедия, 2003.

дәстүрлердің қоғам өмір сүруі үшін өте маңызды болғандықтан, «мемлекеттің, нарық пен өнеркәсіптік мәдениеттің дәстүрге қарсы кейіпте болуына қарамастан», «табиғи жолмен» тірі қалып, сақталатындығын айтады¹⁴.

Ислам діні ешқашан да көзсіз сенімді насихаттамаған. Ол әрдайым адамдарды зер салып ойлануға, ой жүгіртуге шақырады. Уақыт пен заман, мекен талабына сай мәселелерге жауап беруде де жаңа қырынан қарар, түрлі жағдайларды, жергілікті халықтың танымын негізге алар ұстанымдар алдыңғы қатарда болған. Сол себепті де ислами дәстүрлер мен халық дәстүрлері сабақтасып жатады. Ислами дәстүрлердің барша мұсылмандарға ортақ түрлері Құран мен сүннетке негізделсе, түрлі ұлт пен нәсілге байланысты өзгеше күйге еніп отыратын түрлері сол ұлт пен нәсілдің Құран мен сүннетке қарсы келмейтін жергілікті, адами факторларға байланысты қалыптасқан дәстүрлеріне негізделген. Ислам діні тарихының алғашқы беттерінен бастап-ақ діннің негіздеріне өзгеріс енгізбей сену және өмірдің өзге салаларын дінге қайшы келмейтіндей етіп өзгерту басты ереже болған. Құран мен сүннет діни дәстүрлерді, дінге қарсы келмейтін дәстүрлерді жақтай отырып, дінге қайшы дәстүрлерден бас тарту керектігін жеткізеді¹⁵. Оған Құрандағы Ибраһим (а.с.) қиссасын дәлел ретінде келтіре аламыз. Ол қауымы мен әкесінің пұттарға құлшылық ету әдеті ата-бабаларынан келе жатқан дәстүр болғанымен, бұрыс екендігін айтып, олардан бас тартып, хақ дінге келуге шақырады¹⁶.

Исламның адамзат мәдениеті мен өркениетіне қатысты осындай ерекше көзқарасының нәтижесінде исламдық құқық жүйесінде әдет және ғұрып үкім беру кезінде жүгінілетін негіздер ретінде мойындалады. Бірақ бұл жерде де әдет-ғұрыптың Құран мен сүннетке қарсы келмеуіне назар аударылады. Сонымен бірге әдет-ғұрыптың не себепті Құран мен сүннетте нақты дәлел берілмеген жағдайда бір мәселеге қатысты шариғат үкімдері үшін қолданыла алатындығы жайлы мұсылман ғалымы Мұхаммед Әбу Захра былай дейді: «Көптеген үкімдер ғұрыптарға негізделеді. Себебі олар көп жағдайда қоғамның мүддесімен сай келіп жатады... Келесі бір себеп ғұрыптың міндетті түрде қарапайым халықтың жағдаймен толыққанды таныс болуын қамтамасыз етуінде, сол себепті оған негізделген кез келген үкім көпшіліктің қабылдауына негіз болса, одан бас тарту қиындық тудыруы мүмкін, ал бұл – исламда үкім шығару барысында құпталмайтын әрекет. Себебі Алла адамдарға өз дінінде ешқандай қиындық жүктеген емес. Алла Тағала адам табиғаты жақтырмайтын, жек көретін нәрсені емес, дұрыс және үйреншікті деп тапқан нәрсені бұйырады. Сондықтан ғұрып шариғатқа қайшы емес және адамдар тарапынан құрметтелер болса, оны көтермелеу адамдар арасындағы қатынасты берік ете түседі. Себебі ол адамдардың дәстүрлерімен және әлеуметтік байланыстарымен сабақтасқан, ал оған қарсы шығу бұл бірізділікті жойып, алауыздыққа бастайды».

Жаратушының Құранда келтіргеніндей адам баласын бір ғана ер мен әйелден жаратып, кейіннен түр-түсі, ұлты мен тегі, әдет-ғұрпы, тілі мен ділін бір

¹⁴Gross D. The past in ruins: tradition and the critique of modernity. Amherst: University of Massachusetts Press, 1992.

¹⁵ Ерасов Б.С., Социально-культурные традиции и общественное сознание в развивающихся странах Азии и Африки. – Москва: Наука, 1982.

¹⁶ «Шуғара» сүресі, 69-77-аяттар

бірінен ерекше етуі – Хақ тағаланың құдыреттілігінің белгісі. Сондықтан адамдар халықтардың әр түрлі болуына құрметпен қарап, ерекшеліктерден ғибрат алуы қажет.

Адамдар үшін өз шығу тегін, ұлтын, тарихын, дәстүрін білу маңызды. Осы орайда ұлттық айқындалуымыздың негізі болып табылатын салт-дәстүріміздің тозығына емес, озығына бекем болып, ерекше болмысымызды сақтап қалуымыз қажет. Жаһандану үдерісі жағадан алып жатқан, жасындай жарқ етіп тез өзгеріп, қарқынды дамып жатқан заманда, ағыл-тегіл ақпарат арасында дұрыс жолдан ажырап қалмай, егемен ел, азат ұлт, жақсы мұсылман ретінде өзге елдермен, ұлттармен, нәсілдермен сауатты және салауатты қарым-қатынас орната алу, тәжірибе, білім алмасып, олардың өзгешеліктеріне құрметпен қарай алу заманауи қоғамдық идеологиялардың ғана емес, сан ғасырлық дәстүрлі дініміздің де талабы.

1.2. Әдет-ғұрыптың шарият нормаларын белгілеудегі мән-маңызы

Әдет-ғұрып – белгілі бір қоғамдық-әлеуметтік ортада пайда болып, оның мүшелерінің мінез-құлқының, тұрмыс-тіршілігінің бұлжымас қағидаларына айналған жөн-жосық, жол-жоралғы. Сонымен қатар тақырыбымызға қатысы тұрғысынан «әдет-ғұрып жасындары» деген тіркеске де орын бере кеткен жөн. Ол: «Байырғыдан келе жатқан қазақ қоғамындағы ерекше мәдени құбылыс болып табылатын дәстүрлі құқықтық жүйе, әдет-ғұрып нормалары»¹⁷ дегенді білдіреді. Осы анықтамалардан әдет-ғұрыптың кез келген халықтың өмірінде моральдық әрі құқықтық тұрғыдан ерекше мәнге ие екенін байқаймыз.

Жалпылай алғанда әдет-ғұрыптың құқықтық нормалармен өзара ұқсастығымен қатар айырмашылықтары да бар. Тарихқа көз жүгірткенімізде бір кездері құқықтық норма қызметін атқарып, қазіргі таңда тек ғұрып ретінде сақталған нормалардың болғаны секілді, бұрынғы әдет-ғұрыптардың бертін келе құқықтық нормаға айналған жағдайлары да кездеседі. Мысалы, қазіргі таңдағы халықаралық құқық саласында кездесетін құқықтық нормалардың көпшілігі бұрынғы ғұрыптық нормалардан тұрады. Әдет-ғұрып елдің өз еркімен ризашылық танытқан құндылықтарына негізделсе, құқықтық нормаларда олардың ризашылығы мен келісімі негізге алынбайды. Ғұрыптың бір әлеуметтік норма, ал құқықтың адамдар арасындағы қатынастар формасы екенін ескерсек, құқық пен ғұрыптың арасындағы байланыстың болуы – табиғи құбылыс. Өйткені құқық формасын иеленген бағзы әлеуметтік нормалар секілді ғұрыптардан да құқықтың кейбір тармақтары қалыптасады, яғни кейбір ғұрыптар құқықтың негіздері арасына кіреді. Сондықтан әдет-ғұрып дегенде құқықтық нормаларға, заңға негіз болатын әдет, яғни бір қоғамда кең тараған саяси-әлеуметтік нормативтер қарастырылғандықтан

¹⁷ Қазақ әдеби тілінің сөздігі, «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының сериялары. – Алматы: Арыс баспасы, 2006. – 2-т. – 363–364 б.

оны ырыммен немесе қандайда бір құқықтық сипаты жоқ әдеттермен шатастырмау қажет.

Әдет-ғұрыптық заңдардың жазбаша құқықтан бұрын болғандығы бір шындық болумен қатар, оның құқықтық күшінің сақталып-сақталмайтындығы мәселесі құқық философиясында егжей-тегжейлі талқыланған. Қоғам өмірінің алғашқы кезеңдерінде әлеуметтік саланың барлығының негізін құраған, этика және құқықпен қатар діннің де негізгі қайнары саналған әдет-ғұрыптың құқықтағы рөлі соттардың дамуы мен кодификация қозғалысының нәтижесінде әлсірей бастаған. Дегенмен жазбаша бекітілген құқықтық жүйеде әдет-ғұрыптың рөлінің аз болуымен бірге, заңдар арасындағы бос кеңістіктерді толтырумен қатар, жазбаша құқықты растаушы һәм оны түсіндіруші қызметі түгел жойылып кетпеген. Әдет-ғұрыптың халықаралық құқық саласында маңыздылығы әлі күнге дейін жалғасуда¹⁸. Сонымен қатар «дәстүрлі құқықтық жүйенің қалыптасқан мазмұнына және қалыптасуына халықтың ғасырлар бойы жалғасын тауып келе жатқан дәстүрі мен әдет-ғұрыптары әсер етеді, құқықтың негізгі қайнар көзіне әдет-ғұрып жатқызылады. Бұл құқықтық жүйе негізінде Қытай, Индонезия, Жапония, Оңтүстік Африка, Мадагаскар және т. б. мемлекеттерде қалыптасқан»¹⁹. Жан Жак Руссо да заңдарды бөлу барысында еш жерде қашап жазылмаған, бірақ адамдардың жүрегінде орын алып, мемлекеттің шынайы мәнін құрайтын заңдардың қатарына әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерді жатқызған²⁰.

Ислам шариғатында да үкім шығаруда әдет-ғұрыпқа назар аудару мәселесіне ерекше мән беріліп, құқық методологиясына қатысты кітаптарда жан-жақты қарастырылып, талқыға салынған. Мұсылман құқықтанушылары әдет және ғұрып сөздерін тілдік және шариғаттағы мағынасына тоқтала отырып, құқықтық негізде зерттеген. Қазақ тіліне де *әдет* пен *ғұрып* сөздері араб тілінен енген. *Әдет* араб тілінде қайталану, жалғасын табу деген мағыналарды берсе, терминдік мағынада иррационалды түрде әрдайым қайталанған іс-әрекеттерді әдет деп атаған. Демек, әдет – халықтың қанына сіңіп кеткен нәрселер. Егер қандай да бір іс рационалды түрде қайталанып отыратын болса оны әдетке жатқыза алмаймыз, яғни бір іс-әрекеттің саналы түрде әрдайым қайталануы әдетке жатпайды.

Ал, *ғұрып* сөзінің араб тіліндегі мағынасы жақсы, көркем және жағымды іс дегенді білдіреді. Терминдік қолданыстағы анықтамасына келер болсақ, имам әл-Газали сынды ғалымдар: «Ғұрып дегеніміз – адамдардың жан дүниесінде саналы түрде бекітіліп, болмысы түзу адамдар тарапынан құпталған дүние», – деген²¹.

Әдет пен ғұрыпқа түрлі анықтамалар берген мұсылман ғалымдарының кейбірі екеуінің мағынасы бір десе, кейбіреулері екеуінің айырмашылығы бар деген. Имам ән-Насафи, Ибн Абидин, Ибн Нұжәйм секілді мұсылман құқықтанушылары әдет пен ғұрып арасында айырмашылықтың жоқ екендігін және екеуінің де ақылға қонымды әрі саналы адамдар тарапынан қабылданып, белгілі бір ортада орныққан

¹⁸ Кафи Дөнмез. Өрф, Ислам ансиклопедиси. – Стамбул: ТДУ, 2007. – 34-т. – 87-б.

¹⁹ Өзбекұлы С., Қопабаев Ө. Мемлекет және құқық теориясы. – Алматы: Оқулық, 2006. – 101-б.

²⁰ Бұл да сонда, 234-б.

²¹ Әбу Хамид әл-Газали, әл-Мустасфа. – Каир, әл-Мәктәбәту әт-тауфиқия, 2010. –2-т, – 138-б.

әрбір іс пен сөздерді білдіретіндігін айтқан. Ал Ибн әл-Нумам, әл-Баздауи секілді кейбір құқықтанушылар ғұрыптың әдеттен ауқымды екендігін алға тартқан. Олардың көзқарасында ғұрып сөзбен де іспен де байланысты болса, әдет іс-әрекетке қатысты ғұрыпты ғана қамтиды. Ибн Әмир әл-Хаж және Ахмед Фахми Әбу Сина секілді хадистанушылар да осындай көзқарас білдірген²².

1.3. Фикһ әдебиеттерінде әдет-ғұрып ұғымының қолданылуы.

Ерте кезеңдегі шығармалармен қатар жалпы фикһ кітаптарына назар аударғанда исламның негізгі ұстындарына қайшы келмейтін әдет-ғұрыптың құқықтық нормалар белгілеуде маңызды рөл ойнағаны байқалады. **Тіпті ахад** хабарларға (*Ахад хадис – бір, екі немесе одан да көп адамдар риуаят еткен, бірақ риуаятшыларының саны мәшһүр хадистің дәрежесіне жетпеген хадис. Ахад хадистің Пайғамбарымыздың тікелей өзінен басталатын тізбек байланысында сәл де болса күмән бар Міне, сондықтан ислам ғұламалары ахад хадиске «Тізбек бар, бірақ, күмәнді» деп қараған. Мүжтәхид ғалымдардан мұндай хадистерді дәлел ретінде санамағандар да кездескен*) қайшы келген жағдайда қайсысын таңдау қажет екендігі мәселесі алғашқы мужтахид ғалымдар кезеңінен бастап қызу талқыға салынған. Пікірталасқа жол ашқан мәселелердің ең алғашқысы ислам құқығындағы «Амалу әхли-Мәдина», яғни пайғамбарымыздың көзін көрген сахабалардың орталығы – Мәдина халқының арасында кең тараған әдеттер мәселесі еді. Малики мәзһабының негізін қалаушы Имам Мәлік оның күшті дәлелге жататындығын, кейбір малики мәзһабының құқықтанушылары ахад хабарға қайшы келгенде мәдина халқының іс-амалдары негізге алынатындығын айтқан. Мазмұндық тұрғыдан ижтихадқа емес, пайғамбарымыздың көзін көрген сахабалардан келіп жеткен хабарларға сүйенгендіктен, Мәдина халқының үйреншікті әдеттерін таңдау қажеттігі мәселесін ханафи мәзһабының негізін қалаушылардың бірі, Әбу Ханифаның шәкірті Әбу Юсуф және басқа ғалымдар да қабылдаған²³.

Алайда, фикһ методологиясына қатысты алғашқы кезеңдік еңбектерде әдет-ғұрыптың терминдік мәні мен діни дәлелдер қатарында саналу мәселесіне ерекше тоқталмағандығын көруге болады. XIII ғасырда өмір сүрген мәлики мәзһабының ғалымы имам Шиһабуддин әл-Қарафи еңбектерінде ислам құқығындағы әдет-ғұрыптың маңыздылығына тоқталып өткен. Ал, әдет-ғұрып сөзінің ең алғашқы анықтамасы ханафи мәзһабы ғалымы Әбулбәрәкәт ән-Нәсәфидің (710/1310) «әл-Мустасфа» атты еңбегінде кездеседі.

Әдет-ғұрыптың анықтамасы, діни дәлелдері, түрлері, шарттары мен фикһтағы

²² Ибн Әмир әл-Хаж. Эт-Тақрир уә әт-тахбир. – Бейрут: Дәру әл-кутуби әл-илмия, 1983. – 1-т. – 182-б; Ахмед Фахми Әбу Сина, Әл-Адат уә әл-урф фи раи әл-фуқаһа. – Каир: Матбағу әл-Әзһар, 1947. – 12-б.

²³ Караман Х. Адет. Ислам ансиклопедиси. – Стамбул: ТДУ, 1988. 1-т., – 370 б.

мән-маңызы секілді тақырыптар шеңберінде бөлек дәлел ретінде қолданылуына қатысты ең алғаш ауқымды еңбек жазған ханафи мәзһабының көрнекті ғалымы – Ибн Абидин (1198–1252/1783–1836). Ол өзінің «Мажмуғату әр-расаил Ибн Абидин» атты трактаттар жинағында «Нәшру әл-ғұрып» деген атаумен ғұрып тақырыбына ауқымды орын берген.

Әдет-ғұрып дәлелі кейінгі кезеңде жазылған кітаптарда кең талқыланғанымен алғашқы кезең құқық методологиясына қатысты кітаптарда бөлек дәлел ретінде қарастырылмаған. Көбіне истихсан және истислах әдіснамасы негізінде қолға алынғандығын да айта кеткен жөн²⁴.

Анықтамадан байқағанымыздай ғұрып ұғымы сөзге және іске де қатысты. Іске қатысты болған ғұрыпты фикһ негіздері саласының ғалымдары «*ғұрып амали*» яғни іс-әрекеттік ғұрып, сөзге байланысты болғанын «*ғұрып қаули*» яғни сөздік ғұрып деп атаған.

Іс-әрекетке қатысты ғұрыпқа әдетте адамдар арасында қалыптасқан ішіп-жеу, жанұяда қалыптасқан қатынастар, азаматтық қарым-қатынастар, некелескен кездегі қалың мал (мәһір) мөлшерін тағайындау секілді іс-әрекеттерді жатқызамыз. Мысалы, сауда-саттықта сатушы – «саттым, ал тұтынушы – «алдым» деп айтуы шарт. Алайда, халықтың арасында нақты осы сөздерді қолданып жатпай тек ақшасын беріп, затты сатып алу әдетке айналып кеткендіктен, бұл сөздерді қолданбай-ақ ақысын төлеп, затты алып кете беруге рұқсат берілген.

Ал сөздік ғұрыптарға белгілі бір сөздің негізгі тілдік мағынасында қолданбай адамдардың арасында кең таралған мағынасында және бір сөздің қоғамға қарай әрқилы қолданылуы жатады. Мысалы: Кейбір сөздің мағынасы әдет-ғұрыпқа байланысты бір басқа, ал тікелей сөздік мағынасы өзгеше болуы мүмкін. Бұндай жағдайда үкім әдет-ғұрыпқа байланысты бекітіледі. Егер біреу «бас сатып алмаймын» деп ант етсе, шариғат бойынша сертін бұзбауы қажет. Бірақ, ант еткен кісінің сөзі тікелей мағынасында барлық тіршілік иелеріне қарата айтылғанымен, әдет-ғұрыпымызда олардың кейбіреуі бұл санатқа кірмейді. Егер ант берген адам көгершіннің, шымшықтың, торғайдың т. б. дене тұрқы шағын құстың басын сатып алса, оның берген серті бұзылмайды. Өйткені, олардың басы әдеп-ғұрыпымызда пайдаланылмайтындықтан, «бас» есебінде қабылданбайды. Сондықтан, бұл жерде әдет-ғұрып шариғи дәлел болып саналады. Сондай ақ, ет сөзін балықтың етінен басқа жануарлардың еті үшін қолдану да сондай. Себебі, күнделікті қолданыста балықтың етін ешкім ет деп айтпайды. Қой, сиырдың етіне ет деп, ал балық етіне балық деп қана айтылады²⁵.

Ислам құқығында ғұрып қолданыс аясына қарай *жалты* ғұрып және *жекелеген* ғұрып деп те бөлінеді. Халықтың қажеттіліктерін өтеу мақсатында киім-кешек, көрпе-төсек, құрал-саймандар өндіру, сатушының қолында жоқ нарсеге тапсырыс беру арқылы сауда жасасу, өлім-жітімге қатысты жоралғылар және оған жиналған жұртты мейрамханаларда күту, некелесу барысындағы рәсімдер секілді көптеген халықтар немесе дүйім бір елдің өмірінде қалыптасып, уақыт өтумен

²⁴ Дөнмез К. Өрф, Ислам ансиклопедиси.– Стамбул: ТДУ, 2007. 34-т., – 88-б.

²⁵ Каракая Х. Фыкһ усулу: – Стамбул, 1995. – 270-б.

өзгеріске ұшырай қоймаған ғұрыптар *жалтылама* деп танылады. Ал белгілі бір қоғамда не ортада ғана орын алып, заманның өзгеруімен жаңғырып отыратын ғұрыптар *жекелеген* ғұрыптар болып саналады. Мысалы: Сауда-саттыққа қатысты саудагерлер арасындағы келісімшарттар мен тауарлардың құнын төлеу жолдары, жалға алған пәтердің төлемін бір ай немесе үш ай не бір жылға бірден төлеу, келісімшарттарды жаңарту, т. б. Жалпы ғұрып ижмаға тең дәрежеде қабылданып, құқықтық тұрғыдан дәлелге саналса, жекелеген ғұрып мәселесінде ғалымдардың көзқарастары әр түрлі. Ибн Абидин жекелеген әдет-ғұрыптың құқықтық норманы белгілуде негізге алынатындығы көзқарасының ханафи мәзһабының Бәлх мектебіне тән екендігін айта отырып, оған қатысты көптеген мысалдар келтірген²⁶. Мұндай әдеттер белгілі аймақ адамдарының арасында тарағандықтан сол аймақ үшін ғана дәлелге саналады.

Сонымен қатар ғұрып ислам құқығында шариғи тұрғыда жүгінуге жарамдылығы жағынан *дұрыс* және *бұрыс* деп екі категорияға бөлінеді.

Шариғат негіздеріне қайшы келмей, арамды адал, адалды арам қылмай, адамдар арасында әдетке айналған ғұрып *сахих*, яғни *дұрыс* ғұрып деп аталады. Оған жоғарыда айтылған ғұрыптармен қатар ерлі-зайыптылардың қарым-қатынасы, әйелдер мен бала-шағаға мал-дүние жарату, кедейлерді тамақтандыру, көршілермен байланыс, шариғатта тыйым келмеген өзара қаржылық қатынас, киім үлгісі, өсиет қалдыру, шариғатта арнайы нұсқау айтылмаған күнә мен тәртіпсіздік үшін «тағзир» (сөгіс) деп аталатын жазалау түрін белгілеу және т. б. жатады.

Ал енді салт-дәстүрлердің бұрыс түрлері жайында айтар болсақ, онда бұған ислам жарлықтарына, оның үрдісіне және таза рухына қайшы келетін, ортада ішімдік ішу мен зинақорлықтың таралуы, құмар ойындармен әуестену және т.б. сияқты дінге, адамгершілікке жат барлық нәрселер жатады. Яғни, әдет-ғұрып Құран, сүннет, ижма және сахабалардың іс-амалдарына қайшы келмеуі шарт²⁷.

1.4. Әдет-ғұрыптың ислам құқығының қайнар көзі екендігінің дәлелі

Мұсылман ғалымдары әдет-ғұрыпты құқықтық нормаларды белгілеуде маңыздылығына қатысты Құран аяттары мен хадистерді дәлелге келтіреді. Қасиетті Құран Кәрімде:

خُذِ الْعَفْوَ وَأْمُرْ بِالْعُرْفِ وَأَعْرِضْ عَنِ الْجَاهِلِينَ

«Кішіпейілдік таныт, ғұрыпты бұйыр да, надандардан бет бұр!»²⁸ делінген. Көпшілік тәпсір ғалымдары осы аятта келген «العرف», яғни «ғұрып» сөзінің адамдардың арасында, яки қандай да бір ортада қалыптасқан ізгі әдет-ғұрыпты білдіретінін айтқан.

²⁶ Караман Х. Адет, 1-т., – 370-б.

²⁷ аз-Зухәйлий У. әл-Уәжиз фи усулиль-фикһ. – Бейрут: Дәрул-фикр баспасы, 1995. – 98-б.

²⁸ «Ағраф» сүресі, 199-аят

Кейбір үкімдер Құранда және хадисте жалпылама айтылғанымен, оның нақты шегі мен шешімі белгіленбегендіктен, ондайда әдет-ғұрып дәлелге саналады. Мәселен, «**Ананың тиісті қорегі мен киім-кешегі баланың әкесінің мойнына міндет**»²⁹ деген аяттағы нәпақаның мөлшері нақты айтылмағандықтан, бұл жерде жергілікті халықтың әдет-ғұрпы есепке алынады. Сол секілді: «**Алла анттарындағы бос сөзді есепке алмайды. Алайда біле тұра істеген анттарыңнан жауапкер етеді. Оның төлемі: үй-іштеріңе орта есеппен жегізетін тағаммен он міскінді тамақтандыру, не оларды киіндіру немесе бір құл азат ету. Мұны таппағанға үш күн ораза ұстау**», – деген аятта³⁰ адамдардың өз жанұяларына күнделікті орта есеппен жегізетін тағаммен он кедейді тамақтандыру бұйырылған. Алайда ғалымдардың арасында орта есеппен тамақтандыруды анықтау мәселесінде көзқарастар біркелкі емес. Яғни, ол шарифатқа сай өлшенеді ме, әлде ғұрыппен белгіленеді ме? Сол сияқты, әйел адамның нәпәқасын беру мәселесінде де осындай түрлі пікірлер бар. Ал бұның барлығы адамдар арасында қалыптасқан әдет-ғұрыппен өлшенеді деген ғалымдардың пікірі ең дұрысы болып табылады. Бұған Құрандағы әйелдермен қалай қарым-қатынас жасау қажеттігіне қатысты айтылған «**...Сондай-ақ олармен бірге ғұрыпқа сай өмір сүріңдер!**»³¹ деген аятты мысал ретінде келтіруге болады.

Осыған ұқсас жағдайдан тағы бір мысал келтіре кетейік: «**...Араларыңнан әділ екі кісіні де куәгер етіп алыңдар**»³² деген аятта біреуге қатысты куәлік қабыл болуы үшін әділдіктен ауытқымау шарт ретінде бекітілген. Фақиһтар әділдік турасында «Кісіні тақуалық пен адамгершілікке бастайтын ізгі қасиет» деп анықтама берген. Аталмыш ізгі қасиеттерден алыстататын кез келген жағдай әділетсіздікке жол ашады. Ал мұндай факторлар уақыт пен ортаға қарай өрбиді. Бұл мәселеде имам әш-Шатыби «Мәселен, еркектердің бас киімсіз жүруі тұрғылықты жеріне қарай өзгереді. Бұл кейбір шығыс елдерінде адамның абырой, сенімділігіне нұқсан келтіретін жағымсыз әдет ретінде бағаланса, батыстағы елдерде қалыпты құбылыс болып саналады. Осындай айырмашылыққа байланысты діни үкімдер де өзгереді. Шығыс елдеріндегі ер кісінің бас киімсіз жүруі әділетсіздік болып көрінсе, батыста мұның ешқандай сәкеттігі жоқ»³³, – дейді.

Сүннетке келер болсақ, одан да салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың заңдастырылғанына дәлелдер таба аламыз. Айша анамыз былай дейді: «*Бірде Әбу Суфиянның әйелі Хинд, пайғамбарға (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: «Негізінде, Әбу Суфиян – сараң адам. Егер мен оның рұқсатынсыз алмасам, өзі маған және балама жететіндей нәрсені бермейді». Сонда ол (с.а.с.): «Өзіңе әрі балаңа әдетке сай жететін нәрсені ал!»*, – деп жауап қайтарды»³⁴.

Имам ән-Нәуәуи имам Муслимнің хадистеріне жазған түсіндірмесінде осы хадистің пайдаларын тілге тиек ете отырып, шарифатта үкімі нақты келмеген

²⁹ «Бақара» сүресі, 233-аят

³⁰ «Мәйдә» сүресі, 89-аят

³¹ «Нисә» сүресі, 19-аят

³² «Талак» сүресі, 2-аят

³³ Зәйдан А. әл-Уәжиз фи усулил-фикһ, – Бағдат: Дәр саада баспасы, 1976. – 257-б.

³⁴ Бұхари, әл-Жамиус-Сахих, Нафақат, 4.

мәселелерде, салт-дәстүрге сүйену керек екендігін атап өткен. Басқа да ғалымдар бұл хадистің әдет-ғұрыптың заңдылығына дәлел болатындығын айтқан.

Тағы да салт-дәстүрге дәлел ретінде, Ибн Масғудтың: *«Мұсылмандар жақсы деп есептейтін нәрсе, Алланың алдында да жақсы. Ал мұсылмандар жаман деп есептейтін нәрсе, Алланың алдында да жаман болып табылады»*³⁵, – деген сөздерін де келтіруге болады.

Аталған хадис пен сахабаның сөзін көптеген ғалымдар әдет-ғұрыптың ислам құқығында қайнар көз болатындығына дәлел етіп алған. Сонымен қатар Пайғамбарымыздың исламнан бұрын да болған кейбір құқықтық мәселелерге өзгеріс жасап, кейбірін сол күйі қалдыруы мұны қуаттайды. Мұны хадис ілімінде тақрири сүннет деп атаған. Тақрири сүннет дегеніміз сахабалардың кейбір іс-әрекеттеріне пайғамбарымыздың қарсылық танытпауы, яғни құптаған іс-амалдары. Бұл өз кезегінде әдет-ғұрыптың шарифат нормаларына негіз болатындығын көрсетеді. Өйткені тақрири сүннет – арабтардың исламға дейін күнделікті өмірлерінде қолдана келген әдеттерінің көрінісі. Мысалы бұл сауда-саттық, жалға беру, тұтқын алу, несиеге зат сату, ерлі-зайыптылардың бір-біріне лайықтығы, құн төлеу т.с.с. мәселелерде көрініс тапқан. Ал шарифат бұлардың ішінде пайыздық өсім алу, құмар ойындары, қыз баласын тірідей көму, әйелдерге мұрагелік құқын танымау т. б. секілді жаман әдеттерге тыйым салғандығы белгілі.

Сонымен қатар әдет-ғұрыпты негізге алу алғашқы халифалар кезеңінде де жалғасын тапқан. Мужтахид имамдар кезеңінде олар өмір сүрген аймақтың әдет-ғұрыптары құқықтық нормаға негіз ретінде қабылданған³⁶.

Әдетте, мұсылмандардың ешқандай зияны жоқ үйреншікті әдеттеріне қарсы келу адамдарға қиындық туғызады. Алайда, Құран Кәрімде: **«Дінде де сендерге ауырлық салмады»**³⁷, деген аят бар. Байқағанымыздай мұсылман ғалымдарының исламның қоғам өміріндегі жағдаяттарын назарға ала отырып, дін белгілеген негізгі қағидаларға жіті мән беріп, өз әдіснамаларына сай келетін әдет-ғұрыптарды құқықтық нормалар белгілеуде негіз етіп алғандықтарын көреміз. Осы орайда мұсылман құқықшыларының «Әдет-ғұрып – белгілеуші», «Шарифатта тікелей нұсқауы жоқ нәрсе, әдет-ғұрыпқа қарай таңдалады, өйткені ғұрып дәлел болып табылады», «Әдет-ғұрыппен бекітілген нәрсе шарифатпен бекітілгенмен тең» деген секілді сөздері ғұрыптың құқықтық негіз екендігін аңғартатын қағидалар болып табылады.

³⁵ Ахмад ибн Ханбал. Муснад, 1-т. – 379-б

³⁶ Караман Х. Адет, 1- т., – 369-б.

³⁷ «Хажж» сүресі, 78-аят

1.5. Ислам құқығында әдет-ғұрыптарға қойылатын шарттар

Ислам құқығында жүгінуге лайықты әдет-ғұрыптарға төмендегідей шарттар қойылады:

1. Әдет-ғұрып Құран мен сүннетке, ғалымдардың бір ауыздан келіскеніне (ижмағ) немесе шарифатта бекітіліп қойған үкімге қарама-қайшы келмеуі қажет;
2. Әдет-ғұрып, сирек кездесетін емес, кең тараған болуы керек;
3. Өміршеңдігі жойылмаған қазіргі таңда іске асырылып жүрген дәстүр болуы керек. Өйткені, салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар уақыт пен мекеннің өзгеруімен ауысуы ықтимал;
4. Үйреншікті әдетке қайшы келетін сөздің болмауы қажет.

Заманның өзгеруіне қарай үкімдердің өзгеруі. Әдет-ғұрыпқа негізделген үкімдердің заман талабына қарай өзгеруі қажеттілік болып табылады. Өйткені құқықтың түпкі мақсаты – жеке тұлға мен қоғам өмірін ретке келтіру. Бұған қатысты Шихабуддин әл-Қарафи «Әдет-ғұрыпқа негізделген үкімдер әдеттердің өзгеруіне қарай түрленіп отырады. Әдеттердің маңызы қашқан кезде, үкімнің де күші жойылады. Түрлі мақсатта есеп айрысу, алу, сату кезіндегі тауарлардан ақау шығуы т. б. секілді. Мәселенки, қолданыстағы ақшаның түрі (теңге, доллар, рубль, т. б.) өзгерсе, алу-сату кезінде келісетін ақша ескі ақшамен емес, жаңасымен жүзеге асырылады. Сол секілді киім-кешек пен мата өнімдерінен қандай да бір ақау табылып, қайтарып беруге себеп болған жағдайларда сол өнімдерден табылған ақау сәнге айналып, заман талабына қарай өзгеше мәнге ие болып, басқаша сипат алып, қайта құны аспандап кеткен жағдайда ол тауар сатушыға қайтарылмайды», делінген.

Ханафи ғалымы Ибн Абидиннің пайымдауынша, бір мәселеге қатысты кесімді дәлел кездеспеген жағдайда, иджтихад бойынша шешілген мәселелерде сол кезеңдегі кең тараған әдет-ғұрыптың рөлі ерекше. Өйткені мужтахид ғалым құқытық мәселелерді өз заманындағы ғұрыпқа негіздегендіктен басқа шарттар туындаған кезде ол өзгеріске ұшырайды. Егер уақыттың өзгеруіне байланысты үкімдер өзгермесе адамдардың өмірінде қиындыққа жол ашатындықтан ислам шарифатының жеңілдік пен әлемдегі жүйенің үйлесімді жалғасуын қалаған негізгі мақсатына қайшы келмек³⁸. Кейінгі ғасырларда келген ғалымдардың мужтахид имамдардың өз кезеңдерінің шарттарына қарай берген пәтуаларына қайшы үкімдер шығаруы да осы мәселеге байланысты. Сондықтан пәтуа беретін мужтахид ғалымның өз заманының кең тараған әдеттерін жақсы білуі қажет деп табылған.

Демек, әдеттерге сүйенген дәлелдер өзгереді. Ал шарифат белгілеген нақты үкімдер өзгермейді. Заман талабына қарай жасалған өзгерістер шарифаттың үкіміне өзгеріс енгізу дегенге саймайды. Өйткені, кесімді үкім бар, бірақ, оның шарттары нақты болмағандықтан, үкім әр түрлі жолмен орындалады. Яғни, әдеттің өзгеруі нені білдіреді? Бұл басқа бір үкімнің орындалуын қажет еткен бұрын-соңды

³⁸ Ибн Абидин. «Нәшрул-өрф», Мәжмуатур-рәсәил Ибни Абидин. –Бейрут: Дару Ихияит-турасил-араби, (жылы көрсетілмеген). –123-б.

кездеспеген жағдайдың орнағанын көрсетеді. Яки, асли (негізгі) үкім өзгеріссіз (жоғарыдағы мысалдағы әділдік секілді) қалумен қатар үкімнің орындалуы үшін белгілі бір шарттарды қажет етеді. Осыған қатысты ханафи ғалымдарының өзгеріске ұшыраған пәтуаларынан кейбір мысалдар келтіре кетейік. Әуелгі кездері Құран үйретуші мұғалімдерге ақша алуға болмайтын, өйткені мемлекет қазынасынан оларға ақша төленетін. Ал бертін келе мемлекет қаржы бөлуді тоқтатқандықтан ғалымдар ақша алуға рұқсат етілетіндігіне қатысты пәтуа шығарған.

Ислам шарифатында куәлардың әділ болуы шарт. Имам Ағзам Әбу Ханифа өз кезеңінде адамдардың арасындағы шыншылдық пен дұрыстықтың кең тарағанын назарға ала отырып бұрын-соңды жаман әрекеттерге бармаған кез-келген адамның куәлігін жарамды деп тапса, шәкірттері Әбу Юсуф пен Мұхаммед өз кезеңдеріндегі өтірік айту, алдау-арбау секілді жат әдеттердің етек алуын есере отырып, куәгерлік жасайтын адамның әділдігін дәлелдеуді қажет деп тапқан.

Алғашқы кездері үй сатып алу үшін оның сыртқы көрінісі мен кейбір бөлмелерін ғана аралап көру жеткілікті болатын. Өйткені, қай үйге бас сұқпа бір-бірінен бөлендей әкетіп бара жатқан айырмашылығы жоқ еді. Бірақ, уақыт өте келе, заманына қарай үй құрылысының салыну үлгісі әркімнің талғамына қарай өзгеріске ұшырағандықтан, ханафи ғалымдары үй таңдаған кезде барлық бөлмелерін аралап көруді шарт етіп қойған³⁹. Яғни, үкімдердің түрлі жолмен іске асырылуын осындай жағдайлармен байланыстырып түсіндіруге болады.

Әдет-ғұрыптың діни мәтіндерге қайшы келуі. Әдет-ғұрып пен діни мәтіндердің қайшы келуі мәселесі мұсылман құқықтанушылары арасында түрлі көзқарастардың туындауына жол ашқан. Мұны білу өз кезегінде ғалымдардың бір мәселеге қатысты әр түрлі үкім шығаруын түсінуге септігін тигізеді. Енді осы жәйттарға қысқаша тоқтала кетейік:

1. Жеңіл жүріске, құмар ойындарына, мас етуші ішімдікке тыйым салу секілді арнайы, жалқылықты білдіретін аят-хадиске қайшы келген жағдайда әдет-ғұрып негізге алынбайды. Сондай-ақ пайыздық өсімге негізделген келісімдер, құлдыққа алу секілді әдеттер исламнан бұрын арабтар арасында кең жайылғанымен, кейіннен оларға арнайы Құран аяты мен хадистер арқылы тыйым салынды. Сондықтан мұндай әдет-ғұрыптар жойылды.

2. Әдет-ғұрып жалпы мағынада айтылған мәтінге қайшы келген жағдайда екі түрлі мәселе туындайды:

а) Әдет-ғұрыптың қолданылу аясы жеке жағдайларға ғана қатысты болса және діни мәтін келген кезде бар болса, жалпылықты білдіретін діни мәтінді жекелейді. Мысалы, бір хадисте қолда жоқ затты сатуға тыйым салынған. Бұл жалпылықты білдіретін діни дәйек. Шарифат бойынша саудагер қолында жоқ тауарды саудаға шығара алмайды. Себебі ол өзінде жоқ заттың қолына түсетіндігіне ешқандай кепілдік бере алмайды. Әрі қолына түсірген жағдайда да сатып алушы талап еткен түрдегі зат болмай шығуы немесе сатып алушыға ұнамауы мүмкін. Алайда истисна (қандайда бір затты жасауға тапсырыс беру дегенді білдіреді. Яғни, адамның құны белгілі бір затты жасату үшін ұстаға алдын-ала тапсырыс беріп, келісім шарт

³⁹ Караман Х. Адет, 1-т., – 371-372-б.

жасауы) және сәләм (ақшаны алдын-ала төлеп затты кейін алу) келісімдері секілді сауда-саттық түрлері Пайғамбарымыздың кезеңінде қоғамда кең тарағандықтан бұл хадистің жалпы үкімін жекелеп оған рұқсат берілген. Яғни, халық қанына сіңген әдет бойынша, қандай бір затқа тапсырыс беру арқылы сауданың көрігін қыздыратындықтан, шарифат оған тыйым салмаған. Мұны халыққа жасалған жеңілдік деп ұғу керек.

ә) Әдет-ғұрып жалпылықты білдірсе, жалпы түрде келген діни мәтіндерді жекелей алмайды.

3. Егер әдет-ғұрып қандайда бір мәселеге қатысты діни мәтін келген кезде беймәлім болып, кейіннен шықса негізге алынбайды.

4. Егер келген діни дәйек әдет-ғұрыпқа негізделген болса онда уақыт өте келе әдет-ғұрып өзгерген жағдайда діни мәтіннің де үкімі өзгереді. Бұл ханафи мәзһабының ең танымал имамы Әбу Юсуфтың көзқарасы. Хадистерде бидай, арпа, құрма, тұз және ұн секілді заттар өлшемі белгілі ыдыстар арқылы, ал алтын, күмістер таразы арқылы өлшеніп сатылатындығы баяндалған. Хадис айтылған кезеңде сол жердегі халықтың аталмыш заттарды алып-сатуы солай жүзеге асырылатын. Яғни, хадисте айтылған үкім сол кездегі халықтың әдетіне негізделген-ді. Егер сол кездегі әдет бойынша бидайды сату таразы арқылы, ал алтынды сату ыдыстар арқылы өлшеніп сатылатын болғанда діни үкім де соған сай берілер еді. Діни үкімнің келуінің негізгі себебі кейбір заттарды тарту, кейбір заттарды өлшеу арқылы сату болып табылады. Бұл өз кезегінде әдетке айналғандықтан, хадистегі үкім әдетке негізделген. Демек осы мәселеде егер әдет өзгерсе, соған сай үкім де өзгереді. Османлы мемлекеті кезеңінде Әбу Юсуфтың осы көзқарасы таңдалып, жүзеге асырылған. Сондықтан «Мәжәлладағы» (Османлы мемлекетінің соңғы кезеңінде ислам құқығының жазбаша бекітілген құқықтық құжат түрі) «уақыттың өзгеруі мен үкімнің өзгеруін жоққа шығаруға болмайды» деген қағида осы негізге сүйенеді. Байқағанымыздай фикһ ғалымдары хадистерді сөзбе-сөз емес, барлық шарттарды негізге ала отырып, кең мағынасында түсінген.

5. Әдет-ғұрып қияс секілді қосымша дәлелдерге қайшы келген жағдайда әдет-ғұрып таңдалады. Мұны ханафилер әдет-ғұрыпқа сай истихсан жасау деп атаған. Қияс әдет-ғұрып арқылы немесе қажеттілікке қарай өзгереді. Әйтпесе адамдар өмірінде қиындық туындап, бұл өз кезегінде жеңілдікті қалаған ислам дінінің негізгі мақсатына қайшы келеді. Бұған қатысты мысалдарды ханафи ғалымдарымен қатар шафиғиларда да кездестіруге болады. Негізінен көп жағдайда әдет-ғұрып қажеттіліктің дәлелі болғандықтан қиястан жоғары тұрады. Әрине мұндай жағдайда дәрежесі жоғары дәлел таңдалады. Сонымен қатар ханафи және мәлики мәзһабтарында истислах және истихсан әдісінің кездесуі әдет-ғұрыптың таңдалатындығын көрсетеді⁴⁰.

Қорыта айтар болсақ, шарифатта ислам құқығының негізгі қағидаларына қайшы келмейтін әдеттер негізге алынады. Өйткені, ислам құқығындағы үкімдердің

⁴⁰ Хасанова С. Өрф ве адетин ислам хукук дүшүнжесинде иери ве хукүмлерин дегишмеси капса-мындаки тартышмаларда рөлү//Ислам хукук араштырмалар дергиси, №14, 2009, – 212-213-б.

негізгі мақсаты – адамдардың игілігі, әділетсіздікті болдырмау және қиындықтың алдын алу. Олай болса, ислам құқығы бойынша үкім берілер кезде белгілі бір қоғамда әдетке айналған ғылым, білімде өзіндік орны бар ғалым мамандардың да құптаған көзқарасымен есептеспеу былайғы жұртты қиындыққа итермелеп, тығырыққа тіреді. Ал бұл – өз кезегінде ислам құқығының ең негізгі мақсатына қайшы.

Құран мен сүннетке жіті назар аударғанда, шарифаттың құқықтық нормалар бекітуде қоғамдық-әлеуметтік ерекшеліктерді назарға алғандығы, түбегейлі өзгерістерді бірден емес сатылай, бірте-бірте өзгерту әдісін қолданғандығы, халықтың аят-хадиске қайшы келмейтін дәстүрлерінің жалғасын тапқандығы байқалады. Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) осындай ұстанымдарын негізге алған фақихтар кейбір мәселелерге қатысты үкім берерде халықтың әдет-ғұрпына мән берген⁴¹.

Имам Әбу Ханифа үкім берерде адамдардың салт-дәстүрі шарифатқа қайшы келмесе оны дәлел ретінде санаған. Әбу Ханифа мәселелерді әуелі қияспен, егер қиясқа сай келмесе, истихсанмен бағамдайтын. Ал истихсанмен шешілмесе, жергілікті халықтың өзіне тән әдет-ғұрпын ескеретін. Адамзаттың түрлі ұлт, ұлысқа бөлінуінің өзі – Жаратқанның қалауы. Бұл шындық Құран кәрімде: **«Әй, адамдар! Сендерді бір еркек пен әйелден (Адам ата мен Хауа ана) жараттық. Бір-біріңді танып-білуілерің үшін сендерді ұлттар мен ұлыстар қылдық»**– деген аятта⁴² ашық айтылған. Қандай да бір ұлтты екіншісінен түр-түсі ғана емес, тілі мен әдет-ғұрпы да ерекшелеп тұрады. Әбу Ханифа мәзһабында осының бәрі егжей-тегжейлі ескеріле отырып, пәтуалар берілген.

Яғни кез келген халықтың өмір-салты мен дүниетаным негізінде ғасырлар бойы жинақтала келе қалыптасатын құндылықтар жиынтығынан тұратын әдет-ғұрып діни үкім шығару, яки, пәтуа беру тұрғысынан мұсылман құқығында маңызды рөл ойнаған. Әдет-ғұрыпқа мән беріп, оны негізге алу – ислам құқығының динамизмін, барлық уақытта жергілікті халықтың дүниетанымына сай келетін кеңдігін көрсететін бірден-бір ерекшелігі. Осы ерекшелігіне баланысты ислам дінін өзге ұлт өкілдері жатсынбай қабылдап, өзіндік ұлттық ерекшеліктерін сақтап қалған.

1.6. Ислам дінінің қазақ жеріне таралу тарихына қысқаша шолу

Қазақ халқының фольклоры, эпикалық мұрасы, халықтық афоризмдер, жыр-дастандар мен өлең-поэмаларында ұлттың дүниетанымы, руханиятының бағыт-бағдары және тарихи таңдауы мен позициясы айқын көрініс табады. Бұл үрдіс бізге

⁴¹ Арабжы Ф.Ханефилигин олушумунда жоғрафи еткенлер//Имамы Ағзам Ебу Ханифе ве дүшүн-же системи, 16–19 Еким, 2003, семпозиум материалдары. –Бурса: Куран араштырмалары уакфы, 2005. 1-т., – 352-б.

⁴² «Хужурат» сүресі, 13-аят

көп нәрсені аңғартады. Ислам дінінің принциптері қазақ руханиятының негізгі идеялық платформасына айналып кеткен деуге негіз бар. Олай дейтініміз қазақтың исламды қабылдап, исламмен өмір сүріп келе жатқанына аз уақыт болған жоқ. Бүгінгі Қазақстан жері мен Орта Азияға ислам дінінің жетуі VII-VIII ғасырларда жүзеге асқандығын тарихи деректерден байқаймыз. Ендігі кезекте осы тарихқа қысқаша шолу жасай кетейік.

Арабтар мен түркілер Омар (р.а) халифаның дәуірінде (634-644) шекаралас елдерге айналғанымен, ислам діні алғашқыда түркілер арасына тарала қоймады. Себебі, кемеңгер халифалар Алла Елшісінің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) «*Түркілер сендерге тиіспейінше, сендер де оларға тиіспеңдер*» деген өсиетін ескеріп, түркілерге қарсы фатх жорықтарын жасаған жоқ. Бірақ, Әмауи (661-750) халифаты тұсында Мәуараннахр аумағына фатх жорықтары жасалды. Арабтар тыныштық сақтағанымен, түркілердің оқтын-оқтын шекара маңына әскери жорықтары жасауы, Әмауи әскерінің оларға қарсы тұру үшін соғыс жүргізуге мәжбүр етті.

Мағауияның (р.а) Қорасанға тағайындаған әміршісі Убайдулла (673) түркілерді тыныштандыру үшін алғаш рет 24.000 әскермен Әмудариядан өтіп, Бұқараға дейін жорық жасайды⁴³. Убайдулладан кейін Қорасанға әмір болып тағайындалған Сағит ибн Осман түркілерді жаулап алу үшін Самарқанға жорық жасап, тұрғындардың мал-мүлкін тонап, 30.000 адамды тұтқындап әкетеді⁴⁴. Келесі Қорасан әміршісі Әсла ибн Зира (675), одан кейінгі әмірші Сәлім ибн Зияд (680) Хорезм мен Самарқанға әскери жорықтар жүргізіп, түркілерге салық салады⁴⁵. Сәлімнен кейін Қорасан әміршісі болған Абдулла ибн Хазимнің (683)⁴⁶ тұсында Герат түріктері халифатқа қарсы көтеріліс жасап, араб жаулаушыларын кері шегіндіреді⁴⁷.

Әмауи дәуірінде фатх жорығын жасаушылар Мәуараннахрдағы түркілердің саяси билігін құлату арқылы исламды жерсіндірмек болды. Дінді таратудың бұл әдісі Таяу шығыс, Солтүстік Африка, Иран жерінде өз жемісін бергенмен, түркілер үшін көбінесе өтімсіз болып шықты. Себебі, түркілер бұрын-соңды ешбір елдің отарына түспеген, рухы азат, жауынгер халық болатын. Ал, жүрек қалауымен ғана бойға сіңетін діни сенімді күшпен таңу, түркілердің табиғатына қайшы еді.

Ислам дінінің Мәуараннахр мен Түркістан өлкесіне жерсінуді, жергілікті түркілердің төл сеніміне айналу процесі ұзақ тарихи кезеңдерге созылды. Оған сол кездегі аймақтық және ұлттық ерекшеліктер, геосаяси ахуал мен діни жағдай және т.б. факторлардың ерекше әсері бар еді. Түркештер (699-766) дәуірінде араб-түркі қақтығысы тіптен өрши түсті. Сулық (715-738) қаған билік құрған тұста, арабтар Мәуараннахрдан кері шегінуге мәжбүр болды. Түркеш әскері Журжан қаласына дейінгі аумақты арабтардан тазартты.

Сулық қағаннан кейінгі дәуірде Түркеш қағанатында ішкі талас-тартыстар

⁴³ Ибн Хубейб, Әсмәул-муғталин, Нәуадирул-махтутат. – Каир, 1954. II т. –166-б.

⁴⁴ Әл-Беләзури, Футухул-булдан, tah. A. E. et-Tabba, Ö. E. et-Tabba. – Beyrut, 1958. – 579-б..

⁴⁵ Әл-Беләзури, 581-б.

⁴⁶ Әл-Беләзури. 602-б.

⁴⁷ Бартольд В.В. Туркестан в эпоху монгольского нашествия. Часть вторая. – С.Петербург. 1900. – 238-б.

күшейіп, түркілер сыртқы жауларға қарсы тұруда дәрменсіздік таныта бастады. Осы кезде Қорасанға әмірші болып тағайындалған Наср ибн Сайиар әл-Кинани өзінің біліктілігінің арқасында Әмауи әскерінен бөлек жергілікті түркілерден құралған 20.000 адамдық әскер құрап⁴⁸, 739 жылы Ташкентке жорық ұйымдастырып, Түркістан аумағына ішкерлей енеді. Сулық Қағанның орнына отырған Құр Сул қаған жорықта қаза тауып, түркештер жеңіліске ұшырайды. Бірақ, дәл осы шақта халифатта әмауилерге қарсы аббасилердің көтерілісі басталып, Наср ибн Сайиардың қолға алған бастамалары аяқсыз қалып қояды.

Түркілердің ислам дінін кеш қабылдауының саяси, әлеуметтік, ділдік, рухани және т.б. көптеген себептері болды. Алғашқы кезде түркілер арасында арабофобия түсінігі етек алды. Бұл жағдай Мәуараннахр мен Түркістан тұрғындарының ислам дінін қабылдауын кешеуілдетті. Жергілікті халықтың қарсылығы діннің мазмұнына емес, дін таратушылардың тәжірибесіне көңілі толмағандықтан туындады. Әсіресе, фатх жорықтары кезіндегі қанды оқиғалар, жергілікті ономастикалық атаулардың күшпен өзгертілуі, өзге ұлттардың кемсітілуі, мәдениет пен ағарту саласындағы арабшылдық тенденциясы, әлеуметтік және экономикалық теңсіздіктер түркілердің қасарысуын арттыра түсті.

Дегенмен, түркілердің VIII ғасырдың екінші жартысынан бастап ислам дінін қабылдауына оң ықпал еткен тарихи оқиғалар орын алды. Соның бірі «Талас ғазауаты» еді. Атлах ойпатында 751 жылы болған Тан империясы мен Аббаси халифаты әскерлерінің арасында болған «Талас ғазауатының» мұсылман үмбеті һәм түркі халықтарының тарихында алар орны ерекше. Као Шиен Шихтің қоластындағы Тан әскері мен Зияд ибн Салих бастаған мұсылман қосыны 751 жылы шілде айында Талас өзенінің бойындағы Атлах жазығында бір-бірімен бетпе-бет келеді. Тан әскерінің құрамында түркештер мен қарлұқтар болса, мұсылман әскерінің сапында да исламды қабылдаған түркі-соғдылар бар еді⁴⁹. Бес күнге созылған кескілескен шайқастың алғашқы төрт күнінде екі жақ итжығыс түсті. Соғыстың соңғы күні Тан әскерінің сапындағы қарлұқтар көтеріліс жасап, мұсылмандармен соғысып жатқан қытай қосынына бір бүйірден келіп соққы жасайды. Тан әскері қос тараптан жасалған шабуылға шыдас бере алмай, майдан даласын тастап, кері шегінеді⁵⁰. Осылайша Талас топырағында, он екі ғасыр бұрын Ислам жалауы желбіреп, халық хақ дінмен танысқан еді. Ақырында Орта Азия халқы қытайландыру саясатының қыспағынан құтылып, Ислам дініне кіре бастайды.

«Талас ғазауатынан» кейін елу жылға жуық уақытқа созылған араб-түркі соғысы біршама саябырсыды. Дінтанушы М.Бұлұтайдың айтуына қарағанда Атлахтағы шайқастан соң Орталық Азиядағы түркі халықтарының ислам дініне деген жүрегі жібіп, олар тоб-тобымен хақ дінді қабылдай бастаған³. Бұл пікірмен толықтай келісуге болады. Себебі, В.Бартольдтің жеткізген деректеріне қарағанда бір күнде түркінің 200 мың шатыр үйі ислам дінін қабылдаған көрінеді⁵¹.

⁴⁸ Китапчы З. Орта Догуда түрк аскери варлығынын илк зухуру. – Стамбул. 1987. – 41-б.

⁴⁹ Дәулетхан Ә., Хүн-түрік-қазақ тарихын зерттеу мәселелері. 2-кітап. – Алматы. – 129 б

⁵⁰ Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері. 1 том. – Алматы. 2005. 40.

⁵¹ Бұлұтай М. Ата баба діні. Түркілер неге мұсылман болды? – Алматы: Білім, 2000. 232 б.

Аббаси халифаты (750-1258) тұсында ислам дінін күшпен тарату тенденциясы төмендей бастады. Исламды қабылдаған кейбір ұлттар мен аумақ тұрғындары өз алдына дербес мемлекет құруына байланысты, халифаттың бұрынғы саяси әлеуеті әлсіреді. Бірақ, исламды тарату ісі тоқтаған жоқ. Орталық Азияның оңтүстік батысында өз алдына дербес мемлекет болып құрылған саманилер түркілер арасына ислам дінін таратуды одан ары қарай жалғастырды. Саманилер қарлұқтарға қарсы жорық жасап, Исфиджаб және Тараз қалаларын жаулап алып, осы өңірде ислам дінін орнықтыруға басымдық береді. Белгілі зерттеуші Ф.Көпрүлү: «Мәуараннахр түркілерінің толық ислам дініне өтуі Самани дәуірінде іске асты. Әл-Муғтасым заманында Мәуараннахр тұрғындары түгелдей ислам дінін қабылдады. Олар құлазыған даладағы кәпірлерге қасиетті соғыс жүргізді»⁵² дейді. Осындай деректерге сүйенген отандық зерттеушілер Орталық Азияда ислам діні саманилер дәуірінде нық орныға бастады деп тұжырымдайды⁵³. Әйткенмен, эмауилердің ислам таратуында арабшылдық белгілер орын алғаны секілді, саманилер мемлекеті де парсы мәдениетінің жоқтаушысына айналған еді. Бұл фактор да белгілі бір деңгейде түркілер арасына ислам дінінің тез таралуын тежеген болатын.

Дегенмен, Самани дәуірінде Мәуараннахрда негізінен ханафи фикһ ғұламаларының қазылық қызмет атқаруына байланысты, өзге ислам атын жамылған қайсани-мубайдийа, исмайлийа, карматийа және т.б. діни ағымдар шетке ысырылып, ханафи мәзһабы басым түсе бастады. Алғашында Аббаси кезеңінде Нух ибн Әбу Мәриам (789 қ.б) Мервті, Әбу Мути Балхий (814 қ.б) Балхты ханафи мәзһабының орталығы қылса, Әбу Хафс Кабир (767-831) және оның ұлы Әбу хафс ас-Сағири (877 қ.б) Бұқара қаласын ханафи мәзһабының ордасы етті. Әбу Хафс ас-Сағири Самани билеушісі Исмайыл бин Ахметтен қолдау көріп, Бұқараны Мәуараннахрдағы ханафи мәзһабының орталығы етті. Бұқара фикһ мектебі өкілдерінің Самани билеушілерімен жақын қатынаста болуы, кейін ханафи мәзһабының Мәуараннахрда ғана емес, Самани мемлекетінде барлық аумағында кеңінен таралуына мүмкіндік тудырды⁵⁴.

Ислам дінінің Мәуараннахр мен Түркістан аумағында салтанат құруы Қарахан мемлекеті дәуірінде жүзеге асты. Қарахандықтар кезінде ислам діні түркі әлемін біріктіретін негізгі фактор ретінде қарастырылды. Мұсылмандықты қабыл етпеген түркілер мен мұсылман түркілерінің арасында дін үшін болған қақтығыстар орын алды. Исламды қабылдаған түркілер халифатқа шығыс тараптан төнетін қауіп-қатерлерге қалқан болып, шегараны қорғауда аянып қалған жоқ. Қарлұқ қағанаты ыдыраған тұста Қарахан мемлекеті Жетісу жерінен бастап Сайрамға дейінгі аралықта, сондай-ақ, шығыс жақта Қашғарға дейінгі өте үлкен аймақта өздерінің саяси ықпалын жүргізіп отырды. Жетісуды және көршілес өңірлерді мекендеген қарлұқтардың, жікілдердің, яғмалардың Саманилерге қарсы, сондай-ақ,

⁵² Бартольд В.В. Туркестан в эпоху монгольского нашествия. Часть вторая. – С.Петербург. 1900. – 267-б.

⁵³ Нұртазина Н.Д., Хасанаева Л.М., Ежелгі түркілердің исламдануының тарихи алғышарттары. – Алматы: «Қазақ университеті», 2010.

⁵⁴ <http://kazislam.kz/islam/ishki-kategoriyalar/fiqh/khanafi-mazkhabu/item/14854-khanafi-mazhabyny-ortalyk-aziya-a-taraluy-ham-orny-uuny-sayasi-astary>.

шығыстан дүркін-дүркін шабуыл жасаған тоғыз оғыздарға қарсы ұзаққа созылған әрі табанды күресі Қазақстан аумағының оңтүстігі мен оңтүстік-шығысындағы түрік тайпаларының этникалық-саяси тұрғыдан топтасуын тездете түсті⁵⁵. Қарахан билеушісі Сатұқ Боғра хан 944 жылы ислам дінін қабылдады. Ислам дінін қабылдаған қаған өзінің атын «Абдулкарим» деп өзгертті. Оның баласы Мұса қағанның тұсында (960) ислам діні Қарахан мемлекетінің мемлекеттік діні болып жарияланды. Мұса қағанның бұл шешімі Қарахан мемлекетінің қоластына қараған елдерге әсер еткендігі соншалық, жаппай ислам дінін қабылдау белең ала бастайды. Түркілердің бұлайша жаппай исламды қабылдауы дін уағыздаушылардың күш қолдану жолымен емес, керісінше ағартушылық һәм саяси-экономикалық жолмен жүзеге асты. Оған қоса, Қарахандықтардың саяси һәм әскери жетістіктері Орта Азия елдеріне ислам дінінің кеңінен таралып қана қоймай, жергілікті халықтың идеологиясы ретінде ресми мәртебеге ие болуына да айырықша әсер етті.

Қарахандықтар теріскейдегі түркілер арасына ислам дінін таратуды өз міндетіне алды. Қарахандықтардың мемлекеттік құрылымы мен сот жүйесі және қоғамдық қатынастарды реттеу мәселелері шарифат нормаларымен жүзеге асырылды. Осы дәуірде ханафи мәзһабы мен матуриди ақида мектебі Мәуараннахр мен Түркістанда доминаттық күшке айналды.

Қарахан билеушілері Бұқарамен қатар Самарқанды да ханафи мәзһабының орталығы етті. Қарахан билеушісі Ибрахим Тамғаш Бұғра хан (1041-1068) және оның ұлы Шамсулмулук хан (1068-1080) Самарқанда ханафи ақидасы мен фикһын үйрететін көптеген медреселер салды. Қарахан дәуірінде ханафи мәзһабының дамығаны соншалықты Бұқарада «Садр» ханафи мектебі, ал Самарқандағы «Жузжанийа» және «Йадийа» атты өз әдіснамасы бар ханафи мектептері болды.

Қарахан дәуірінде Мәуараннахрда кәлам мәселесі бойынша Әбу Мансұр әл-Матуриди (870-944) негізін салған матуриди ақида мектебі өркен жайды. Әл-Матуридидің сенімдік көзқарастарын жүйелеп, ақида мектебін қалыптастырған оның ізбасары Нәжмуддин Әбу Хафс Омар ән-Насафи (1069-1142) еді. Оның «Нәсафи ақидасы» атты еңбегі исламды қабылдаған мұсылмандардың төлқұжаты іспеттес болатын. Сондай-ақ, Матуриди мектебінің түркілер арасында нығая түсуіне Сиражиддин Али ибн Осман әл-Уши (1179 ж.қ.б) де зор еңбек етті. Әл-Ушидің «Бад-ул-Амаали» атты еңбегі өз дәуірінде өте танымалдыққа ие-тін.

Қарахан дәуірін жан-жақты зерттеген белгілі тарихшы Зия Кабакчы Мәуараннахрда ханафи мәзһабының 300-ден астам өкілінің шыққанын айтады. Олар 350-ден астам кітап жазып, 20 фәтуа жинақтарын шығарған. Орталық Азиядан өзге мәзһаб өкілдері емес, ханафи мәзһабынан осыншама өкілінің шығуы, сөз жоқ Қарахан дәуірінде бұл мектептің салтанат құрғанын әйгілейді.

Қарахандықтардың саяси һәм әскери жетістіктері Орта Азия елдеріне ислам дінінің кеңінен таралып қана қоймай, жергілікті халықтың идеологиясы ретінде ресми мәртебеге ие болуына да айырықша әсер етті. Жылдар ғана емес ғасырлар бойы Құран тілі Орта Азия халықтарының білім-ғылым тілі болды. Отырарлық Әбу Насыр әл-Фараби, Ысқақ әл-Фараби, Исмаил әл-Жауһари сынды ғұламалар

⁵⁵ Ораз С. Ұлы дала төсіндегі Ислам. –Алматы, 2018. –13-б.

Шығыс елдерінде ілімдерін жетілдіріп, әлем кітапханаларының құнды қазынасына айталған керемет шығармалар қалдырды. X-XII ғасырларда араб тілінде ғана емес, түркі тілінде де классикалық шығармалар, құнды туындылар жазыла бастады. Қарахан дәуірінде түркілердің әлеуметтік жүйесіндегі мораль философиясын және тіл ғылымы тақырыптарында қалам тербеген Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу-білік», Ахмет Иүгінекидің «Атабатул-хақайк» (Ақиқат сыйы), Махмұт Қашқаридің «Лұғат ат-Түрік», Қ.А.Ясауидің «Диуани-хикмет», С.Бақырғанидің «Ақырзаман кітабы» атты шығармалары түркі тілінде жазылды.

Жүсіп Баласағұн, Махмұд Қашқари, Қожа Ахмет Яссауи сынды ғұламалармен басталған ағартушылық жолды XV-XVII ғасырларда Мұхаммед Хайдар Дулати, Қадырғали Қасымұлы Жалайыри сынды ғалымдар жалғастырды. Осылайша ислам мәдениеті орта ғасырлардан бастау алып, бүгінгі таңға дейін түркі жұртшылығының әдебиеті мен өркениетіне, руханияты мен салт-дәстүріне ізін қалдырды. Түркілердің арасынан әлем өркениетіне елеулі әсер еткен ғалымдар философия, тарих, мәдениет, астрономия, логика, музыка, әдебиет пен тіл, медицина саласындағы еңбектерімен мәшһүр болса, енді бірі қасиетті Құран мен тәпсір, шариғат, мәзһаб, фикһке арналған шығармаларымен де ел құрметіне бөленді. Бұлардың барлығы араб, парсы, түркі тілдерін жетік меңгерген өз замандарының заңғарлары еді. Бұлардың қатарына Бұрхан ад-Дин Ахмад әл-Фараби, Имад ад-Дин Әбу-л Қасым әл-Фараби, Қауам ад-Дин әл-Фараби, Молла Ахмет әл-Женди, Хусам ад-Дин әл-Хусейн ас-Сығанаки, Әбу Абд Алла әл-Баласағұни, Әбд әл-Ғафур әл-Кердери, Мұхаммед әл-Кердери, Хафиз ад-Дин әл-Кердери сынды ғұламаларды жатқызуға болады.

Қарахан дәуіріндегі ислам дінінің түркілердің жүрек төрінен орын алуына сопылық мектептердің де қосқан зор үлесі болды. Түркістанның піріне айналған Қожа Ахмет Ясауи (1166 ж.қ.б) және оның ізбасарлары ислам дінінің Сүлеймен Бақырғани, Қажы Бекташ Әулие, Сары Салтық, Жүніс Әмре, Ашық Паша, Ғази Бурханиддин, Дехкани, Ахмед Дайи, Насими, Қажы Байрам Әулие, Мансұр ата (1197 ж.қ.б), Сайд ата Хорезми (1218 ж.қ.б), Мұхаммед Данышмент Зарнұқи, Суксук ата, Исмайыл ата, Садыр ата, Бадыр ата, Зеңгі баба, Ұзын Хасан ата, шейх Иқани, Құшшы ата, Жүсіп ата, Шопан ата, Қажы Бекташ әулие, Сары Салтұқ, Шайық Лұқпан Перенде, Баба Машын, Әмір Әли Хакім, Хасан Бұлғани, Имам Мерғазы, Шайық Осман Мағрифиді секілді хикмет иелері Хақ діннің түркілердің жан-дүниесінде салтанат құруына ерен қызмет етті⁵⁶.

Қарахан және Жошы ұлысында ислам дінінің одан ары қарай беки түсуіне Қожағани және Кубрави тариқаттарының да қосқан үлесі зор болды. Қожа Абдулхалық Ғыждуани (1218 ж.қ.б) негізін салған қожағани тариқаты Бұқара аймағында сопылық ілімнің өркен жаюына мейлінше ықпал етсе, Нәжмуддин Кубра (1221 ж.қ.б.) негізін қалаған кубрави тариқаты Хорезм мен Дешті-Қыпшақта сопылық ілімнің дамуына зор үлес қосты. Нәжмуддин Кубраның ханакасынан шыққан Мәждуддин Бағдади, Нәжмуддин Дайиа, Радиуддин Әли Лала, Сағдуддин Хаммуә, Баба Камал Женди, Сейфеддин Бохарзи, Баһауаддин Уәлад (Румидің әкесі) секілді сопылар ислам дінінің Мәуараннахр мен Түркістан аймағында нығая түсуіне

⁵⁶ Көпрүлу Ф. Түркі әдебиетінде алғашқы сопы-ақындар. –Түркістан, 2017. – 37-б.

қызмет етті. Әсіресе, Сейфеддин Бохарзидің ықпалымен Алтын Орда билеушісі Берке хан мұсылман болып, ислам дінін мемлекеттік идеологияға айналдырды. Одан кейін Ясауи тариқатының Ұзын Хасан ата, Зеңгі ата, Садр ата, Бадр ата секілді өкілдерінің ықпалымен Алтын Орда ханы Өзбек ислам дінін қабылдап, Хақ дін толығымен түркілер арасында таралып үлгерді. Алтын Орда тағына Өзбек ханның келуімен ислам дінін ұстану, шариғат үкімдерінің мемлекеттік заңдарға ықпал жасауы барынша нығая түсті.

XIII ғасырдың екінші жартысында Жошы ұлысынан бөлініп шыққан Алтын Орданың ресми діні ислам болды. Мемлекеттің дін саласына қызмет жасаған ғалымдар мен ғұламалардың айтуынша Өзбек ханның тұсында дін ұстану жолындағы «алтын кезең» болған. Осы тұста жергілікті халықтың мәдениеті мен әдебиеті ислам дінімен біте қайнасып, сырт көзге мұсылманшылықтың белгілері менмұндалап тұратын. Алтын Орда патшалары өзінің түкі жұрты қойған есіменен басқа арабша лақап ат алып жүруді дәстүрге айналдырды. Мәселен, Жәнібек Сұлтан – Жалал Ад-Дин Махмұд, Бердібек – Сұлтан Мұхаммед, Тоқтамыс – Сұлтан Нәсір Ад-Дин деп аталып жүрген⁵⁷.

Тарих ғылымдарының докторы Н.Нуртазина былай дейді: «XV ғасырдың басы мен XIX ғасыр аралығында қазақ халқы өзін толығымен исламмен бірегейлендірді және бұл дінді білім саласында да, ритуалдық-догматикалық тұрғыдан да іс жүзінде тұтынды. Ортағасырдың аяғындағы Қазақстанда ел бақарып отырған элитаның (сұлтандар) рухани аристократия – қожалармен, сопылықтың яссауи және нақышбанди бірлесіктерімен бірлесе жұмыс істеуі жалғасын тапты. Ислам монғол шапқыншылығынан кейінгі кезеңде ортағасырлық орталық азия мемлекеттерінің, соның ішінде Қазақ хандығының ресми діні әрі идеологиясы болды. Мемлекеттік-құқықтық саланың исламдануы ол кезеңде өркениеттік нормалар мен үлгілерге жақындаудың белгісі саналды»⁵⁸.

Алтын Орда дәуірінде ғұмыр кешкен бабаларымыз: Қауам ад-Дин Әл-Фараби «Ғайя ал-байан уа надира аз-заман фи ахар ал-ауан», Мәула Мұхаммед Низам ад-Дин аш-Шаши «Усуль», Шейх Ахмет Түркістани «Шауаһид ан-Нубууа ли-такуйат йақин аһл ал-футууа», Шайхы Баба Сығнақи, Мұхаммед әл-Женди «Иғдяз ал-байан фи шарх бағд асрар умм әл-Қуран», Молла Ахмет әл-Женди «әл-Ақиад», Хусаммадин ас-Сығнақи «ан-Ниһаия», «Хидая», Мұхаммед әл-Кердери «Китаб ар-радд уа-л интисар ли-Әбу Ханифа имам Фуқаһа әл-амсар», Мұхаммад бин Мұхаммад бин Шиһаб ал-Кердери аз-Баззази «Фатауи ал-Баззазия», Жамал ад-Дин Атырауи «шарх әл-Уйкаия» атты еңбектер ханафи мәзһабының құқықтық үкімдері мен сенім негіздеріне түсіндірме ретінде жазылған.

Алтын Орда кезеңінде Қазақстанның барлық аймақтарында ислам діні толықтай үстемдік құрып, Қазақ хандығы мұсылман мемлекеті ретінде танылды. Алтын Орданың мұрагері саналған Қазақ хандығы да бабалар салған сара жолдан қиыс кетпей, ханафи мәзһабына арқа сүйеген дін жолын өздеріне жолбасшы етті.

⁵⁷ Ораз С, Ұлы дала төсіндегі Ислам. –Алматы, 2018. – 54-б.

⁵⁸ Нуртазина Н. Распространение ислама и формирование казахской мусульманской традиции. (V VIII- нач. XIX вв.). – Алматы: «Қазақ университеті», 2013. –332-б.

Ақылды бабалардан қалған бұл даңғыл Қазақ ордасы кеше ғана ұстанып, бүгін айрылып қалған қазынасы емес, ұрпақтан ұрпаққа шып-шырғасын шығармай жеткізуді өзіне борыш санап келген бабалар мен балалар арасындағы алтын көпір болып әлі күнге дейін жалғасып келеді.

Қазақ хандығы дәуіріндегі тарихи деректерге зер салатын болсақ Алтын Орда империясының қара шаңырағы саналған қазақ жерінде ислам дінінің туы асқақтай желбіреді. Қазақтардың тек ақсүйектері ғана емес, қара халық та сунниттік исламды ұстанды «Қырғыздар (қазақтар) өздерін Мұхаммедтің дінінің сунниттік бағытын ұстанамыз деп біледі» (М.Михайлов). В.В.Радлов: «Қырғыздар (қазақтар) өздерінің өмір сүру салттарымен және биік ой-өрісімен Алтайдың көшпелі түріктерінен айырмашылықтары бірден байқалады. Бұл – сөзсіз исламды жүздеген жылдар бойы ұстанғандығынан», – деп, қазақ халқының ислам дінін берік ұстанатынын айтып өтеді⁵⁹.

Дешті Қыпшақ жерінде ислам дінінің заңдары орнығып, халықтың салт-санасына кірпіш қалағандай етіп сіңірген жергілікті дін қайреткерлерінің еңбектері елеуге тұрарлық. Бұлар салт-дәстүр мен ислам дінінің арасында нәзік байланыстың бар екенін байқап, сол арқылы Қазақ халқының ауыз әдебиеті мен мәдениетін байланыстыра түсіндірді. Қазақ халқы көшпелі ғұмыр кешкен себепті мешіт ашып, медреседе бала оқытып бір орында отыра алмады. Дегенмен, уағызшылардың көркем мінез-құлқы, үлкенді құрметтеп, кішіге қамқорлық көрсеткен әдептері арқылы, шешен тілдері мен саф ділдері арқылы қазақ халқы ислам дінімен танысты. Уағызшылар тек қана құрғақ уағыздармен ғана емес, халықтың таным-түсінігіне сай өлең-жырлармен, шебер өнерлерімен насихаттады. Қарахандықтар кезінде басталған хикмет ілімі жыраулар дәстүріне ұласып, сол арқылы халық исламға шынайы түрде мойынсұна бастады. Бұлардың арасында Сайф Сараи, Сыпыра жырау, Асан қайғы, Доспанбет, Қазтуған, Шалкиіз, Ақтамберді, Бұқар сынды жыраулар болды. Ал қожа-молдалар қазақ халқының тұрмыс-салтта исламды қалай ұстану керектігін көрсетіп, исламдағы фикһ ілімінің қайнарынан сусындатты. Қазақ хандарының діни тәрбие алуына аталықтар (діни ұстаздар) институты қаншалықты әсер етсе, көшпелілердің исламды қабылдауына қожалар институты соншалықты ұшаң-теңіз еңбек сіңірді⁶⁰.

1.7. Дала заңдары және ислам шарияты

Мұсылмандық Орта Азияға, соның ішінде қазақ даласына сонау VIII ғасырдың өзінде-ақ ене бастады. 751 жылы Талас бойында қарақытайлар мен мұсылмандар арасындағы шешуші шайқаста мұсылмандардың жеңіске жетуімен Ислам діні мен мәдениеті қазақ жеріне тарай бастады. Орта Азияны мекендеген түркі халықтары арасында ислам діні қарқынды дамып, Қазақстан аймағында Қараханидтер мен

⁵⁹ Ораз С.Ұлы дала төсіндегі Ислам. 62-б.

⁶⁰ Бұл да сонда.62-74бб.

Алтын Орда кезеңінде ресми дін ретінде жарияланғаны мәлім.

Қазақ халқының ұлт ретінде ұйысуында ислам дінінің ықпалы күшті болды. «Ол XV ғасырда Жәнібек пен Керей негізін қалаған Қазақ хандығының ресми идеологиясы болып жарияланды. Ислам діні жоғарғы хандық биліктің нығаюына және сол кездегі түрлі қазақ тайпаларының бір этникалық қауымға бірігуіне ықпал еткен идеологиялық факторлардың бірі болды. Ислам дінін ұстанған түркі тайпалары Қазақ хандығына мүшелікке өтті. Ал, ислам дінін әлі қабылдамаған тайпалар «Қазақ» бола алған жоқ. Яғни, Қазақ халқын бір кеңістікте өмір сүрген діни сенім-нанымы, салт-дәстүрі, саяси мүддесі бір түркі тайпалары құрады»⁶¹.

Қазақ халқының тұрмыс-ірішілігінде әдет-ғұрыптың орны ерекше болған. Әдет-ғұрып құқығы сайын сахараны мекендеген ұлы дала халқының сан ғасырлық тарихымен қатар өмір сүріп, 1930 жылдарға дейін өзінің күшін жойған емес. Кеңес өкіметі кезінде құқықтық норма ретінде күшін жойғанымен халықтың санасында, тұрмысында әлі күнге дейін жалғасын тауып келе жатқан өміршең жүйе. Ол рухани бастаулардан нәр алып, адами құндылықтарды қорғауды мақсат тұтты.

Әдет-ғұрыптық нормалар мен институттар көшпелі қазақ қоғамының құқықтық мәдениетінде үлкен рөл ойнады. Алайда оның ауқымы одан да кең еді. Олар ең алдымен ата-баба жолы, көнеден келе жатқан жора, үлгі, өсиет ретінде қабылданды. Сондай-ақ орындалуға міндетті қажеттілік, өмір заңы ретінде бағаланды⁶². Құрылымдық қарапайымдылығына қарамастан оның тұрмыстағы күрмеуі қиын мәселелерді шешудегі пәрмендігі зор еді.

«Қазақ халқы өз алдына дербес мемлекет құрғаннан бері «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», Әз Тәукенің «Жеті Жарғысы», «Төрт би төре заңы», «Шар» ережесі секілді заңдарды қабылдады. Әрқайсысының дәуір мен кеңістікке сай өзіндік ерекшелігі болғанымен бұл заңдардың түп-негізі Шыңғысханның «Ұлы Ясасынан» бастау алады. Бұл тақырыпқа қалам тартқан зерттеушілердің көпшілігі «Ұлы Ясаны» Шыңғысханның шығарған жарлықтары деп біледі. Алайда Шыңғысхан жарлықтарының қалыптасу негіздері бағзыдан келе жатқан көшпелілердің әскери және азаматтық ережелерінде жатқан тәрізді. Шыңғысхан өз заманының алғышарттарына сәйкес түркілердің құқықтық дүниетанымына жаңа жөн-жосық қағидаларын енгізген. Шыңғысханның жарлықтарына өзіне дейінгі бабалар негізін қалаған салт-сана мен әдет-ғұрып әсер еткен. Яғни, көне түркілік әдет-ғұрып нормалары «Жасақтың» өзегі болған»⁶³.

Шыңғысханның ел билеуші ұрпақтары кейін ислам дінін қабылған соң «Ұлы Ясадан» басы бүтін бас тартқан емес. Шарифат пен «Ұлы Ясаны» жымдастырып, қатар ұстанған. Оған сол дәуірдің шарифат білгірлері рұқсат берген. Мысалы, атақты ислам тарихшысы Тақиуддин Мақризидің жеткізуіне қарағанда мұсылман құқығындағы «сийаси шария» термині Шыңғысханның «Ұлы Ясасынан» алынған. Оның айтуына қарағанда, «сийасаны» (саясат) ізгілікке һәм зұлымдыққа негізделген

⁶¹ Ораз С. Ұлы дала төсіндегі ислам. – Алматы, 2018. – 57-б

⁶² Кенжалиев З. Көшпелі қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқықтық мәдениет/теориялық мәселелері, тарихи тағылымы./ – Алматы, 1997. – 65-б.

⁶³ Исахан М. Қазақ халқының әдет-ғұрып заңдарының бастаулары және ислам діні//e-islam.kz.

деп екіге бөліп қарастыруға болады. Яғни, ізгілікке негізделген «си-йасаны» қолдану шарифатқа қайшы емес. Бейбарыс Мысырда Мәмлүк мемлекетін құрғанда және оның одақтасы Алтын Орда билеушісі Берке хан да Шыңғысханның «Ұлы Ясасын» шарифатпен сабақтастырып, қатар ұстанған. Соның негізінде мұсылман фикһында «Си-йаси шария» (си – үш, иаси – Ұлы Ясақ, яғни, жосық) деген әдет-ғұрыппен үкім беру тарауы пайда болды⁶⁴. Әйтсе де, шарифатқа «Сийаси шария» термині кіріккеннен кейін көбінесе «ғурфтін» орнына осы термин кеңінен қолданыла бастаған⁶⁵. Әсілінде әдет-ғұрып нормалары қатып, семіп қалған құқықтық жүйе емес, халықтың тұрмысының өзгеруіне сай өзгеріп тұратын жанды құбылыс еді.

Жоғарыда ислам шарифатында құқықтық норма белгілеуде діннің негздеріне қайшы келмейтін әдет-ғұрыптарды жетекшілікке алуға болатыны атап өткен едік. Сондықтан да қазақтың би-қазылары шарифатқа сай ғұрыптарды негізге алып, қайшы елген жораларды тәрк етіп отырған. «Ұлы Ясаның» әр ғасырда сын-тезден өткізіп, оның жосалы жұрнақтарын «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», Әз-Тәукенің «Жеті Жарғысы» етіп қабылдаған. Әсіресе, соңғы «Жеті Жарғы» заңындағы құқықтық нормалар барынша шарифатқа сәйкестендірілген. Ал, Әз-Тәукенің «Жеті Жарғысы» қазақ халқының әдет-ғұрып құқығының дамып, ең шырқау шегіне жеткен тұсы саналады. Олай болса, біздің ескі салт-жораларымыз толығымен шарифатпен қабысып жатыр деп нық айта аламыз⁶⁶.

Ендігі кезекте дала халқының өмір, тіршілігін реттеп-жүйелеу мақсатында Қасым хан, Есім хан және Тәуке хан кезеңдерінде қабылданған заңдар мен шарифат діні арасындағы байланысқа қысқаша тоқтала кетейік⁶⁷.

Қазақ хандығының қуаты артып, күшейе түскен кезеңі Қасым ханның билікке отырған шағына тура келеді. Қасым хан кезінде (1509-1523) Қазақ хандығындағы ислам дінінің де мәртебесі жоғарылап, дамудың жаңа сатысына көтерілді. «Қасым ханның қасқа жолының» қазақ қоғамындағы құқықтық нормаларды реттеуде рөлі ерекше болды. Қазақ рулары арасында бұрыннан қалыптасқан әдеп-ғұрып ережелері негізінде жасалған бұл заң сол кезде мұсылман елдерінде жаппай қолданылып жүрген ислам дінінің (шарифат) заңынан өзгешеленгенімен⁶⁸ одан алшақ кеткен емес.

Хронологиялық тұрғыдан алғанда, Кенесарыдан бұрын ел билеу ісіне шарифат заңдарын Арынғазы сұлтан енгізгенімен, Кенесары қазақ хандарының ішінде мемлекеттік басқару ісінде тұңғыш болып шарифат жүйесіне өтуге талпынған билеуші еді. Ол хандық билік деңгейінде мемлекеттік басқаруға шарифат заңдарын енгізген⁶⁹.

⁶⁴ Макризи Т. Ас-сулук ли-марифати дубалил мулук. –Бейрут, 1974.

⁶⁵ Исахан М. «Қазақ халқының әдет-ғұрып заңдарының бастаулары және ислам діні». //e-islam.kz

⁶⁶ Исахан М. «Қазақ халқының әдет-ғұрып заңдарының бастаулары және ислам діні». //e-islam.kz

⁶⁷ Құқықтық нормалардың орны мемлекеттік биліктің, оның ішінде орталық хандық биліктің күшейген тұсында арта түсетін. Қасым ханның, Есімхан және Тәукенің заң кодекстерінің шығуы осыны көрсетеді. Олар қазақ мемлекетінің ең күшейген және кемелденген дәуірлерінің туындысы әрі көрінісі саналған. (З. Кенжалиев. Көшпелі қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқықтық мәдениет/теориялық мәселелері, тарихи тағылымы, 30-б.).

⁶⁸ Ораз С. Ұлы дала төсіндегі ислам . –74-б.

⁶⁹ Исахан М.«Қазақ халқының әдет-ғұрып заңдарының бастаулары және ислам діні». //e-islam.kz

Кенесары хан мемлекеттік басқару реформасында өзі жоғары билеуші болғанымен, «Хан Кеңесі» органы жұмыс істеді. Осы кеңеске дін адамдарының да тартылуы Кенесарының діни құндылықтарға қаншалықты мән бергенін көрсетеді.

«Есім ханның ескі жолы» заңының тарих сахнасына шығуына да XVI-XVII ғасырлардағы саяси-рухани жағдайдың ықпалы болды. Есім хан тұсында Қазақ хандығы Орталық Азиядағы негізгі субъектіге айналды. Есім ханның тұсында Қазақ хандығының астанасы Түркістан қаласына ауыстырылып, ханның резиденциясы Ясауи тариқатының аситанасы болды.

Есім хан Нақшыбандиа тариқатына Қарнақтан уақыфтық жер бөліп беріп, дін адамдарына мемлекеттік тұрғыдан қолдау көрсетті. Ол «ескі жол» атты құқықтық құжат қабылдап, ел билеу ісіне едәуір өзгеріс енгізді. «Есім ханның ескі жолының» төрт тұғыры болғандығы айтылады. Олар: 1. Хан болсын, ханға лайық заң болсын. 2. Батыр болсын, жорық жолы мақұл болсын, 3. Абыз болсын, абыз сыйлау парыз болсын. 4. Би болсын, би түсетін үй болсын.

Үшінші ұстындағы абыз сыйлауды фарз үкіміне жатқызуы сөз жоқ «ескі жол» заңының жаңалығы болатын.

Қазақтар бұрын Құранды жатқа білетін дана адамдарды «абыз» (хафиз) деп атап, оларға құрмет көрсететін. Есім хан осы құрмет көрсету дәстүрін парызға айналдырып, ел билеу ісіне теократиялық элементтерді енгізуді қолға алды⁷⁰.

Тәуке ханның «Жеті Жарғы» заңдар кодексіндегі әкімшілік, қылмыс және азаматтық құқық нормалары айтарлықтай дәрежеде шарифатқа негізделіп, ислам дінінің қазақ топырағында тамыр жайып, гүлдене түсуіне үлес қосты. Әдет-ғұрып заңдар жиынтығы саналатын «Жеті жарғыны» Әз-Тәуке билік құрған 1680-1716 жылдары билер кеңесі қабылдаған. Ол XVII-XVIII ғасырлардағы қазақ қоғамының сұранысын тиісті деңгейде қанағаттандыруға бағытталды.

Қазақ әдет-ғұрыптары мен шарифат заңдарының үйлесімі жайлы салмақты зерттеулер жасап жүрген құқықшы әрі дінтанушы М. Исахан «Жеті жарғыдағыдағы» екеуінің арасындағы көптеген ортақ тұстарды көрсете білген. Солардың бірнешеуіне ғана тоқтала кетсек.

Мәселен, «Жеті жарғыда» белгіленген құн төлеу мөлшерлері шарифатта басқаша қаралғанымен, жалпы келтірілген зиянның орнын мүліктік композициямен өтеу шарифатқа қайшы емес. Шарифатта құн төлеуді дийат деп атайды. Алайда, құн мен дийат мазмұндық тұрғыдан бір ұғымды білдіргенімен, «Жеті жарғыда» көшпелі қазақ қоғамының тұрмыс-тіршілігіне сай құн мөлшері белгіленген еді. Өз-өзіне қол салған адамдардың мұсылманша жаназасы шығарылмайтын. Ондай адамдар мұсылман қорымынан бөлек жерленетін. Құдайға тіл тигізген адамға тасборан жазасының берілуі, шарифаттағы «қысасқа қысас» принципі әдет-ғұрып заңында «қанға қан, жанға жан» жазасымен көрініс тапты.

Көтеріліс жасап, бүлік шығарған, жараулы атты ұрлаған бәуекеспе ұрыға өлім жазасының кесілуі, диқаншылардың өнім табысының оннан бірі көлемінде алынатын «қалан» салығының, шарифаттағы «ұшыр» салығымен бірдей болуы т.б.

М. Исаханның «Қазақ билерінің үкім айту кезінде қолданған сот прецеденті

⁷⁰ Исахан М. «Есім ханның ескі жолы» заңы қандай заң еді?». //e-islam.kz

әдіснамасы негізі ислам шариғатының жалпы пәлсапасынан келіп туындаған ханафи мәзһабындағы хила-шарғиямен сабақтасып жатыр»⁷¹ деуі де өте орынды тұжырым. Сондықтан да дала заңдары өзінің локальды ерекшелігін сақтап, сырт көзге шариғат заңдарынан өзгеше секілді көрінгенімен, көбіне исламның негізгі рухына сай келген-ді

Философ-ғалым Д.Кенжетай өз зерттеулерінде: «Исламдағы сайру-сулук ілімі қазақ халқына сал-серілік дәстүр ретінде трансформацияланды» деген тұжырым айтады. Исламдағы сайру-сулук ілімінде кемелдікке құштар адам Хаққа рухани сапар шегеді. Хақиқатты толық танып білгеннен кейін халыққа сол хақиқатты таныту үшін қайтып оралады. Бұл жолы кемелділік иесі бар ынты-шынтымен халыққа қызмет етіп, хақиқатты паш етеді. Осы тұрғыдан алғанда исламдағы сайру-сулук иелері мен Асан қайғы, Қазтуған, Шалкиіз, Бұқар, Дулат, Махамбет, Абай, Шәкәрім және т.б. қазақ ақын-жырауларының ұстанымынан ортақ үндестікті көре аламыз.

Жалпы әдет-ғұрыптың нормативтік жағынан гөрі рухани жағы халыққа жақын болды. Ол көбіне жеке адамдар арасында туындаған дау-жанжалдарды шешуге бағытталған-ды. Орталық мемлекеттік билік орнықпаған жерлерде көбіне құқықтың қайнар көзі әдет-ғұрып еді. Ресми құқықтан гөрі әдет-ғұрып бойынша шешу халықтың рухына жақын еді. Олар құқықтың бейресми формасы ретінде халықтың тұрмысына, қажеттілігін өтеуге мейлінше жақын келді⁷².

Неке және отбасына қатысты құқықтар да исламға сай шешілген. Мәселен балиғат жасы, есі дұрыс емес жандармен некеге тұруға рұқсат етілмеуі, белсіз болған жағдайда әйеліне, бедеу болған жағдайда ерлерге басқа әйелге үйленуге рұқсат етілетін⁷³.

Көшпелілер құқықтанымында азаттық, еркіндік, бостандық, әділдік және теңдік жетекші орын алып, басты құндылықтар ретінде бағаланды. Өз кезегінде бұлар да ислам шариғатының негізгі мақсаттарының арасында болғандықтан түркілер үшін ислам дінінің ұстанымдары жандарына жақын келіп, жатсынбай қабылдауына жол ашқан. Жоғарыда атап өткендей ислам шариғатында әдет-ғұрыпты құқықтық норма ретінде белгілеуге жол ашуы араб емес өзге ұлттардың ислам дінін қабылдауында үлкен рөл ойнаған.

Қазақ халқының дәстүрлері мен ислам дінінің талаптары ықпалы заманнан бері біте қайнасып, өріле өмір сүріп келеді. Әрбір дәстүріміздің негізін ислам дініндегі талаптардан таба аламыз. Біздің қоғамда адам дүниеге келіп, құлағына азан айтылған сәттен бастап, жаназа намаз оқылып, қабірге қойылған сәтке дейінгі өмірінің әр кезеңі ислами талаптарға сай дәстүрлер аясында өтеді. Ислам діні шариғатқа қарсы келмейтін дәстүрлерге тыйым салған емес. Исламмен үндескен дәстүрлер киім үлгісінен де, халық тұрмысының өзге салаларынан да көрініс

⁷¹ Исахан М. «Қазақ билерінің үкім кесуде қолданған әдіснамалары (айла-шарғы) шариғатға сай ма?»// e-islam.kz

⁷² Кенжалиев З. Көшпелі қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқықтық мәдениет/теориялық мәселелері, тарихи тағылымы, 119-б.

⁷³ Арғынбаев Х.А. Қазақ халқындағы семья мен неке. –Алматы, 1973. – 145-б.

табады. Ортағасырлық ойшылдар сол кезеңде ислам әлемінде қалыптасқан дәстүрден алшақ кетпей, әр шығармасының басын Алла атымен бастап, желісін Құран мен хадис мәтіндерін түсіндіруге, насихаттауға, халыққа жеткізуге арнаған. Ал бертін келе, қазақ зиялылары ислам дінін, ислами дәстүрлерді жүйелі, әдеби еңбек ретінде халыққа таныстыруға тырысқан. Бұған мысал ретінде Ыбырай Алтынсариннің «Мұсылмандық тұтқасы», Абайдың «Қара сөздер», Шәкәрімнің «Мұсылмандық шарты» секілді еңбектерін тізе беруге болады. Мұндай ұлы тұлғалар бейнесі жалпы ұлт бейнесінің, танымының аясында көрініс береді. Олар да діни ұстанымдарға негізделген ұлттық санасы бар қазақтың бір бөлшегі. Біздің ата-бабамыз діни ұстанымдар мен ұлттық ұстанымдарды бір-бірінен бөле-жара қараған емес. Сондықтан қазақ пен мұсылман ұғымдарын бір-бірінен бөле-жаруға келмейтін тұтас ұғымдарға айналып кеткен.

II. ИСЛАММЕН ҮНДЕСКЕН ДӘСТҮРЛЕР МЕН ӘДЕТ- ҒҰРЫПТАР

2.1. Дүние есігін ашқаннан ақтық сапарға дейін

Азан шақырып ат қою

Қазақ – ырымшыл халық әрі ол ырым-жоралғылардың негізгі дені асыл дініміздің пайым-түсінігімен бірге сіңіп, әдет-ғұрыпқа айналған. Дүние-ақырет істерін тең ұстап, кәміл мұсылмандықты мұрат тұтқан ата-бабамыз шарифат өлшемдеріне берік болғандығы соншалық, әрбір амал-әрекетінің астарына ерекше мән беріп, сауабынан үміт етіп, күнделікті тыныс-тіршілігінде көркем дағдыға айналдыра білген. Әлі күнге дейін өміршең сондай сүйкімді салт-жоралғымыздың бірі – бұл, бала дүние есігін ашқаннан кейін басын құбыла тұсқа беріп, оң құлағына – азан, сол құлағына – қамат сөздерін дауыстап айту үрдісі. Осы үрдістен «азан шақырып қойған аты» деген тіркес те тілімізде қалыптасқаны белгілі.

Жаңа туған нәрестенің құлағына азан шақыру ардақты пайғамбарымыз (с.а.с.) құп көрген сүннеттерінің бірінен. Кей жерлерде үкімі мұстахап деп те келеді. Имам Әбу Дәуіт пен имам Тирмизи келтірген хадисте: *«Пайғамбарымыз (с.а.с.) қызы Фатима Әлиұлы Хасанды босанған кезде оның құлағына намазға азан айтқандай азан айтқан»*⁷⁴ десе, тағы бір хадисте: *«Кімнің баласы туылғанда оның оң құлағына азан айтып, сол құлағына қамат айтса, ол нәрестеге «умму sibян» (сәбиді ауру ететін жел немесе жынның кесірі) әсер етпейтін болады»*⁷⁵ – деген.

Жалпы, азан сөзі араб тілінен шыққан, аударғанда «хабар беру», «білдіру» деген мағыналарды береді.

Асыл дініміз – ислам өмірімізді тұтас, яғни бастан-аяқ мағыналы өткізуге, құлшылыққалайық, серігі жоқ жалғыз Аллаға ғана мойынұсынып, әрі Оның ардақты да соңғы елшісі пайғамбарымыз Мұхаммедке (с.а.с) еруді, жалпы шарифат заңдылықтарын қатаң басшылыққа алуды бұйырады.

Соған сәйкес, тал бесіктен жер бесікке дейін бүкіл қарекетіне зор жауапкершілікпен қарайтын исі мұсылман қазақ халқы да сәбидің дүние есігін шыр етіп ашқан сәтінен оған осы негізгі мұратты ескертуден, яғни, құлағына азан айту арқылы адамның дүниеге келудегі басты мақсаты – Ұлы Раббысын тану және оған құлшылық жасау екендігін есіне салатын нышанмен бастайды әрі оның ұл немесе қыз бала деп бөліп-жармастан бәріне бірдей жасалуы да – салтымыздың салмақтылығын көрсетеді.

⁷⁴ Әбу Дәуіт Сүлейман ибн әл-Ашғас әс-Сижистани. Сүнән. – Бейрут: Дәр әл-китаб әл-арабия, 4-том. – 488-бет.

⁷⁵ Ахмад ибн Али ибн әл-Муснад Әбу Яғла әл-Мусили әт-Тәмими. Мүснәд Әби Яғла. Баспаға әзірлеген Хусейн Сәлим Әсәд. – Дамаск, 1984. 12-том, 150-б.

Бесік – ұлттың ұясы

Қасиетті Құран Кәрімде сәби дүниеге шыр етіп келгеннен бастап, дүниеден зыр етіп өткенге дейінгі аралықта нелер жасалуы керек екендігіне байланысты тақырыптар қозғалады. Соның бірі һәм бірегейі нәресте дүниеге келген сәтте нендей шаралар жасау керектігі де баяндалған. Сәби дүние есігін ашқан кезде алыс-жақынға ат шаптырып сүйінші сұрау дәстүрі қалыптасқан. Бұл Құрандағы мына аяттан алынған салт секілді. **«Содан бір күні Зәкәрия михрабта намаз оқып тұрғанда, періштелер оған былай деп үн қатты: «Алла сені Яхямен сүйіншілеуде, ол Алладан келетін бір Сөзді (яғни Исаны) растайды һәм ізгі жандардың мырзасы, (нәпсіге әсте бой алдырмайтын) асқан тақуа әрі пайғамбар болады»⁷⁶. Осыдан соң Зәкәрия пайғамбарға Раббымыз: «Уа, Зәкәрия! Сені есімі Яхия болатын ұлмен сүйіншілейміз. Біз бұған дейін ешкімді оған аттас қылған емеспіз (яғни, оның атын ешкімге қойған емеспіз)», деп уахи етті»⁷⁷. Міне, осылайша дүниеге сәби келгеннен бастап ат қою, бесікке салу, шілдеhana өткізу, қырқынан шығару, тұсауын кесіп, тілашар жасау сынды көптеген ұлан-асыр той жасалады. Солардың ішіндегі елеулісі – сәбиді бесікке салу.**

Бесік – дүние есігін жаңа ғана ашқан жас нәрестенің ең алғашқы ұясы, жып-жылы төсегі, мамық отауы. Бесік – қаншама ғасырлар бойы ұлттық тәлім-тәрбиенің қайнар көзі. Бесік – қасиетті құранда аты аталған бұйым. Алла Тағала Иса пайғамбар туралы мынадай аят түсірген: **«Сондай-ақ, ол бесікте де, ересек-егде шағында да адамдармен тілдеседі әрі ізгі жандардың бірі болады»⁷⁸. Осы аяттағы «мәһд» деген сөзді көп тәпсіршілер «бесік» деп түсіндірген. Араб тілінен аударғанда, бұл сөздің түбірі «төсеу», «түзету» деген мағыналарды білдіреді. Түсіндірмелі сөздіктерде бұл сөз «баланың тыныш ұйықтауы үшін әзірленетін арнайы орын» деп түсіндірілген. Ибн Ашур деген ғалым өз тәпсірінде аталмыш аятты түсіндіру барысында «мәһд» сөзіне мынадай анықтама береді: «Сандыққа ұқсайтын ағаштан жасалған, қақпағы жоқ бұйым. Ол – сәбидің сүт еметін шағында жататын орны. Құлап қалмауы үшін бала соған салынып қойылады», дейді. Міне, бұл анықтама қазақтың мыңдаған жылдардан бері қолданып келе жатқан бесігіне өте ұқсас.**

Сондықтан кезінде Мәриям анамыз Иса Пайғамбарды босанғанда, көп кешіктірмей оны бесікке бөлеген деген ойдамыз. Өйткені елі оны күнәлі, азғын іс жасадың деп айыптап жатқанда, ол бір ауыз тіл қатпай, бесіктегі баланы нұсқады деген мағынадағы аятты Құраннан кездестіруге болады. Қашаған ақынның **«Пайғамбарлар туғанда, Бесік болған бұл ағаш»⁷⁹ деп жырлауы да тегін болмаса керек⁸⁰.**

Осының бәрін жақсы білген, дұрыс зерделеген ата-бабаларымыз сәбиді

⁷⁶ «Әли Имран» сүресі, 39-аят

⁷⁷ «Мәриям» сүресі, 7-аят

⁷⁸ «Әли Имран» сүресі, 46-аят

⁷⁹ «Бес ғасыр жырлайды» 2- том. – Алматы: Жалын, 1989 жыл. – 573-бет.

⁸⁰ «Батырлар жыры» 1-том. – Алматы: Жазушы, 2007-жыл. – 256 бет

бесікке салуды ерекше дәстүрімізге айналдырған. Сонау ерте замандардан бері ауыздан ауызға тарап келе жатқан «Қобыланды батыр» жырында: «Алтыннан бесік ойдырып, Ақ торғынға бөлеген»⁸¹ деген тармақтар бар. Бұл сөздер біздің жұрттың сол кездегі биік эстетикалық талғамынан хабар берсе керек.

Бесіктің қадірін жете түсініп, жақсы ұғынған халқымыз, атасы жатқан бесікке немере, шөберелеріне дейін жатқызуға тырысқан. Мұндағы мақсат – бабасындай текті болсын, аталарының жолын жалғайтын үбірлі-шүбірлі болсын деген ізгі ниет. Бесік көшпелі өмір кешкен қазақ халқының өмірінен ерте кезде орын алған. Қазақ бесікті қарағай, қайыңнан, көбіне талдан иіп жасайды. Мұндай бесік жеңіл, ықшам әрі берік, көшіп-қонуға ыңғайлы болады. Бесік баланың тазалығына өте қолайлы, өйткені арнайы орнатылатын түбек пен шүмек бала дәретін жайылдырмайды. Түбектің түбіне күл салып, жиі-жиі ауыстырып отырады. Шүмекті қойдың асықты жілігінен жасайды, кейде айрықша аппақ болуы үшін сүтке қайнатып алады. Бесіктегі баланың аяғы, кеудесі қатты байланатындықтан, оның қан айналу жүйесіне керісінше әсер етеді. Сондықтан баланы бесіктен жиі босатып, қол-аяғын қозғап, арнайы жаттығулар жасайды. Бесікпен қоса құс төсек, жастық, жөргек, қолбау, тізебау, тізе жастық, бесік көрпе даярланады. Бесіктің жер бесік, аспалы бесік (әлпеншек) деген екі түрі кездеседі.

Қазақта бесік қасиетті, киелі құтты мүлік, сәбидің алтын ұясы болып есептеледі. «Ел іші – алтын бесік»⁸² деген сөз оның құдіретін көрсетеді. Сол себепті жаңа туған баланы бесікке салу – халқымыз үшін елеулі дәстүрдің бірі. Бесікке қатысты қазақ халқының өзіне тән ырымы, салт-дәстүрі болған.

Қазақтың бесікке салу ырымы әлі күнге жалғасып келеді. Әр өңірде өзіне тән өзгерістері бар. Бесікке салу рәсіміне ауыл-үйдің әйелдері шақырылады, олар өздерінің шашуға арналған кәделерін ала келеді. Ал бесікке салу жолы ауылдағы ұлын ұяға, қызын қияға қондырған өнегелі әжелерге, үлкен әйелдерге тапсырылады. Бесікті түбек, шүмек, құс төсек, жастық, жөргек, қолбау, тізе бау, тізе жастық, екі тартпасы сияқты бесікке тән жабдықтармен жақсылап әзірлейді. Түбектің түбіне күл салып қоятын, оның бір себебі бесікті тербеткенде нәрестенің зәрі шайқатылмау үшін, ал екіншісі оның күлге төгіліп, жылы бу шығарып тұру үшін.

Алдымен бесікті отпен аластап алады (бұл аластау ауадағы жағымсыз микробтарды өлтіру үшін қолданылған). Содан соң «тыштырма» жасайды (бесіктің түбек салынатын тесігінен балаларға тәтті үлестіріп беру осылай аталады). Бұдан соң нәрестені айналып-үйіріліп отырып бесікке бөлеп, оның үстіне ата-бабадан қалған сырт киім, ел тізгінін ұстар азамат болсын деп аттың тізгінін, ел арасында айбынды болсын деп, қамшы қояды. Қайсыбір жерлерде бесіктің үстіне жеті түрлі қадірлі, таза заттар жабады. Сонан соң бесікке салған әже оның үстіне жүрелеп тұрып, қолына қамшы ұстап, атпен шапқандай болады. Отырғандар: «Әже, қайда барасыз?» деп сұрайды да, әже оларға: «Меккеге барамыз», «Байдың аулына барамыз», «Жеті қат аспанға, Күн астындағы Күнікей қыздың аулына қыз айттырып барамыз!» тағы сол сияқты қызықты жауаптар қайтарады. Осылайша бесікке салу

⁸¹ Әуезханұлы А., Ізгілік қалсын әр ізде, – Алматы: «Көкжиек» баспасы, 2015.– 80-81-б.,

⁸² Кейкін Ж., Қазақ мақал-мәтелдерінің Алтын кітабы – Алматы: Аруна, 2014. – 632 бет

рәсімі ойын-күлкі, тамашамен аяқталады. Бесікке жабылған таза маталарды үй иесі отырғандарға, өздерінің орнына қарай үлестіріп, сыйға тартады. Осындай қуаныш үстінде «Бесік жыры» айтылады.

Қазақ шаңырағында жас сәби бесікке негізінен омыраудан шыққанша жатады. Иткөйлегі тозып, қарын шашы алынған баланың талпынып, артынан бақа тірсегі бір бүктеліп, бір созылып, оның еңбектей бастайтынын бәріміз білеміз. Міне, дәл осы кезде бала дөңбекшіп, бесікке жатқысы келмей, қарсылық көрсете бастайды. Баланың қарсылығын көрген ата-анасы, әжелері сәбиді бесіктен шешіп алып, бесікті әдемілеп тұрып тазалайды. Сосын келесі ұрпақ дүниеге тезірек келсін, сол жатсын деп, оның үйдің құлап-сынып қалмайтындай сенімді бір жеріне апарып сақтап қояды.

Көнекөз қариялардың айтуынша, бесіктің биіктеу болғаны жақсы. Себебі, аласа бесікке қарағанда мұндай бесікке ауа жақсы барып, сәби кең тыныстайды.

Сондай-ақ, бесіктің сәби денсаулығына, тазалығына пайдасы өте зор. Бесіктегі сәбидің бойы, қол аяғы түзу, ширақ болады. Сондай-ақ, бесік баланы кездейсоқ құлаған заттан, суық пен ыстықтан да қорғайды.

Бесіктің тағы бір ерекшелігі – оның көшіп-қонуға ыңғайлылығы, алып жүруге жеңілдігі. Бөленген баланы алыс-алыс жерлерге шеру тартқанда ат үстіндегі кез-келген адам алдына өңгеріп алып, емін-еркін жүретін болған. Жаугершілік заманда тұтқиылдан шабуыл жасалғанда бесіктегі сәбиді әке-шешесі ат үстінен оңай іліп алып, дұшпанның тырнағынан тез сытылып кетіп отырған⁸³.

Қасиетті Құранның «**Өздерінді өздерің қауіп-қатерге итермелемеңдер!**», «**Алла Тағала тазаланғандар мен тәубе еткендерді жақсы көреді**» деген аяттары мен «*Тазалық – иманнан*»⁸⁴ деген хадис тұрғысынан келгенде, бесіктің сәби денсаулығына да, рухани жетілуіне де тигізер пайдасы мол. Бесіктің бала денсаулығы мен жақсы дамуына тигізер пайдасы ұшан-теңіз екенін ғылыми зерттеулер анықтады. Бесік баланы тазалыққа баулиды һәм денесі түзу, аяқ-қолдары мығым болып өседі. Оған қоса, қолы бос жатқан баланның ұйқысы құс ұйқы болып келетіндіктен, қайта-қайта оянып ұйқысы қанбайды. Ал бесікте аяқ-қолы таңулы болғандықтан көп оянбайды әрі ұйқысы қанып, зердесі жақсы дамиды. Бір қалыпты тербелген бесіктегі баланың жүйке-жүйесі де тыныш болады. Оның үстіне әжесінің яки анасының әсем үнімен айтылған бесік жыры баланың рухына ұлттың үнін құйып отырады. Алаштың аңтаңгер ақыны Сұлтанмахмұт Торайғыров: «Бесігімде жатқанда-ақ берген білім»⁸⁵ дегенде бесік жырымен құлағына құйылған ана тілі мен ұлттық рухты меңзеген. Бесік жырында айтылатын сөздердің бәрі тұнып тұрған дұға тілек. Ешбір бесік жырында ұры бол, залым бол, жаман бол деген сөз кездеспейді. Керісінше, адам бол, жақсы бол, денің сау болсын деген сөздер айтылады. Мысалы, мына бір үзіндіні қарап көрейік:

«...Қолымыздан іс алып,

⁸³ Аманова Ғ., Халықтың педагогика даналық мектебі.– Алматы: «Сарыжайлау» қоғамдық қоры, 2012. – 264-б.

⁸⁴ Имам Бұхари, Мухтасар Сахихул-Бухари. – Димашк: «Дәрул-Мустафа» баспасы, 2011. – 735-б.

⁸⁵ Торайғыров С., Өлеңдер, поэмалар, роман. – Алматы: «Ан Арыс» баспасы, 2009. – 312 б.

Мойынына күш алып,
Бізді бағар ма екенсің?
Құрығыңды майырып,
Түнде жылқы қайырып,
Жаудан жылқы айырып,
Жігіт болар ма екенсің?
Айыр қалпақ киісіп,
Ақырып жауға тиісіп,
Батыр болар ма екенсің?
Бармақтарың майысып,
Түрлі ою ойысып,
Ұста болар ма екенсің?
Таңдайларың тақылдап,
Сөйлегенде сөз бермей,
Шешен болар ма екенсің?..»

Діни аңыздарда бесік жырын ең алғаш орындаған Хауа ана деп айтылады. Бірде ол егіз ұлын жұбата алмай, қиналып отырады. Сол кезде көктен жеті періште түсіп: «Алла, Алла, Алла», – деп, Алланың атын әдемі әуезге салып әндетеді. Әдемі әуенге елтіген Хауаның бөбектері жұбанып, тәтті ұйқыға кетеді. Өн анасына да ұнап қалады. Ол періштелерге: Маған да үйретіңдер, – деп өтінеді. Періштелер Хауаға жеті күн бойы әлди әуендерін үйретіпті.

Кейін Хауа ана өзінің барлық балаларын сол әнмен тербетуді әдетке айналдырады. Бұл әуез дами келе бесік жырына айналған екен. Қазақтағы «Әлди, әлди, әлди-ай» деп басталатын бесік жырының төркіні Хауа ананың «Алла, Алла, Алла-ай» деген әуеннен шыққан деседі.

Ертеде бесік жырын үйретудің арнайы мектебі болыпты. Бесік жырының мазмұнына, әуезіне қатты мән берілген. Тәжірибелі аналар оның иләһи мазмұндарын таза сақтап, келіндеріне үйретіпті. Бесік жыры жайлы «Алла-наме», «Әлдинаме» деген ескіше жазылған кітаптардың да болғанын айтады. «Аналар әлдисіз жасай алмас» деген нақыл сөз содан қалған дейді.

Осыған орай, біз ғасырлар сүзгісінен өткен, иләһи мазмұндағы, мағынасы терең, мәні жағынан әлемдік классикалық бесік жырларымен теңесе алатын бесік жырларын ұсынамыз.

«Менің балам осы ма?
Басында бақыт құсы ма?
Ғайып ерен қырық шілтен
Бөбегімнің досы ма?
Әлди, әлди, әлди-ай.

Лә иләһә иллалла,
Иллаллада пайда бар.
Мұхамбеттің үмбеті
Осындай бала қайда бар?

Әлди, әлди, әлди-ай.
Балам менің Жүсіптей
Болар ма екен келбетті?
Ажарың айдай толсын деп,
Иллалалап тербеттім.
Әлди, әлди, әлди-ай.

Ер Дәуіттей қайратты
Ұста болар ма екенсің?
Дос-жаранға айбатты
Нұсқа болар ма екенсің?
Әлди, әлди, әлди-ай.

Тақ Сүлеймен нәбидей,
Патша болар ма екенсің?
Халқың үшін қамданып,
Атқа қонар ма екенсің?
Әлди, әлди, әлди-ай.

Қазығұртқа кеп тоқтаған
Нұхтай болар ма екенсің?
Отбасыма орнаған
Құттай болар ма екенсің?
Әлди, әлди, әлди-ай.

Ымыранның ұлы Мұсадай
Досы болғын Құдайдың.
Қызыр ерсін қасыңа,
Тәңірден соны сұраймын.
Әлди, әлди, әлди-ай.

Ғайсадай нұр бітімің
Салих болар ма екенсің?
Хақтың жолын таныған
Ариф болар ма екенсің?
Әлди, әлди, әлди-ай.

Әзіреті Мұхаммед
Сәруары болған ғаламның.
Рахматының тамшысы
Нұрынан сен жаралдың.
Әлди, әлди, әлди-ай.

Төрт шадияр – достарың,
Жадыңа тоқы, құлыным.
Нұрланып иман – бостаның.
Жүзіңнен тамсын шырының.
Әлди, әлди, әлди-ай.

Гайып ерен қырық шілтен,
Тоқсан тоғыз мың машайық.
Сексен сегіз серулер,
Әлдилетіп қосайық.
Әлди, әлди, әлди-ай.

Әлди, бөпем, құт бөпем,
Бұл сөзімді ұқ, бөпем.
Лә иләһә иллала
Көкейіңе тұт, бөпем.
Әлди, әлди, әлди-ай»⁸⁶.

Бесік жырын айту дәстүрі қазір көмескі тартқан. Бұл туралы Бауыржан Момышұлы «Ұшқан ұя» кітабында: «... Ертексіз өскен бала – рухани мүгедек адам. Біздің қазіргі балаларымызға әжелері, не шешелері ертеке айта бермейді. Содан қорқам. Менің қазіргі келіндерім немерелеріме бесік жырын айта білмейді. Бесікте жатқанда құлағына анасының әлди әні сіңбеген баланың көкірегі кейін керең болып қалмаса деп қорқамын. Ал менің кәрі апам Қызтумас маған ертекті көп айтатын, әлди әнді көп айтатын. Арада неше заман өтті! Қызтумас апамның сүйегі әлдеқашан қурап кетті, ал әлди ән айтқан үні әлі тұр құлағымда... »⁸⁷, деп жазады.

Әлди әуенімен тербету – қазақта ғана емес, өркениетті елдердің бәрінде кең тараған үрдіс. Тіпті оның маңыздылығын байқаған ғалымдар ұзақ жылдарға созылған зерттеулер жасап жатыр.

Бесік жырының мазмұнында әр халықтың өз менталитеті, әлемнің жаралуы, пайғамбарлар мен әулие-әнбиелер туралы түсінік пен ізгі қасиеттері туралы сакральды ақпараттар сақталған. Бесік жыры бөбектің құлағына сіңген сайын оның бойындағы ата-бабасының генетикалық жадысы қайта жаңғырады.

Ел аузында бесік пен бесік жырына байланысты көптеген аңыз-әңгімелер мен жыр-дастандар кездеседі. Соның бірінде былай делінеді: Жоңғарлар шапқыншылығы өткеннен кейін тоз-тоз болған ел тау жаққа қарай босып, үдере көшкенде жүкті жас келіншек бос бесікті арқалап бара жатқан көрінеді. Сонда Төле бимен қатар келе жатқан кісі: «Мына бейшараның көрпе-жастығын тастап, бос бесікті арақалап келе жатқаны-ай!» – дегенде Төле би: «Баланың бесігі – кең дүниенің есігі ғой»⁸⁸, – деген екен.

Ардақты пайғамбарлардан бастап ұлтымыздың небір ұлылары жатқан киелі

⁸⁶ Әлдиден эпосқа дейін. – Алматы: «Орхон» баспа үйі, 2015. – 392 б.

⁸⁷ Момышұлы Б., Ұшқан ұя.– Алматы: «Жалын» баспасы, 1975. – 175- б.

⁸⁸ Адамбаев Б., Тозған қазды топтанған қарға жейді. – Алматы: «Рауан» баспасы, 1991. – 187 б.

бесігіміз тән мен жанның жақсы жетілуіне ыңғайлы етілген қасиетті бұйым. Мұның қадірін біліп, бесікке салу дәстүрлері мен бесік жыры секілді салт-жырларымызды орнымен атқарғанда елдігіміздің ертеңі жарқын болары хақ. «Ел болам десең, бесігіңді түзе»⁸⁹ деген дана сөз тегін айтылмаса керек.

Қырқынан шығару

Халқымызда балаға, оның ішінде жаңа туған нәрестеге қатысты салт-дәстүрлер мен жөн-жоралғылар жетерлік. Және олардың әрқайсысының бала өмірінде алар орны ерекше. Себебі сал-дәстүрлердің әрбірін халқымыз өз ойынан, жайдан жай емес, оны асыл дініміз – исламға негіздей отырып, ықылым заманнан орындап келеді. Жаңа туған нәрестеге байланысты азан шақырып, ат қоюдан бастап, ақиқа құрбанын шалу, тахник, шашын алу, шілдехана, тұсаукесер, ашамайға мінгізу – бәрі-бәрі де мұсылмандықтан бастау алады. Енді аталған осы керемет дәстүрлеріміздің ішінде «баланы қырқынан шығару» дәстүріне тоқталсақ.

Сәби өмірге келгеніне 40 күн толғанда «қырқынан шығару» рәсімі орындалады. Бұл күні сәбидің ата-әжесі, ата-анасы, жақындары жиылып, әйелдер қауымы баланың алғашқы шашын, тырнағын алып, жақсылап шомылдырады. Баланы шомылдыратын су тап-таза, тұнық болуы тиіс. Және оны өлшеп, ырыздығы мол болсын деп, қырық қасық құяды. Әр қасықты құйған сайын жиылғандардың әрқайсысы ақ тілектерін айтып отырған. Суға тек таза күміс бұйымдарды, әшекейлерді салады. Себебі халқымыз күмістің емдік қасиетін бағалап: «Алтын – сәндікке, күміс – емдікке», деген және күмісті бала адал, ақ, пәк болсын деген ниетпен салатын болған. Осылайша тазартылып құйылған суға жын-шайтандар жоламайды деп есептеген. Ал енді жай емес, тұп-тұнық су құйып, оған емдік қасиеті мол күміс салып, жақсы тілектерін айтып, жақсы ниетпен, ақ бата беріп шомылдырған баланың денсаулығының да жақсы, өсіп-жетілуінің да жақсы болуын үміт ету ізгі ниеттің белгісі.

Бала туылғаннан кейінгі 40 күн – ана үшін де, бала үшін де «қауіпті, өтпелі кезең» саналады. Қырық күнге дейін босанған әйел де, сәби де ерекше күтімді қажет етеді. Мұны білетін жақындары ана мен баланың бар жағдайын жасап, денсаулықтарына аса мән берген. Осы қырық күн медицинада да «қауіпті кезең» немесе «қалпына келу» кезеңі болып саналады. Себебі жатырдан шыққан бала жаңа ортаға бірден бейімделе алмайды, вирусарды, жұқпалы ауруларды, адамдардың теріс энергиясын да тез қабылдайды. Сол үшін де ата-әжелеріміз қырық күнге дейін сәбиді ешкімге көрсетпеуге тырысқан. Және сәбидің асқорыту жүйесі, ауруларға қарсы тұру иммунитеті, жүйке жүйесінің ортаға бейімделуіне де 5-6 апта уақыт керектігі де айтылады. Жаңа босанған әйелдің де гормоналды фоны, репродуктивті жүйесі, жалпы жай-күйінің жақсарып, қайта қалпына келуіне де қырық күн уақыт қажет. Сондықтан да әжелеріміз қырық күн бойы босанған әйелге ерекше күтім

⁸⁹ Кейкін Ж. Қазақ мақал-мәтелдерінің Алтын кітабы. – Алматы: Аруна, 2014. – 632-б.

жасап, қалжа жегізіп, жылы, таза ұстаған⁹⁰.

Осы қырық күннен аман өткен нәрсетені «адам қатарына қосылды» деп, шашын алып, шомылдырып, «қырқынан шығару» тойын жасайды. Шашын алған соң сол шаштың салмағындай садақа беріледі. Шаш алудың бала денсаулығына пайдалы екендігі айтпаса да белгілі. Ал оны алып, садақа берудің де аса үлкен пайдасы мен мәні бар. Садақа беру – мұсылманның парызы болып саналады. Нәрестенің шашын алуға қатысты мына бір хадисті айта кетсек: Жағфар ибн Мұхаммедтің риуаятында Пайғамбарымыз (с.а.с) қызы Фатима анамыздың (р.а) ұлдары Хасан мен Хусейн, қыздары Зейнеп (р.а) пен Үмму Күлсім (р.а) туылғанда олардың шашын алып, сол шаштың салмағындай садақа берген⁹¹.

Осы 40 күндік мерзім тек қазақ халқында ғана емес өзге де әлем халықтарының тұрмыс салтында өзге діндерде да көнеден бері көрініс тапқан. Ендігі кезекте мұсылмандық дәстүр негізінде 40 күн, яки жыл мерзімдері жайлы деректерде не жазылғанына қысқаша үніліп көрсек.

Қасиетті Құранда 40 саны 3 рет айтылады: Мұса (а.с) пайғамбардың Тур тауында өткен 40 күні туралы: **«(Тәуратты алуға дайындық жасап, құлшылық етуі үшін) Мұсамен отыз түндік мерзімге келісіп, кейін оған тағы да он түн қосқан едік. Осылайша Раббысының ол үшін тағайындаған мерзімі қырық түнді құраған еді»**⁹², иудейлердің 40 күн азап кешулері туралы: «Алла: «Ендеше, сол қасиетті өлке бұдан былай оларға қырық жыл бойы харам болады. Өздеріне жақсы болса, мына иен далада қайда барарларын білмей қаңғырып жүрсін. Сен ендігі жерде жүгенсіз кеткен асы қауым үшін қам жемей-ақ қой», – деп кесімді үкімін айтты» деп баяндалса⁹³, келесі аятта 40 жас жайлы: «Сөйтіп, адам баласы есейіп, (тәндік һәм рухани жағынан) кемеліне келіп, қырықтың қырқасына шыққанда: **«Уа, Раббым! Маған һәм ата-анама нәсіп еткен қисапсыз нығметтеріңе лайықты түрде шүкіршілік етуді және үнемі Өзіңді разы ететін игілікті істер істеуді көңіліме ұялатқайсың!»**⁹⁴, – делінген.

Кейбір деректерде Жүніс пайғамбардың балықтың қарнында 40 күн жатып, тоқтаусыз Алланы зікір еткендігі, топан су кезінде Нұх пайғамбардың кемеде 40 күн жүргендігі т.б. айтылады.

Ендігі кезекте хадистердегі қырық санына қатысты кейбір мәліметтерді келтірсек: Хадисте келген риуаят бойынша Жер бетіндегі ең алғашқы адам, ең алғашқы пайғамбар Адам атаның топырағы қырық күн иленген екен⁹⁵. Абдулла ибн Масғуд (р.а.) жеткізген хадисте Пайғамбарымыз (с.а.с.) былай деді: *«Сендердің әрбіріңнің ана құрсағында жаратылуларың қырық күннен тұрады. Ұрық алдымен (қырық күнде) тамшы, (қырық күнде) ұйыған қан, сонан соң (келесі қырық күнде) кесек ет болады. Осыдан кейін ана құрсағындағы балаға періште жіберіледі де, ол*

⁹⁰ Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – Алматы: DPS, 2011.

⁹¹ Дін мен дәстүр. II кітап. – Астана, 2017. – 37-б.

⁹² «Ағраф» сүресі, 142-аят

⁹³ «Мәида» сүресі, 26-аят

⁹⁴ «Ахқаф» сүресі, 15-аят

⁹⁵ Табари, Тафсир, III, 306

балаға жан беріп, төрт нәрсені белгілейді: 1) ризығын; 2) қанша өмір сүретінін; 3) істейтін амалын; 4) бақытты не бақытсыз болатынын»⁹⁶. Алланың Елшісі (с.а.с.) өзінің асыл сөздерінің бірінде: «Кімде-кім, шарап ішіп мас болса, оның қырық күн (сабахән) намазы қабыл болмайды. Одан кейін күнәсіне тәубе етсе, Алла оның тәубесін қабыл етіп кешіреді...»⁹⁷, дейді. Тағы бір хадисінде: «...Кім мас қылатын ішімдік ішсе, қырық күн намазы кемиді...»⁹⁸ делінген.

Сондай-ақ баланың ана қарнында 40 апта болуы, босанғаннан кейін әйелдің нифас мерзімінің (жатырдан қан келуі) ең ұзақ 40 күнге созылуы, денедегі қылдарды тазалауды 40 күннен кешіктірудің ислам шарифатында ұнамсыз іс ретінде қарастырылу т.б. мәселерді де атай кетуге болады.

Ардақты Мұхаммед (с.а.с) Пайғамбарымызға Құранның алғашқы аяттары түскенде ол 40 жаста болатын. Расында, 40 жас – жүріп өткен өмір жолының тең жартысы. Жастың шақтың артта қалып, адамның кемелденіп, өзіне-өзі есеп беретін, өмір жайлы жиі ойланатын кезі. Қырық жастағы адам – «кірпіш болып қаланып», қоғамда өз орнын тапқан, материалды және рухани тұрғыда қалыптасқан, өмірлік тәжірибесі мол маңызды тұлға.

Дәл осы қырық жаста адам өткен күндеріне шүкіршілік айтып, тәубе етіп, алдағы өмірінен игіліктер мен мол жақсылықтар күтеді. Өткен күндері, айлары мен жылдары сақталған өмір сандығын ақтарып отырып, ондағы «керекті», «керексіз» дүниелерді реттестіреді. Қырықта бір апта бір күндей, бір күн бір сағаттай зулап өтеді. Енді «жас кезімде» деген сөз жиі айтылып, «ана», «әке», «бала» деген ұғымдар ерекше мәнге, өмірлік маңызы бар ұғымдарға айналады.

Сопылық ілімде де «чиләның» орны ерекше. Ол – дәруіштердің нәпсілерін тәрбиелеп, тақуалық жолында кемелдену мақсатында қырық күн бойы оңаша мекенде құлшылық, ғибадатпен шұғылдануы. Өз нәпсісін тәрбиелеу барысында оңаша қалуы. Осы орайда Н. Топбаш былай дейді: «Сопылық ілімінде қырық саны рухани кемелдік тұрғысынан маңызды саналады. Пайғамбарлар үшін Жаратқанның сөзін есту тұрғысынан қырық күн қалайша маңызды болса, әулие құлдардың жүректерінен даналық бұлағының ағуы тұрғысынан соншалықты маңызды. Хадисте «Кімде кім қырық күн таңертең шынайы ықыласпен жалбарынса, тілінен даналық бұлағы ағады»⁹⁹ делінген. Сопылықта рухани кемелдену үшін жасалатн «чила» немес «арбаин» осы хадистен және Құранда айтылғандай Мұса пайғамбардың Тур тауында 40 күн тұрақтауынан алынған. Мұса пайғамбарға арнайы рухани кемелдік үшін қырық күн бойы ораза ұстау жүктелген. Содан кейін барып ол Жаратқанмен тілдескен. Тәннің жанға кенеттелуі қалайша 40 күнге қатысты болса, одан жырақтауы да 40 күнге қатысты Алланың бекіткен заңы осындай¹⁰⁰.

Міне, көріп отырғанымыздай діни мәтіндерде 40 санының қасиеті жайлы арнайы айтылмағанымен де адамның табиғаты тұрғысынан 40 күндік мерзімнің

⁹⁶ Бұхари. Қадар, 1; Бәдул-халқ, 6.

⁹⁷ Тирмизи, «Китабуль Әшриба», №1862-хадис

⁹⁸ Әбу Дәуід, «Китабуль Әшриба», №3680-хадис

⁹⁹ Суюти. Жамиус-сағир 2-т, 137/8361

¹⁰⁰ Топбаш Н.Куран керим ышығында небилер силсилеси, altinoluk.comhttp://nebilersilsilesi2.darulerkam.altinoluk.com/

маңыздылығы атап көрсетіледі. Сонымен қатар қырқынан шығаруды халқымыз діни міндет деп емес, дәстүр ретінде орындайтындықтан оған діни тұрғыдан бидғат, яғни дінге қайшы деп баға беріп, мүлдем атқаруға болмайтын шаралардың қатарына жатқызу – дінге де, дәстүрге де қайшы.

Тырнағы мен қарын шашын алады. Бұл әдетте әйел адамдар атқаратын міндет. Кәдені көркіне мінезі сай, елге сыйлы, инабатты, көп құрсақ көтерген әйел адамға жүктеген. Сол кісінің алақаны арқылы бойындағы жақсы қасиеттер сәбиге жұғысты болсын деп ырымдаған. Мұны мұсылмандық дәстүрмен келген тәбәрік түсінігімен жасаған.

Сондай-ақ “Салт-дәстүр сөйлейді” атты отбасы хрестоматиясында қырқынан шығарған кезде тырнақ пен шаш алу рәсімін де мұсылмандық түсінікпен байланыстырып қараған. Мәселен, «Мұсылмандар Ібілістің адам тәнінде дәрет сындыратын жері – тырнақ асты деп сенеді. Адамның тырнағы алынбай, асты кірге толса, Ібіліс сондай лас жерді іздеп жүреді екен. Қазақта ұсақ-түйекті теріп, өсек-аяң жинап жүретін адамдарды “тырнақ астынан кір іздейді” деп сипаттау осыдан қалыпты. Адам өліп, мәйіті жер қойнына берілген соң, қабір азабы оның тырнағының астынан басталады. Сондықтан мұсылман жұрты тырнақты өсірмей, уақтылы алып отыруға үлкен мән берген. Тырнақты таза ұстау – имандылықтың белгісі» дейді¹⁰¹.

Тура осы сөздермен келмесе де осы мағынада айтылған бірқатар әлсіз хадистер бар. Мына бір хадисте: «Уа, Әбу Хурайра, тырнағыңды ал! Шындығында шайтан өскен тырнақта отырады» десе, келесі хадисте: «Тырнақтарыңды алыңдар. Расында шайтан ет пен тырнақтың арасында жүреді» делінген¹⁰².

Бөпенің шашын алу себебі де мұсылмандық түсінікпен байланыстырылған. Осыған орай қазақ арасында нәрестенің бірінші алынған шашын сақтап қойып, өскесін өзіне тұмар етіп тағатын ғұрып шыққан. Қазақ арасында шашты далаға бей-берекет тастамау керек деген түсінік кең тараған¹⁰³.

Тұсаукесер

Қазақ дәстүрінде тәрбиелік мәні жоғары жоралғының бірі – баланың тұсауын кесу. Бұл салт сәби қадамын нық басып, тез жүріп кетсін деген тілекпен жасалады. Х. Арғынбаевтың түсіндіруінше, «Тұсауын кесу» ырымын жасағанда, бұған көп адам шақырмай-ақ, баланың шешесі абысын-ажындармен жиналып, ауылдағы аяғы жеңіл адамға баланың тұсауын кестіріп, шашу шашып, жеңіл-желпі сый құрмет көрсетеді. Тұсау кесуге қойдың көтен ішегін не жіңішке ала жіпті пайдаланады. Тұсау кесушілер тек қана жеңіл аяқ, жүйрік адамдар болуы қажет. «Көп жерлерде бала жүруге айналғанда оны қаңлы кемпірінің бұтынан өткізетін болған. Осылай етсе, бала бақытты болып, ел басқаруда оған еш нәрсе бөгет болмайды деп ырым

¹⁰¹ Әбетова Н. 40 санының қасиеті тұралы, [HTTP://KEREK-INFO.KZ/RUHANIYAT/](http://KEREK-INFO.KZ/RUHANIYAT/)

¹⁰² Бұл хадисті Хатиб әлсіз тізбекпен жеткізген.

¹⁰³ Әбетова Н. 40 санының қасиеті тұралы

еткен» дейді академик Әлкей Марғұлан. Білікті бәйбішелердің айтуынша, тұсау жіп орнына көтен ішекті қолдану себебі, бала «малды болып, дастарханы майлы болсын» деген тілекті білдіреді... Тұсау кескен кісіге әркім өз шамасына қарай ырымын береді. Біреулерге көйлектік, енді біреулерге орамалдық қана кездеме береді. Тұсау кесуші не берсе де разы болады. Өйткені әркім бұл әдетті орындауды өзіне сеніп тапсырғанына риза болатын. Егер нәресте тез жүгіріп кетсе, тұсау кесушінің қолы жеңіл болды десетін¹⁰⁴.

Алла Тағала қасиетті Құранда:

الْمَالُ وَالْبَنُونَ زِينَةُ الْحَيَاةِ الدُّنْيَا

«Мал мен бала-шаға – дүние тіршілігінің сәні» деген. Ислам түсінігінше, дүние мен бала-шаға осы өмірдегі қызықшылықтардың қатарын құрайды. Бұл бір жағы – Жаратушы иенің асыл аманаты. Сол себепті балаға барынша жақсы қарап, оған ең жақсы тәрбие беру – ата-ананың міндеті.

Ибн Омар мына хадисті жеткізген: *«Сендердің бәрің де бақташысыңдар, бәрің де қол астыңдағыларға жауапкерсіңдер. Әмірші адамдарға бақташы, өзінің қол астындағыларға жауапкер, ер кісі өз отбасына бақташы, өзінің қол астындағыларға жауапкер, ал әйел күйеуінің үйіне және баласына бақташы әрі соларға жауапкер, кісінің құлы (қызметкері) қожайынының малына бақташы әрі соған жауапкер. Әлбетте, бәрің де бақташысыңдар әрі әрқайсысың өз қол астындағыға жауапкерсіңдер»*¹⁰⁵.

Тұсауды кесушіге келсек, тұсау кесетін кісіні баланың ата-анасы тандайды. Көп жағдайда бұған көп балалы ана лайық деп табылады. Бала өзінің тұсауын кім кессе, соған тартады деген де ел ішінде сенім бар. Тұсау кесетін кісі пышақ пен ала жіп ала келеді. Баланың тұсауы далада, кілемнің үстінде кесіледі. Баланы кілемнің үстімен алып жүреді. Осы кезде шашу шашылып, кей аймақтарда кілемге бала таңдасын деп кітап, қамшы, және т.б заттар қойылады. Кітапты таңдау ғалымдыққа, ал қамшыны таңдау батырлыққа ишара ретінде қабылданады. Кей өңірлерде балаларды жүгіртіп жарыстырып, бірінші болып озып келген бала байлаулы ұлдың жібін кеседі. Озып келген балаға кестіруден бала тез жүріп кетсін деген тілекті аңғаруға болады. Жіпті кескен баласыйлыққа ие болады. Жағдайға қарай тұсау кесерге арнап той да жасалады. Тұсау кесер жырына мына үлгіні келтіруге болады:

Қаз-қаз, балам, қаз балам,
Қадам бассаң, мәз болам.
Қаз-қаз, балам, қаз балам.
Тақымыңды жаз балам.
Күрмеуіңді шешейін,
Тұсауыңды кесейін,
Қадамыңа қарайық,
Басқаныңды санайық,
Қаз-қаз, балам, жүре ғой¹⁰⁶...

¹⁰⁴ Арғынбаев Х. Қазақтың отбасылық дәстүрлері. – Алматы: Қайнар. 2005. – 61-б.

¹⁰⁵ «Кәһф» сүресі, 46-аят

¹⁰⁶ Бұхари, Жұма, 2.

Балтырыңды түре ғой.
Тай-құлын боп шаба ғой,
Озып бәйге ала ғой.
Қаз баса ғой, қарағым,
Құтты болсын қадамың!
Өмірге аяқ баса бер,
Асулардан аса бер.
Жүгіре қойшы, құлыным,
Желбіресін тұлымың.
Елгезек бол, ерінбе,
Ілгері бас, шегінбе.

Ал, енді тұсаукесерде қолданылатын ала жіпке келсек, оның да мәні тереңде. «Ала жіпті аттамау» қазақта ешкімге қиянат жасамау, ешкімді ренжітпеу, адал жүріп тұру секілді мағыналарды білдіреді. «Бір ғана «ала жіптен аттама!» деген өсиеттің астарында қаншама ырым-тыйымдар мен салт-дәстүр, таным жатыр. Егер қазақтың «жыланнан қорыққан ала жіпті аттамас» деген мақалын сөз басында айтқанымыздай «Жаратушының қаһарынан, әміршінің бұйрығынан, халықтың қарғысынан қорыққан күнә жасамайды, қылмысқа бармайды, салт-дәстүрді бұзбайды» деген мағынада қарастырар болсақ, «ала жіпті аттама!» деген нақылдың мағынасы тіптен тереңге кетеді. Тіпті, шарифат үкімдеріне, ислам қағидаларына дейін барып тіреледі»¹⁰⁷. Шын мәнінде ислам шарифатында кісі ақысы кешірілмейтін күнәға жатады. Сондықтан діннің бұйрықтарына сауысқандай сақтықпен қараған дана халқымыз кісі ақысын жемеуге қатты мән беріп, дүниеге алғаш аяқ басқаннан соңғы деміне дейін ала жіпті аттамауды баланың құлағына сіңіріп өсірген.

Осы орайда Бұқар жырау:
Іштегі сыр Аллаға мәлім,
Сыртыңдағы қулығың
Амал емей немене¹⁰⁸.
Кісі ақысын көп жеген
Арам емей немене, – дейді.

Сондай-ақ кісі ақысын жеудің жақсылыққа апармайтынын, ақыретте ол үшін сұрақ боларын былайша айтып ескертеді:

Кісінің, менше, балам, хақын жеме,
Түбінде жарамайды жегіш немене¹⁰⁹;

... ..

Ешкімнің қақын жемендер,
Артында оның сұрақ бар¹¹⁰;

Исламда жақсылыққа ырым етуге рұқсат болғандықтан, қазақ халқының

¹⁰⁷ Құрметұлы А. Ала жіпті аттама // <https://baq.kz/kk/blog/101/blog-101-508>

¹⁰⁸ Ай, заман-ай, заман-ай. – Алматы. 1991. 1-т. – 89-б.

Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атаулардың дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия.–Алматы: ЖШС «Алем Даму Интеграция». 1-т, А-Б. – 355-б.

¹⁰⁹ Ай, заман-ай, заман-ай. – Алматы, 1991. 2-т. – 227-б.

¹¹⁰ Бабалар сөзі–даналық көзі, құр: О. Исмаилов. – Алматы, 1996. – 77-б.

баланың болашағына үлкен тілектестікпен тұсаукесер жоралғысын өткізуі ислам дінінің түпкі мақсатына толықтай сай келеді.

Ауызға түкірту

Қазақтың ауызға түкірту деген тағы бір жақсы дәстүрі бар. Ертеде елге аты әйгілі, жыршы-жырауларға, данышпан-ғұламаларға, айналасына пайдасы тиіп жүрген тұлғаларға сәбиін алып барып, аузына түкіртіп алу дәстүрі болған. Мұндағы мақсат балам сол кісідей елге сыйлы, пайдалы адам болса екен дегені. Әрине, соңғы кездері бұл дәстүр ұмыт бола бастады. Бар болғаны сөз жүзінде ғана қолданылады. «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» атты энциклопедиясында бұл дәстүрге мынадай түсінік береді: «Аузына түкірту – байырғы контагиозды магиялық жосыннан туындаған қазақы ортада таралған рәсім. Беделді тұлғалардың жақсы қасиеттері жас балаға жұғысты болсын деген ырыммен жас баланың аузына түкірту жосынын жасайды. Оның мәні – жасы үлкен, ел сыйлаған, атағы шыққан, мінезі жайсаң елге танымал, ұлылардың жақсылығы жұқсын, сол адамға ұқсап беделді, танымал болсын дегені. Баланың аузына түкірту ырымын жасаған адам баланың ата-анасына ризалық білдіріп, батасын береді. Бұл рәсімді жасауды өтініш еткен жандар әлгі адамға кәде жасайды, сый-сияпат көрсетеді. Сондай-ақ, атақты адамның қонған төсегіне нәрестені аунатып алу үрдісін аузына түкірту ғұрпының бір түрі деп айтуға болады»¹¹¹.

Қазақтың осы бір дәстүрінің түп төркінін қазбалайтын болсақ, пайғамбар тәліміндегі балаға тахник жасау сүннетіне барып тірелеміз. Бұл шара исі мұсылманның өмір салтындағы дәстүрлердің қатарынан орын алды. Мұны тахник деп атайды.

«Тахник» деп құрманы жартылай шайнап езіп, соны жаңа туған нәрестенің таңдайына жағуды айтады. Бұл – пайғамбардан қалған сүннет амал. Пайғамбарымыз бірнеше сахабаның сәбиіне тахник жасағанын біз тарихтан білеміз. Мәселен, Әбу Бәкірдің (р.а) қызы Әсмә Меккеден Мәдинаға хижрет ету барысында Мәдинадағы Құба деген жерде босанады. Сәбиді Алла елшісіне алып келеді. Расулалла нәрестені қолына алып, оның таңдайына шайнаған құрмасын жағады. Яғни, дүние есігін жаңа ғана ашқан шақалақтың бұл дүниедегі алғаш татқан асы – адамзаттың ардақтысы Мұхаммед Мұстафаның (с.а.с.) аузының сөлі араласқан құрма болды. Алла елшісі құрманы сәбидің қызыл иегіне, таңдайына жағып, оған береке тілеп дұға оқыды¹¹².

Бұхаридің хадис жинағындағы «ақиқа» бөлімінде мынадай риуаят келеді. Әбу Мұсаның (р.а.) ұлы туылғанда Алла елшісі оған Ибраһим деп ат қойып, нәрестенің таңдайына құрма езіп жаққан (тахник), сөйтіп дұға оқып бата берген. Жалпы қазіргі технология дамыған заманда бұл дәстүрдің адам денсаулығына пайдасы ұшан-теңіз екендігі анықталып отыр. Құрманың құрамындағы заттар сәбидің иммунитетінің

¹¹¹ Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атаулардың дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – Алматы: ЖШС «Алем Даму Интеграция». 1-т, А-Б. –856-б.

¹¹² Муслим, Тахарат, 101.

күшеюіне ықпал ететіні байқалған.

Бұл рәсімнің беретін әсеріне XIX ғасырдың соңғы кезеңінде ағылшын ғалымдары ғылыми зерттеу жасаған. Ол зерттеудің нәтижесі кейінірек 1995 жылы «Британдық медицина журналында» жарияланды.

Экспериментке қатысу үшін генерал Лидс (Ұлыбритания) атындағы емхананың босанғаннан кейінгі палатаның дәрігерлері өз уақытымен туылған 1-ден 6 күнге толған 60 нәрестені тандап алады. Жаңа туған сәбилерді төрт топқа бөледі (оның бірі сынақ үшін). Эксперименттің мәні мынада, сәбилерге әдеттегі қан алу процедурасының алдында ерітіндінің бірінен саусақпен алып тіліне 2 миллилитр береді. Бірінші топқа сахароза ерітіндісінің 12,5%-ін, екінші топқа 25%, үшіншіге 50%, ал сынақ үшін делінген топқа тазартылған судан 2 миллилитр береді.

Нәтижеде 25 және 50 % сахароза қабылдаған балаларда қан алғандағы ауруы айтарлықтай басылған және жылауы ұзаққа созылмаған. Бұған қосса (сынақ үшін белгіленген топпен салыстырғанда) жүрек соғысы тез қалыпқа келген.

Сахароза ерітіндісінің көп мөлшері жақсы әсер берген яғни, баланың жылауы қант мөлшерінің артуымен тыйылып отырғаны байқалған. Ғалымдардың айтуынша 12,5% сахароза ерітіндісі де айтарлықтай жақсы әсер берген, бірақ салыстырмалы түрде төмендеу.

Осы зерттеуге негізделі отырып, жаңа туған сәбидің тіліне жағылған сахароза пайдалы нәрсе деген тұжырым жасалған. Ал құрманың құрамында көп мөлшерде (70%) қант болатынын, сонымен қатар ағзаға керекті микроэлементтер, қан тоқтамауына қарсы тұратын калий болатынын білеміз¹¹³.

Мұсылман халықтарының ішінде қазақ ерекше ырымшыл халық. Кез келген нәрсені жақсылыққа ырым еткенді жақсы көреді. Пайғамбардың осы тахник сүннеті қазақ арасында кең тараған. Мәселен, Сейіт Кенжеахметұлының «Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары» атты еңбегінде белгілі ғалым Бейсенбек Кенжебаевтың аузына ақын Мағжан Жұмабаевтың түкіргені туралы дерек келеді¹¹⁴. Бейсенбек Кенжебаев ауыз әдебиеті үлгілерін жинау, жүйелеу, зерттеумен айналысқан, қазақ әдебиетінің мәселелеріне, қазақ баспасөзінің тарихына арналған іргелі еңбектер жазған үлкен ғалым. Кеңестік кезеңде коммунистік идеологияға орай, қазақ әдебиетінің тарихы Бұқар жыраудан (19 ғ.) басталады деген жаңсақ пікірді теріске шығарып, оның Орхон-Енисей жазбаларынан басталатындығын ғылыми тұрғыдан дәлелдеген.

Тұмар және көзмоншақ тағу

Алла тарапынан түсірілген қасиетті кітаптардың барлығы монотеистік сенім жүйесіне негізделген. Оның ішінде соңғы дін ретінде ислам теологиясы адамдардың политеизмдік наным-сенімнің жетегіне кетпегуге аса қатты көңіл бөлген. Өйткені

¹¹³ Польза тахник. <http://islam-risalyat.ru>

¹¹⁴ Кенжеахметұлы С. Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. –Алматы: Атамұра баспасы. – 43-б.

Мұхаммед пайғамбардың алғашқы уақыттағы ең маңызды міндеті – әрбір Мекке халқының өзіне қасиетті деп тапқан заттарын түгелдей жоққа шығарып, жалғыз құдай сенімін насихаттау еді. Осы тұста пайғамбардың (с.а.с.) тұмар тағуды тыюуы да заңды құбылыс. Ол өзінің бір сөзінде: «Кім тұмар тағатын болса, Алла Тағала оған денсаулық бермесін»¹¹⁵, – десе, басқа бір хабарда: «Кім тұмар тақса, Аллаға серік қосқаны», – делінген. Алла елшісінің осы сөздеріне сүйену арқылы сахабалардан Абдулла ибн Масғұд, Абдулла ибн Аббас, Хузайфа, Уқба ибн Амир тұмарға қарсы шыққан. Дегенмен тек Құран аяттары мен хадисте баян етілген дұғалар жазылған тұмарды тағуға болатындығын айтқан сахабалар да жоқ емес. Атап айтсақ Айша анамыз, Абдулла ибн Амр ибн Ас, Абдулла ибн Омар. Осы көзқарасқа негізделген ханафи, малики және шафиғи ғалымдары «ішінде Құран аяттары жазылған тұмарды тағудың әбестігі жоқ»¹¹⁶ және «аталмыш хадистерде тұмардан медет тілеуге тыйым салынған, ал Құран аяттарын таққан адам Аллаға сыйынары анық» деп Құран аяттары жазылған тұмарды тағуға рұқсат берген¹¹⁷.

Әйтсе де Құран аяттары жазылған тұмарды да тек сәбилерге де таққан жөн. Ал үлкен кісілер аяттарды жаттап алып, жатар уақытта өздеріне дем салып жүруі пайғамбардың сүннетіне жатады¹¹⁸. Себебі Абдулла ибн Омар Алла елшісінен үйренген дұғаны сәбилерге тұмар етіп тағып, ересек балаларға жаттататын еді¹¹⁹.

Жалпы тұмар – зиянды тылсым күштерден, тіл-көзден сақтайды деген сеніммен тағылып келе жатқан қазақ халқының бұйымы. Тұмар сөзінің этимологиясы көне түркі тума және йер тіркесінен «туған жер» мағынасын береді. Яғни көне түркілер тұмарға туған жердің топырағын салып жүрген. Ал бұл түсінік ислам дінінің ықпалымен тұмарға Құран аяттары жазылған қағаз салу арқылы көрініс тапқан.

Сондай-ақ көз тимесін деген ырыммен сәбидің омырауына тағылатын көз моншақ та мойынға тұмар тағу ұғымымен тікелей байланысты. Себебі тұмар мен көз моншақ тағудан негізінен көз тиюден сақтану мақсат етіледі. Ал көз тиюдің шын мәнінде ақиқат екендігі Алла елшісінің сөзінде баян етілген¹²⁰. Көз тиюді адам жанарындағы жағымсыз энергиялардың теріс әсері деп түсінсек, онда көз моншақтың осы энергиядан сақтануға оң әсері болуы мүмкін. Ол былай, жағымсыз энергиясы бар адам сәбиге қараған кезде алғашқы жанары бірден сәбидің көзіне емес, жылтыраған көз моншаққа түсіп, сол моншақта әлгі энергияның шағылып, күші жоғалуы мүмкін. Яғни, жағымсыз энергияға толы алғашқы жанар әуелі баланың көзіне емес, жылтыраған көз моншаққа түсу арқылы оның залалының азаюы, яки жоғалуы үшін жасалған сақтық шара болуы ықтимал¹²¹.

Әр елдің салтына қарай көз тиюден түрліше сақтанады. Қазақта назарды әшекейге аудару үшін қыз балаға, әйел адамға көз моншақ пен әртүрлі алқа-тана, өңірлік, сырға білезіктер тағу кең таралған. Осыған байланысты халқымызда «көздің

¹¹⁵ Ахмад, – Мүснәд. 16781.

¹¹⁶ Ибн Абидин, 9-т, 523-б.

¹¹⁷ Қуртуби тәпсірі, Исра сүресі 82-аят, 10-т. – 319-320-б.

¹¹⁸ Тирмизи, 3402.

¹¹⁹ Тирмизи, 3528.

¹²⁰ Сахих Бұхари, 5-т, 2167-б.

¹²¹ Жолдыбайұлы Қ., Дін мен діл. – Алматы. – 234-б.

жауын алады» деген тұрақты тіркес қалыптасқан. Жоғарыда баяндап өткеніміздей адамға алғаш қадалған назар көз моншақтар мен әшекейлерге ауып, оның күші қайтады, екінші рет адамға назар аударғанда бұрынғыдай сұғы қатты болмайды деп саналады. Яғни көз моншақ адамды қорғайды деп емес, назарды өзіне аударады деп түсіну қажет.

Сонымен қатар баланы (негізінен ұл баланы) көзге түспейтіндей етіп, қораш киіндіріп қою, маңдайына күйе жағу арқылы оған назарды аудартпауға тырысу да халқымызда бар. Қазақта балалары тұрмай, шетіней берген жағдайда «Елемес», «Елеусіз», «Жаманбай», «Ескермес» секілді аттар қою арқылы назардан қашуға болады деп ырымдалған. Дегенмен, бұл орайда ырым дегеніміз – сенім емес екенін ескеру керек. Ал бұл мәселеге исламның көзқарасына келсек, пайғамбарымыздың хадисінде айтылғандай, ата-ананың баланың алдындағы үш парызының бірі – перзентіне жақсы ат қою делінеді.

Пайғамбарымыздың кезеңінде де көз тию оқиғалары болған. Ол тұста араб жұртында назары тиді деп шүбаланған адамның жуынған суымен назарланған адамды жуындыру әдеті бар болатын. Оны пайғамбарымыз да құптап: «*Сендерден көз тигені үшін жуыну талап етілсе, жуыныңдар!*» деген хадис қалдырған. Теріс дұға мен назардан қорғаныш ретінде пайғамбарымызға «Фалақ», «Нас» сүрелері түсірілгені белгілі. Сол себепті көз тигенде Құран сүрелерімен дем салу кең таралған.

Мұсылмандық белгісі – сүндетке отыру

Ата дәстүріміздің бірі – баланы сүндетке отырғызу екені белгілі. Бұны халық арасында сүндеттеу деп те атайды. Баланы сүндетке отырғызу – қазақ халқы ислам дінін қабылдағаннан кейін салтымызға сіңісіп кеткен дәстүрдің бірі. Бұл туралы «Қазақтардың дінге сенгіштігі» деген мақалада автор былай дейді: «Ауылдық жерлерде мұсылмандық дәстүрлерден балаларды сүндетке отырғызу жақсы сақталып келеді. Баланы сүндетке отырғызу – әрбір ата-ананың міндеті. Оның исламға дейінгі белгілі бір қырлары бар екені, ал кейін исламға сіңіп, уақыт озған сайын діни-ұлттық сипат алғаны аян. Кеңес дәуірі кезінде тұрғындар бұл дәстүрдің гигиеналық мәнін баса көрсетуге тырысып келді»¹²². Мақала авторының «оның исламға дейінгі белгілі бір қырлары бар екені, ал кейін исламға сіңіп, уақыт озған сайын діни-ұлттық сипат алғаны аян» деп айтқанының жаны бар. Себебі бұл – Ибраһим пайғамбардан (а.с.) бері келе жатқан дәстүр.

Деректерде басқа да пайғамбарлар сүндетке отырып, оны дәстүр ретінде жалғастырғаны айтылады. Мысалы, өздерін Мұса пайғамбардың (а.с.) үмбеті санайтын яһуди дініндегілерде де сүндеттеу дәстүрі бар. Тазалық әдеттерін сақтауды Ибраһим (а.с.) пайғамбарға Алла Тағала бұйырған. Мұхаммед (с.а.с.) пайғамбарымыздың хадистерінде Ибраһим (а.с.) пайғамбардың Алланың әмірімен

¹²² Әжіғали С., Оразбек Е., Қазақтардың дінге сенгіштігі// Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары, жауапты ред: С.Әжіғали., – Алматы, 2005.1-т. – 60-61-б.

сүндетке отырғаны айтылады. Пайғамбарымыз (с.а.с.) бұл туралы бір хадисінде: «*Мына төрт нәрсе пайғамбарлардың сүннеті: сүндеттелу, хош иісті әтір қолдану, мисуақ қолдану және үйлену*»,¹²³ деп айтқан.

Ал ислам діні келген соң бұл дәстүр үлкен мәнге ие болды. Пайғамбарымыз (с.а.с.) ол туралы: «*Бес нәрсе фитрадан (әуелгі жаратылыстағы әдеттерден). Олар: баланы сүндетке отырғызу, шаттың түгін қыру, мұртты басу, тырнақты алу және қолтықтың түгін кетіру*»,¹²⁴ деп айтқан.

Ханафи мәзһабының тысындағы үш мәзһаб бойынша сүндетке отырудың үкімі уәжіп болып есептеледі. Тіпті малики мәзһабының құрушысы имам Мәліктің пікірі бойынша сүндеттелмеген кісі имам бола алмайды, яғни имамдыққа шығып басқаларға намаз оқыта алмайды. Ал ханафи мәзһабы бойынша сүндетке отыру – Пайғамбарымыздың (с.а.с.) сүннеті болып саналады, яғни үкімі – сүннет амал.

Қазақ халқының ғұрпы бойынша баланы сүндетке тақ жасында отырғызады. Яғни үш жаста, бес, жеті, тоғыз, одан тым кешіккенде он үш жаста. Бұл жастан кешіктіруге болмайды. Өйткені шарифат бойынша ұл бала 13 жаста, қыз бала 10-11 жаста балиғатқа толады.

Қазақ халқында сүндеттелген баласына той жасау да – ислам мәдениетіне байланысты қалыптасқан дәстүр. Сахабалар да өз кезегінде сүндет тойларын өткізіп, балаларының сүндеттелуін атап өткен. Мысалы Абдулла ибн Аббас Мекке қаласында өткізген ұлының сүндет тойындағы ойын-сауыққа өнер көрсетушілерді шақырып, олардың әрқайсысына төрт дирхам ақша төлеген¹²⁵. Сонымен қатар ойын-сауықты онша ұната бермейтін Абдулла ибн Омардың өзі сүндет тойларына барған екен¹²⁶. Уруә ибн әз-Зубәйір сүндеттелгенде анасының құрмадан жасалған тамақ әзірлегені де деректерде айтылады¹²⁷. Абдурраззақтың берген мәліметінде Халифа Омар да халифалығы тұсында дабылдың дыбысы шыға қалса «Үйлену тойы ма, әлде сүндет тойы ма» деп сұрайтын, оларға арналып жасалған ойын-сауыққа қарсы шықпайтын.

Осы дәстүрлердің жалғасы ретінде мұсылман елдерінде сүндет тойы кеңінен тараған. Мысалы меккелік арабтар баланы негізінен 3-7 жас аралығында сүндеттеген. Сүндет тойдың алдында баланы әдемі киіндіріп, атқа отырғызып, көше бойына қыдыртатын. Бала аттан құлап қалмауы үшін екі жағында адамдар жүрген. Алдында дауылпаздар жүрсе, артқы қатарда баланың достары сап түзейді. Екінді уақытына дейін осылай көшеде дұға айтып, ән айтып көңіл көтеру жалғасады. Челебидің берген мәліметі бойынша тіпті осылай көңіл көтеріп, ас беру үш күнге дейін жалғасқан көрінеді¹²⁸.

Ал Османлы мемлекеті кезінде түріктерде бұл тойды әл-ауқатты адамдар тіпті ұзағынан тойлаған екен. Мысалы 1457 жылы II Сұлтан Мехмедтің ұлдары

¹²³ Ахмед ибн Ханбәл, – Муснәд, 5-т. – 421-б.

¹²⁴ Хасан Аббас Қутуб. Сахих Муслим бишархи ән-Нәуәуи. – Ар-Рияд: Дәр аламу әл-кутуб, 2003. (Китаб ат-таһара) 3- т. – 146 б.

¹²⁵ Ибн Әбу Шәйба, Никах, 66.

¹²⁶ Ибн Әбу Шәйба, Никах, 155

¹²⁷ Абдурраззақ, – Мусаннәф, 4-т. – 335-б.

¹²⁸ Бозкурт Н., Сүннет (Хитан) ве сүннет дүғүнү// http://www.davetci.com/hukuk_hitan.htm

Баязид пен Мұстафа үшін жасаған сүндет тойы бір айға жалғасқан көрінеді. Бұл тойға тіпті көршілес елдердің хан-сұлтандары да шақырылған. Ал 1582 жылы III Мұстафа сұлтан өзінің ұлы Мехмед шахзаданың сүндет тойын екі ай тойлапты. Тіпті осы тойдың салдарынан мемлекеттің қазынасы да едәуір ойсыраған көрінеді. 1858 жылы I Абдулмәжид сұлтан төрт ұлын бірден сүндеттеп, оған ұлан-асыр той өткізген. Тойға тұрғындардың барлығы қатыса алуы үшін ашық аспан астында өткізіліп, жерге мындаған түрік және иран кілемдері төселіпті. Сонымен бірге осы тойда Стамбулдағы он мың бала да сүндеттелген екен¹²⁹.

Қазақ халқының баланы сүндетке отырғызу рәсімі мен сүндет тойы жайлы қытай зерттеушісі Су Бихай былай дейді: «Баланы сүндеттеуден 3-4 күн бұрын оған жаңа киім кигізіп, екі иығына үкі қадап, ақ бұл байлайды. Әр отбасы шамаларына қарай балаға лақ, қозы, бұзау, құлын тектес мал төлдерінен бастап, аяғы орамал-шытқа дейін сыйлықтар тарту етеді. Сүндет болатын күні баланың әке-шешесі басқалар берген сыйлық заттарды үйдің ішіне айнала жайып қояды. Балаға сыйланған құлынның құлағына ен салынып, оны есейгенде баланың өзі мінеді.

Баланы молда-қожалар сүндеттейді. Олар алдымен Құран оқып, онан соң баланың машинаының басындағы күпек теріні ептеп кесіп алып тастайды. Сүндет аяқталған соң шалқасынан жатқызылған баланың қасында үлкен ақсақалдар отырады. Сол сәтте молда баланың құлағына: «Сен бұрын құлын едің, құр ат болдың, кәпір едің, сүндеттеліп мұсылман болдың» дейді¹³⁰.

Сүндет тойдың күні алдын ала белгіленеді. «Оңтүстік Қазақстан облысында сүндет той өзінің тойлануы, шақырылған қонақтар саны жағынан үйлену тойымен бірдей болып, сол себепті «ұлы той» деп аталған. Біздің ойымызша, бұл біріншіден, Қазақстанның оңтүстік аудандарының басқа өңірлермен салыстырғанда ислам дінін өте терең сіңіруінде жатыр және бұл барлық өмір сүру қағидаларынан аңғарылады¹³¹.

Тойға келген адамдар «сүндетің қабыл болсын!» деп баланың айналасына жеміс-жидек пен тәтті дәмін толтырып, жастығының астына ақша тығу, балаға көрімдік беру сияқты әдет-ғұрыптар мен түрлі ырымдар өткізеді. Ата-аналардың жағдайына байланысты сүндет тойы ойын-сауық, шашу шашу түрінде өткізілген¹³². Кей өңірлерде сүндет тойда көкпар, күрес секілді ойындар өткізіліп, қонақтарға түрлі сый-сияпаттар жасалған.

¹²⁹ Бозкурт Н., Сүннет (Хитан) ве сүннет дүғүнү// http://www.davetci.com/hukuk_hitan.htm

¹³⁰ Су Бихай, Қазақ мәдениетінің тарихы, ауд: Т. Зәкенұлы. – Алматы, 2013.– 464-б.

¹³¹ Әжіғали С., Байғабатова Н., Жетісу қазақтарының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары//Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. – Алматы, 2005. 1-т. – 182-б.

¹³² Құдайбергенова А., Бекбалақ Қ., Оңтүстік Қазақстан қазақтарының әдет-ғұрпы мен салт-дәстүр ерекшеліктері// Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. – Алматы, 2005.1-т. – 216-б.

Тілашар және сауат ашу

Қазақ халқы баланың тілі тез шықсын деген ниетпен «Тілашар» өткізеді. Ол үшін арнайы мал сойылып, (оны тілеу малы деп атайды) ауылдың сөзге шешен, қадірлі кісілері шақырылады. Тойға келген ақсақалдың алдына бас тартылғанда, ол оның тілін «шешен болсын» деп балаға жегізеді. Тойға келгендердің барлығы да баланың тілі тез шығуына, өскенде сөзге шешен жан болуына тілектестіктерін білдіреді.

Тілашар тілеу бүлдіршіннің мектеп табалдырығын аттап, алғаш «әріп таныған» кезінде де жасалады. Бұл «тілі шыққан» баланың оқудағы «тілашары» іспетті. Бұл дәстүр қазір «әліппе тойы» деп аталуда. Кейде мектепте бару тойы отбасында өткізіледі. Өйткені бұл – отбасылық қуаныш мерекесі. Ата-ананың өбегі мен аялы алақанының жылуына өсіп, жыл өткен сайын төңірегіне іңкәр көзбен қарап, бәрін білгісі, көргісі келіп құштарлана түсетін жас балдырған жетіге толған соң мектеп есігін ашып, үлкен өмірге алғашқы қадамын жасайды. Бұл күн оның есінде жақсылап сақталып қалады. Осынау шаттық пен қуанышқа толы мерейлі күнді өмір бойы ұмытпай еске алып жүруі үшін де, жан дүниесіне жақсылық нұрын сеуіп, балапан сезімді байыта түсу үшін де мұндай тойдың тағылымдық жағы бар.

Баласының білім әлеміне алғашқы қадам жасауын ата-ана да үлкен қуаныш деп есептейді. Кішігірім дастарқан басында қуаныштарына сүйсіну олар үшін үлкен мерей, мақтаныш болмақ. Бұл бір жағынан, ата-ана парызы саналады. Мұндай қуаныштың өзіне лайықты қызығы, өзіне ғана жарасымды сәні бар. Қуанышқа ата-ананың, туған-туысқандары, жора-жолдастары, көрші-қолаң, балалар бақшасындағы тәрбиешісі, тағы басқа тілектестері шақырылады. Тойды баланың әкесі немесе шешесі басқарғаны дұрыс. Ол қонақтар келіп жайғасқаннан кейін отырғандарды бір-бірімен таныстырып, қысқаша қуаныш сырын әңгімелеп өтеді. Егер отбасында үлкен ата мен әже бар болса, бірінші сөз соларға беріледі. Атасы мен әжесі немересінің осынау қадамына құтты тілегін білдіреді, ақ батасын беріп, ғибратты ақылын айтады.

Осы қуаныш үстіне лайық өлеңдерді жатқа айту бала үшін бір жағы ортаға шығып өнер танытуы болып табылады. Баланың орындауына мазмұндық жағы айқын, өнегелілік ғибраты мол, айтуға жеңіл мынадай өлеңдер, санамақтар ыңғайлы.

Бір дегенім – білеу,
Екі дегенім – егеу,
Үш дегенім – үскі,
Төрт дегенім – төсек,
Бес дегенім – бесік,
Алты дегенім – асық,
Жеті дегенім – желке,
Сегіз дегенім – серке,
Тоғыз дегенім – торқа,
Он дегенім – оймақ,

Он бір – қара жұмбақ¹³³.

Жалпы қазақ халқы баланың сауатына ерекше мән берген. Көбіне алғаш тілін сындыруға молдаға беріп медреседе оқытқан. Қазақ елінің мәдени өмірінде медресенің орны ерекше. Қазақ даласында әр өңірге тән көптеген медреселер жұмыс істеген. Қазақстан мен Орта Азияда усул әл-жадид «жаңа әдістегі» мектептер мен медреселер 1890-жылдары ашыла бастады. Бастапқы кезде медреселер Орынбор, Омбы, Троицкі, Ташкент, Бұқара, Түркістан сияқты ірі қалаларда ашылып, қазақ балалары осы оқу орындарында білім алды.

«Адамның бір қызығы – бала деген,

Баланы оқытуды жек көрмедім.

Баламды медресеге біл деп бердім,

Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім» деген ұлы ойшыл Абайдың өзі де Семейдегі Ахмет Риза медресесінде сауат ашқаны белгілі. Абай медреседегі осы үш жылдың ішінде шығыс тарихы мен философиясын, тілін, поэзиясын жетік меңгеріп шығады. Абай оқыған медресе діни кітаппен қатар, Фирдауси, Хафиз, Физули, Шамси, Сайхали, Науаи өлеңдерін үйреткені белгілі. Ол сондай-ақ Қожа Хафиз, Физули, Бедел шығармаларын оқыған. Медреселердің оқу жүйесіне физика, математика, ана тілі, география, химия, тағы басқа пәндер енгізілген. Қазақстанда жаңа әдіспен оқытатын жүздеген медреселер жұмыс істеді. Айталық, 19 ғасырдың соңы мен 20 ғасырдың басында Уфадағы бір ғана «Ғалия Медресесінде» көптеген талапкер қазақ жастары оқыған. Солардың ішінде М.Жұмабаев, Б.Майлин, І.Жомартбаев, Қ.Оразбаев, И.Тасболатов, Ш.Назаров, Ғ.Төқшарбеков, Ғ. Қамзин, Мұхамедғали Оразбаев, т.б. не бары 1913 ж. қазақтан 50 бала оқыған. Мұнда қазақ қыздары да оқыған. Медреседе жалпы 500-ге таяу шәкірт білім алған. «Ғалия медресесіндегі» қазақ шәкірттерінің қаражатымен 1911 ж. «Әліппе яки төте оқу» атты қазақша оқулық, 1913 - 14 жылдан бастап Б.Майлиннің негіздеуімен «Садақ» атты журнал шығарған¹³⁴. Өз кезегінде ислам діні сауатты болуға шақырады. Құранның алғаш түскен аяттары оқуға шақыруымен ерекшеленеді:

«Оқы! Сені жаратқан Раббыңның атымен оқы!

Ол адамды ұйыған қаннан жаратты.

Оқы! Сенің раббыңөте жомарт!

Ол қаламмен жазу үйретті. Адамдарға білмегенін үйретті» («Алақ» сүресі, 1-5 аят).

Ал «Білім іздеу мұсылман әйелге де, ерге де парыз», «Ғибадаттың ең артығы – ғылым іздеу», «Білімсіздер мен білімдінің айырмашылығы – өлі мен тірідей» деген хадистер Ардақты елшінің білім-ғылымға шақырған сөздерінің бірнешеуі ғана.

Қазақ халқының басқа да көптеген даналық сөздерінде сауатты болу, көкірегі ояу, көзі ашық болу, оқу, білімділіктің артықшылығы дәріптеліп: «Оқу –білім бұлағы, білім – өмір шырағы», «Оқу – инемен құдық қазғандай», «Білімдінің

¹³³ Құтты болсын тойларың: Той кітабы / құраст. Б. Сапаралы, Ж. Дәуренбеков. Толықтырылып 2-бас. – Алматы: Өнер. 1993. – 81-б.

¹³⁴ “ Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. — Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010 жыл

алды жарық», «Білекті бірді, білімді мыңды жығар» т.б. мақал-мәтел және қанатты сөздерде көрініс тапқан.

«Жеті атасын білген ұл...»

Ислам діні адам баласының ұрпағы, оның ата-тегінің ауыспауы, ұрпақтардың шатаспауы сынды мәселеге өте қатал қараған. Ұрпақтың бақытты болуы, қоғамның бейбіт күн кешуі, адамдар арасындағы сүйіспеншілік пен құрметтің мол болуы дүниеге салиқалы ұрпақты келтірумен тікелей байланысты екені даусыз. Салиқалы ұрпақтың өсіп-өнуіне кедергі болатын ауыр күнәнің бірі зинақорлық болғандықтан Алла тағала Құранда **«Зинаға жоламандар! Ол барып тұрған арсыз жол»**¹³⁵, деп ескерткен. Зинаға тыйым салудағы көзделген басты мақсат – ата-тектің шатаспауы. Мұндай арсыз жолға қадам жасап қателескен кісіге дүре соғу арқылы бұл істі қайталамауына һәм қоғамдағы адамдарға сабақ беру мақсатында шарифатымыз қатал жаза тағайындаған.

Тіпті ерлі-зайыптылар арасында қандай да бір түсініспеушілік орын алып, екеуі ажырасар болса әйел кісінің өзіне иддет мерзімін күтуге бұйырылған. Бұл әмірдің ар жағында, құрсағында шарана қалды ма, жоқ па соны білу жатқандығы айдан анық. Демек, ислам діні адам баласының тегін қорғауға, біреудің баласын біреуге теліп, әке-шешесінің атымен атамай басқа біреудің бауырына салып беруге үзілді-кесілді тыйым салады. **«Асыранды балаларыңды өз әкелерінің атымен атаңдар. Алланың құзырында ең дұрысы сол. Егер олардың әкелерін білмесеңдер, онда олар діндес бауырларың әрі достарың болады. Олардың атын атағандарыңда (өгей әкелеріне телу арқылы) байқамай қателессеңдер, күнәға қалмайсыңдар, сендер тек жүректеріңдегі ниет-пиғылдарың мен қасақана істерің үшін ғана күнәға батасыңдар. Алла құлдарына өте кешірімді, ерекше мейірімді»**¹³⁶.

Ғалымдарымыз Ислам діні адам баласының бес нәрсесін қорғайтындығын алған тартады. Олар:

1. Адамның сенімі;
2. Жаны;
3. Тегі;
4. Ақылы;
5. Мал-мүлкі.

Осылардың ішінде тегінің қорғалуына өте жіті қараған. Ардақты пайғамбарымыз өзінің бір хадисінде: *«Туған-туыстарыңмен араларыңа дәнекер болатын шежірелеріңді жақсылап біліп алыңдар. Туыстық қарым-қатынасты сақтау ағайындар арасындағы сүйіспеншілікке, мал-мүліктің берекесіне, артына із қалдыруға себеп»*¹³⁷, деген. Осы хадисті түсіндіре келген ғалым Мунауи өзінің «Файдул Қадир» атты еңбегінде: «Өзіне тек жағынан жақын туыстарымен қарым-

¹³⁵ «Исра» сүресі, 32-аят

¹³⁶ «Ахзаб» сүресі, 5-аят

¹³⁷ Ахмад ибн Ханбәл, – Муснад. 2-т. – 374-б.

қатынасын үзбеу үшін бірқатар туыстарын тануы керек. Шежіресін осылай білу – мәндүп. Егер уәжіп болатындай жағдай орын алатын болса, онда шыққан тегін білуі уәжіп болады», дейді. Ибн Хазым осы мәселеге қатысты былай деген: «Кісі баласы өзінің кімнен тарайтынын білуі керек. Өйткені, өзіне харам болатын жанға үйленіп қалудан осылайша аман қалары анық. Сондай-ақ, кімге мирас қалдыратынын, туған-туыстық қарым-қатынасты үзбеу мақсатымен байланыс жасау, садақа беру, көмек көрсету жағынан да нәсілін, тегін білгені абзал». Сол себепті ғалымдардың көпшілігі «Адам баласы өзінің жақындарын, ата-тегін білуі керек» деп үкім айтқан. Кей ғалымдар өзінің түп негізін білуді мәндүп амал қатарына жатқызған.

Діндегі әдептіліктің өзін міндетім деп білетін ата-бабаларымыз шежірені білу, өзінің ата-тегін тану мәселесінде де өте ыждаһаттылық танытып, тіпті дәстүріне айналдырып алған. Бұл адам баласының текті ұрпақ әкелуіне, қан тазалығына, ұрпақтың дін аман дүниеге келуіне себеп болатын нәрсе екені белгілі.

Қазақ халқының ұғымында айырықша мән-мағынаға ие болған тектіліктің жай нәрсе емес екенін бүгінгі таңда қарыштай дамыған ғылым дәлелдеп отыр. Қанмен келген қасиеттердің түбінде ұрпақтан ұрпаққа беріліп, күндердің күнінде көрініс беретіні мойындалған.

Тектілік – кісі баласының бойында бар барлық қасиеттердің ұрпақтан ұрпаққа сабақтастық жолмен берілуі. Тектілік құбылысы жақсы адамның кездейсоқ қалыптаспайтынын, ата-бабадан берілетін дүниетанымдық, ділдік, психологиялық бейімділіктердің болуын көрсетеді. Тектілік биологиялық қасиет қана емес, нағыз тектілік сыпайылықтан, кешірімпаздықтан, мейірбандықтан көрінеді. Сол себепті халқымыз «Тегінен нәр алған тозбайды» деген. Өзінің шыққан тегін білу, жеті атасын танып, тегінің кім екенін білу қазақ халқының ең басты дәстүрлерінің бірі деуге болады. Мұның да жайдан жай айтыла салған яки балаға қалай болса солай жаттатыла салатын нәрсе емес, ұрпақ тазалығын, ұлт болашағын ойлаудан келіп шыққан дәстүр екенін уақыттың өзі дәлелдеп жатыр.

Тектілікке ерекше мән берген халқымызда қонақ өз руын, аталары мен нағашы жұрттарын таныстырғаннан кейін, екі жақ өздерінің ата тектеріне ішінде қайсысының аты елге ерекше танымал болғаны жөнінде сөз қозғайды. Қонақ өзінің ата-бабаларының ішінде қайсыбірі атақты батыр немесе би, қайсысы мыңғырған мал айдаған бай немесе оқымысты-білімдар болды т.б. жайлы сөз етеді. Сондай әңгіме-дүкен кезінде әлгі қонақтың атасының яки бабасының батыр немесе халыққа жақсылығы өткен қасиетті адам болғанын біледі де: «О-о, батырдың тұқымынан екенсің ғой» не «Бәсе, текті әулеттің ұрпағы екен ғой» деген түсінік қалыптасып, ерекше құрмет көрсетіледі. Яғни, ата-бабасының қоғамдағы ерекшелігі әлгі қонақтың тектілігінің тікелей бір көрсеткіші болып табылады.

Бір сөзбен айтқанда, ұрпақ – ата-ананың, қоғамның, елдің айнасы. Тектілік деген киелі ұғымды ата-бабамыз ежелден қастерлеп, оны атадан балаға мирас етіп қалдырған. Осы ұғым арқылы ұлдарын ержүрек, қыздарын ибалы етіп тәрбиелеген. Ұрпағына жеті атасын, руын, шыққан тегін үйретуді парыз санаған. Бұл тегіннен тегін емес. Осы орайда «Жеті атасын білген ұл, жеті жұрттың қамын жер», «Қыз алсаң тектіден ал», «Текті жерден қыз алсаң, төрден орын аларсың, тексіз жерден

қыз алсаң, ұятқа көп қаларсың» деген ұлағатты сөздер де бекерге айтылмаған. «Жеті атасын білмеген – жетесіз» дейді халық даналығы.

Өмір тәжірибесі мол халқымыз кейінгі ұрпаққа жеті атасын білуді міндеттеген және оны үйреткен, жаттатқан. Мұның әлеуметтік зор мәні болған. Өйткені, қазақ халқы жеті атаға дейін қыз алыспаған. Бұрынғылар бір бірімен танысқанда, жүздескенде руын, тегін сұрау осыдан шыққан. Сондықтан әр қазақ баласының өз ата-тегін білуі тектілік әрі ұлттық тәртіп пен жөн білудің бір саласы болып саналған.

Жеті ата әкеден төмен емес, жоғары қарай таратылады: 1. Бала. 2. Әке. 3. Ата. 4. Арғы ата. 5. Баба. 6. Түп ата. 7. Тек ата.

Жеті атаға жіктеу – қан тазалығын сақтау. Мұндай үрдіс әлем бойынша тек қазақтарда ғана бар. Ол да болса халқымыздың ұрпақ тәрбиесіне ерекше мән беретін ұлағаттылығының бір белгісі десек болады¹³⁸.

Жеті атаға дейін қыз алыспау дәстүрі

«Жеті атасын білген жеті жұрттың қамын жейді» деген аталы сөз бар. Қазақ халқы жеті атаны білу дәстүрін қастерлеп, ұрпақтан ұрпаққа өсиет етіп отырған. Тіпті жеті атаға дейінгі туысқандар бір-бірімен қыз алыспаған. Бұл қазақ халқының ата-бабаларын қатты қадірлегенін көрсетсе керек. Сондай-ақ жеті атаға дейін қыз алыспау дәстүрінің бастауы Жәнібек ханның кезіне барып тірелетіні де баяндалады. Тарихшы Жанабек Жақсығалиев «Тектілік феномені» атты мақаласында мына деректі келтіреді: «Бірде Жәнібек хан ғұлама ғалым, шипагерліктен қара үзіп шыққан Өтейбойдақ Тілеуқабылұлынан: «Қандай ауруды емдеу қиын?», деп сұрағанда емші: «Тұқым қуалайтын ауруды емдеу қиын», деп жауап береді. «Оның алдын алуға бола ма?» – деген ханның екінші сұрағына Өтейбойдақ: «Болады. Жеті атаға дейін туыс адамдар өзара қыз алыспау керек. Жеті қазақ үшін қасиетті сан, – деген екен. Аты аңызға айналған емшінің айтқанына тоқтаған Жәнібек хан жеті атаға дейін үйленуге тиым салып: «Кімде-кім жеті атаға толмай үйленсе, өлім жазасына кесілсін!», деген жарлық шығарады»¹³⁹.

Мұсылмандық дәстүр бойынша Құран кәрімде қандай туысқандармен үйленуге болмайтыны айтылған. Ниса сүресі, 23-аятта: «**Сендерге өз аналарыңмен, туған қыздарыңмен, әпке-қарындастарыңмен, әкелеріңнің әпке-қарындастарымен, аналарыңның әпке-сіңлілерімен, туған бауырларыңның қыздарымен, әпке-қарындастарыңның қыздарымен, сүт аналарыңмен, емшектес әпке-қарындастарыңмен, қайын ежелеріңмен және жақындасып қойған әйелдеріңнен туған қолдарыңдағы өгей қыздарыңмен некелесу харам етілді. Ал жақындаспай тұрып ажырасып кеткен әйелдеріңнің қыздарына үйленсеңдер күнә болмайды. Сондай-ақ, сендер үшін бел балаларыңның**

¹³⁸ Аманова Ғ. Халықтық педагогика – даналық мектебі, 15-16-беттер.

¹³⁹ Тілеуқабылұлы Ө.Шипагерлік баян. (Араб қарпінен көшіргендер – К.Елемес, Д.Мәсімхан) – Алматы: Жалын, 1996. – 15,43-б., <https://e-history.kz/kz/contents/view/2673>

жұбайларына үйлену, һәм апалы-сіңілі екі қызды бірдей әйелдікке алу харам етілді. Ал бұдан бұрын (надандық дәуірінде) болған іс болды. Расында, Алла өте кешірімді, ерекше мейірімді» – деп айтылады. Яғни аятта айтылғандардан басқа туыскандармен үйлене беруге болады. Мұсылман халықтарында, оның ішінде түрік, өзбек, ұйғыр секілді халықтарда бөлелердің немесе немере ағайын секілді туыстардың бір-бірімен үйленуі осы аятқа негізделген. Дегенмен, ислам діні бойынша да әсіресе халифалар тұсында алыстан қыз алу құп көрілген. Пайғамбарымыз да (с.а.с.) бір хадисте: «*Жақын ағайын туыстан қыз алмаңдар, өйткені бала әлсіз боп туады*», деп айтқан. Әзірет Омар (р.а.): «Алыстан (қызды жат руға беріп, жат рудан алыңдар) некелесіндер»¹⁴⁰, деген. Қазақ халқындағы жеті

атаға дейін қыз алыспау дәстүрі осы халифалар кезіндегі дәстүрмен де үндесетінін байқауға болады. Мысалы имам Шафиғи туыскандардан көрі басқа рудан қыз алудың дұрысырақ болатынын айтса, Имам Ғазали туыскандар арасында сүйіспеншілік сезімінің әлсіздеу болатынына назар аударып, жат жұрттан қыз алуды құп көреді¹⁴¹.

Сондай-ақ қазақ салтында емшек сүті араласқан балаларды өзара некелеуге тыйым салынған. Екеуінің арасында қан туыстығы болмаса да, олар бір ананың сүтін емгендіктен бір-біріне бауырлас болады¹⁴². Себебі мұсылмандық шарифатта бұған қатаң түрде тыйым салған. Пайғамбарымыз (с.а.с.) бұл жайында: «Қан жолымен харам болғандар сүт жолымен де харам болады»¹⁴³, деген.

Дін үкіміне қарсы шықпаған салт-дәстүрге шарифат тарапынан ешбір сын жоқ. Жоғарыда Құран аяты бойынша белгіленген үйленуге болмайтын туыстар жайлы қағидаға қазақтағы жеті атаға дейін қыз алыспау дәстүрінің ешқандай терістігі жоқ. Қайта керісінше, Пайғамбар хадисі мен әзірет Омардың өсиетіне сай екенін көруімізге болады.

«Баталы құл арымас, батасыз құл жарымас»

Қазақта үлкендерден бата сұрау – ежелгі салт. Бұның бір жағында үлкенді сыйлау жатса, екінші жағында «баталы құл арымас, батасыз құл жарымас» деген қазақ халқының батаның киелігіне деген сенімі жатыр. Батаны көбінесе аузы дуалы кісілерден, жақсылардан, көп жасаған қариядан, атақты батырдан, шашасына шаң жұқпайтын шешеннен, арқалы ақындардан, ойшыл кемеңгерлерден сұрайтын болған. Бата алуды жақсылыққа ырымдайтын халқымыз тіпті кейде балаларын алыста болса да сондай адамдарға арнайы жіберетін. Этнограф А.В. Васильев өзінің 1905 жылы Орынборда шығарған «Образцы киргизской народной словестности,

¹⁴⁰ Абдуррахман б. Хүсәйн әл-Ирақи, әл-Муғни ан хамлил- әсфар фи тахрижи мә фил-ихия минәл-ахбар, 1-т.– 473-б.

¹⁴¹ Имам Ғазали, Ихия улумиддин. – Дамаск, 2010. 2-т. – 263-264-б.

¹⁴² Су Бихай. Қазақ мәдениетінің тарихы, ауд: Т. Зәкенұлы, – Алматы, 2013. –343-б.

¹⁴³ Бұхари, әл-Жамиус-Сахих, Шәһәдәт, 7

молитвенных благожеланий – бата сөз» деген мақаласында: «Кімде-кім қазақ даласында болса ол батаның халықтың қандай ерекше назарында болатынын жақсы біледі» деген.

Жалпы бата иісі момын халқымыздың бір-біріне жақсы ниет пен ізгі тілекте болуы арқылы қалыптасқан ұлттық дәстүрі. «Бата» сөзінің түп-төркіні Құранның бірінші сүресі «Фатиханың» атауынан туындаған. Пайғамбарымыз (с.а.с.) бір хадисінде ең күшті дұға «Фатиха» сүресі екенін айтқан¹⁴⁴. Себебі, Құранның барлық мазмұнын бойына жинақтап, Құранда бірінші сүре болып оның төрінен орын алған «Фатиханың» өте көп қасиеттері бар. Пайғамбарымыздың «Фатиха» сүресі жайлы айтқан хадисіне сүйеніп, халқымыз дұға жасағанда «Фатиха» сүресін оқуды әдетке айналдырған. Бертін келе, тіпті, халқымыздың санасында «Фатиха» десе дұға, дұға десе «Фатиха» сүресі еске түсіп, осыдан келіп «бата» сөзі сөздік қорымызға енген. Яғни, «бата» сөзінің дұға ретінде қолданылуы қарап отырсақ халқымыздың Пайғамбар сүннеттерін ұстану ниетінен туындаған екен. Алла Елшісі (с.а.с.) «Фатиха» сүресін «Уммул-Китаб», «Уммул-Қуран», яғни «Құранның анасы» деп атаған. Халқымыз осы хадисті мақалға айналдырып: «Бата – Құранның анасы, ердің данасы» деп ойын түйген. Демек бата дегеніміз ислам дініндегі дұға. Себебі халқымыз да бата жасағанда міндетті түрде екі қолын жайып, аяқтағанда «әумин» деп бет сипайды. Ал бұл – Пайғамбар сүннеті арқылы келген дәстүр. Себебі Пайғамбарымыз (с.а.с.) дұға жасау дәстүрін қасындағы сахабаларына: «*Аллаға дұға еткенде алақаныңды ашып дұға ет, қолыңды теріс қаратып дұға жасама. Дұғаны бітіргенде алақаныңмен бетіңді сипа*»¹⁴⁵, деп үйреткен болатын. Келесі бір хадисінде дұға жасап болған соң «амин» деу керектігін айтып: «*Адамдар бір жерге жиналғанда біреуі дұға жасап, қалғандары «амин» десе, Алла оларға міндетті түрде жауап береді (дұғаларын қабыл етеді)*»¹⁴⁶, деген.

Құран Кәрімде дұға жайлы: «**Маған дұға етіндер, сендерге жауап берейін**»¹⁴⁷, делінген. Алла Елшісі (с.а.с.) де көптеген хадистерінде дұғаның мәні мен маңызын баяндап, оны насихаттаған. Сондай хадистердің бірнешеуі төмендегідей:

«*Дұға – рақымдылықтың кілті*»¹⁴⁸ ;

«*Дұға – жибадаттың негізі*»¹⁴⁹ ;

«*Дұға – мұсылманның қаруы, діннің тірегі, жер мен көктің нұры*»¹⁵⁰ ;

«*Дұға басқа келген, әлі келмеген бүкіл қиыншылықтарда пайдалы. Басқа келейін деп тұрған нәрселерді де тек дұға кері қайтара алады*»¹⁵¹.

Дұға – Алла тағала мен құл арасындағы қуатты байланыс күші. Ол – құлдың Аллаға ішкі ой-сырын шертуі. Алдынан шыққан қиыншылықтарда дұғаны қару етіп алған халқымыз оны аузынан тастамай өмірлік жолдас еткен. Тіпті, әрбір сәтті

¹⁴⁴ Айдүз Д., Кыса сүрелерин тефсири.–Стамбул, 2004.–25-б,

¹⁴⁵ Хадис ансиклопедиси, дай: И. Жанан.– Стамбул, 1993. 17- т.– 443-б.

¹⁴⁶ Хадис ансиклопедиси, 7 т.– 544-б.

¹⁴⁷ «Ғафир» сүресі, 60-аят

¹⁴⁸ Хадис ансиклопедиси, 5-т. – 484-б.

¹⁴⁹ Тирмизи, Дуа, 1.

¹⁵⁰ Хадис ансиклопедиси, 5-т. – 484-б.

¹⁵¹ Тирмизи, Дағауат, 112.

пайдаланып дұға жасап отырған. Дұға жайлы Айқын ақын:

Әуелі сиынамыз құдіретке,
Сиынсақ медет берер қатты дертке,¹⁵² – десе, Шал ақын:
Құдая, құдіретіңмен сақтағайсың,
Хақ деген пендең болса тастамайсың,
Су құйса төгілмейтін боз жорғаның
Аяғын аңдаусызда қақпағайсың.
Құдая, жаманыңмен теңді қылма,
Құрбымнан өзім теңді кемді қылма.
Жаратқан барша жанды пәруардігер,
Өзімдей пенделерге пенде қылма,¹⁵³ – деп дұға жасайды.

Халқымыздың дұғаларды күйкі тірліктің көлеңкесінде қалдырмай, өмірінің ажырамас серігі етіп алғаны соншалық, ол халық ауыз әдебиетінің бір саласы ретінде қалыптасқан. Осы бай мұралар ел аузында жүрген баталарды жинақтаған кітаптар арқылы бізге дейін келіп жеткен.

Қазақ халқында батаның көптеген түрлері бар: ақ бата, серттесу батасы, жол батасы, көші-қон батасы, жаңа ай батасы, соғым батасы, наурыз батасы, жарапазан батасы, жас отау иелеріне арналған бата, өлім шыққан үйге айтылатын бата т.б.

Мысалы Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жаңа туылған айды көрген кезде: «*Уа, Алла тағалам, оны бізге сенім мен иман, тыныштық пен Исламның айы ет! Менің раббым да, сенің раббың да Алла. Қайырлы, құтты бол!»*¹⁵⁴ деп дұға еткен. Осы дұғаның мағынасына сәйкес халқымыздың жаңа ай батасы қалыптасып, ай туған кезде: «Ескі айда есірке, жаңа айда жарылқа» деп тілейтін болған.

Сондай-ақ, хижраның алтыншы жылында Мәдина қаласында жаңбыр жаумай, халық құрғақшылық зардабын шеге бастайды. Сонда Алла Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) халықты қала сыртына бір жерге жинап, көпшіліктің алдында Алла тағаладан жаңбыр сұрап дұға жасайды. Жиналған жұртшылық та оның дұғасына қосылады. Сол сәтте аспан күркіреп, бірден жаңбыр жауа бастайды.¹⁵⁵ Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с.) жақсылық ниеттен туындаған осы іс-әрекеті кейінгі үмметіне де үлгі болып, жаңбыр жаумай, құрғақшылық бас көтере бастағанда мұсылмандар топтасып, ауыл сыртына шығып, Пайғамбарымыздың дұғаларын қайталап, Алладан жаңбыр тілеген. Халқымыз да сол сүннетті басшылыққа алып, тасаттық беріп, мейірі мол Алла тағаладан шапағат тілеген. Ауыл ақсақалдары:

О, Тәңірім, талқыға салма,
Сая бол өзің талыққан жанға!
Көгіңнен тамдыр тамшыңды,
Үмітті үзбей, арасын жалға!
Жерге қаулап шөп өнсін,
Егін солмай, көп өнсін!

¹⁵² Айтыс.– Алматы, 1988. – 187-б.

¹⁵³ Ай, заман-ай, заман-ай, 1-т. – 116-б.

¹⁵⁴ Тирмизи, Дағуат, 52.

¹⁵⁵ ӘбуДәуд, Салат, 260.

Бере гөр, Тәңір, тілеуді,

Мейіріңді төгерсің!

Тілеуді қабыл ете гөр,

Күнәлі болсақ, кеше гөр!.. – деп, Пайғамбарымыздың (с.а.с.) дұғасына сәйкестендіріп бата қайырған. Яғни көріп отырғанымыздай, жаңбыр тілеу батасы да осылай қалыптасқан.

Халқымыздың біреудің жаңа киім кигенін көргенде «үстіңде тозсын», «тозып қалсын», «киімің тозсын, өмірің озсын» деуінің өзі сүннеттен бастау алған. Пайғамбарымыз (с.а.с.) үмбетіне жаңа киім кигендерге осылай дұға етуді үйреткен.¹⁵⁶

Жар таңдаудың жасампаздық жолы

Дәстүрлі қазақ танымында «Жалғыздық бір Құдайға ғана жарасқан» деген ұғым бар. Жаратылыстың бәрі де жұп-жұбымен жаратылған. Адам да бұдан тысқары емес. Ер мен әйел бір-біріне мұқтаж етіп жаратылғандықтан, үйлену – Адам ата мен Хауа анамыздан бері келе жатқан үрдіс. Қазақ қоғамында «13-те отау иесі» деп, баласын аяқтандыруға ерте бастан қам жасаған. Ол үшін оған ауыл-аймақтан қалыңдық болар қыз қарастырып, айналасынан сұрастыра бастаған. Қазақтың «13-те отау иесі» деген түсінігінің өзі оның мұсылмандық танымынан туындаған. Себебі ханафи мәзһабы бойынша қыз баланың 9 жасынан бастап балиғатқа толуы мүмкін болса, ер баланың балиғатқа толуы 12 жастан бастап күтілген. Яғни ер бала 12 жасынан бұрын балиғатқа толмайды. Яғни ұл баланың 12 жасынан бастап балиғатқа толуы күтіліп, балиғатқа толғанда үйленуге оған шарифат бойынша рұқсат етіледі. Демек қазақ халқы да ұлын үйлендіру үшін осы шарифаттың рұқсат еткен жасын күткен. Ары қарай шарифат бойынша оған үйленуге рұқсат екенін білдіру үшін «13-те отау иесі» деп мәлімдеген.

Қазақ баласына жар таңдағанда ешқашан да адамның сұлулығын, келбетін бірінші орынға қоймаған, ақылына, парасатына, көргенді жерден шыққан тектілігіне баса назар аударған. Бұл жайында сонау XI ғасырларда өмір сүрген Жүсіп Баласағұн бабамыз ұрпағына айтқан өсиетінде былай деген:

Әйел алмақ болсаң, егер, қарарсың,

Жіті бағып таңдаулысын аларсың.

Жақсы болсын тегі, заты, ұрығы,

Пәк ұятты болсын жанның тұнығы.

Дұрыс үйдің қызын ал, қол тимеген,

Сенен өзге еркек жүзін көрмеген.

Сені сүйіп, басқа жанды білмесін,

Жаман, тексіз қылық істеп жүрмесін.

¹⁵⁶ Хадис ансиклопедиси, 17-т. – 62-65-б.

Көркін емес, ізгі құлқын қаларсың,
Жақсы болса, құлқы – жайнап жанарсың!¹⁵⁷

Жүсіп Баласағұнның бұл өлең жолдары тек қана өсиет емес, сонымен қатар сол кезеңдегі қазақ даласының төсін еміп өскен халықтың жар таңдаудағы ұстанымын да көрсететіні анық.

Көргенді жердің қызын алу керектігін меңзеген Пайғамбарымыз (с.а.с.) бір хадисінде: *«Қоқыстың арасында өскен қызыл гүлге қызықпаңдар»* деп ескертеді. Мәнісін сұраған сахабаларына «нашар ортада өскен сұлу әйел» деп түсіндірген. Әзірет Омар (р.а.) осы хадиске сай: «Жаман ортада өскен сұлу әйелден сақтаныңдар. Себебі оның туған баласы тегіне ұқсамай қоймайды. Текті, көргенді жердің қызын алыңдар. Себебі ол нағашыларына тартқан салиқалы ұрпақ дүниеге әкеледі», деген. Демек, жар таңдағанда оның әке-шешесінен, туған-туыстарынан алған тәрбиесіне де көп көңіл бөлу керек. Адамның мінез-құлқының қалыптасуында алған өнегесінің маңызы ерекше. Халқымыз да жар таңдауда қыздың тегіне қатты мән берген. Мысалы халық аузындағы «алма сабағынан алыс түспейді», «түбіне қарай бұтағы, тегіне қарай ұрпағы», «тұлпардың тұяғы, сұңқардың қияғы», «тегінде бар тектілік», «тектілік тұқым қуады», «текті жердің тұлпар ұлы», «тегі мықты», «тегі таза», «тегіне тартқан», «асылдың қияғы», «тектінің тұяғы», «жақсының көзі», «асылдың сынығы» «текті жердің қызы екен», «көргенді елдің ұлы» секілді сөздері осыған дәлел болса керек.

Сөздік қорын тектілікке байланысты осынша сөздермен безендірген халқымыздың құда түсіп, қыз айттыратын кезде тегіне аса мән бергенін атақты адамдардың жұбайларынан байқауымызға да болады. Мысалы Құнанбайдың жары Ұлжан туралы: «Қ. Мұхамедханұлы: «Абайдың анасы Ұлжан хақында: Ұлжан Арғын руының ішіндегі Қаракесектен шыққан шешендік пен әзіл-қалжың, әжуалаумен аты мәшһүр болған Шаншар тобынан тараған қыз екен» дегендей мәлімет келтіреді. Осылай жіктей келе һәкім Абайдың анасы туралы толығырақ айту керек еді деген. Себебі ақынның бойындағы асыл қасиеттерін, жақсы бейнесін қалыптастыруда нағашы жұртынан алған тағылымды үлгі-өнегесі де баршылық екендігін ескертеді. Нағашыларынан арғысы әйгілі Битен, Шитен, бергі тұста атақты шешен, сөзге тапқыр, әзілкеш әрі мысқылшылдар: Қантай мен Тонтай және Жонтайлар деп келтіреді. Ал Абайдың анасы Ұлжанның әкесі Тұрпан жаңа есімдері келтірілген Тонтайдың інісі болатындығын анықтап жазудың маңыздылығын алға тартқан»¹⁵⁸. «Абайдың өмірін зерттеген Мұхтар Әуезовтің: «Абайдың сөзіндегі салқын ақыл әкеден, ащы тілді мысқыл шеше жағынан деуге де бола ма дейміз», – деп бекер болжамағаны рас»¹⁵⁹. Міне, осы деректен Құнанбай секілді ұлы тұлға өзіне жар ретінде қарапайым жердің қызын таңдамағанын көреміз. Ақтамберді жырау айтқандай:

¹⁵⁷ Он ғасыр жырлайды. (ред: Р.Бердібаев, т.б.) – Алматы, 2006. – 81-82 б.

¹⁵⁸ Кеңесбаева А., Әлемдік діндердегі әйел құқығы мәселесі, Маг. Диссертация, (қолжазба құқығында) – Алматы, 2018. – 34-б.

¹⁵⁹ Кеңесбаева А., Әлемдік діндердегі әйел құқығы мәселесі, Маг. Диссертация, (қолжазба құқығында) – Алматы, 2018. – 34-б.

Елден елді аралап,
Текіден текті саралап,
Беглердің қызын айттырсам,
Нұсқасын байқап шамалап.
Сынға толса сияғы,
Әлбеті шамның шырағы,
Мұхиттан сүзіп шығарған
Қымбатты гауһар бағасы.
Жүз нарға кілем жаптырып,
Қазақтан сәнін арттырып,
Ұзатып алсам сәнменен
Көңілімді хош таптырып.
Бала берсе тезінен,
Пірлердің бітсе демінен,
Шілтеннің тиіп шылауы

Артылып туса өзімнен!, – деп әрбір пенде текті ұрпақты өмірге алып келетін, баласын текті етіп тәрбиелей білетін жар таңдауды өзіне арман еткен. Бөстек сал Мәмидің қызына құда түсіп келгенде: «Текті атаның баласынан текті ұрпақ көремін бе деп отырмын»,¹⁶⁰ – деген екен.

Ата-ана балаларына болашақ жарды көбінесе өздері таңдаған. Олардың ұйғарымына балалары да онша қарсылық танытпаған. Себебі жарға қатысты халық философиясы «көріп алған көріктіден, көрмей алған текті артық», «қатын алма қайын ал», «алып анадан туады», «нағашысы жаманның жиені оңбас», «анасын көріп, қызын ал», «шешеге қарап қыз өсер», «ана көрген тон пішер» секілді ойлармен өрілгендіктен, бала кезінен бұл сөздер құлағына сіңіп өскен жастар да әке-шешесінің таңдауын құп көрген. Бұқар жырау бұл туралы жастарға өсиетінде былай дейді:

Жал-құйрығы қаба деп,
Жабыдан айғыр салмаңыз
Қалың малы арзан деп,
Жаман қатын алмаңыз!
Айтқанымды тексермей,
Алды-артыңды тектемей,
Жабыдан айғыр салсаңыз,
Жауға мінер ат тумас.
Ақылымды ескермей,
Жаман қатын алсаңыз,
Топқа кірер ұл тумас...¹⁶¹
Данышпан Абай атамыз да бұл жайында:
Жасаулы деп, малды деп байдан алма,

¹⁶⁰ Бегманов Қ., Этнографпен әңгіме : көрнекті ақын, қаламгер Қасымхан Бегмановтың абыз, зерттеуші-ғалым Жағда Бабалықұлымен сыр-сұхбаты. – Алматы, 2010. – 99-б.

¹⁶¹ Он ғасыр жырлайды, (ред: Р.Бердібаев, т.б.) – Алматы, 2006. – 140 б.

Кедей қызы арзан деп құмарланба.

Ары бар, ақылы бар, ұяты бар,

Ата-ананың қызынан ғапыл қалма,¹⁶² – деп өсиеттейді.

Пайғамбарымыз (с.а.с.) келесі бір хадисінде жар таңдаудағы басты ұстанымды былай деп көрсетеді: *«Әйел байлығына, шыққан тегіне, көркіне және діндарлығына қарай таңдалады. Сен діндарын таңда, сонда бақыт табасың»*¹⁶³ тура осы хадисті өлең жолдарымен жырлаған Жүсіп бабамыз былай деп жыр шумақтарын өрген:

Әйел алса төрт белгісін көздейді,

Бұл төртеуден кездеспейді өзгесі,

Бай әйелді біреу іздеп жүреді,

Енді бірі сұлуға көз тігеді.

Бірі тілер тұқымы асыл, тектіні,

Қуаныш боп ұлықтығы, бектігі.

Бірі нәзік, имандысын таңдайды,

Оны тапса, көңілде алаң қалмайды.

Шырайлыны күллі ел сүйер, жақтар мың,

Оны Алланың құдіретімен сақтарсың!

Кездестірсең, ақылды, ізгі адамды,

Ай, ізгі ер, алғын қойып алаңды, – дейді Жүсіп Баласағұн¹⁶⁴.

Жар таңдауда адамның иманы мен инабаттылығына қарау керектігі мұсылманшылықтың туы болған қасиетті кітап Құранда: **«Иманға келмейінше мүшрік әйелдерге үйленбеңдер. Шындап келгенде, мүмін күң өздеріне ұнайтын басы азат мүшрік әйелден әлдеқайда қайырлы. Сондай-ақ, иманға келмейінше мүшрік ерлерге мүмін әйелдерді бермеңдер. Шынтуайтында, мүмін күл өздеріне ұнайтын басы азат мүшріктен әлдеқайда қайырлы. Өйткені мүшріктер сендерді тозаққа шақырады. Алла тағала болса, Өзінің қалауымен жұмаққа және кеңшілігіне шақырады. Іәм адамдарға ойланып-толғансын, ғибрат алсын деп, аяттарын ашып түсіндіреді»**,¹⁶⁵ деп шегеленіп айтылған.

Бұл туралы Мұхаммед пайғамбар да өзінің үмбетіне келесі хадистерінде былай деп үйреткен: *«Әйелдерге сұлулықтарына қарап үйленбеңдер. Сұлулықтары оларды дандайсытуы мүмкін. Сондай-ақ, оларға байлықтарына бола үйленбеңдер. Байлығына мастанып азғындауы мүмкін. Сендер әйелдерге діндарлығына қарап үйленіңдер. Өйткені ұсқынсыз зәңгі болса да діндар күң жақсы»*¹⁶⁶; *«Әйелдерге тек сұлулықтары үшін үйленбеңдер. Кейде сол сұлулықтары мінез-құлықтарының төмендеуіне апаруы мүмкін. Оларға дүниесі үшін де үйленбеңдер. Өйткені дүниесі*

¹⁶² Он ғасыр жырлайды, (ред: Р.Бердібаев, т.б.) – Алматы, 2006. – 245 б.

¹⁶³ Бұхари, Никаһ 15; Әбу Дәуіт, Никаһ 2; Нәсаи, Никаһ, 13; Ибн Мажә, Никаһ, 6

¹⁶⁴ Он ғасыр жырлайды, (ред: Р.Бердібаев, т.б.) – Алматы, 2006. – 82-б.

¹⁶⁵ «Бақара» сүресі, 221-аят

¹⁶⁶ Бәйһақи, Сүнән, 7-т. – 80-б.

азғындауына жол ашуы мүмкін. Оларға тақуалығы үшін үйленіңдер. Жұпыны киімді діндар күң тақуа емес әйелден әлдеқайда артық»¹⁶⁷.

Жар таңдауға қатысты мұсылманшылықтың ұстанымдарын халқымыз өмірінің өзегіне айналдыра білген. Бір хадисінде Алла елшісі (с.а.с.): «Бұл дүние уақытша нығметтерге толы. Ондағы нығмет атаулының ең абзалы салиқалы әйел»,¹⁶⁸ деп айтады. Келесі бір хадисінде Пайғамбарымыз (с.а.с.) «Қандай әйел артық?» деген сұраққа «Оған күйеуі қарағанда қуанатын, бұйырғанда бағынатын, өзіне һәм күйеуінің дүниесіне қатысты мәселелерде еріне қарсы шықпайтын әйел», деген¹⁶⁹. Ата-бабамыздың мұсылманшылық өмірінде негізгі тірегіне айналған хадистердегі жар таңдауға қатысты айтылған өсиеттер, әрине, аталы сөзге тоқтап, даналыққа мән берген халқымыздың күнделікті тіршілігіне, өмірлік ұстанымына айналған қағидалар екені сөзсіз. Осы қағидаларға үйлестіріп Төле би:

Әйелің жақсы болса,

Бірінші – иманың,

Екінші – жиғаның,

Үшінші – ырысыңның тұрағы,¹⁷⁰ – деген

Ал қаз дауысты Қазыбек би:

Балаң жаман болса, Көрінгеннің мазағы емес пе?

Атың жаман болса, Шыбын жанның азабы емес пе?

Қатын жаман болса, Бұл жалғанның тозағы емес пе?

Туған балаң жақсы болса, Тән мен жанның шырағы емес пе!

Мінген атың жақсы болса, Бұл дүниенің пырағы емес пе!

Алған жарың жақсы болса, Жиғаның мен мейманыңның тұрағы емес пе!,¹⁷¹

– деген.

Мың жылдық туысқандықтың негізі – құдалық

Алыстағыны бір-біріне жақын ететін, қазақты мың жылдық туыстыққа жетелейтін дәстүрдің бірі – құдаласу. Қазақ мұны «Құдай қосқан құда» деп атаған. Халқымыз «Құдай» деп айтқанда негізінен Алла тағаланы меңзеген. Демек, қазақтың құдалық дәстүрі де мұсылмандық таныммен астасып жатқан ғұрып десек болады.

Қазақтың тарихында балаларын үйлендіру ерте кезден-ақ құдалық жолымен атқарылғаны мәлім. Сыр өңірінің өмір сүрген оғыз-қыпшақ ұлыстарында құдалықтың X ғасырда болғандығы айтылады¹⁷².

¹⁶⁷ Ибн Мажә, Никаһ, 6.

¹⁶⁸ Бәйһәқи, Сүнән, 7-т. – 80-б.

¹⁶⁹ Бәйһәқи, Сүнән, 7-т. – 82-б.

¹⁷⁰ Қазақтың би-шешендері. – Алматы: «Жалын» баспасы, 1993. – 85-86-бб.

¹⁷¹ Қазақтың би-шешендері, – Алматы: «Жалын» баспасы, 1993. –99-б.

¹⁷² Құдайбергенова А., Бекбалақ Қ., Оңтүстік Қазақстан қазақтарының әдет-ғұрпы мен салт-дәстүр ерекшеліктері// Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. – Алматы, 2005. 1-т. – 205-б.

А. Брем «Қазақтардың тұрмыстық және отбасылық өмірі» атты мақаласында қазақтар туралы: «Қазақ айналасына ұнап, жақсы әсер қалдыру үшін өз халқының адамгершіл әдет-ғұрыптарын дұрыс пайдалана біледі. Ол өзінің өнегелі тәрбие алғандығы мен көзі ашық екенін, бәрінен бұрын сонау ерте заманда қалыптасып, ислам дінінің ықпалымен жаңғыра түскен барлық әдет-ғұрыптарды сақтауымен дәлелдей алады» деп, оның салт-дәстүрге бекем екенін тілге тиек етеді. Міне осындай салт-дәстүрден аттап кетпейтін халқымыз ұлын ұяға, қызын қияға қондырар әрекетін құдаласу арқылы бастайды. Жалпы құдалық институтының әлеуметтік мәні зор. Бірін-бірі танымайтын екі ел жастардың арқасында танысып, табысып, құда-жекжат болып, өзара сыйластықтың үлгісін көрсетеді. Халқымыздың ежелгі-салт дәстүрінде құдаласудың бел құда, бесік құда, қарсы құда деген секілді түрлері болған.

Қалындықтың ауылына құдалардың келуін құдатүсер деп атаған. Қазақ халқы әрдайым құдаларды құрметпен күтіп алатын болған. Егер құдалар қалындықтың әкесінің ауылына жазда келсе, тіпті оларға арнап бөлек киіз үй де тігілетін. Оларға сойылған қойдың етін тартып, сусын қымыз береді.¹⁷³ Қазақ үйіне келген қонақты әрдайым құрметпен қарсы алған. Себебі мұсылмандық дәстүрде Алла елшісі (с.а.с.): «*Аллаға және ақырет күніне сенген адам қонағына сый-сыяпат көрсетсін...*»¹⁷⁴, деген. Үй иесі қызын келіндікке сұрап, төріне шыққан адамдардың әрекетін қаламаса да онысын сездірмей, көңілдеріне келетін дөрекі сөз айтпай, сыпайы түрде, шығарып салған. Осылайша егер құда түсушілерге қыз беруді қаламаса, мұны астарлы сөзбен «Жақындарыммен ақылдасып көрейік», «Қызымыздың өзі бұған не дер екен?» деген секілді қашыртпа жауап берген. Ал егер қыздың әкесі қызын беруге келісіп жатса, құдалықтың жөн-жоралғылары жасалған. Оның түрі өте көп. Мысалы: құда аттанар, құда тарту, ат байлар, құйрық-бауыр, тағы басқа ырымдар мен кәделер, алымдары болады.

Құда түсерде халқымыз қыздың басы бос немесе бос емес екеніне басты назар аударған. Себебі айттырылған қызға құда түсіп баруды айып санаған. Бұл туралы Мұхаммед пайғамбар (с.а.с.): «*Ешбірің мұсылман бауыры айттырған қызға сөз салмасын. Тек алғаш айттырған адам ұсынысынан бас тартқан жағдайда немесе өзі рұқсат берген жағдайда ғана сөз салуға болады*»,¹⁷⁵ – деген. Ислам діні бойынша, айттырылған қыздан сырға таққан жақ бас тартпайынша немесе қыз жақ құдалықты бұзбайынша, құда түсіп баруға жол берілмейді. Егер бірінші құда түсушілердің ұсынысы қыз жағынан қабыл алынбаса, екінші жігіттің құда түсуіне болады.

Қызды айттыру немесе сөз салу дәстүрі

Ұлы ер жете бастағаннан халқымыз айналасынан өздеріне лайықты қыз іздеп, бір байламға келген кезде «Пәленшенің үйінде өсіп қалған қызы бар екен,

¹⁷³ Ибрагимов И.И., Қазақ халқының этнографиялық очерктері//Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. – Алматы, 2006. 2-т. –21-б.

¹⁷⁴ Муслим, Иман, 47.

¹⁷⁵ Бұхари, 5142; Муслим, 1412

айттырып қояйық» деп, айттыру рәсіміне кірісе бастайды. Халқымыздың салт-дәстүрі бойынша, көбінесе үйленудің алдында екі жақтың келісімін алу үшін, әрі тойға дайындалу мақсатымен ең бірінші құда түсіп, қызды айттыру салты орындалады. Бұған дініміз бойынша да рұқсат етілген. Бірақ ислам діні қыз айттыру кәдесінің шығынсыз іске асқанын құп көрген. Мұсылмандық салт-дәстүріне көз жүгірткенімізде қызды айттырудың бірнеше түрін кездестіреміз. Қазақ халқында да осы дәстүрлер кеңінен таралған. Соның бірі – қызды ата-анасынан сұрату. Жігіт жағы қалауы түскен бойжеткеннің ата-анасынан барып қызын сұрайды. Пайғамбарымыз да (с.а.с.) Айша анамызбен (р.а.) үйленерде әзірет Әбу Бәкірдің (р.а.) өзінен сұраған. Еліміздегі қыз айттыру дәстүрі де көбінесе осы түрде өтеді. Бұл туралы У.Қыдыралин «Батыс Қазақстан қазақтарының ғұрыптарындағы ерекшеліктер» деген мақаласында былай дейді: «Төңкеріске дейінгі қазақ халқының әдет-ғұрпы бойынша жігіт әкесі тарапынан қыз таңдау, қыз көру аяқталғаннан кейін, айттырылатын қызға құда түсуге кіріседі. Оны қыз әкесіне «жаушы» ретінде кісі жіберуден басталатынын ХІХ ғасырдағы көптеген ғалымдар жазғандығын айта келіп, қазақ отбасын зерттеудің ең білгірі, қазақ этнографиясының мақтанышы болған профессор Халел Арғынбаев былай дейді: «Жаушының негізгі міндеті – қыздың басы бос болса, қыз әкесінің ниетін біліп, егер ол қарсы болмаса, құдалыққа қай уақытта келетіндігі туралы келісіп қайту. Сондықтан жаушы ретінде әрдайым тапсырманы орындап, біреуден сөз алып, сыр тартып келуге жарайтын пысық адамды жұмсайды.

Ал енді бертін келе, кеңес дәуірінен бері қарай, өзіміздің бала кезімізден күні бүгінге шейін Маңғыстау, Атырау облыстары қазақтары арасынан қыз әкесіне «жаушы» ретінде кісі жіберу дегенді есімізге сақтамаппыз. олай болса, қазірде «жаушы» атауы қолданылмайтын сияқты. Біздің жақта қазір қызды айттыруға хабаршы деген кісі жібереді дейтін түсінік бар»¹⁷⁶.

Айттыруды «Үкі тағу» ғұрпы деп те атайды. Жетісу қазақтарының ғұрпы туралы зерттеген С.Әжіғали мен Н. Байғабатова: «Бұрынғы кезде де, қазір де құда түсуді, қыздың басы байланғанын білдіретін «үкі тағу» ғұрпы атқарады. Сірә, атауына қарағанда, бастапқы кезде қызға, болашақ келінге үкінің қауырсынын тағып, кейін келе оны сырға алмастырған сияқты. Сондықтан қазіргі кезде бұл архаикалық атаумен бірге «сырға салу», «маңдайға тиын тағу» секілді сөздер кең таралған»¹⁷⁷.

Үйлену туралы ұсыныс қыздың тікелей өзіне жасалса да ағаттығы жоқ. Мысалы, Пайғамбарымыз (с.а.с.) Үммү Сәләмә анамызбен (р.а.) үйленерде тікелей өзіне тілегін білдірген. Үммү Сәләмә анамыз ұсынысын қабыл алып, некелерін қидырған. Осындай жағдай қазақ даласында бірін-бірі ұнатқан жастардың да арасында орын алған. Бұл туралы «Оңтүстік Қазақстан қазақтарының әдет-ғұрпы мен салт-дәст.р ерекшеліктері» деген мақалада: «Қыз бен жігіттің бір-бірін ұнатып, өздері үйленуге шешім қабылдаған соң жігіттің ата-анасы қыздың үйіне құда

¹⁷⁶ Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. – Алматы, 2005. 1-т. – 216-б.

¹⁷⁷ Әжіғали С., Байғабатова Н., Жетісу қазақтарының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары//Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. – Алматы, 2005. 1-т. – 183-184-б.

түседі»¹⁷⁸ деп баяндалады.

Қыздың ата-анасы немесе жақындарының жігітке қолқа салуы да мүмкін. Бұл дәстүр ислам дінінде де және сондай-ақ қазақ халқының ғұрпында да көрініс тапқан. Бұл дәстүрді Пайғамбарымыздың (с.а.с.) хадисін жинақтаған кітабында Имам Бұхари: «Кісінің қызын немесе қарындасын тұрмысқа беру үшін жақсы адамдарға өзінің ұсыныс жасауы» деп атаған. Әзірет Омар (р.а.) қызы Хафсаның (р.а.) күйеуі қайтыс болып жесір қалғанда алдымен Осман ибн Афуанға ұсыныс жасайды. Осман «Ойланып көрейін» дейді. Бір күн өткен соң: «Мен онымен отау құра алмайтын сияқтымын», – дейді. Одан кейін әзірет Омар әзірет Әбу Бәкірге барып: «Қызымды сен ал. Хафсаны саған берейін», – дейді. Әбу Бәкір бұл ұсынысқа жауап қатпайды. Ертеңінде Пайғамбарымыз (с.а.с.) Хафса анамызды айттырады. Әзірет Омар бұл ұсынысқа қуана келісімін беріп, оларды үйлендіреді.

Сондай-ақ, Құран кәрімде де «Қасас» сүресінің 27-28-аяттарында Мұса пайғамбардың (а.с.) Мәдиан деген жерде қойларын суғара алмай тұрған екі қызға жәрдем еткені айтылады. Қыздар үйлеріне келген соң өздеріне көмектескен кісі жайлы әкелеріне баяндайды. Сонда қыздардың әкесі Мұса пайғамбарға (а.с.) қыздарының біреуін ұсынып үйлендіреді. Осы оқиғалардан көріп отырғанымыздай, мінез-құлқы жақсы, сенімді кісілерге қыз жағы да ұсыныстарын айтып, екі жастың қосылуына мұрындық болуы дінмен құпталған.

Ал қазақ ғұрпында бұл дәстүрдің Домалақ ананың тұрмысқа шығуы оқиғасында көреміз. «Мақтым Ағзамның жалғыз немере қызы, азан шақырып қойған шын есімі Нұрила деп аталған Домалақ ана жайлы деректерде сегіз жасынан мешітте дәріс алғаны, бой жетіп, он бес жасқа келгенде қазақ халқындағы ұлы жүзге тиесілі көптеген рудың бабасы саналатын Бәйдібек батырға ұзатылатындығы айтылады.¹⁷⁹ Бұған Мақтым Ағзамның көрген түсі себеп. Онда бабаларының бірі осы көзінің қарашығындай болған жалғыз немере қызының білегін алғаш рет кім ұстаса, сол кісіге некелестіріп, ұзату керектігін айтқан сөздерін жақсылыққа жориды. Күндердің күнінде, он төрт жасқа толып, бой түзеген Нұрила су әкелу үшін құдыққа барғанда, құдыққа түсіп кеткен. Оны көрген ауыл балалары шулап, ел-жұртқа хабарлағанда алғашқы болып жәрдемге Бәйдібек батыр келіп, қызды құдықтан құтқарып алған. Оқиғаның мән-жайын білген атасы, көкейінде сақтаған, илаһи түске балаған жағдайды ескеріп, Нұрила немересінің білегіне алғаш қолы тиген ер-азамат Бәйдібек батырға ұзатқандығы жөнінде айтылады»¹⁸⁰.

Сондай-ақ атастырылған жастардың бірін-бірі көруіне және сөйлесуіне болады. Өмір бойы бір жастықты жастанып, қиын белестерден қол ұстасып бірге өтетін екі жастың некеден бұрын міндетті түрде бір-бірін көріп, бір-бірі жайы мәліметтері болуы керек. Бұл шаңырақтың беріктігі үшін маңызды. Жігіттің қалыңдықты, қалыңдықтың жігітті көруі керектігі хадистерде де айтылған. Пайғамбарымыз

¹⁷⁸ Құдайбергенова А., Бекбалақ Қ., Оңтүстік Қазақстан қазақтарының әдет-ғұрпы мен салт-дәстүр ерекшеліктері// Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. – Алматы, 2005. 1-т. – 205-б.

¹⁷⁹ Кеңесбаева А., Әлемдік діндердегі әйел құқығы мәселесі, Маг. Диссертация, (қолжазба құқығында) – Алматы, 2018. – 32-б.

¹⁸⁰ Нәсәи, Никаһ, 17

(с.а.с.) үйленетін кезінде сахаба Муғира ибн Шубәға: «Үйленетін қызыңды көр. Өйткені үйленбей тұрып оны көру бір-біріңе деген сүйіспеншіліктің баянды болуына септігін тигізеді», деген. Осы өсиетке сай үйленбей тұрып қалыңдығын көрген әзірет Муғира (р.а.) отбасылық өмірінде өте бақытты болғанын, екеуінің жақсы тіл табысқанын айтады¹⁸¹.

Осыған орай фикһ ғалымдары үйлену ниетімен қалыңдықтың жүзіне, қолына, көзіне қарауға рұқсат деген. Бірақ үйленетін екі жастың бір-бірімен жолығысуы үшін қастарында қыз жағынан немесе жігіт жағынан бір туыс әйел жүруі керек. Себебі діміз бойынша некесі қиылмаған қыз бен жігіттің оңаша қалуына рұқсат етілмейді. Олар бір-бірін тануы үшін әңгімелесуі де қажет. Бұл кезде екі жас бір-бірінің сұрақтарына еш нәрсені жасырмай, бүкпесіз жауап беруі керек. Әрі өздерінің талап-тілектерін де білдіргені дұрыс. Сонда ғана олар болашақ жары жайлы дұрыс мәліметтер ала алады. Қалыңдық пен жігіттің сөйлесуіне діміз рұқсат бергенін мына оқиғадан көре аламыз. Халифа Омар (р.а.) әзірет Алидің қызы Үммү Күлсімді айттырмақ болады. Сонда әзірет Али (р.а.): «Қызымның пікірін сұрап көрейін, ол не дейді екен?» деп, қызына болған жайды баяндайды. Үммү Күлсім: «Халифа Омарды жақыннан көрген емеспін, оны танымаймын ғой», – дегенде, әкесі: «Олай болса сені халифа Омардың үйіне жіберейін, кездесіп, танысыңдар», – дейді.

Үммү Күлсім халифа Омардың үйіне барып, онымен танысады. Екеуі сөйлескеннен кейін халифаның ұсынысын қабыл алып, оған тұрмысқа шығуға келіседі. Қазақ халқында да осыған сәйкес күйеу жігіт жағы қалыңмалын төлеген соң, қалыңдығын көруіне, онымен тілдесуіне рұқсат етіледі. Бірақ бұл кезде қызды жалғыз қалдырмай, қасында жеңгелері мен ауылдың қыздары болады. Себебі тілімізде «қыз-қырқын» деген қос сөз қалыптасқан. Осы сөздің мәнін талдаған профессор Б. Сағындықұлы «қыз-қырқын» қос сөзі «қырық қыз» деген лексикалық мағына беретінін айтады. Демек бұрынғы кезде қыз балалар жалғыз өздері жүрмей, қасында құрбыларымен, жеңгелерімен жүретін болған.

Қалың мал және жасау

Қазақ қазақ болғалы дала заңынан өшпеген дәстүрдің бірі – төс қағысып құда болғаннан кейін қыз жаққа қалың мал беру. Саяхатшы К. Дужан қазақтардағы қалыңмалға келісім рәсімін былай суреттейді: «Қалыңдықтың әкесі қонақтарын құрметті жерге отырғызып, әртүрлі бөгде нәрселер туралы әңгіме ете отырып, ақыр соңында өз қызы үшін жігіттен алғысы келетін малдың санын айтады: байлар алпысқа дейін, тіпті кейде одан да көп мал сұрайды. Бұл төлем қалыңмал деп аталады. Қалыңмалға көбінесе жылқы, түйе мен ірі қара тағайындалады»¹⁸².

Қазіргі таңда кейбіреулер шолақ оймен қазақтың қалың мал дәстүрін сынап,

¹⁸¹ Сағындықұлы Б., Сөз төркінін ашудың жаңа әдістері мен тәсілдері, 3-б., <http://pps.kaznu.kz>

¹⁸² Дужан К., Көкпекті округі қазақтарының үйлену әдет-ғұрыптары, Қазақ халықының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары, жауапты ред: С.Әжіғали. – Алматы, 2006. 2-т. – 141- б.

қызды малға сату секілді көреді. «Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» дегендей, қалың мал дәстүрінің әлі күнге дейін өз болмысын жоғалтпай, халықпен бірге жасасып келе жатқанына қарап-ақ оның озық дәстүр екенін көруімізге болады. Себебі дана халқымыз қалың малды тозығы жеткен деп бағамдаса, баяғыда-ақ одан бас тартар еді. Ал бірақ бұл дәстүр сонау Абылай хандардың кезінде болғаны секілді Құнанбай мен Абайлардың кезінде де, тіпті қазақты салт-дәстүрінен жырақтатып, мәңгүртке айналдырмақ болған кеңестік кезеңде де халықтың тұрмысынан жоғалған емес. Тек оның түпкі мақсатын пайымдай алмағандарға қызды саудаға салу секілді көрінуі немесе салт-дәстүрдің уызына қанбаған қазіргі ұрпақ оны солай пайдалануы мүмкін. Бірақ ата-бабамыз оны өзінің қызының игілігі үшін ғана жұмсаған. Ақселеу Сейдімбек осы орайда былай дейді: «Адам өмірін мағыналы ететін салт-дәстүрдің бәріне қамқорлықпен қарауға тиіспіз. Сол салт-дәстүріміздің бір ғажабы, сұлуы, адам өміріне мән-мазмұн дарытатыны «қалың мал» рәсімі еді.

Бұл осы күнгі түсінігіміздей «қалыңдық сатып алу» дегенге мүлде сай келмейді. Біріншіден, қай ата-ана өзінің ішінен шыққан перзентін малға сатпақ! Бұл қазақ психологиясына мүлде жат жала болатын. Ал егер көшпелі өмір салттағы рулық біртұтастықты, намыс ортақтығын елестетсек, онда «қызын малға сату» деген ұғымның мүлде дәйексіздігі айқындала түседі. Екіншіден «қалың мал» деген сөздің дәстүрлі болмысымен шендес этимологиясына мән беру керек. «Қалыңдықтың малы» – яғни, үй болып, шаңырақ көтеріп, әлеумет санатына қосылу үшін «қалың мал» жорасынан басқа қандай кісілікті, қызықты үлгіні ұсынуға болар еді!»¹⁸³. Яғни көріп отырғанымыздай қалың мал ол – қалыңдықтың малы. Бұған бұрынғы қазақтардың салт-дәстүрлерін қағаз бетіне түсірген саяхатшылардың жазбаларынан да дәлел келтіруге болады. Мысалы Ф. Лазаревский «Орынбор ведомствосы қазақтарының үйлену салттары» деген мақаласында: «Жасаудың саны әкесінің қалауына байланысты, бірақ қалыңмалдың мөлшеріне де қатысты берілуі керек», дейді¹⁸⁴. Сондай-ақ П. деген бүркеншік атпен (Семей облысының әскери губернаторы генерал-майор В.А.Полторацкийдің жұбайы Л.К.Полторацкая болуы мүмкін) «Семей облысы қазақтарының әдет-ғұрыптары» атты мақаланы жазған автор қалыңмал туралы айта келе былай дейді: «Бұдан шамалылау қалыңмал 77, 67, 47, 37 немесе 27 биеден тұруы мүмкін. Одан төмен қалыңмал болмайды. Дегенмен, бәрі де өзара келісімге байланысты. Кейде кедейлер қалыңмалдың төрттен бір бөлігін ғана төлейді. Қалыңдықтың жасауы да ретіне қарай солай болады. Кейде жасау қалыңмалдан да асып түседі»¹⁸⁵. Қытай зерттеушісі Су Бихай былай дейді: «Өзара алым-берім тұсында жігіт жақ қыздың үй ішіне қанша мал-дүние берсе, қыз жақ соған сәйкес қызға соншалық жасау-жабдық жасайды»¹⁸⁶.

Демек көріп отырғанымыздай, қалың малдан қызға жасау жасалады. Осылайша жат жұртқа барған қыздың ел қатарлы өмір сүріп кетуін, жас отаудың

¹⁸³ Сейдімбек А. /«Ойтолғақ»/ 14.01.1989 жыл/http://el.kz/kz

¹⁸⁴ Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары, жауапты ред: С.Әжіғали. – Алматы, 2006. 2-т. – 163- б.

¹⁸⁵ Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары, жауапты ред: С.Әжіғали. – Алматы, 2006. 2-т. – 43- б.

¹⁸⁶ Су Бихай, Қазақ мәдениетінің тарихы, ауд: Т. Зәкенұлы. – Алматы, 2013. – 451-б.

материалдық жағдайын қамтамасыз етеді. Қазақтың қалың мал талап етуінің түпкі мақсаты да сол.

Қалың малды қалыңдықтың малы деп және жоғарыда айтылған қолданылу аясын негізге алатын болсақ, онда қалың мал дәстүрі ислам дініндегі мәһір дәстүріне сәйкес келеді деп айтуға болады. Мәһір – некелесу барысында немесе кейін өтеу шартымен келісілген қалыңдыққа берілетін дүние-мүлік немесе ақша. Яғни қалыңдыққа берілетін қаражат немесе мал-мүлік. Мәһір дәстүрі арабтарда исламға дейін де болған көрінеді. Бірақ ол кезде мәһір қалыңдыққа емес, қыздың ата-анасына берілетін¹⁸⁷. Бірақ кейіннен ислам діні келген соң оның мәні өзгертіліп, толығымен қалыңдыққа берілетін дүние-мүлік болып бекітілді. Алла тағала Құранда былай дейді: **«Үйленетін әйелдеріне мәһірлерін (қалыңдық сыйын) шын көңілден тарту етіндер. Егер олар өз ризашылығымен сол мәһірдің бір бөлігін өздеріне қалдырса, сендер үшін таза һәм адал. Игіліктеріне жаратып, қызығын көріңдер»**¹⁸⁸, деген. Негізінен қалың мал дәстүрі де түркі халықтарында исламнан бұрын болған¹⁸⁹. Бірақ халқымыз ислам дінін қабылдағаннан кейін, қалың малдың мәһірдің рөліне қарай ойысқанын, сөйтіп қызға жасау ретінде берілетінін көруімізге болады. Құрандағы «Ниса» сүресінің 24-аятында мәһір туралы былай деп айтылады: **«(Сендер үшін) махрам болған әйелдердің (үйленуге болмайтын жақын туыстар)тысындағы әйелдерге мал-мүліктерінен мәһір беріп, зинаға бармай ар тазалығын сақтап үйлену адал етілді. Үйленіп қызығын көрген әйелдеріне міндетті мәһірлерінді беріңдер. Мәһірдің мөлшерін белгілеген соң, өзара келісіп, оның мөлшерін азайтып немесе көбейте түсу сендер үшін күнә емес»**. Міне, осы аятта айтылған мәселе де біздегі қалыңмал дәстүріне сәйкес келеді. Себебі мәһірдің мөлшері Құранмен немесе хадиспен нақты бекітілмеген. Исламда сатылу мен қолданылуына тыйым салынбаған кез-келген нәрсені мәһір ретінде беруге болады. Жылжымалы-жылжымайтын мүлік, әшекей заттар мәһірге саналады. Тек шарифат бойынша тыйым салынған арақ-шарап, арам мал, ұрланған зат сияқты нәрселер мәһірге жатпайды. Жігіттің қызға Құранды, хадисті немесе дінді үйретуі мәһір ретінде саналар-саналмасы жайында ғұламалар арасында әр түрлі көзқарас болған. Дей тұрғанмен, Пайғамбарымыздың (с.а.с) Сахи ибн Сахладты (р.а.) әйелімен Құран үйрету мәһірімен үйлендіргені айтылады¹⁹⁰. Мәһірдің ең көп мөлшеріне ешқандай шек қойылмаған. Құранда: **«Ажырасқан әйелдеріне кезінде үйіп-төгіп мәһір берген болсандар да, одан еш нәрсе алмандар»** делінген¹⁹¹. Яғни, әйелдерге қандай мөлшерде болса да мәһір беруге рұқсат.

Дегенмен, имам Әбу Ханифаның көзқарасы бойынша мәһірдің ең аз көлемі он дирхам (Пайғамбарымыздың кезінде бес дирхам құрбан шалуға татитын бір қойдың құнына тең болған. Авт.) Күміс немесе сол құндағы қаражат, яки мүлік. Қазіргі таңда оның мөлшері 32 грам күміс.

¹⁸⁷ Ақгүндүз А., Башлык// Ислам ансиклопедиси., – Анкара.5-т. – 132-б.

¹⁸⁸ «Ниса» сүресі, 4-аят

¹⁸⁹ Ақгүндүз А., Башлык// Ислам ансиклопедиси., – Анкара.5-т. – 132-б.

¹⁹⁰ Бұхари, Никаһ, 14, 35; Мүслим, Никаһ, 76

¹⁹¹ «Ниса» сүресі, 20-аят

Абдулла ибн Аббастың айтуы бойынша, хазірет Али Пайғамбарымыздың қызы Фатимаға (р.а.) үйленген кезде мәһір ретінде беру үшін өзінің құнды қалқанын сатқан¹⁹². Оның құны 480 дирхам болған. Сол кезде Алла елшісі хазірет Алиге сол ақшасының үштен екісіне әшекейлер мен хош иісті әтір, ал қалған үштен біріне Фатима анамызға киім-кешек алуын табыстаған¹⁹³.

Мәһір некенің шарты емес. Ол – неке қиылғаннан кейін қалыңдыққа тиесілі ақы. Неке барысында мәһір аталмаса немесе белгіленбесе де, неке қиылған болып саналады.

Мәһір – тұрмысқа шыққан қыздың ақысы. Әкесі немесе атасы қыздың атынан мәһірді қабылдай алады, бірақ оны өздері иелене алмайды. Мәһірді иелену тек қыздың өзіне ғана тиесілі. Ал егер қыз өз ризашылығымен берсе, ата-анасының оны алуына рұқсат.

Демек, қалың мал ретіндегі берілген мал-мүлікке ата-анасы қыздың жасауын, яки қажетті заттарын алуға қолданса, оны мәһір деп қарауға болады. Алайда қалың малды қыздың әкесі алып, өз жеке қажеттіліктері үшін қолданса, мәһірге саналмайды. Бірақ жоғарыда айтылған қазақ даласындағы қалың мал көріністерінен оның мәһір ретінде қолданылғанын көреміз. Осыған тағы бір дәлел ретінде қазақтың қалың мал дәстүріндегі ілу беру, сүт ақы беру ғұрыптарын да айтуымызға болады. Себебі күйеу жігіт қалың малдан бөлек қыздың әкесіне сый ретінде ілу, ал анасына сүт ақысы деп сыяпат берген. Мысалы бұл туралы: «Күйеу жақ қалыңмалдың сыртында қыздың әке-шешесіне «ілу», «сүтақы», «той мал» береді. Туыстарына киіт кигізеді, кәде береді»¹⁹⁴ делінген. Ханафи ғалымдарының пікірінше, күйеу жігіттің өз көңіл қалауымен қыздың ата-анасына сый-сыяпат беруіне тыйым салынбаған. Демек қазақ халқының қалың мал беру рәсімі де ислами дәстүрдің аясында орындалған.

Енді қыздың артынан берілетін жасауға келетін болсақ, ол ислам құқығында қарастырылған тақырыптардың бірі болып табылады. Себебі, қыз жасауы материалдық құқық болып табылады. Тұрмыс құрған қыздың артынан жасау апару керек пе? Қыздың жасауын кім әзірлеуі тиіс? Қыздың әке-шешесі ме, әлде күйеуі ме? Қызға берілген мәһірге жасау дайындалуы керек пе? Ерлі-зайыптылар ажырасқан жағдайда қыздың артынан келген жасаудағы мүліктер кімнің иелігіне өтеді? Міне, осы секілді тақырыптар Ислам құқығында қарастырылып, жауаптары нақты айтылған.

Ханафи мәзһабында әйел өзіне берілген мәһірмен немесе өзіне тиесілі дүние-мүлкімен жасау дайындауға міндетті емес. Әкесінің де өз мүлкінен қызына жасау беруі парыз етілмеген. Қалыңдық күйеуінің үйіне жасаусыз да, күйеу жігіттің берген мәһір мөлшеріне сай келмейтіндей жасаумен да бара алады.

Жасауды қыздың ата-анасы өз қаржысынан, жігіттің мәһір ретінде берген қалың малдан дайындаса, бұл дүние-мүлік қыздың меншігі саналады. Әйел күйеуінен ажырасса немесе күйеуі қайтыс болса, өз дүние мүлкін түгелдей қайта алуына құқылы. Сондықтан да қазақ халқында қыз күйеуден қайтып келсе,

¹⁹² Нәсаи, Никah, 76; Әбу Дәуіт, Никah, 24,25

¹⁹³ Ибн Сад, Табақат, 8- т. – 19-б.

¹⁹⁴ Су Бихай, Қазақ мәдениетінің тарихы, ауд: Т. Зәкенұлы. – Алматы, 2013. – 343-б.

жасауымен қайтып келетін жағдайлар орын алған.

Жалпы қазақ халқында қыздың жасауында қайын атасына, қайын енесіне, күйеу жігіттің аға-іні, апа-қарындастарына, жақын туыстары мен таныстарына арналған сыйлықтар, төсек, сәукеле, отау үйдің ағашы, әр түрлісіне тоғыз-тоғыздан киім (ішектер, шапандар, көйлектер), жасауды алып баратын бірнеше түйе, бірнеше жылқы, ерекше безендірілген ер-тұрман, әйелдің үй тірлігіне керек ұсақ-түйектері болады. ал орта дәулетті кісілер қыздарына жасау ретінде отау, 10 шақты түлкі ішік, 20 шапан, жібек маталар, оның ішінде қытай жібегі, қыздың киімдері, 5-6 түйе, жиырма шақты жылқы, 3-4 сиыр, елу шақты қой қосады¹⁹⁵.

Жоғарыда да айтып кеткеніміздей жасау беру – ислам дінінде бар дәстүр. Тіпті Пайғамбарымыздың (с.а.с.) қызы Фатиманы ұзатқанда, оған жасау берген. Оның жасауында: үш көрпеше, бір жайнамаз, бір жастық, екі қол диірмені, бір алаша, бір көрпе, бір сүлгі және үй тұрмысына қажетті ұсақ-түйек заттар болған екен¹⁹⁶.

Ақ неке

Неке арабтың «Никаһ» сөзінен шыққан. Мағынасы «жинау, қосу» дегенді білдіреді. Ал діни термин ретінде шарифат қағидалары мен шарттарына сай үйлену дегенді білдіреді. Ислам дінінде неке адал саналып, ал некесіз ер мен әйелдің бірге болуына тыйым салынған. Себебі, дініміздің мақсаты неке арқылы пәк ұрпақ жетілдіру. Неке адам баласының дүниеге келуі мен өсіп жетілуін қамтамасыз етіп отыратындықтан қоғамның дамуы мен жасампаздығы, ұлттың өркендеуінің бірден-бір факторы болып есептеледі. «Адам ұрпағымен ғана мың жасайды» деген халқымыздың даналығы да осыны меңзейді.

Қазақ халқы некеге қатты мән берген. Ғылыми зерттеулерде халқымыздың хан-сұлтандарымен бірге өздерін мұсылман санап, Құран оқығаны, қажылыққа барып, балаларын медреселерге бергені, оразаларын ұстағаны, некесіз үйленбегені туралы баяндалған¹⁹⁷.

Қазақтың өлең жолдарында:

Патша қызын береді оқып некаһ,

Неке қылмақ Пайғамбар сүннеті хақ,¹⁹⁸ – деп айтылады.

Пайғамбар сүннеті деп білген некені қазақ халқы «ақ неке» деп атаған. Бұл туралы М.Ибраев былай дейді: «Қазақ дәстүрінде жанұя татулығы, оның бірлігі тірліктің дінгегі, болашақтың іргетасы саналған. Мұсылман дінінен талай ғасыр

¹⁹⁵ Лазаревский Ф., Орынбор ведомствосы қазақтарының үйлену салттары//Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары, жауапты ред: С.Әжіғали. – Алматы, 2006. 2-т. – 162- б.

¹⁹⁶ Көксал А.,Хз. Мухаммед ве исламиет, Медине деври. 2-т.– 216-б.

¹⁹⁷ Молдабаева Д., Казакларын зухуру ве казак ханлығынын курулушу, (маг. дис-я), қолжазба құқығында. – Анкара, 2000. 52-б.

¹⁹⁸ Бабалар сөзі. – Астана, 2002-2005. 1-т. –116-б.

әріде қалған, халықтың жазылмаған заңдық жүйесінде «ақ неке» басты орында тұрған»¹⁹⁹.

Халқымыз неке қиярда шарифат талаптарының бәрін бұлжытпай орындаған. Ислам шарифатында некенің дұрыс болуы үшін өзіндік шарттары бар. Сол шарттардың бірі некелескелі отырған қыз бен жігіттің үйленуге ризашылықтарының болуы. Яғни неке қидыруға келісімдерінің болуы қажет. Мұхаммед пайғамбар (с.а.с.) бұл жайында: «*Жесір әйел ұсынысты қабыл етпейінше, ал жас қыздың ризашылығы алынбайынша неке шын мәнінде жүзеге аспайды*» – дейді. Осыны айтқанда сахабалар: «*Уа, Алланың елшісі, жас қыздың разылығын қалай білеміз?*», – деп сұрапты. Сонда Алла елшісі (с.а.с.): «*Жас қыздың рұқсаты – үндемегені*»²⁰⁰, – деген екен. Неке қияр сәтте жас қыз үндемесе онда халқымыз да қыздың келіскені деп білген. Мысалы ел ішіндегі неке қию рәсіміндегі осындай көрініс былай баяндалады: «Көпшілік жағдайда қалыңдық басқалардан ұялып, үндемейді, сұрақтарға жауап бермейді және өзінің күйеуге шығатынына келісімі туралы айтпайды. Бұндай жағдайда оның келіскені немесе қарсы екенін білу қиын, бірақ олардың осы әлсіздігін, әйелдердің ұялатынын білетін куәгерлер молдаға батыл түрде «ол келісті» дейді. Мақұлдаған жауапты алған молда Құраннан дұға оқып, таза судан ішуге алдымен қалыңдыққа, сонан соң күйеужігітке, сонан соң халыққа береді. Қазақтардың некелесуі осылайша болады»²⁰¹.

Шарифат талаптары бойынша неке қияр сәтте кемінде екі куәгердің болуы қажет. Куәгерлердің саны Құранда былай деп айтылған: «**Екі ер адамды куәгер етіңдер. Егер екі ер адам болмаса, өздерің куә ретінде құп көретін бір ер кісі мен екі әйел жеткілікті**»²⁰². Пайғамбарымыз (с.а.с.) хадисінде: «*Неке тек қана куәгерлердің қатысуымен іске асады*»²⁰³, деген. Сондай-ақ некеге қатысқан куәгерлер екі жұптың ризашылығын білдіріп келіскендерін естуі керек.

Ал қазақы неке қию рәсімдері де еш уақытта куәгерсіз атқарылмаған. Яғни шарифаттың бұл талабын да халқымыз мүлтіксіз, тіпті асыра атқарған. Мысалы қазақтың неке дәстүрі туралы келесі мәліметте былай делінеді: «Қыз бен жігіттің жұбайлық өмірінің ең биік асуы – осы неке оқу. Бұрын бірге болуды қойып, теке мүйізін көруге зар еткізетін қалыңдық неке суы ішілісімен күйеудің еркінде. Бұдан бұрын бірге болса, ол – күнә. Ислам дінінен қазаққа сіңген қағидада зина Құдайдың кешпейтін қылмысы. Бұйтуді мұсылмандар кейде намахрам дейді. Некені молда оқиды. Неке оқылған үйге адамдар сиғанша отырады. Бұлар екеуінің қосылғанына куәлік етеді. Куәнің көбі жақсы»²⁰⁴. Келесі мәліметте былай айтылады: «Кешке қарай болыс үй болған кезде молданы шақырады, ал ол көпшіліктен үш куәгерді шақырады, оларға куәгерлердің міндетін – қалыңдықтың яки күйеужігіттің берген

¹⁹⁹ Ибраев М., Сарыарқа қазақтарының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары//Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары, жауапты ред: С.Әжіғали. – Алматы, 2005. 1-т. – 141-б.

²⁰⁰ Насбур-Раиә, 3-т. – 184-б.

²⁰¹ .Бекімов М.Н., Орал облысы қазақтарының үйлену салты//Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. – Алматы, 2006. 2-т. – 211-б.

²⁰² «Бақара» сүресі, 282-аят

²⁰³ Тирмизи, 3/411 хадис 1104

²⁰⁴ Жүнісұлы А., Пәниден бақиға дейін. – Алматы, 2001. – 28-29 б.

жауабын дұрыс жеткізуге тиістілігін түсіндіреді. Молда қалыңдықтың атын айтып, одан «осыған (күйеужігіттің аты) күйеуге шығуға келісесің бе», – деп сұрайды. Куәгерлер қалыңдыққа барып, одан сұрайды. Жауапты алған соң, үшеуі бірге былай дейді:

Куә, куә, куәдірміз,
Куәлікке жіредүрміз,
Таңда Хақ алдында,
Бүгінде халық қасында
Ақ куәлігін бередүрміз»²⁰⁵.

Сондай-ақ неке шарттарының бірі екі жасқа «Сен оны жұбайлыққа қабыл еттің бе?» деген сұрақ айқын қойылып, оған нақты сөзбен «қабыл еттім» деген жауаптар берілуі қажет. Жоғарыдағы мәліметтерден де көргеніміздей бұлай сұрақ қою және соған орай жауап қайтару үрдістері қазақы неке қию дәстүрінде міндетті түрде орын алған.

Ислам шарияты бойынша неке рәсімінде неке қиюшының немесе үлкендердің бірінің сөз сөйлеуі (құтпа айтуы) мұстахап. Бұл құтпада алдымен Аллаға мадақ айтылып, кәлима шәһадәт, Пайғамбарымызға салауат, тақуалыққа, үйленуге қатысты аят хадистердің айтылғаны абзал. Сонымен қатар құтпаның алдында некелесуде сүйіспеншілікке үндейтін және ерлі-зайыптыларға бір-біріне деген міндеттерді түсіндіретін сөздерді қосса нұр үстіне нұр. Неке қиярдан бұрын тек қана Аллаға мадақ айтып, Пайғамбарға (с.а.с.) салауат айтумен ғана шектелуге де болады. Өйткені Абдулла ибн Омар неке қияр кезде: «Ұлық Алла тағалаға сансыз мадақ! Пайғамбарымыз Мұхаммедке Алланың сәлемі мен игілігі болсын! Пәленше сендерден түгенше деген қызды сұрауда. Егер оны ұзатсаңдар, Аллаға мадақ болсын. Егер қабылдамасаңдар, Алланы күллі кемшілік сипаттардан пәктеймін» деген екен. Неке қиғанда ешқандай да құтпа оқып, сөз сөйлемей тікелей некелесу рәсіміне өте беруге де рұқсат етіледі. Өйткені құтпа оқу уәжіп емес. Бұған Сәхи ибн Сағидтың риуаят еткен хадисі дәлел. Пайғамбарымыз (с.а.с.) Сәхи ибн Сағидты (р.а.) әйелімен некелестірген кезде: «*Құраннан жатқа білетін сүрелеріңді мәһір ретінде беріп, сені онымен некелестірдім*» деген. Ешқандай да құтпа оқып, дұға жасамаған. Әбдімүттәліптің қызы Умаманы да құтпа оқымай, некелестіргеніне қатысты хадис бар²⁰⁶.

Қазақ халқының неке қию рәсімінде молда да осы дәстүрді қалт жібермеген. Сондықтан неке туралы деректерде жоғарыда да айтылғандай: «Мақұлдаған жауапты алған молда Құраннан дұға оқып, таза судан ішуге алдымен қалыңдыққа, сонан соң күйеу жігітке, сонан соң халыққа береді», деген мәліметтер келген. «Орынбор ведомствосы қазақтарының үйлену салттары» деген мақаласында Ф. Лазаревский қазақтардағы неке қияр дәстүрін былай суреттейді: «...Тойдан кейін некеқияр болады. Ол былайша өтеді. Киіз үйге қонақтар мен Құран ұстаған молда жиналады. Молданың алдында бос ыдыс тұрады, ыдыстың жанында жерге

²⁰⁵ Бекімов М.Н., Орал облысы қазақтарының үйлену салты//Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. – Алматы, 2006. 2-т. – 210-211-б.

²⁰⁶ Әбу Дәуіт, Никан, 32

қадалған садақ, оның ұшына матаның қиындысы байланған: барлығы түрегеп тұрады. Күйеужігіт шымылдықпен бөлінген, қонақтар оны көре алмайтын киіз үйдің басқа ерекше бөлігіне алып барады: қалыңдық әкесімен, шешесімен және жақын туыстарымен бірге басқа үйде орналасады. Молда екі епті жігітті таңдап алып, қалыңдықтың әкесіне: «Өз қызын пәленше деген адамға беруге келіседі ме?» – деп сұрауға жібереді. Жіберілгендер қайтып келіп, бәрі еститіндей дауыстап, әдетте, ризашылығын білдіретін жауапты жеткізеді. Молда оларды екінші және үшінші қайтара қыз әкесіне сол сұрақпен жібереді. Жауап бір. Содан соң молда қыз әкесінен: «Ол барлық қалыңмалды алды ма және неке дұғасын оқуға кедергі жоқ па?», – деп сұрауға тағы жібереді. Оған да келісімді жауап алғаннан кейін, ол күйеужігітке жіберіп, одан: «Түгеншемен шын ниетімен некеге тұрғысы келе ме?», – деп сұрайды. Содан кейін сол туралы сұрау үшін қалыңдыққа жібереді. Қалыңдық жылап жауап бермеуі керек. Әкесі мен шешесі оны жұбатып: «Айналайын, келісе ғой; сенімен айрылысатынымыз аянышты, бірақ не істейміз, өмір бойы бірге тұрмақ жоқ», – деп келістіре бастайды. Қалыңдық ұзақ жылау мен жалынулардан кейін өз келісімін береді. Содан соң молда мен жиналғандар отырады. Киіз үйге күйеу жігіт пен қалыңдықты кіргізеді. Молда ыдысқа таза су құяды, оның бетін мата кесіндісімен жауып, Құдайдан неке қимақшы жұбайлыққа бата сұрап некеқияр дұғасын оқиды. Дұғаны оқып болған соң, ол қалыңдықтан жүзікті алып, суға батырады да қайтадан өзіне береді. Содан соң күйеужігітке қарап, жұбайлық өмірде келісім болуын, әйеліне сүйіспеншілікпен қарауын, оны қорғап, әрдайым досындай қорғанышы болуының керектігін ескертіп, өсиет айтады...»²⁰⁷.

Осы көріністерден көріп отырғанымыздай, қазақтағы некеқияр дәстүрі толығымен мұсылмандық сипатта болған.

Беташар дәстүрі

Адам баласы өзінен ұрпақ көріп, көбейіп, өсіп өніп, өрісін кеңейту үшін отау тігіп, шаңырақ көтереді. Бұл сонау Адам ата, Хауа анадан келе жатқан табиғи заңдылық. Әйгілі этнолингвист ғалым Әбдуәли Қайдар бұл турасында былай дейді: «Қазақ болмысында тым ерте замандардан бері (аналық дәуірден аталық дәуірге ауысып) келе жатқан бұл дәстүрдің сыртқа көрінісі мен рәсім-кәдесі өзгеріп, ауысып, жаңғырып, жаңаланып отырса да, түпкі мәні – өмірді жалғастыру үшін еркек пен әйелдің ресми түрде бас қосып, ерлі-зайыпты жұбай атануы, дүниеге ұрпақ келтіру»²⁰⁸.

Қазақ халқында ғасырдан ғасырға ауысып бүгінге дейін жетіп отырған отбасылық, құдандалық институт қалыптасқан. Бұл институттың ұлттық болмыспен біте қайнасып кеткен өзіндік ереже-қағидалары, дамыған жүйесі, жан-жақты

²⁰⁷ Қазақ халықының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары, жауапты ред: С.Әжіғали. – Алматы, 2006. 2-т. – 152-153 б.

²⁰⁸ Қайдар Ә., Қазақтар ана тілі әлемінде (этнолингвистикалық сөздік), 1-т. 312-б.

қырланып екшелген жөн-жоралғылары бар. Бұл ережелер қазақ өркениетінің биік өресін, дүниетанымын білдірумен қатар діни саладағы ой-өрісінің тереңдігінен хабар береді.

Үйленіп отау құруға қатысты іргелі дәстүрлердің бірі – беташар. Беташардың өміршендігі оның мазмұнындағы терең идеялық мұраттармен астасып жатса керек. Атадан балаға жалғасатын рухани мұра болып, ел ішінде жазылмаған заң ретінде басшылыққа алынатын бағалы құндылық болумен қатар бұл дәстүрдің астарындағы мазмұны да өте бай.

Басқа қырларын қарастырмай, тек мұсылманшылық тұрғысынан алғанның өзінде беташардың өзегінде – ақ некені жариялау, танысу, жауапкершілік алу, үлкенге құрмет, өсиет айту секілді өте үлкен тәлімдер жатыр. Енді ислам дінінің канондарымен байланыстыра отырып, осы ерекшеліктерге арнайы тоқталайық.

Танысу. Беташардың діни әлеуметтік рөлдерінің бірі – танысу. Танысу – Алла Тағаланың ең үлкен бұйрықтарының бірі хәм Пайғамбар сүннеті. Қасиетті Құранда: **«... Сондай-ақ сендерді бір-біріңмен танысып, табысуларың үшін (хәм біріңе-бірің қамқоршы дос болып, өзара жәрдемдесіп, тату-тәтті өмір сүрулерің әрі жер бетін көркейтулерің) үшін ұлыстар мен руларға бөліп жараттық»**, делінген аят бар («Хужурат» сүресі, 13-аят).

Алланың елшісі (с.а.с.) сенімді дереккөздердің бірінде келген хадисінде былай дейді: *«Кім де кім басқа біреумен бауырлас болғысы келсе, алдымен оның есімін, әкесінің есімін және кімдердің қатарынан екенін біліп алсын. Өйткені осылай жасау сүйіспеншіліктің артуына септігін тигізеді»*²⁰⁹. Құран мен сүннетте айтылған бұйрықты іске асырудың өркениетті түрде шешілген бір жолы – осы беташар. Өйткені жаңа түскен жас келін бөтен елден бөтен елге келеді. Бұрын соңды таныс емес жұртқа келеді. Ал өзі жаны нәзік әйел заты болған соң ел-жұртпен танысу процесі қалай жүрмек керек. Жас екен деп, қыз бала екен деп оны ешкімге көрсетпей, үйден шығармай қамап қою жөн емес. Әр үйді аралап жаңа келінді таныстырып шығу әдепке теріс. Енді не істеу керек? Міне, осындай жағдайда беташар дәстүрінің қаншалықты маңызды іс-шара екеніне көз жеткізуге болады.

Ақ некені жариялау. Ислам шариғатындағы неке шарттарының бірі – жариялау. Бір еркек пен бір әйелдің ешкімге айтпай, жасырын үйленуі толық некеге жатпайды. Біреудің ұлы үйленіп, келін түсіргенін дүйім жұртқа паш етудің бір жолы – беташар. Ауыл тұрғындарын, туған-туыс, ағайынды, көптеген мұсылман жұртшылығын бір жерге жинап осындай маңызды іске шақыру жақсылыққа күә болудың да көрінісі. Қазақ халқының түсінігінде осынша жұрт тек мына дүниеде ғана емес, арғы өмірде де бұл күәліктің маңызы бар. Жалпы Ислам дінінде әділ күәліктің алар орны ерекше. Қасиетті Құранда: **«Уа, иман еткендер! Күәлік еткендерінде әділдікпен Алла үшін мықты тұрындар!»** делінген²¹⁰. Екі адам маңызды мәмлеге келіп жатқанда үшінші адам оған күәлік жасайды. Тіпті адам баласы мына дүниемен қоштасып, ақтық сапарға аттанар шақта өсиет айтар болса, оған да әділ күәлік тартылады. Беташар дәстүрінде жиылған көпшілік жастардың

²⁰⁹ Тирмизи, Зүһд, 54 / 2394

²¹⁰ «Мәйида» сүресі, 8-аят

үйленгеніне, Алла алдында бірі ер, бірі әйел болғанына куә болады.

Үлкенге құрмет. Үлкенге сәлем салу – құрметтің белгісі. Бұл – сүннет. Ардақты Пайғамбарымыз (с.а.с.) былай деген: «*Кім де кім үлкендерді құрметтемесе, кішіге ізет көрсетпесе - бізден емес*». Беташар кәдесінде келіннің иіліп сәлем салуы үлкенге құрметтің ерекше бір формасы. Жалпы алғанда, келіннің сәлем салуы – қазақ қоғамындағы отбасы саласын жүйелеп, реттеуге бағытталған нормалардың бірі. Сәлемді жай ғана иілуден тұратын жалаң форма деп санауға болмайды. Бқыласпен салынған сәлемнің астарында кішіпейілдік пен мейірбандылық, ізет пен иба, ақ көңілділік пен жан тазалығы секілді неше алуан ізгі қасиеттер жатады. Қазақ халқы ғасырлар бойы осындай ұлы үрдісті жоғалтпай, көздің қарашығындай сақтап келеді.

Жауапкершілік алу. Үйлену, отау тігу жеңіл қарай салатын оңай шаруа емес. Өзіңнен кейін келер талай ұрпақтың бастауы – ақ неке. Қазақ халқы он үште отау иесі деп мақалдағанда, он үштегі ер азаматтың ең алдымен өз ісіне жауап бере алатындай ақыл тоқатқандығын ескерсе керек. Өйткені шаңырақ көтеру жауапкершілігі мол іс. Некелері қиылатын екі жас неке қиылатын жерде бар болуы, екі жақтың бірі үйленуге қатысты қалауын білдіруі, ал екінші жақтың оған «қабыл алдым» деп нақты келісімін білдіруі - неке талаптарының бірі. Осы талап орындалған күннен бастап некесі қиылған ерге де, әйелге де үлкен жауапкершілік жүктеледі. Мұхаммед Пайғамбардың (с.а.с.) бір хадисінде: «*Сендердің әрқайсыларың бақташы секілдісіңдер және әрқайсың өз қоластыңдағыларға жауаптысыңдар...*» деп баян еткені осыдан. Қасиетті Құранның да көптеген аяттарында ер адамдарға отбасы, әулетті тәрбиелеу, оларды күнәлі қиянат істерден сақтау секілді нұсқаулар берілген. Мұның астарында да жауапкершілік сезімі жатыр. Беташар рәсімінде осы жауапкершілік жаңа құрылған отбасы мүшелеріне дүйім жұрттың көзінше жүктеледі. Бұл дәстүрдің әлеуметтік өмірдегі бір маңызы осында.

Өсиет-насихат айту. Беташар жырында өсиет-насихат айтылады. Шарифат тілімен айтқанда, жақсылыққа шақыру, жамандықтан қайтару процесі жүзеге асады. Қасиетті Құранда былай делінген: «**Сендер (мұсылман үмбеті) адамдар арасынан шыққан жақсылыққа шақырып, жамандықтан тыятын, Аллаға сенген қайырлы үмбет болдыңдар**»²¹¹. Беташар жырының мазмұны ғылыми-академиялық тұрғыдан арнайы зерттеу нысанына алынса, оның астарынан бүкіл өмірге тәрбие боларлық қаншама мәнді өсиеттер табылары даусыз. Бұл жырдың көпшілікке таныс бір бөлігінде былай делінеді:

Шу-шу болар, шу болар ,
Құлағыңды бері сал,
Асылыңды кері сал!
Ата-енеңмен ұрыссып,
Қақаңдама, келінжан!
Үй артына мал келсе,
Бақаңдама, келінжан!
Таңертең тұрып, келінжан!

²¹¹ «Әли Имран» сүресі, 110-аят

Құрт ұрлама, келінжан!
Өзің жатып, байынды
«Тұр-тұрлама!» -, келінжан!
Аузы- мұрның сүйрендеп,
Өсек айтпа, келінжан!
Қайын ағаңның алдынан
Кесіп өтпе, келінжан!
Сары етігің салпылдап,
Сазды баспа, келінжан!

Бұл мәтіннің мазмұнында ата-енені сыйлау, көк езу болып ешкімменен ұрыспау, рұқсатсыз зат ұрламау, өсек айтпау, үлкенді сыйлау, тазалыққа мән беру секілді тәрбиелік маңызы бар қағидалар ұйқасты көркем сөзбен берілген. Ал енді бұл жыр домбыраның қоңыр үнімен, айтушының қаңқылдаған әуезді дауысымен ұштасқанда, оның эмоциялық әсері мол болады.

Қысқарта айтқанда, беташар деген бір ғана дәстүрдің астарында осыншалықты көл көсір тәрбиелік мән жатыр. Сондықтан бұл дәстүрді ислам дінінің қағидастарына да, адами қасиеттерге де теріс келеді деп күнкілдеу дұрыс болмайды.

Келіннің сәлем салуы

Қазіргі таңда кейбір «діндарлар» арасында «келіннің иіліп сәлем салуы ширк немесе ол харам» деген секілді пікірлер тарап, көптеген дау-дамайдың туындауына себеп болуда. Осының салдарынан дінді сырттан оқып келген, кейбірінің ұлты да бөлек білгіш сымақтардан үйреніп жүрген жастарымыз қазақтың салт-дәстүрлеріне үрке қарап «Дәстүрді діннен жоғары қоймайық, шынында да ертең ақыретте сәлем салу серік қосу болып қалса не істейсіңдер?» деген секілді білімсіз, ешбір дәлелге сүйенбеген пікірлерді алға тартып, діннің қамын жеп жүргендей алаңдаушылық білдіруде. Осыған орай ҚМДБ сайттарында арнайы пәтуа беріліп, шарифат ілімдерін оқып келген білімді азаматтарымыз дәлелдерімен жауаптар беріп жатса да, уаххабилік идеологияның жұқпалы індетіне шалдыққан кейбір жастарымыз сол баяғы сырттан келген елдің дәстүрін, тұрмыс-салтының мән-мағынасын түсінбейтін «интернет шейхтарынан» сұрауға құмбыл тартып тұрады. Сондықтан осы мәселеге қысқаша талдау жасай кетейік.

Тәрбие-тәлімге толы қазақтың жақсы салттарының – бірі келіннің түскен шаңырақтың үлкендеріне иіліп сәлем салуы. Иіліп сәлем салып құрмет көрсеткен ибалы келінген өз кезегінде үлкендер «*Өркенің өссін!*», «*Бақытты бол!*», «*Ұл тап*», «*Көп жаса, қарағым*» деп жақсы тілек айтып, ризашылығын білдіріп, дұға тілейді.

«Келіннің сәлемінің қазақ үшін оның құндылықтарының сақталуындағы орны ерекше. Бұл салт-дәстүрдің, туыстық құндылықтарды анықтауыш ретінде, қала берді, қыздың жат жұрттағы, отбасындағы, әулеттегі орнын айқындайтын мәні бар және ол жалпы қазақ мәдени ерекшелігінің көрінісі. Келін өзінің сәлемімен, тек

өзінің отбасы мүшелеріне ғана емес, сол әулеттің бірлігі мен ынтымағына да қызмет етеді. Келіннің сәлемі өз күйеуінің амандығы мен абыройына деген қатынасын көрсетеді. Сонымен қатар өз ерінің отбасы, әулетіндегі орнын да осы келіннің сәлемі анықтайды. Келін мен күйеуі арасында тату, тәтті неке, сүйіспеншілік пен құрмет болса, келіннің сәлемі де түзу болады. Осыған қарап, отбасындағы береке, ынтымақ, бірлік психологиясы орнығады. Жалпы келіннің сәлем салуы кең мағынада қазаққа ұлттығын сезіндіріп тұрса, тар мағынада, әулеттің туыстығы мен бірлігіне, қала берді өз отбасы ет жақындарының ынтымағына, өз күйеуінің абыройына қызмет етеді. Бұл дәстүрдің қазақтың ұлттық құндылығының сақталуы мен баяндылығына ықпал етері сөзсіз»²¹².

Ендігі кезекте мәселеге шарифаттың өлшемдері тұрғысынан қарайық. Ең әуелі әуелі мына мәселені айта кетейік, иіліп сәлем салу әрекетінің өзі ақида мәселесі болмағандықтан, ол ширкке жатпайды. Өйткені Құран кәрімде Адам атаға періштелердің сәжде жасағандығы, Жүсіп пайғамбар түсінде өзіне аспандағы он бір жұлдыз, күн мен айдың сәжде еткендігін көріп, кейіннен сол көрген түсі шындыққа айналып бауырларының сәждеге иіліп сәлем берулері адамның алдында сәжде жасаудың өзінің серік қосуға жатпайтындығын білдіреді. Егер иіліп сәлем салу ширкке жататын болса, Алла тағала періштелеріне Адам атаға сәжде жасатпас еді. Сонымен қатар Жүсіп пайғамбар да бауырларының өзіне сәжде жасап, иілулеріне рұқсат етпес еді. Жоғарыда айтып өткеніміздей, барлық пайғамбарлардың діні таухид, бір ғана Құдайға илануды білдіретін сенім жүйесі болып табылатындықтан, ақидалық мәселелерде алдыңғы пайғамбарларда ширкке есептелмейтін нәрселер, біздің шарифатымызда ширкке айналмайды. Сондықтан бұл мәселе ақидаға емес, шарифаттың харам немесе халал бөліміне жатады.

Екіншіден ислам шарифатында қандай да бір іс-әрекетті «харам» деу үшін оған кесімді (қатғи нас), бұлтартпас дәлел қажет. Біздің «сәләф» бауырларымыздың осы мәселеге қатысты келтіріп жүрген мына екі хадисіне зер салып қарар болсақ, оның кесімді, нақты дәлелге жатпайтынын көре аламыз:

1. Имам Тирмизи риуаят еткен мына бір хадис: *«Бір кісі Пайғамбарымызға (с.а.с.): Бізден бір кісі өзінің бауырымен яки досымен ұшырасқанда оған (сәлем берген кезде) иіле ме? – деді. Пайғамбарымыз (с.а.с.): «Жоқ», – деді. Ал оны құшақтап, (бетінен) сүйеді ме? – деп тағы да сұрақ қойды. Пайғамбарымыз (с.а.с.): «Жоқ», – деді. Ал қолын алып амандаса ма? – деді. Пайғамбарымыз: «Иә», – деп жауап берді»²¹³. Бұл жердегі хадистің сөздеріне зер салып қарар болсақ, иіліп сәлем беру харам деген нәтиже шықпайды. Өйткені Пайғамбарымыз (с.а.с.) құшақтау және бетінен сүйеге қатысты сұраққа да «жоқ» деп жауап берген. Сонымен қатар, бұл хадисті әлсіз деген ғалымдар да бар. Сондықтан мағынасы кесімді емес, түрлі жорамалға ашық, оның не үшін, қандай жағдайда айтылғанын да білмей жатып, бір ғана хадиске сүйеніп қандайда да бір іске «харам» деп айтуға болмайды. Егер мәселені жан-жақты сараламай, бір-екі ғана хадиске негіздеп пәтуа беріле берсе онда «Сырттан келген адамға тұрып құрмет көрсету», «қабірлерді зиярат ету»,*

²¹² Кенжетай Д., Зайырлы ел – қайырлы ел. – Астана, 2017. – 236-б.

²¹³ Тирмизи, Сунән, 2728-ші номерлі хадис, 5-т. 75-б.

«өлген адамның артынан жылау» және тағы басқа көптеген мәселерде кейбір хадистерді ғана негізге алып, оның түпкі мәні мен мақсатына үңілмей бір жақты асығыс шешім шығарған боламыз. Алайда мұсылман ғалымдары осы мәселелердің түрлі жағдайларда айтылуына орай, мұндай мәселелерге әр түрлі пәтуалар берген.

2. *Сахаба Мұғаз ибн Жәбәл (р.а.) Шамнан оралған кезде Пайғамбарымызға (с.а.с.) сәжде жасайды. Ардақты елші (с.а.с.) оның сәжде жасауының мәнісін сұрағанда ол христиандардың өз дін басыларына осылай сәжде жасайтындықтарын, мұны өз пайғамбарларынан алғандықтарын айтқан кезде Алла елшісі оған: «Бұл – пайғамбарлаға жабылған жала. Егер біреудің екінші бір адамға сәжде жасауын бұйырар болсам, мойнындағы ақысына байланысты әйелдің күйеуіне сәжде жасауын бұйырар едім. Әй, Мұғаз, Алладан басқа ешкімге сәжде жасалынбайды!» – дейді²¹⁴.*

Хадистен көріп тұрғанымыздай бұл жерде сәжде жасауға тыйым салынып тұр. Ал, біздің қазақы түсініктегі сәлем салу Құдай тағаланың алдында құлшылық мақсатымен илуге қатысты сәждеге де, рукуғқа да жатпайды. Сондықтан оның харамдығына қатысты кесімді түрде келген ешқандай да дәлел жоқ.

Үшіншіден бұл – ислам шарифатындағы харам-халалға немесе ақида мәселесіне тікелей қатысы жоқ тұрмыстық мәселе. Ондай тұрмыстық мәселелер әр елдің өз тұрмыс-салт ерекшелігіне қарай шешіледі. Ислам шарифатында көптеген мәселелердің пәтуалырының әр түрлі болып келу себептерінің бірі де осында.

Төртіншіден кез келген мәселе ниетке қарай өзгереді. Мәселен, егер сіз намаздың өзін елге көрсету үшін оқысаңыз, ол құлшылығыңыз күнәға айналады, ал ішіп-жеу, ұйықтау секілді мәселенің өзін Құран мен сүннетке сай жасасаңыз ол іс-әрекетіңізге сауап аласыз. Осы тұрғыдан алғанда келіннің сәлем салуындағы ниеті құлшылық емес, ол тек қана құрмет көрсетуді білдіреді. Сондықтан оны «харам» немесе ширк деп айту негізсіз.

Келіннің иіліп сәлем салуы – қазақтың имандылығы, ибалылығы мен асылдығынан, үлкенді құрметтеп, кішіге ізеттілік көрсетуден туындаған, тәрбиелік мәні жоғары жақсы әдет-ғұрыптардың бірі. «Аллаға ғана сыйыну керек» деп сыйыну мен сыйлауды ажыра алмайтын осындай ора шолақ «діндарлардың» үлкенді және жалпы адамдарды сыйлау мен құрметтеуді ұмытып, Алланың ең қаламайтын ісі – тәкаппарлыққа бой алдырып жатулары, дін деген қастерлі ұғымның не кенін толық түсінбей жатып, «дін үшін» деп ойлап, сауатсыздықпен астамшылыққа барулары өкінішті-ақ. Мұсылманға көркем мінезділік қана жарасады. Өйткені ең соңғы Пайғамбардың (с.а.с.) жіберілуінің де негізгі мақсаты сол еді. Иман құлшылықты, ал құлшылық көркем мінезділікті қажет етеді.

Әмеңгерлік: «Әйел ерден кетсе де, елден кетпейді»

Әмеңгерлік дегеніміз – ері дүниеден өткен әйелдің қайын ағасына яки қайын інісіне өз келісімі мен ризалығын беруі арқылы некелесуі. Мұның астарында

²¹⁴ Әбу Дәуд, Никах 40; Тирмизи, Рада 10; Ибн Мәжә, Никах 4

«Өзіміздің әулетіміздің жесірін жылатпаймыз, жетімімізді өзгенің есігінің алдына телміртпейміз» деген ұстаным жатыр. Бұл ерте заманнан бері келе жатқан, жалпы түркі жұртшылығына тән дәстүр. Бұл жайында әлем халықтарының тұрмыс-салттарын зерттеген ғалымдар көптеген ізденістер жасап, түркі тілдес халықтарға ортақ һәм монғолдардың арасында да осы дәстүр бар дегенді айтады.²¹⁵ Қазақта «Аға өлсе жеңге мұра, іні өлсе келін мұра» деген нақыл бар. Осы жерден-ақ күйеуі өлген әйелді не қайын ағасы немесе қайын інісі алатыны мәлім болып тұр. Мұра есебінде тек әйел ғана емес, онымен бірге бала-шағасы, мал-мүлкі де өлген адамның ең жақын мұрагеріне тиеді. Ағалы-інілі адамдар бірінің баласын бірі әрдайым балам дейді. Әсіресе ағасына інісінің баласы тек қана бала қатарында болса, інісіне ағасының баласы іні қатанда болады. Сондықтан әкесі өлген жас балаларға жетімдік көрсетпеу үшін, әсіресе, олардың жас шешесі бөтен елге кетіп, мал-мүлікті бөтенге олжа, жас балаларды жат бауыр етсізбеу үшін жесірді ешқайда жібермей, жақын әмеңгерді иемденуге тырысады.

Жесір әйелге күйеуінің барлық туыстары әмеңгер болып есптеледі. Бірақ олардың құқы туыстық жақындығына байланысты болады. Ең алдымен күйеуінің бірге туған аға, інісі, ағасының баласы, немере, шөбере туыстары, одан қала берді аталас жақындарының жесірге иелік етуге әмеңгерлік қақы болатын. Күйеуі өлген жесір әйелді алудың толып жатқан тәртібі бар. Әмеңгерлік әдет – күйеуі өлген әйелдердің барлығына бірдей жүреді. Күйеуі өлген әйел, қайтыс болған ерінің жылы өткізілген соң күйеуінің бірге туған аға-інілерінің біріне немесе басқа жақын туыстарына тұрмысқа шығады. Дәстүр бойынша жесір қалған әйел ең алдымен күйеуінің ағасына тұрмысқа шығуы керек. Ал егер әйел қайнағасына емес, қайнысына тұрмысқа шыққысы келсе, оған қарсылық жасалмайды, бірақ, жеңге алған інісі ағасына жолы деп тоғыз бас мал беретін болған. Жесір тұрмысқа әмеңгерлік жолмен шыққысы келмесе оған ешкім қарсылық жасамайды, бірақ бөтен адамдармен байланыспауын қатаң қадағалайды. Сонда да жесір басқа біреуге тұрмысқа шыққысы келсе, оған тыйым салмағанмен, мал-мүліктен етшене бермеумен ғана шектелмей, оның тиетін күйеуінен толық қалыңмал алады. Бұдан кейін жесірдің ең алдымен қайнағасын, қала берді қайныларына еркімен тұрмысқа шыға алады. Баласыз қалған жесірдің күйеуінің туған немере, шөбере туыстарына өз еркімен шығатын және мұндай әмеңгерлер болмаған күнде бөтен біреуге шығуына да қарсылықтың болмайтын. Баласы бар жесір әйел тұрмысқа шықпаймын десе, оған зорлық болмайды. Егер ұл бала болмай, тек қана ылғи қыздар болса, туысының ер баласын бауырына салып, асырап алады. Әмеңгерлік жолмен тұрмысқа шыққысы келмей, басқа біреуге тұрмысқа шығуды қалаған жесірді шама келгенше жібермеуге тырысады. Кейбір жағдайларда зорлықпен қосуға тырысатын жағдайлар орын алған. Бірақ, бүкіл халық осылай зорлап қосатын еді деген дерек ешқандай шындыққа жанаспайды. Себебі, дінімізде екі тараптың ризалығынсыз неке жарамсыз болады. Мұны ескерген бабалармыз, әмеңгерлік жолмен неке қияр тұста да екі жақтың келісімін басты назарда ұстаған. Мұндай мәселелер жесір

²¹⁵ Абрамзон С.М., «О пережитках ранних форм брака у киргизов. История, археология и этнография Средней Азии». – Москва, 1968.– 282-291 б.

әйелдің өз пікірін еске ала отырып, ағайынды адамдардың арасындағы ақыл-кеңестің нәтижесінде, күйеуі өлгеннен кейінгі бір жыл ішінде шешілетін. Егер жасы келіп қалған әйел ешкімге шыққысы келмесе, күйеуінің түтінін түтетіп отыра бергісі келсе, оған қарсы болмайтын. Мұндайда жесір әйелді ұстап тұрудың бір жолы деп әмеңгерінің бір баласын беріп, сырттай қамқорлық жасайтын²¹⁶. Байқап отырсақ осыншалықты дәстүрдің барлығы, заң-ережелердің бүкілі әйел адамның арнамысын қорғау, жетімдерді далаға телміртпеу екені ұғынылады. Бұл дініміздің ең басты қағидаттарының ішінде орын алады. Ардақты пайғамбарымыз – жетімдерге әке бола білген абзал адам. Тіпті пайғамбарымыздың көп әйелге некелесуінің түбінде осындай хикметтер жатыр. Яғни, күйеуі майданда мерт болған жанның отбасына, бала-шағасына қамқорлық көрсетіп, дұрыс тәлім-тәрбие беру. Осының барлығын егжей-тегжейлі зерттеп-зерделеген бабаларымыз, әмеңгерлік деген атаумен мұны қатаң ұстанған. Тіпті, қазақ ғұламалары Тәуке ханның тұсында қабылданға «Жеті жарғы» заңдарының ішінде ері қайтыс болған жесірдің елден кетпеуін, күйеуінің қандас туыстарының біріне күйеуге шығуға міндетті екені көрсетілген дейді. Бұл бір жағынан қоғамдағы береке мен бірліктің көрінісі болса, екінші жағынан жетім балалардың бетімен кетпеуін, жесір қалған әйелдің тұрмыс қысқан, тапшылыққа ұрынған сәттерінде басын тау-тасқа ұрып бұзылып кетпеуінің алдын алу болып саналады. Ардақты пайғамбарымыздың немересі Умму Күлсім күйеуі Мухаммад ибн Жағфар қайтыс болғаннан кейін оның бауыры Абдулла ибн Жағфарға тұрмысқа шыққан. Сол себепті, мұндай неке шарифат тұрғысынан да, жалпы адамзаттық құндылықтар тұрғысынан да құпталады. Құнанбай атамыздың туған інісі Құтпамбет (Құлмұханбет) қайтыс болған соң, атастырылып қойылған, «қыздай жесір» қалған Ұлжан анамызды алып, отау көтерген. Осы саф некеден Абай сынды дана адам дүниеге келді! Қазақтың белгілі ағартушысы Ыбырайдың әкесі Алтынсары дүние салған соң, анасы Айман Шегенқызы сол кезгі әмеңгерлік салты бойынша қайнысы Қошанға шығады. 1965-жылы жарық көрген «Айтыс» кітабында Күзен – Кете Жүсіп Ешниязұлының жеңгедей алған әйелі, Шөмішті Керейіт елінің белгілі адамы Алпысбайдың қарындасы, деген деректер бар²¹⁷. Қазақ мәдениетін зерттеуші Ақселеу Сейдімбек күнделігіне: «Әкем мен туған түннің шілдеханасында болып, ертеңіне соғысқа аттаныпты. Содан кешікпей қара қағаз келсе керек. 17-18 жасында жесір қалған шешемді әмеңгерлік жолымен соғыстан жеңіл жараланып қайтқан бір ағайынға қосып, мені әкемнің туған ағасы Аманбек өз тәрбиесіне алыпты», деп жазады. Қарап отырсаңыз, қазақ даласындағы шарифатпен астасқан дәстүрлеріміз бүгінгі таңға дейін жалғасын тауып келгендігін аңғарасыз. Алла Тағала «Мағун» сүресінде: **«Сондай дінді өтіріксінгенді көрдің бе? Міне, сол жетімді қақпайлайды, Міскінді тамақтандыруға қызықпайды»** деп, жетімді ренжітудің дінді жоққа шығарумен бірдей екенін меңзесе, «Духа» сүресінде **«Ендеше жетімді қорлама, сұраушыны зекіме!»** деп анық бұйырады. Құранда бұйырылғанды бұлжытпайтын пайғамбарымыз: *«Мен жетім мен әйел сынды екі*

²¹⁶ Арғынбаев А., Қазақ халқындағы семья мен неке. – Алматы: «Ғылым» баспасы, 1973. – 326 б.

²¹⁷ Айтыс. – Алматы «Жазушы» баспасы, 1965. 1-т. – 352 бет.

*топ әлсіз адамдарға қысымшылық көрсетуге тыйым саламын»²¹⁸ десе, басқа бір бір хадисінде «Жәннәтта жетімді асырап алып, оған қамқорлық жасаған жанмен былай тұрамын»²¹⁹ деп, сұқ саусағы мен ортаңғы саусығының арасын біріктіріп көрсеткен. Байқасақ, ислам діні секілді жетім мен жесірдің ақысына аса мән берген бірде бір жүйені таба алмайсыз. Осындай қуатты жүйеден нәр алған бабаларымыз өз араларында «Әйел ерден кетсе де, елден кетпейді»²²⁰ деу арқылы әмеңгерлік деген ұлы жауапкершілікті дәстүр ретінде қалыптастырды. Әмеңгерлік дәстүрі бойынша жесір әйелдің балалары жаңа әкесінің қамқорлығына өтіп, «жетім» деген аттан құтылды. Осылайша балалар да, жесір әйел де тұрмыстың тауқыметінен, пенделердің сыпсың сөзі мен түртпегінен ада тұрады. Бұл қалыптасқан жүйе қоғам ішінде жеңіл жүрісті әйелдердің болмауына, жалпы әйел баласының абыройы мен беделінің сақталуына да себеп болды. Кезінде «ескіліктің қалдығы, надандықтың көрінісі» деп айыпталған бұл дәстүрге қазіргі күннің биігінен қарасақ, адамгершілік пен иман талабы тұрғысынан қарасақ: «тамаша дәстүр!» демеске амал жоқ. Әмеңгерлік жолмен бауырының баласына әке болған адам үшін ол балдырған – өз перзентімен бірдей. Өйткені өз қаны, өз бауырының көзі! Тағдыр қосқан жұбайын да, қанатының астына алған балапанын да ол басқа кез-келген еркек атаулыдан артық бағып-қағады! Себебі, Құдайдан қорқады, үлкендерден именеді әрі бауырының әруағынан ұялады! Міне, бабалар дәстүрі дүние мен ақыреттің мәселелерін осыншалықтың даналыққа сай реттеп отырған. Мұның барлығына өлшем беріп, ынталандырып отырған ардақты пайғамбарымыздың мынадай хадистері болса керек: «*Кім Құдай үшін деп, бір жетімнің басынан сипаса, қолы тиген әрбір шашындай сауапқа ие болады*»²²¹, «*Жесір мен жетімге көмектесу – Алла жолында жиһад жасағанмен тең*»²²², «*Жетім мен жесірдің ас-суы мен киім-кешегі үшін еңбек еткендер – Алла жолында жиһад жасап, түні намазбен, күндігі оразамен өткен адам секілді*»²²³.*

2.2. Өліге құрмет – тіріге міндет

«Ноқталы басқа бір өлім»

Қазақ «Өмір бар жерде, өлім бар» дейді. Өмірде әрбір жан өлімнің дәмін татады. Ол дәлелдеуді қажет етпейтін аксиома. Адам өз өмірінің қашан аяқталатынын білмеуі Жаратқанның жасаған үлкен сыйы деп білген жөн. Егер адам қашан бұл дүниеден өтерін болжап, ертеден бастап біліп отырса, одан асқан

²¹⁸ Әбу Дәуд, Сунан. – Бәйрут: «Дәрул Фикр», 1992.

²¹⁹ Имам Бұхари, Мухтасар Сахихул-Бухари. – Дамаск: «Дәрул-Мустафа» баспасы. 2011. – 735-б.

²²⁰ Кейкін Ж., Қазақ мақал-мәтелдерінің Алтын кітабы. – Алматы: Аруна, 2014. – 632-б.

²²¹ Имам Бұхари, Мухтасар Сахихул-Бухари. – Дамаск: «Дәрул-Мустафа» баспасы. 2011. – 735-б.

²²² Мұхаммид ибн Иса Әбу Иса әт-Тирмизи, Сунанут-Тирмизи. – Бейрут: «Дәрул-ихиаайт-тура-сил-араби» баспасы, 1990.

²²³ Имам Бұхари, Мухтасар Сахихул-Бухари. – Дамаск: «Дәрул-Мустафа» баспасы. 2011. – 735-б.

қасірет жоқ шығар.

Өлімнің ақиқат екені баршаға аян. Құранда да бұл ақиқат баян етілген: «Әрбір тірі жан (бір күні) өлімнің дәмін міндетті түрде татады». Өлімнің ақиқат екендігіне қатысты Шал ақын/Тілеуке Құлекеұлы/ бабамыз өзінің «Жігіттерге өсиет» атты өлеңінде былай дейді:

*Өлімнен құтылмассың қаишаң дағы,
Атадан арыстандай ассаң дағы.
Алладан шыныменен жарлық келсе,
Жұлдыз да жерге түсер аспандағы.*

Өлім – жоқ болу дегенді білдірмейді. Өлім бар болғаны бір әлемнен екінші бір әлемге қоныс аудару. Яғни рухтың денеден ажырауы. Сондықтан дана халқымыз өмірден озған адамға өлді демейді, қайтыс болды дейді. Бұл да Құран тәліміне толықтай сай келеді. Құранда: «**Шүбәсіз, бәріміз бір Аллаға тиесіліміз (Оның басыбайлы құлымыз) және түбінде Оған қайтамыз**»²²⁴ дейді. Қазақтың ұлы ойшылы Абай Құнанбаев осы ақиқатты былайша керемет тілге тиек еткен:

«Өлсе өлер табиғат, адам өлмес
Ол бірақ қайтып келіп, ойнап құлмес.
«Мені» мен «менікінің» айрылғанын
«Өлді» деп ат қойыпты өңкей білмес..»²²⁵

Адамның өлімді еске алуы – мұстахаб амалға жатады²²⁶. Бұл Пайғамбарымыздың (с.а.с.) мына хадистеріне негізделіп айтылған. Әбу Һурайрадан жеткен хадисте Алла елшісі (с.а.с.): «*(Жалған дүниенің) ләззатын ұмыттыратын (өлімді) жиі естеріңе алыңдар*»²²⁷, деген. Сағд ибн Масғұдтан жеткен басқа бір хадисте: «*Алла елшісінен (с.а.с.): «Адамдардың ең ақылды әрі парасаттысы кім?»*, – деп сұралған кезде: «*Өлімді көп еске алып, оған ең жақсы дайындық жасаған адам*»²²⁸, – деп жауап берген.

Хадиске назар аударсаңыз, өлімді көп еске алатын адам – парасатты әрі ақылды адам деген айрықша сипатқа ие болғанын көресіз. Алла елшісінің (с.а.с.) бұл сөзінің астарында үлкен даналық жатыр. Өйткені өлімді жиі еске алатын адам күні ертең бұл дүниемен қош айтысып, Раббысының құзырына баратынын, әр сөйлеген сөзі мен әрбір жасаған амалы үшін есеп беретінін жадынан бір сәтке де шығармайды. Нәтижесінде, өмірін ретке келтіріп, әр ісін жүйелеп, басқан әрбір қадамын қадағалау арқылы салиқалы да саналы өмір салтын ұстануға тырысады. Жақсылыққа шақырып, жамандықтан тыюмен адамдарды надандық құрсауынан құтқарып, өзінің адамдық борышын орындау арқылы ар-ұяттың символына айналады. Ал өлімді естен шығарған адам өлместей болып, омыраулап шатып, әлі келгенше күнәнің батпағына белшесінен былғанады. Өлімді естен шығарумен бірге

²²⁴ «Бақара» сүресі, 156-аят

²²⁵ Құнанбайұлы А. Өлсе өлер табиғат, адам өлмес. Он ғасыр жырлайды. – Алматы, 2006. – 262-б.

²²⁶ Әл-Муғни: 2/448. Кәшшафул Қаннағ: 2/87.

²²⁷ Тирмизи, зүһд 4.

²²⁸ Мустадрак, Хаким. Сунан, ибн Мәжа.

сауап, ғибадат деген ұғымдарды да ұмыт қалдырып, ең аяғы – адал мен арамның аражігін ажыратуға қауқар таныта алмайтын жағдайға жетеді. Бұл ақиқатты Шәкәрім Құдайбердіұлы бабамыз өзінің «Тойымсыз нәпсі, тұрақсыз дүние» атты өлеңінде былай деп жырлайды:

*Өлімнің хақ екенін көрсең де,
Өлместей омыраулап, шатасың.
Дозақтың барын біліп жүрсең де,
Күнәға, әлің келсе, батасың.*

*Жалғанның бір пайдасын көргенде,
Арланбай арыңды да сатасың.
Алланың ақ өлімі келгенде,
Амалсыз қара тастай қатасың²²⁹.*

Өлімге деген дайындық: Жалғандықтың қараңғылығынан ақиқаттың нұрына шығумен, күнә жасауды доғарып, тәубеге келумен, сондай-ақ, Алланың әмірлерін орындап, салиқалы амалдарды жасауға ұмтылумен жүзеге аспақ. Құранда Алла тағала: «**Ендеше, кімде-кім Раббысымен қауышуды үміт етіп, қаласа, игі істер істесін һәм Раббысына жасаған құлшылығында Оған ешкімді (және еш нәрсені) серік етіп қоспасын**», – деп айт», – деп баяндаған.

Адамның Раббысына мінажат етіп, ғибадат-құлшылықты ұмытпау керектігін ескертіп Шал ақын/Тілеуке Құлекеұлы/ бабамыз «Жігіттерге өсиет» атты өлеңінің жалғасында:

*Жігіттер ғибадат қыл маған нансаң,
Намаз оқы Алланы есіңе алсаң.
Ажалдан қырық жыл қашқан Қорқыт та өлген,
Түбінде сөз сенікі өлмей қалсаң, – деп жырлайды.*

Жоғарыда да атап өткеніміздей ислам діні қазақ халқының арасында сонау ерте кездің өзінде кең тарап, халықтың әдет-ғұрпы мен тұрмыс-салты ислам шарифатына қарай бейімделді. Соның ең үлкен айғағының бірі – осы дүниеден қайтқан адамның артынан жасалатын сәлт-дәстүрлер мен жоралғылар. Осы орайда тарихшы Н. Нұртазина ІХ Сырдария аймағының ислам дінін толықтай қабылдағанын айта келе: «Во второй половине ІХ–Х вв. меняется погребальный обряд городского населения Южного Казахстана. Он совершается уже по мусульманским канонам: в грунтовых ямах, склепах из сырцового кирпича. Покойники ориентированы головой на северо-запад, лицом на юг. Инвентаря в погребениях нет». Об этом свидетельствуют и остатки раннемусульманских кладбищ на Сырдарье, обнаруженные Б. Нурмуханбетовым и датируемые ІХ–Х вв. Отрар, Исфиджаб, Сайрам и многие другие южно-казахстанские города уже к ІХ в. стали региональными центрами мусульманского образования и культуры»²³⁰ дейді.

²²⁹ Он ғасыр жырлайды. – Алматы: «Дәуір» баспасы, 2006. – 279-бет.

²³⁰ Нуртазина Н. – 141-142-бб.

Әл үстіндегі адамға талқин айту

Қазақ халқының ішінде дүниемен қош айтысып, жер қойнына тапсырылған жанға «талқин оқу» деп аталатын ғұрып кездеседі. Мұны кей жерледе «талқы оқу» деп те атайды. Талқин сөзі араб тілінде «кез келген бір ойды басқа біреуге үйрету, жаттату» деген мағынаны білдіреді. Ал шарифатта мәйіт қабірге қойылып Құран оқып болған жұрт тарқаған соң, бірнеше кісі қабірдің басында иман негіздерін дауыстап біраз уақыт бойы айтып тұруын талқин деп атайды.

Бүліс қабірге қойылған адам қос періштенің сұрақтарына қиналмай жауап берсе екен деген ниеттен туындаған. Бұл рәсімнің түп негізі ардақты пайғамбарымыздың (с.а.с) хадисінен шығатындығын ғұламалар растаған. Пайғамбарымыз (с.а.с) өзінің бір сөзінде: *«Кімде кімнің ақырғы сөзі «Лә иләһә иллаллаһ» болса, барар жері жәннат болады»*²³¹ деген. Сондай-ақ, пайғамбарымыз (с.а.с) бір хадисінде: *«Өлілеріңізге «Лә иләһә иллаллаһ» сөзін айтқызыңыздар»* деген.

Осы хадиске негізделе отырып мұсылмандар арасында өлі кісіге талқин оқу рәсімі қалыптасқан. Дегенмен, ғұламалар талқин оқуға қатысты әртүрлі пікірлерде болғандықтары жасырын емес. Мәселен, имам Нәуәуи жоғарыдағы хадисте «өлілеріңе» деп келген «мәутәкум» сөзін, «хал үстінде жатқан кісіге» деп түсіндірген. Яғни, дүниемен қош айтысып, кеудесінен шыбын жаны ұшып кеткен адамға емес, жаны шығайын деп, атау керін ішіп, ағайынымен арыздасып, қоштасып жатқан адамға талқин оқылады дейді. Десе де, мәйітті жер қойнына тапсырып, бетін топырақпен жапқан соң талқин оқылатындығын айтқан да ғалымдар жоқ емес. Олар өздерінің бұл пікірлерінің дұрыс екенін имам Табарани жеткізген мына хадис арқылы дәлелдейді: «Әбу Умама әл Бәһили (р.а) атты сахаба былай деген: «Алла елшісі (с.а.с) бізге былай бұйырды: «Араларыңнан қандай да бір бауырларың арғы дүниеге аттанар болса, бетін топырақпен жауып қабірге қойған соң, қабірінің басында бірнешеуің қалыңдар. Содан соң, оған дауыстап: «Уа, пәленше ұлы пәленше!»,- деңдер. Сонда ол да сендерге жауап қатып: «Алла саған мейірімін жаудырсын, маған көмек бер, жетелеп жібер», – дейді. Алайда, сендер оның бұл айтқанын сезбейсіңдер. Сендер одан әрі сөздеріңді жалғап былай деңдер: «Сен бұл дүниемен қош айтысқан кездегі соңғы сөзің «Лә иләһә илла Алла, Мухаммадур расулалла» сөзін есіңе ал. Сен Алланы Рабб деп, исламды дінім деп, Мұхаммедті пайғамбар, Құранды жолбасшым деп мойындадың һәм разы болдың». Сол кезде Мункар мен Нәкир бір-бірінің қолдарынан ұстап тұрып: «Кетейік бұл жерден! Өзінің дәлелдерін, куәлік сөздерін айтқан кісінің қасында отыру жарамас», – дейді. Сонда әлгі кісіге қос періште емес, Алланың Өзі куәлік етеді», – деді»²³².

Осы тақылеттес келген хадистерге қарай отырып, ғұламалар талқиннің үкімі қандай деген сұраққа әртүрлі жауап берген. Кейбірі талқин оқу уәжіп десе, кейбірі мұстахаб, тіпті баз бір ғалымдар мәкрүһ деп те айтқан. Талқин оқуды уәжіп яки мұстахаб деп білетін ғұламалар өлген кісінің тірі адамның айтқан сөздерін кей

²³¹ Әбу Дәуіт, Сүнән, 2-т. – 35-б.

²³² Әбул Қасым әт-Табарани. Муғжамул Кәбир. – Каир: «Дәрул Райян», 2010.

кездерде еститіндігін айтады. Осындай көзқарастарды қабылдаған халқымыздың ішінде «талқин оқу» яки «талқы оқу» ғұрпы қалыптасты.

Талқинның екі түрі бар. Бірі – өмірден озбай тұрған уақытта айтылатын, екіншісі дүние салған соң айтылатын талқин. Өмірден озбай тұрғанда айтылатын талқин кісі баласы өлім аузында жатқан шағында кәлима шаһадатты айтуына көмек көрсету сипатында жүзеге асады. Яғни, өлім періштесін күтіп жатқан кісіге естіртіп «Лә иләһә иллаллаһ» делінеді. Ол кісі бұл сөзді бір мәрте айтса ары қарай қинаудың қажеті жоқ. Сондай-ақ, төбесінен төніп тұрып «Уа, пәленше, «Лә иләһә иллаллаһ» деп айт деп те зорлауға болмайды. Немесе хадистің өзін естіртіп: «Пайғамбарымыз (с.а.с) «Кімде кімнің соңғы сөзі «Ләә иләһә иллаллаһ» болса жәннатқа кіреді» деген екен деп» әлгі кісінің есіне салумен шектеледі. Егер кәлима шаһадатты айтқан соң өлім аузындағы адам дүниелік кейбір сөздер айтар болса, тағы да оған кәлима шаһадатты айтуға көмек көрсетеді. Мұны ғалымдар «Талқин фил хаяти», яғни, кісі баласына «өмірден озбай тұрып талқин оқу» деп атаған.

Ал өмірден озған соң айтылатын талқин Ибн Мәжәнің «Сүнән» атты еңбегінде, сондай-ақ басқа да риуаяттарда Әбу Умама Сад ибн Әжлән әл Бәһили (р.а) жеткізген хадиске негізделеді. Онда кісі қайтыс болған соң қабірдің басына бір кісі тұрып «Уа, пәленше ұлы пәленше! Егер саған қос періште келер болса, бұл дүниеден Алладан басқа құдайдың жоқ екеніне, Мұхаммед Оның құлы әрі елшісі екеніне куәлік еткеніне, сондай-ақ, Алланы Раббым деп, исламды дінім деп, Мұхаммедті пайғамбарым деп разы болғандығыңды айт»²³³, делінген. Ханафи ғалымдарының айтуынша мәйіт жерленіп болған соң марқұмға талқин оқуға тыйым да салынбайды, әмір де етілмейді. Яғни, сүйек иесінің қалауына қалдырылатын мәселе. Егер білімі мол, шарифатты жақсы ұстанатын имамнан талқин оқуын өтінер болса, оның орындалуына ешқандай кедергі жасалмайды. Мәлики мазһабындағылардың айтуынша талқин оқу кеудесінен жаны шыққанша – мұстахаб, ал дүниеден озып, жер қойнына табысталған соң оқылуы – мәкрүһ. Ал шәфиғилер мен ханбали мазһабын ұстанушы ғалымдардың айтуынша мәйіт жерленген соң, қабір басына барып талқин оқу – мұстахаб амал²³⁴. «Жәуһарату ән-Нира» атты ханафи мәзһабының негізінде жазылған еңбекте былай делінген: «Әһлі сүннетте қайтыс болып, жер қойнына табысталған кісіге талқин оқу шарифи амал болып табылады. Өйткені, Алла тағала әлгі кісіні қабірінде тұрғызады. Сол кезде (сырттағы адамдар) оған былай дейді:

«Уа, пәленше ұлы пәленше! Уа, Абдолла ұлы Абдолла! (Сен ол жерде) өзің қай дінде болсаң сол дінде екеніңді ұмытпа. Сен Алланы Раббым деп, Исламды дінім деп, Мұхаммедті пайғамбарым деп разы болған едің зой»²³⁵. «Әт-тәж уәл-Иклил» атты кітапта Әбу Хамид былай деген: «Мәйіт жерленген соң оған арнап талқин

²³³ Әбу Абдулла Мухаммад ибн Иәзид ибн Мәжә, Сунан. – Бейрут: «Дәрул ихяи кутубил арабия». 2010.

²³⁴ Абдурахман әл-Жәзәри. Китәбул фикһи алал мәзәһибил арбаға. – Стамбул: «Дәру ад-Дағуа». 1987.

²³⁵ Әбу Бәкір әз-Зубайди. Жәуһаратун Нира ала мухтасар әл-Қудури. – Бейрут: «Табағатул-Хаирия», 1999. 1-т. – 398-б.

оқу– мұстахаб»²³⁶.

«Мәсәлик» атты еңбегінде ибн Араби бұл мәселеге қатысты көзқарасын білдіріп: «Мәйітті жер қойнына табыстаған соң, дәл сол сәтте оған талқин оқу – мұстахаб. Бұл Мәдина халқының ішіндегі салиқалы ел азаматтарының атқаратын ісі болатын. Өйткені бұлай жасау Алла Тағаланың: «Естеріне сал! Шынтуайтында зікір (еске салу) мүміндерге пайда береді» деген аятына сай келеді. Адам баласының еске салуға ең мұқтаж болатын сәті – қос періште келіп сұраққа алған кезі»²³⁷, деген. «Иқнағ» атты еңбекте былай айтылған: «Мәйітті жер қойнына табыстаған соң бір топ кісілердің қабір басында қалып, оның сасқалақтамауын, сұрақтарға қорықпай жауап беруін біраз уақыт бойы сұрап тұру – сүннет. Алла елшісі мәйіт жерленіп болған соң қабірінің басында тұрып: «Бауырларыңыз үшін кешірім сұрап, сұрақтарға қорықпай, қобалжымай жауап беруі үшін дұға етіңіздер. Расында, ол дәл қазір сұраққа алынып жатыр»²³⁸ дейтін.

Сондықтан, мойнына мұсылмандық міндеттер жүктелген әрбір марқұмды жер қойнына табыстағанда талқин оқудың сүннет екенін осы тақылеттес жеткен хадистерден байқаймыз». Ғалымдарымыз талқинға қатысты келген хадистердің кейбірі әлсіз болғаныменен сол мәселеге қатысты жеткен сахих хадистер қуаттайтындықтан оның шарифатта құптаулы амал екенінің айғағы дейді.

Халқымыз осындай риуаяттарды ескере отырып қабір басында талқин айту ісін ғұрыпқа айналдыра алды. Ел арасында «Иман суы», «Атау кере» деп аталып кеткен сөздердің астарында осы хадистер жатқандығы анық. Хал үстінде жатқан кісімен қоштасуға келген бала-шаға, туыс-туғандары «Алланың ақ өліміне риза бол! Қидық сені» деген сынды сөздерімен оған разы екендіктерін, араларында кеткен кейбір ақылары болса кешкендіктерін білдіреді. Сол тұста оған арнайы шақырылған имам аят оқылған суды ішкізіп, кәләма шаһадатты есіне салып, мүмкіндігінше айтуына көмектесіп отырады. Кеудесінен жаны шығып, арулап аттандырған соң да оның сұрақ-жауабы жеңіл болсын деген ниетпен шарифи ілімі бар, беделді кісі қабір басында марқұмның туыстарымен бірге қалып талқин оқиды.

Арулап аттандыру

Ислам дінінде жаназаның жуылуынан бастап, жерленуіне дейінгі істелетін амалдар (тәжһиз), дайындық жасау дегенді білдіреді. Дүниеден өткен марқұм ең қысқа мерзімде жуылып, кәбінделіп және жаназасы оқылып жер қойнына жерленуі керек. Бұл мәселе күллі фикһ кітаптарындағы жаназ бөлімінің негізгі тақырыбы

²³⁶ Мұхаммад ибн Юсуф әл-Ғарнати. Өт-Тәж уәл иклил ли мухтасар Халил. – Дамаск: «Дәрул Илмия». 1994.

²³⁷ Мухаммад ибн Абдулла ибн әл-Араби, әл-Мәсәлик фи шархи Муаттаи Мәлик. – Бейрут: «Дәрул ғарбил Ислами», 2007. 3-т.

²³⁸ Әбул Хасан Али бин Мухаммад ибн Мухаммад әл-Мәуәрди. әл-Иқнағ фил-фикһи әш-Шәфиғи. – Каир: «Дәрул Ихсан», 2000.

болып табылады. Мәйітті жуу – оны ғұсылдандыру дегенді білдіреді. Дүниеден озған кісіге қатысты жасалатын алғашқы іс те – осы ғұсылдандыру. Яки марқұмның артындағы жақындарына мәйітті жуу – парыз кифая амалы. Мәйітті жуындыруға бірнеше кісі кірсе, қалған кісілердің мойнынан жауапкершілік жүгі түседі. Бұл жердегі маңызды мәселе – мәйіттің жуылуы, әрі мұсылмандардың мойнындағы міндеттің түсірілуі. Мәйітті бір мәрте жуу – парыз, бірнеше қайталап жуу – сауапты іс.

Фикһ ғалымдарының барлығы мәйітті жуудың міндеттілігіне бір ауыздан келіскен. Мәйітті жуудың тарихы Адам атадан бастау алады. Риуаят бойынша Адам ата қайтыс болған кезде оның денесін періштелер жуған. Сосын олар оның ұлына: «Міне, осы сендердің өлілерің үшін жасалатын сүннет іс», деген. Мұндағы сүннет сөзі уәжіпті білдіреді. Сол Адам атадан бастап қазірге дейін адамзат мәйітті жууды бір-бірінен үйреніп келеді. Бұл істі тәрк еткен адам ежелден келе жатқан жолды тастап, кінәлі болады (Алауддин әл-Касанидің «Бәдәи ас-санаиф» кітабынан)²³⁹.

Қазақ халқының ежелден қалыптасқан дәстүріне үңілсек, кісі қайтса қаралы хабар тез тарап, естіген дүйім жұрт көңіл айтуға жақындары мәйіт алдындағы міндеттерді атқаруға асығатын болған. Қазалы үйге құрмет жасалып, қаралы ауылда ойын-сауық той-думан өткізілмейді²⁴⁰. Қазақтың аса көрнекті ағартушысы Ы.Алтынсарин «Өлген адамды қазақтар әдетте үш-төрт сағаттан артық, ал көп дегенде жарты тәуліктен артық сақтамайды»²⁴¹ дейді.

Ақ жауып арулап қою – қайтыс болған адамның мәйітін жуып, тазалап ақ кебінге орап жерлеу. Ақ жауып арулау дегендегі арулау «тазарту» деген ұғымды аңғартады. Арулау сөзі түп қазақ тілінде «таза» деген мағынаны білдіретін ару атауымен түбірлес. Өлікті ақ түсті матамен орап ақпен жабу рәсімінің көпмәнділік (полисемантикалық) сипаты бар. Этномәдени ұғымның санасында ақ түс тазалықтың, пәктіктің нышаны, адам мәңгілікке «ақ», «таза» болып аттануға тиіс. Сонымен қатар, өлікке ақ жабу «анықтың» ғайып болуы, «бардың» жоққа айналуы дегенге меңзейді. Шәкәрім қажы: «Адам жоқтан пайда болады да, ақырында жоққа айналады. Адам өмірі екі жоқтың арасы»²⁴², деген екен.

Шариғатымызда шәһид адам жуылмай жерленеді. Алла Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Ұхұд соғысында қаза болған шәһидтер хақында: «Оларды денелеріндегі қандарымен бірге (жумай) жерлендер, Әр жара, әр қан қиямет күні атырапқа әтір иісін жаяды», – деп айтқан²⁴³. Осылайша Ұхұд соғысында қаза тапқандарды жумады, жаназа намазын оқыған жоқ.

Дәстүрге келсек, өлім хабарын естіп, ет-бауыр туыстар, жаназаға шақырылған

²³⁹ Жаназа және жерлеу рәсімдері. 54-б.

²⁴⁰ Дүниеге келгеннен өмірден озғанға дейін (отбасылық әдет-ғұрыптар ертеректегі авторлардың еңбектері бойынша) / Құраст. С.Әжіғали.–Алматы: Арыс, 2006. –253-б.

²⁴¹ Алтынсарин Ы. Орынбор ведомствосы қазақтарының өлген адамды жерлеу және оған ас беру дәстүрінің очеркі // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. –2-т.– Алматы: Арыс баспасы, 2006.

²⁴² Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – Алматы: DPS, 2011.

²⁴³ Ахмад б.Ханбал III,299

адамдардың бас-аяғы түгенделе салысымен «сүйекке түсу» мәселесі сөз болады. Бұрын сүйекке әр рудың өкілдерінен бір-бір адам кіретін, ал, қайтыс болған адам сүйегіне кімді кіргізу туралы алдын ала айтып кетсе, оның тілегі міндетті түрде орындалды. Адамдар сүйекші болып хабарланғаннан кейін бәрі бірден өліктің жанына жиналады. Өлікті кейде сүйекшілер емес, туысқандарының ішінен ниет білдіргендер жуады. Сүйекті қалыптасқан дәстүр бойынша 5 адам жуындырады. Біреуі су құйып тұрса, екіншісі молданың көрсетуімен дене бөліктерін жуады, ал қалғандары денені ұстап, аударып тұруға көмектеседі. Әйелді тек әйелдер жуындырады.

Шариғат бойынша, мәйіттің әуреті (кіндік пен тізенің арасы) жуындыратын кезде және жуындырып жатқанда жабық болуы тиіс. Тіпті, мәйіттің әурет жеріне жалаң қол тигізу немесе оған қарау – харам. Себебі мәйіт әуретіне қарау тірі адам әуретіне қараумен бірдей. Сол сияқты әйел кісінің әйелді жууы кезінде әуретіне қарауы да – харам болып табылады.

Қазақ халқының дәстүріне сүйенсек, марқұмға құрмет ежелден-ақ ерекше болған. «Арым – жанымның садақасы» деп білген бабаларымыз ұят ұғымына терең мән беріп, шариғат қойған талаптарды қатаң сақтаған. Мәйіттің әуретіне қарамауға, арнайы матамен жауып, жуындыру барысындағы әдептеріне дейін ерекше көңіл бөлген. Әсіресе, «Абыройын жапқыш» деп марқұмның әурет жеріне бір шаршы ақ кездеме жауып қоятын болған²⁴⁴.

Шариғат бойынша мәйітті жуатын кісі қолына шүберек орап алып, мәйіттің әурет жерін жуып тазалайды. Демек қолды шүберекпен орау – уәжіп. Ханафи мәзһабында дүниеден өткен әйелді күйеуінің жууына болмайды. Егер күйеуі қайтыс болса, онда әйелі жуа алады.

Қазақы салт-дәстүріміз шариғат негізінен еш алыстамаған. Жаназа рәсіміндегі талап негізі секілді, дәстүрімізде де ерді ер адамдар, әйел кісіні әйел адамдар жуады²⁴⁵.

Мәйіттің аузы мен мұрнына су құю мүмкін болмағандықтан бас бармақ пен сұқ саусақты шүберекпен орап, оны сулап, мәйіттің аузына, қызыл иегіне және мұрнына мәсіх тарту (қолды сулап сүрту, сипау) – мұстахаб. Бұл аузы мен мұрнын шаю орнына жүреді²⁴⁶.

Бабаларымыз жақсы амалға, сауапты істерге шынайы ықыласпен ден қойған. Мәйітті жуындыру, дәретін алғызу сауабы мол амал. Осыны ескерген сүйекшілер мәйітке кірерден алдын жақсылап, түгелдеп дәрет алады. Жөн білетін, шариғат талабын меңгерген кісінің жөн сілтеуіне аса құлақ түрген²⁴⁷.

Мәйіт үш рет басынан аяғына дейін жуылуы керек. Жуындыратын суға иіссү (алкогольсіз) немесе соған ұқсас иіс май араластырып жуу – мұстахаб. Ақырғы рет иіс сабынмен жуу да – мұстахаб. Мәйітті барлық уақытта жылы сумен жуған абзал.

Мәйітті жууға лайықты кісі – ең жақын туысы. Мәйітті жуатын адам әдепті де

²⁴⁴ «Ағаш бесіктен жер бесікке дейін» кітабы. – Алматы, 2011. – 73-б.

²⁴⁵ Бұл да сонда. – 73-б.

²⁴⁶ Жаназа және жерлеу рәсімдері. – 56-б.

²⁴⁷ «Ағаш бесіктен жер бесікке дейін» кітабы. – 73-б.

тақуа болуы – мұстахаб. «Әл-Аламгирия пәтуасында» да осылай делінген. Мәйітті жуу кезінде мәйіттің кемшілігін (иістенгені, немесе басқа да кемшіліктерін) айтпау қажет. Бұған қатысты ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген: «Кім мәйітті жуындырса, оған қатысты аманатты атқарса, одан көрген нәрсесін жасырса, күнәларынан анасынан туған күндегідей тазарып шығады» (Ибн Мәжә риуаяты). Мәйітті жуындыруға түсетін адамның жүніп не етеккір күйде болуы – мәкруһ. Мәйітті жуып болғаннан кейін, кебіндемей тұрып, мәйіт денесін құрғатып сүрту қажет.

Ислам шарифатында мәйіттің сақалы, шашы таралмайды. Сондай-ақ мәйіттің шашы, тырнағы алынбайды, сақал-мұрты қысқартылмайды, қолтығы мен әурет жерлеріндегі түктерін тазалауға болмайды. Мәйіт қайтыс болғанда, қандай күйде болса, сол күйінше жуып, жерленеді.

Мәйіт биіктеу орынға жатқызылады. Жуу кезінде жуатын және оларға көмектесетін кісілерден басқа ол жерде өзге адамдар болмауы – сүннет. Жуатын кісі қолын шүберекпен орап немесе медициналық қолғап киіп, сумен мәйіт әуретінің алды-артын жуып истинжа (үлкен және кіші дәрет секілді ластықтардан тазарту) жасайды²⁴⁸.

Қазақ салтында кейбір көкірегі ояу, көзі ашық, білімді адамдар дүние салар алдында өз сүйегін ұстату (жудыру) және оларға не беріп, не қою ісіне дейін айтып орналастырып кетеді. Тіпті, кейбір дос-жаранқұрдас адамдар «бұрын өлгеніміздің сүйегін артта қалғанымыз арулап, өз қолымызбен жерлеп, қалған бала-шаға мен мал-мүлікке бас-көз боламыз» деп серттесіп қояды. Егер, жоғарыдағыдай өсиет пен уәде-серт болмаса, қалыптасқан дағды марқұмды арулауға 5-7 адам түседі. Оған әулеттен және ру ішіндегі ата балалары мен құда-жекжаттар қатыстырылады. Біреуі су құйып тұрса, екіншісі молданың көрсетуімен дене бөліктерін жуады, ал қалғандары денені ұстап, аударып тұруға көмектеседі. Әйелді тек әйелдер жуындырады. Өлікті қолмен жумайды, таза қолғап киіп жуындырады²⁴⁹.

Мәйітті кебіндеу – мұсылмандар үшін парыз кифая. («Әл-Аламгирия», «Фатхул-Қадир»). Кебін мәйіт денесін түгел жауып тұруы керек. Мәйіт ер яки әйел болсын, егер кебін келте болса, мұсылмандар мойнынан парыз түспейді. Кебін ақысы мәйіттің өз мал-мүлкі есебінен алынуы – уәжіп. Мал-мүлкі болмаса, кебін ақысын туыстары мен одан жақсылық көрген кісілер төлейді. Қайтыс болған әйелдің кебін шығыны күйеуіне міндет («Раддул-мухтар»). Туыстарының кебіндеуге жағдайы болмаса, мұсылман жамағатына, яғни жағдайы бар кісіге жүктеледі. Кебін үкімі сияқты мәйітті арулап жерлеу рәсімі де қауымға міндет.

Кебіннің жақсысы – ақ түстісі, бірақ ол дәке (марло) сияқты жұқа болмауы тиіс. Оның жаңа немесе ескі болуы шарт емес. Жуындыру аяқталған соң, өлікті ақ матаға орайды, ол «кебін» немесе «ақірет» киімі деп аталады. Дәстүр бойынша ер адамдарға кебінді үш қабаттан кигізеді. Ал, «әйелдердің жағдайы аздап басқаша. Ер адамдарда үш қабат кебіннен кеудесі көрінсе бұл ештеңе емес, ал әйелдер үшін бұл күнә. Негізінен әйелдердің бүкіл денесі, бетінен басқа және қолдың

²⁴⁸ Жаназа және жерлеу рәсімдері. 57-58-бб.

²⁴⁹ «Ағаш бесіктен жер бесікке дейін» кітабы.–73-б.

буындары арабша гоурат, немесе әбүйір. Әбүйірді ашу ұят, күнә. Сондықтан да әйелдердің кебіні еркектердіңкіндей 3 қабаттан емес, 5 қабаттан тұрады. Сүйекке түскен адамдарға марқұмның киім-кешегін тарқатып береді, қазіргі күндерде жаңа киім қою дәстүрге айналып отыр. Денені «арулаған « жерді жиыстырып, тазалайды, үстіне тас не топырақ үйіп белгі жасайды, ол жерді біраз уақытқа дейін ешкім баспау керек²⁵⁰.

Мәйітті кебіндеу – мұсылмандар үшін парыз кифая. («Әл-Аламгирия», «Фатхул-Қадир»). Кебін мәйіт денесін түгел жауып тұруы керек. Мәйіт ер яки әйел болсын, егер кебін келте болса, мұсылмандар мойнынан парыз түспейді. Кебін ақысы мәйіттің өз мал-мүлкі есебінен алынуы – уәжіп. Мал-мүлкі болмаса, кебін ақысын туыстары мен одан жақсылық көрген кісілер төлейді. Қайтыс болған әйелдің кебін шығыны күйеуіне міндет («Раддул-мухтар»). Туыстарының кебіндеуге жағдайы болмаса, мұсылман жамағатына, яғни жағдайы бар кісіге жүктеледі. Кебін үкімі сияқты мәйітті арулап жерлеу рәсімі де қауымға міндет²⁵¹.

Жаназа намазын өтеу

Мәйітті арулап, жуындырған соң оған жаназа намазы оқылады. Ол мұсылманның мойнындағы міндет. Жаназа намазының үкімі – парыз кифая²⁵². Сондықтан да өліге құрметті міндет білген бабаларымыз қайтқан кісіні жаназасын шығармай жерлемеген. Пайғамбарымыз (с.а.с.) былай дегенін: *«Мұсылманның мұсылмандағы ақысы бесеу: сәлеміне жауап беру; сырқаттанса, көңілін сұрау; жаназасына қатысу; шақырса, бару; түшікірсе, Алланың рахымын тілеу»*²⁵³.

Мәйітті жуындырып, кебіндеп болған соң, жаназа намазға асыққан жөн. Әбу Һурайрадан (р.а.) жеткен риуаятта Пайғамбарымыз (с.а.с.): *«Жаназаны тезірек оқуға асығыңдар. Егер олқайырлы болса, (яғни, жақсы адамның жаназасы болса) сендер ұсынатын ең жақсы амал. Ал егер олай болмаса, мойындарыңнан алып тастап құтылатын бір жамандық»*,²⁵⁴ – деген. Хатим әл-Асам былай деген екен: *«Асыққан – шайтанның ісі. Тек бес жағдайда асығу: келген қонаққаас беруге, мәйітті аттандыруға, балиғатқа толғанқыз баланы ұзатуға, қарызды қайтаруға, істелінгенкүнәға тәубе жасауға асығу – Пайғамбардың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) сүннеті»*.

Қазақ халқының дәстүрі бойынша жаназа намазының оқылуы ханафи мәзһабының негізінде атқарылған. Мысалы қытай зерттеушісі Су Бихай қазақ даласында оқылған жаназа намазын былай суреттейді: «Өлік табытқа салынып

²⁵⁰ Дүниеге келгеннен өмірден озғанға дейін (отбасылық әдет-ғұрыптар ертеректегі авторлардың еңбектері бойынша) / Құраст. С.Әжіғали. – Алматы: Арыс, 2006. –271-б.

²⁵¹ Жаназа және жерлеу рәсімдері. 58-59-бб.

²⁵² Мұсылмандардың бір тобы оны орындаса, қалған жамағат мойнынан жауапкершілігі түсетін амал

²⁵³ Муслим, Сәлем, 4.

²⁵⁴ Бұхари, Жәнаиз, 52.

үйден шығарылған соң, жаназа оқылады. Онда елдің бәрі тікесінен тік тұрады. Жаназаны шығарған молда жұртшылықтан: «Марқұм тірісінде қандай адам еді?», – деп сұрайды. Көпшілік бір ауыздан: «Марқұм жақсы адам еді, иманы саламат болсын, жаны жәннатта, топырағы торқа болсын», – деп жауап береді... жаназа аяқталған соң қазаға қатысқан барлық еркектер сүйекті қабір басына апарды»²⁵⁵.

Сондай-ақ С.Әжіғали мен Н. Байғабатованың «Жетісу қазақтарының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары» деген мақаласында Жетісу қазақтарының жаназа оқу рәсімі былай суреттеледі: «Жетісу қазақтарында жаназа негізінен үйдің ауласына шығарылады. Молда (имам) зембілдің шығыс жағынан бетін батысқа қаратып оқиды. артында 6-7-ден ересек адамдар қатарға тұрады. Молда мен мәйіттің арасы ашық болуы керек. Жаназа марқұм естісін деген наныммен «Ас-салату жаназа!» деп басталады»²⁵⁶.

Ханафи мәзһабы бойынша жаназа намазы аулада, яғни ашық алаңда оқылуы қажет²⁵⁷. Қазақ халқы да осы дәстүрді негізге алған. Бұны да жоғарыдағы мақаладан байқауымызға болады. Сондай-ақ жаназаға әйелдер қатыспайды. Бұл туралы Ибн Абидин: «Бұл үкім Пайғамбардың (с.ғ.с.): «Жаназаға қатысқан әйелдер сауап емес, күнә арқалап қайтады», – деген хадисіне сүйене отырып шығарылған», дейді²⁵⁸. Яғни көріп отырғанымыздай, елімізде жаназа намазы рәсімдеріне әйелдердің қатыспайтыны мәзһабтың пәтуасына байланысты қалыптасқан.

Әбу Ханифа (р.а.) мазһабында жаназа намазын өткізуге ең құзіретті кісі – патша, мүфти және ол тағайындаған әкім, жергілікті имам, молдалар. Сол секілді марқұмның жақыны немесе өсиет еткен кісісі де оқуына болады. Осы үкімге толығымен бағынған халқымыздың дәстүрі бойынша жаназа намазын әрдайым молдалар немесе ел ішіндегі беделді кісілер мен діни сауаты бар адамдар оқыған.

«Дәуір айналдыру» салты

Бұл салт-рәсім еліміздің аймақтарында «дәуір айналдыру», «дәуір жүргізу», «дәуір көтеру», «ысқат шығару», «підия», «садақасын беру» т.б. әртүрлі атаулармен аталады. Дәуір айналдыру салты негізінен қайтқан жанның оқылмаған намазы мен өтелмеген оразасы үшін жасалады²⁵⁹.

Жалпы, шарифатта қаза намаздың підиясына қатысты нақты үкім болмағанмен, ауыз бекітуге денсаулығы жоқ мұсылмандардың отыз күн ораза үшін отыз адамның

²⁵⁵ Су Бихай. Қазақ мәдениетінің тарихы. Ауд: Т. Зәкенұлы. – Алматы: «Дәуір» баспасы. 2013. – 466-б.

²⁵⁶ Әжіғали С., Байғабатова Н. «Жетісу қазақтарының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары»/Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары, жауапты ред: С.Әжіғали. – Алматы: Арыс. 2005. 1-т. – 191-б.

²⁵⁷ Жаназа және жерлеу рәсімдері. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы. – Алматы, 2018. – 77-79-б.

²⁵⁸ Жаназа және жерлеу рәсімдері. 79-б.

²⁵⁹ <http://kazislam.kz>

сәресі мен ауызашар асын беріп, підия жасауға рұқсат берілген. Бұл дәлелдер оразаға байланысты келгенімен намаз одан да маңызды ғибадат болғандықтан, ханафи мазһабының ғалымдары намазды оразамен салыстыра отырып, оқылмай қалған әр намазға бір күндік оразаның підиясын беруге болады дейді. Ибн Абидин: *«Кімнің парыз намаздары қаза болып, ишарамен болса да намазды өтеуге шамасы келе тұра оқымаса, әрбір қаза болған намазына жарты сағ (1.625 гр) бидайдан кәффаратын өтеуге өсиет етуі тиіс. Үтір намазының да үкімі осы тәрізді»*²⁶⁰. Ибн Аббастан жеткен риуаятта ол былай дейді: *«Ешкім біреудің орнына намаз да оқымайды, ораза да ұстамайды. Бірақ оның атынан әр күніне бір «муд» (өлішем бірлік) бидайдан (міскіндерді) тамақтандырады»*²⁶¹.

Дәуір айналдыру кезінде жиналған садақаны кедей-кепшікке үлестірумен бірге бір бөлігіне Құран (хатым) түсіріліп, бір бөлігіне дүйім көпшілікке арнап ас берілген.

Этнографтардың айтуына қарағанда дәуір айналдыру түркілердің бағзыдан келе жатқан салт-жорасы саналады. Үш күндігі, жетісі, қырқы, жүзі, жылдық асын беру жоралғылары осы дәуір айналдыру рәсімімен астасып жатқан салттар. Бертін келе ата-бабаларымыз ислам дінін қабылдағанда, дәуір айналдыру салты шарифаттағы садақа ғұрпы болып трансформацияланды. Еліміздің кейбір аймақтарында дәуір айналдырудың әлі үзілмеуінің бір себебі, бұл салт-жораның исламдық реңк алуында десек қателеспейміз²⁶².

Шарифат ғалымдарының көпшілігі шарифи негізінің әлсіздігіне орай дәуір айналдыру және садақаға берліген мал-мүлік, қаза құлшылықтың орнын дәлме-дәл баспайды деп біледі. Шынтуайтында, дәуір, ысқат – исқатус-салат шарифат ғалымдары тарапынан намазын өмір бойы еш қаза етпей, тек белгілі себептермен бірнеше намазы қаза болған мұсылман үшін енгізілген. Ал ғұмыр бойы парыз ғибадаттарын тәрк етудің күнәсі аса ауыр. Сондықтан материалдық құндылықпен есептелмейтін теңдессіз құлшылық-ғибадатты ешқашан да қаза етпеуге тырысып, ал қаза болғандарын уақытында өтеген абзал²⁶³.

Жерлеу және қабір тұрғызу

Жұмыр басты пенденің өлімнен қашып құтылмайтыны белгілі. Жаратқан Алла әркінің тағдырына өлшеулі өмір жазған. Дінде сол үшін ажалдың жасы кәрісі, ертесі кеші болмайды деген қағида бар. Өлшеулі ғұмыр ішінде Алланың берген рызығы мен нығметін ішіп-жейтіні белгілі. Мәңгілік бір Аллаға жарасқан демекші, дүниедегі бес күндік қонақтық ғұмыр бітеді. О дүниеге аттанған сәтті естігенде бабаларымыз «дәм-тұзы таусылған, талқаны таусылған» деген сөзді жайдан жай

²⁶⁰ «Сунан» ән-Нәсаи.

²⁶¹ Жаназа және жерлеу рәсімдері. – 83-85-бб.

²⁶² <http://kazislam.kz>

²⁶³ Жаназа және жерлеу рәсімдері. –85-б.

айтпаған. Өйткені Құранда өлшеулі ризығы таусылмай ажалы келмейтіні айтылған.

Ислам діні бойынша марқұмды жерлеудің шарифи үкімі – парыз кифая. Себепсіз мәйіт көмілмей қалса, сол аймақтың тұрғындарына күнә болады. Егер нақты бір топқа жерлеу рәсімі міндеттеліп, олар да оны себепсіз жүзеге асырмаса, әлгі топ түгелдей күнәһар болмақ. Өйткені олар шарифат бойынша Алланың әміріне қарсы шыққан болады. Мәйіттің ер немесе әйел кісі, нәресте немесе жасы үлкен кісі, шәһид яки шәһид болмауы үкімді өзгертпейді. Бәрі де жерленуі тиіс.

Ежелден келе жатқан бабалар дәстүрі бойынша, өлім, қаза бір адамның не жеке отаудың қайғысы емес, ағайын тума, ел-жұрт болып көтерісетін қаралы жиын. Сондықтан «ағайын бірі өлі, бір тіріде» деп қайғылы хабарды естіген барлық туыстар, жора-жолдастар, жанашыр қауым түгелдей қаралы үйге жиналған. «Торқалы той, топырақты өлімде» түгел бастары қосылып, марқұмды арулап шығаруға кіріседі. «Ағайынның азары болса да, безері болмас» демекші ағайын арасындағы дау-дамай тоқтатылып, жаназа мен жерлеу рәсіміне кіріседі. Жаназаға шақырылған ауылдың үлкендері шарифатқа сай ақылдаса отырып, 5 немесе 7 атадан бір-бір адамның сүйекке түсуін сұрайды. Кейбіреулердің өлер алдындағы өситетіне сәйкес алдын ала белгіленген сүйекке түсетін адамдар мүмкіндікке сай кіретін болады²⁶⁴. Сол секілді көбіне марқұмның туыстарынан 7 адам таңдалады.

Шарифат бойынша сүйекке кіретін адам санына қатысты нақты талап жоқ. Шамасы келсе бір адам да жуа алады. Алайда қазақ дәстүріндегі 5 немесе 7 адам деген мәселе ойдан шығарылмаған сан деп білеміз. Дәстүрімізде көп жағдайда сүйекке кіретін адам саны 7 адам болады әрі ол кісілердің бәрі марқұмның ет жақын туыстарынан таңдалады. Бұл дәстүрдің де өзіндік себебі мен сүйенетін негізі бар. Өйткені ардақты Пайғамбарымыз (с.а.с.) 632 жылы 8 маусым күні қайтыс болғанда жуындыруға 7 адам түседі. Олар Пайғамбарымыздың (с.а.с.) ет жақын туыстары еді. Себебі ардақты Пайғамбарымыздан (с.а.с.) көзі тірісінде: «Ей, Алланың Елшісі! Сізді кім жуындырсын?» – деп сұрағанда Пайғамбарымыз (с.а.с.): «Отбасымнан жақындығына қарай ең жақын болғандар», – деп жауап береді²⁶⁵.

Пайғамбарымызды (с.а.с.) жуындыру ісімен әзірет Али, Аббас б. Абдулмутталиб, Фазл б. Аббас, Қусам б. Аббас, Усама б. Зәйд және Пайғамбарымыздың (с.а.с.) азат еткен құлы Шукран (Салих) айналысады. Осы тұста ансарлықтар осынау ұлық іске қол ұшын беруді сұрайды. Олардың ұсынысын әзірет Али қабыл алып, өкіл ретінде Әус б. Хаулиді ішке алады²⁶⁶. Міне осылайша Пайғамбарымызды (с.а.с.) жуындыруға 7 сахаба кірген еді.

Мәйітті шарифатқа сай жерлеу – парыз кифая. Шарифат бойынша қабірді аң қаза алмайтындай және өлік иісі шықпайтындай терең қазу – уәжіп. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Кең қылып, терең етіп қазындар»²⁶⁷, деген. Әбу Ханифа (р.а.) мәзһабы бойынша қабірдің тереңдігі кем

²⁶⁴ МолдабаевМ. Халықтық салт-дәстүр немесе қазақ феномені. – Алматы: ҚАЗАқпарат баспасы. 2003. –154-156-бб.

²⁶⁵ Ибн Сағд, Табақат, 2 том, 257 б.; Бәләзури, Әсхабул-әшраф, 1 том, 564-б.

²⁶⁶ <https://www.kunfeyekun.org/kf/peygamber-efendimiz-sav-namazini-kim-kildiridi.27097/>

²⁶⁷ Әбу Дәуіт риуаяты

дегенде белуардан келетіндей болуы қажет. Бұдан тереңірек болуы абзалырақ. Жер қыртысы қатты болса, лақат жасау (астын үңгілеп қазу) – сүннет. Лақат қабірдің төменгі құбыла жағынан кеңірек етіп, қазылады. Ал жер қыртысы жұмсақ болса, лақат қазу қажет емес. Қазихан Махмуд әл-Узғандидің пәтуасында: «Жер жұмсақ болса, лақат қазбай-ақ, қабірдің ортасын төмен қарай тағы да қазып, ішіне мәйітті қойып үстін және айналасын кесек қышпен қалау керек», делінген²⁶⁸. Дәстүрімізде де бұл талап жүзеге асып отырғаны белгілі. Бұл талап қабір қазылғанда топырақтың тығыздығына байланысты әр аймақта әртүрлі орындалып отырған. Мәселен көбіне топырағы тығыз әрі қазылуы оңай оңтүстік аймақта (Шымкент, Жамбыл, Алматы) ұзындығы 2,5 метр, ені 1,8 метр, тереңдігі 2 метр қазылса²⁶⁹, Ақмола аймағындағы бабаларымыз қабір қазғанда ұзындығы 3 аршын, ені 1 аршын, тереңдігі 1,5 аршын етіп қазған. Онымен бітпей, батыс тарапынан жарты аршын төменінен ойық етіп, ішкі үй қазылады²⁷⁰.

Дін бойынша жер қыртысына байланысты қабір қазудың бірнеше түрі бар. Сол секілді қазақ халқында қабір қазудың да 5 түрлі формасы болған.

1. «Шам ақым» – әдетте бір кісіге емес, бірнеше кісіге арнап, яғни бірата әулетке арнап қазылады. Мұндай қабірге марқұмдар қаз-қатар қойылған. Оның арнайы есігі болады. Мұндай қабір ертеректе пайдаланылған. (Осындай қабір түрі қазіргі таңда Мысыр елінде бар. Әр әулетке арналған жертөле етіп қазылып, қайтыс болған әулеттің адамдарын қояды. Онда топыраққа көмілмей, ашық күйінде қалады).

2. «Жан ақым» – ұзындығы 2,5 метр, ені 1,8 метр, тереңдігі 2 метр қазылып, құбыла тарыпнан ішкі үй қазылады. Ішкі үйде бір кісі көсіліп жатса бас-аяғы тимейтін, отырса төбесі тимейтіндей етіп қазылған қабір.

3. «Жарма ақым» – көбіне топырағы жұқа, саздауыт өңірлерде қазылатын қабір түрі. Қазу формасы «жан ақыммен» бірдей болып, тереңдігі 1,5 метр шамасында қазылып, құбыла тарапынан мәйіт жатқызуға келетіндей етіп жандатпа қазылады. Сол жандатпаға мәйітті қойып, шікі кірпішпен немесе қалың тақтаймен бекітіледі. Бұл әдіс еліміздің батыс аймағында кеңінен қолданылады. Ел аузында олай қазу түріне «жандатпа» деп аталады.

4. «Тік ақым» – таулы, тастақты өңірлерде және құмды жерлерде қазылатын қабір түрі. Тереңдігі 1,5 метр етіп, жер ошақ секілді қазылады. Мәйітті қойған соң, ағашпен, жалпақ тастармен бүркемелеп қалайды. Құмды жерге ошақ пішіндес дөңгелектей қазылады да бетіне ағаш төсеп, қамыспен бекемдеп бекітеді.

5. «Ошақ көр» – нәрестелерге, балаларға қазылатын қабір. Қабірдің ұзындығы мен ені, тереңдігі 1 метр шамасында қазылады. Ішкі тарапына жарма жасалады²⁷¹.

Дәстүр бойынша мәйіт бейіт басына апарылған соң, марқұмның ет жақыны қабір ішіне кіріп көреді. Мәйіт иесі мақұлдаған соң ішкі үйге екі адам кіріп,

²⁶⁸ Жаназа және жерлеу рәсімдері. 100-бет

²⁶⁹ Қазақ салт дәстүрлері. – Алматы: Балауса баспасы, 2017. –330-б.

²⁷⁰ Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 2 том. – Алматы: Арыс баспасы, 2006. – 298-б.

²⁷¹ Қазақ салт дәстүрлері. –Алматы, 2017. – 330-331-б.

сырттағы адамдардың көмегімен мәйітті қабірге алдымен аяғын қаратып кіргізеді. Түсіру ыңғайлы болу үшін ақыреттік жіптері пайдаланылады. Егер әйел кісі болса, күн көзінен және сырт көзден сақтау мақсатында мәйіттің үстінен матамен немесе үстіне жабылған кілеммен қалқалап тұрады²⁷².

Мәйітті қабірге оң жақ бүйірімен жүзін құбылаға қаратып қояды. Мәйітті табытқа салып жерлеу – мәкрүһ, тек оған жер құмды немесе сазды болса ғана рұқсат етіледі. Сосын мәйіттің үш жерінен буылған белбеуін шешеді, жүзін құбылаға қаратып қисайтады. Себебі мәйітті қабірге қойғанда жүзін құбылаға қаратып жатқызу – уәжіп. Мәйітті құбылаға қаратып, оң жақ бүйіріне жатқызар кезде: «Бисмилләһи уа ғалә милләти (суннәти) Расулилләһи» (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) – деп айту сүннет. Абдулла ибн Омардан риуаят бойынша Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген: «Мәйіттеріңізді қабірлеріне қойған кездеріңде: Бисмилләһи уа ғала суннәти расулилләһи дендер» (Ибн Хиббан риуаяты)²⁷³.

Топырақ салу: шарифат бойынша мәйіт лақатқа қойылған соң үш уыс топырақ салуы – мұстахаб. Сол топырақты мәйіттің бас жағына тастайды. Әбу Һурайра: «Алла Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бір жаназаға намаз оқыды. Сосын мәйіттің қабіріне келіп, оның бас жағына үш уыс топырақ тастады», – деген (Ибн Мәжә риуаяты). Ал мәйітті лақатқа қойған соң бірінші уыс тастағанда: «Минһә холақнакум» (Біз сендерді әуелде топырақтан жараттық) – деп, екінші уыс тастағанда: «Уә Фиһа нуъидукум» (және топыраққа қайтарамыз), ал үшіншісін тастағанда: «Уә минһә нухрижукум тәратан ухра», (және топырақтан қайта шығарамыз), – деп айту – мұстахаб²⁷⁴. Дегенмен топырақ салу мәселесінде еліміздің қай аймағы болмасын, жиылған жамағат бір уыс топырақ салуды әдетке айналдырған. Жерлеу барысында күректі қолға бермей, жерге қою шарифатта міндеттелген талап емес.

Марқұмды жерлеп болған соң қалыптасқан дәстүр бойынша имам Құран оқып, сауабын марқұмға бағыштайды. Елімізде қабір басында Құран оқу мәселесінде «Мүлк» сүресін оқу дәстүр болып қалыптасқан. Бұның да дінде негізі бар екенін айта кетуіміз қажет. Бұл дәстүр Пайғамбардың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) мына хадисінен өрбіген. Ибн Аббастан (р.а.) былай дейді: «Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) сахабаларының бірі бір қабірдің үстіне оның қабір екендігін білмей шатырын тігеді. Сөйтсе бір кісінің «Мүлік» сүресін басынан аяғына дейін оқығанын естиді. Ол Пайғамбарға (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) барып: «Уа, Расулалла! Мен шатырымды білмей қабірдің үстіне тігіппін. Сөйтсем, оның ішінде бір адам «Мүлік» сүресін аяғына дейін оқып шықты», – деп бұл істің мәнісін сұрайды. Сонда Алланың елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Расында ол («Мүлік» сүресі) қорғаушы һәм құтқарушы, оны (мәйітті) қабір азабынан құтқарады», деген (Тирмизи риуаяты).

Қабірге құлпытас қою: Мәйітті жерлеген соң ысырапқа жол беріп, күмбездер

²⁷² Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 1-том. Арыс баспасы, –Алматы, 2005. 193-б.

²⁷³ Жаназа және жерлеу рәсімдері. 100-101-бет

²⁷⁴ Бұл да сонда, 101-102-бб. Имам Ахмет риуаяты

салу, атағын шығару үшін бәсекелесу шарифатымызда жоқ. Жерлеген уақытта қабірдің топырағы түйенің өркешіндей биіктікте ғана жерден көтерілуі тиіс. Қабір тек өз топырағымен ғана көміледі. Сырттан басқа топырақ қосу, үстін тегістеп, цементпен құю – мәкрүһ. Өйткені Сахаба Жәбірден жеткен хадисте: «Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) қабірді гипстеуге, үстіне құрылыс салуға әрі үстіне отыруға тыйым салды», деген (Мүслім риуаяты).

Шарифат бойынша қабірді жоғалтып алмау мақсатында үстіне белгі (құлпытас, ағаш) қойып, марқұмның аты-жөнін жазып қоюға рұқсат беріледі.

Осман ибн Мазғұн есімді сахаба қайтыс болып жерленген соң Пайғамбар (с.а.с.) бір кісіге тас әкелуді бұйырды. Әлгі кісі оны көтере алмады да, Алла Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) екі білегін түріп, тасты көтеріп, (Османның) бас жағына қойды. Сосын: «Осы (тас) арқылы (сүт) бауырымның қабірін белгілеймін әрі оның қасына отбасымнан қайтыс болғандарды жерлеймін»²⁷⁵, деген». Демек, қабірді белгілеу үшін үстіне аты-жөні жазылған құлпытас немесе ағаш қоюға немесе тал егуге болады.

Құлпытастарға марқұмның бейнесін салу, мүсінін қашап қоюға рұқсат етілмейді. Мұндай әдеттер мәйіттің қабірде қиналуына себеп болады. Дінімізге кейіннен енген мұндай жат, кірме әдеттерден арылу қажет. Олай дейтін себебіміз өткен ғасырдың 60-70 жылдарынан бастап құлпытастарға шарифатта жоқ әдет қалыптасты. Яғни марқұмның суретін қою етек алды²⁷⁶. Міне сол уақыттан бері қазақ даласындағы қабірстандарда құлпытасқа сурет салу әдеті жалғасып келеді.

Шарифатта қабірді басу күнә болғандықтан адам, жануар үстін таптамау үшін қоршауға рұқсат етілген. Егер қабірстанның сырты толықтай қоршалса, онда марқұмның басына құлпытас, яғни белгі қоюмен шектелу керек. Ал қорым толықтай қоршалмаса, аяқасты қалып, жан-жануардың таптамауы үшін шектен шықпайтындай етіп қоршауға рұқсат беріледі. Құлпытас орнату мен қабірді қоршауда шарифат талабынан артық кету, ысырапшылыққа жол бермеген жөн.

Көңіл айту

Ет жақын туысы қайтыс болған жандарға қайғыларына ортақтасуды білдіретін көңіл айту дәстүрі барлық халықтарда бар. Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінде де бұл салтқа ерекше мән беріледі. Бұл – жалпы адамның психологиясына тән ортақ құндылық. «Қайғыны бөліссең азаяды, қуанышты бөліссең көбейеді» деген түсінік қалыптасқан халқымызда көңіл айту өз кезегінде әуелі, естіртумен басталады, артынша көңіл айтылып, жұбатуға көшеді. Осы салттардың бәрі бір-бірімен сабақтаса отырып, жақынынан айырылып қайғадын қан жұтып отырған қара шаңырақтың қайғысын жеңілдетіп, көңілдерін көншітуге септеседі. Естіртуді көбіне ақылы, парасат пайымы жоғары адамдар ретін тауып айта білген. Оған

²⁷⁵ Әбу Дәуіт риуаяты

²⁷⁶ Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 1-том. Арыс баспасы, –Алматы, 2005. –197-б.

қатысты мысалдары тарихымызда жетерлік көп. Оны мәнді де мағыналы кара сөзбен, адамның көңіл қылын тербер өлең жолдарымен, тіпті қажет болса астарлап, күй арқылы да (Мысалы «Ақсақ құлан») жеткізіп отырған.

Мәселен, Абылай ханға Бөгенбайдың қазасын естіртуінде «қазаны естудің алдында мынаны тыңдап ал» дегендей: «Ей, Абылай, Абылай, Абылай ханым, бұл қалай? Бұл қалайдан сескеніп, Сөзімді қойма тындамай» деп бастап батырлармен болған небір қанды жорықтарды есіне салып, дүниеден кім өткенін өзіне болжата жырлай, батырдың қадірін, ордадай орнын жетесіне жеткізе айтып келіп: «... Сексеннен аса бергенде, Қайырылмас қаза келгенде, Батырың өлді – Бөгенбай!» деп сөз тізгінін сәл іркіп, ары қарай: «Жыламай тыңда, Абылай! Жараға жақсы қасқарар, Ойбайлап жаман бас салар. Көріспей айтты деменіз, Осы еді біздің келген жай», деп жұбату айтады²⁷⁷.

Мысалы, Бағаналы Ерденнің баласы өлгенде басын көтере алмай қалғанда Таз Шоқай би былай деген екен:

Уа, Ерден!
Басыңды көтер жерден!
Осы балаң өлмегенде
Кетіп едің керден.
Өзі беріп, өзі алды
Нең бар еді құдайға берген?!
Балаң түгілі
Әкең Сандыбай да өлген.
Оны Шоқай көрген.
Жақсының басына іс түссе
Ойлай береді.
Көкті бу көтереді,
Жүкті нар көтереді,
Өлімді ер көтереді.

Тіпті, бастарына қиын-қыстау күндер туғанда әрдайым Пайғамбарымызды (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өздеріне үлгі тұтып, бір-біріне басу айтқан. Мысалы, біреу қаза болғанда көңіл айтушылар:

Ойлап тұрсам жалғаннан,
Бұрынғылар не көрген!?
Мұхаммед өткен Мұстафа

Кім болмаған биқапа,²⁷⁸ – деп әзірет Мұхаммедті (с.а.с.) өлең-жырларына қосқан. Осылайша үйінде біреуі қайтыс болғандарға Алланың ең сүйікті құлының да бұл дүниені тәрк етіп, о дүниеге аттанғанын, Алланың қойған заңына мойынсұну керектігін ескертіп көңіл айтқан.

Кімдер өлмей тұрады

Бұл дүниенің жүзінде,

²⁷⁷ НұрғалымұлыҰ. «Естірту», «Егемен Қазақстан» :<https://www.egemen.kz/article/167647-qayghynynh-emi-estirtu-nemese-altyn-kimdiki-bolady>

²⁷⁸ Шортанбай: Толғаулар, айтыстар, дастан, (құр: Қ. Мәдібаева, К. Жүністеги), –Алматы, 1993.

Мұхаммед те көніпті

Жетімдікке жасында,²⁷⁹ – деп Пайғамбарымызды (с.а.с.) әрдайым үлгі тұтқан халқымыз, біреудің ата-анасы қайтыс болғанда оның өмір жолын еске түсіріп, маңдайына жетімдік жазылғандарға басу айтып, көңілін аулаған.

Ақыретте көз салсын

Баратұғын орынға.

Білсін Алла жарлығын,

Алдында өлім барлығын,

Құдай досты Мұхаммед

Оның да алған жалғызын,²⁸⁰ – деп, халқымыз адамның басына келетін ең ауыр қазалардың бірі – бауыр еті баласынан айрылғанда болаттай берік болуға, Пайғамбарымызды еске алып, бір-бірін сабырлыққа шақыра білген²⁸¹.

Ислам шарифатында қайғырған жанды Алланың тағдырына жазғанына сеніп, сабырлыққа шақыру мақсатында мәнді сөздермен көңіл айту сүннет ретінде бекіген. Мәселен, немересі жан тәсілім етер шақта өз. Пайғамбар (с.а.с.) өз қызын сабырлыққа шақырып: *«Қызыма айтып бар! Алғаны да, бергені де – Оныкі (Алланікі)! Ешнәрсе мәңгі емес, әр нәрсенің уақыты шектеулі. Сондықтан, сабыр етсін, Алланың жазғанына көнсін»*²⁸² деп басу айтқан екен. Тағы бірде сенімді серігі, адал досы Муғаз бин Жәбәлдің ұлы қайтыс болғанда Алланың елшісі хат жолдайды: *«Шындығында, жанымыз да, малымыз да, бала-шағамыз да Алланың бізге берген уақытша сыйы. Уақыты келгенде қайтарып алатын аманаты. Аманатты пайдалануың мүмкін, алайда, белгіленген уақыты келгенде қайтарып алары анық. Ендеше, басыңа түскенге көнер болсаң, Алланың есендігі мен мейірімі, тура жолы берілмек. Сондықтан, сабыр ет. Сауабыңды іштегі күйінішің су сепкендей өшіріп, өкініште қалып жүрме. Ұмытпа! Қаниша күйінсең де, өлген қайтып тірілмейді, басқа түскен қайғыны да сейілте алмас. Жазмыштан озмыш жоқ!»* деп сабырлыққа шақырған²⁸³.

Болашағынан зор үміт күткен Шоқанның қазасын Шыңғыс төреге Келдібектің: *«... Құдай бізге бір гауһар тас беріп еді, оны өзі алды»*, деп астарлап естіртуі де осы хадистің мәнімен астарласып жатыр.

Жоқтау

Қайтыс болған адамның артынан жоқтау айтып жылау – барлық халықтарда бар ғұрыптардың бірі. Қазақ халқында да жоқтау айтдың өзіндік үлгілері

–43-б.,

²⁷⁹ Шортанбай, 43-б.

²⁸⁰ Шортанбай, 37-б.

²⁸¹ ӘділбаеваШ.Хадис – ғұрпымыз, сүннет – салтымыз. – Алматы: “Көкжиек-Б” баспасы, 2009.– 115-б.

²⁸² Имам Нәуәуи, Шархуль Муслим, Китабуль Жанаиз . – 923 хадис.

²⁸³ Табарани, Дуғалар – 1120 хадис

қалыптасқан. Жоқтау ауыр қайғыға, қасіретке тап болған адамның шерін, мұңын тарқатып, басқа түскен қайғысын жеңілдетуге септесетін іс-шараның бірі. Ислам шариғаты жоқтау айтып жылауды жойып жіберген жоқ. Қайта керісінше, Алланың жазғанына, тағдырға сенген мұсылман пендесіне шариғат шеңберінен шықпай, шерін төгіп, көңілін босатуға рұқсат еткен²⁸⁴.

Ислам шариғатында дүниеден озған кісінің артынан жылауға рұқсат екендігіне қатысты ижма, яғни бірауыздан келісім бар. Мұндай жағдайда жыламау үшін адам тас жүрек болу керек. Жылау – Алла тағаланың адамбаласының жүрегіне салған мейірімнің белгісі. Осыған қатысты Имам Бұхари мен Муслимнің хадис жинағында мынадай хадис келген: Алла елшісіне (с.а.с.) жан тәсілім етер алдында қиналып жатқан немересі (қызының баласы) әкелінген кезде қос жанары жасқа толып, жылады. Мұны көрген Сағид (р.а.): «Уа, Алланың елшісі бұныңыз не? (яғни, жылауға болады ма?)», – деген кезде Ардақты елші: «Бұл – пенделерінің жүрегіне Алланың қойған рақымы. Алла мейірімді болған құлдарына ғана мейірімін төгеді», – деген еді. Өз баласы Ибрахим қайтыс болған кезде де Пайғамбарымыз жылап: «Жүрек қайғырып, көзге жас келеді. Алайда, Жаратқан Иеміз разы болатын сөзден басқаны айтпаймыз», – деп жылауға рұқсат екенін көрсетіп кеткен. Бірақ, үсті-басын жыртып, беттерін тырмалап, Алла тағаланың тағдырына наразылық танытып жыламау қажет. Бұған шариғатта тыйым салынған²⁸⁵.

«Шариғатта жылауға болмайды. Артындағылар жылаған сайын, қабірде оған азап беріледі» деген мәселеге келсек. Бұхари мен Муслимнің хадис жинақтарында: «Қайтыс болған адамның артында қалған отбасы мүшелері жыласа, оған азап беріледі», деген хадис бар. Ғалымдардың көпшілігінің айтуынша, бұл хадис отбасы мүшелеріне артынан жылауды арнайы өсиет етіп қалдырып кеткен адамға қатысты айтылған. Өйткені, сол кездері арабтарда қайтыс болған соң артынан жылауды өсиет етіп кету кең тараған әдет еді. Сондықтан, хадистегі мұндай үкім өз еріктерімен, табиғи сезімдері нәтижесінде жылауға емес, сол кездің әдетіне сай, адамдардың қайтыс болғаннан кейін, өзін ұлықтап, құрмет көрсетілуін талап еткен адамның қалауынан туындаған жағымсыз әрекетке қатысты айтылған. Жарық дүниемен қош айтысқан адамның артындағылар өсиет үшін емес, өздігінен жыласа, қабірдегілерге ешқандай азап берілмейді. Өйткені Айша анамыз (р.а.) қабірде жатқан адамдардың артынан жылаған адамдардың қылығы үшін азапқа тартылуының Құран аятына қайшы екенін алға тарта отырып, «Әнғам» сүресіндегі мына: «*Ешкім басқа адамның күнәсі үшін жауапқа тартылмайды*»²⁸⁶, деген аятты сөздеріне дәлелге келтірген.

Ислам дінін қабылдап, бойына сіңірген халқымызда да жоқтау айтудың мұсылмандыққа сай үрдісі қалыптасқан. Мәселен, жоқтаудың көне де көркем үлгілерінің бірі ретінде Қаз дауысты Қазыбекті қызы Қамқаның жоқтауына тоқтала кетейік:

«Біссмілләдан бастайын,
Шариғаттан аспайын,

²⁸⁴ Ибн Абидин. Хашият кітабы, 3/147.

²⁸⁵ әз-Зуһәйлий У. әл-Фихрул-Ислами уә әдилләтуһ, 3-т., 93-94-б.

²⁸⁶ «Әнғам» сүресі, 164-аят

Ішім толды қайғыға,
Азырақ көзім жастайын»,
Үмбетей жырау Абылайға Бөгенбайдың қаза тапқанын жеткізер кезде, оның батырлығын, елге жасаған жақсылықтарын айта келе:

«...Бөгембайдай батырдың
Береке берсін артына,
Бірлік берсін халқына.
Жаратқан ием жар болып,
Пейіште нұры шалқығай!» деп түйіндеген. Мәшһүр Жүсіп Мұса Шорманұлын келінінің жоқтауын:

«Бісмiлла сөздің басында,
Көрдiм бiр қасiрет жасымда!
Опасыз дүние-ай, дариға,
Жан атам өттi, жарандар,
Иманы жолдас қасында.
Халайық, бiр сөз қозғайын,

Сүннеттен асып, озбайын,
Асылық сөйлеп Аллаға
Шариғат сөзiн бұзбайын», деп келтiрген²⁸⁷.
Әбдiрахман дүниеден озғанда ұлы ойшыл Абай Құнанбайұлы да:
«...Қажыны алған бұл өлiм
Сабырлық қылсақ керек-тi» деп жақындарына жұбату айтқан-ды²⁸⁸.

Әруақтарға Құран бағыштау

Бақилық болған адамның артынан Құран – бағыштау көптеген мұсылман елдерінде кең тараған үрдіс. Оның ішінде өзіміздің қазақ жұртшылығы да бар. Қазақ – Құранды өмірінің темірқазығы етіп, ерекше қастерлей білген халық. Мұны кешегі бабаларымыздың айтып өткен аталы сөздерінен аңғаруға болады. Мысалы, Қаблiса (Қабан) жыраудың (1733-1824):

- Бақыт қайда барасың?
- Үйiнде тұрған Құраны,
Расул Алла ұраны,
Тәртіпті үйге барамын²⁸⁹ – деген өлеңі, сондай-ақ, данышпан Абайдың:
Құран рас Алланың сөзiдүр ол,

²⁸⁷ Әбдiрәсiлқызы А.. <http://ansar-aktobe.kz/index.php/kz/vopros-otvet/2-uncategorised/83-din-zh-ne-d-st-r-20-s-ga-pen-zhauar>

²⁸⁸ Абай. Энциклопедия. (Бас ред. Р.Н. Нұрғалиев). –Алматы:«Қазақ энциклопедиясының Бас Редакция сы, «Атамұра» баспасы, 1995.-720 бет.

²⁸⁹ Он ғасыр жырлайды. – Алматы: «Дәуір» баспасы, 2006. – 161-б.

Тәуилін²⁹⁰ білерлік ғылымың шақ²⁹¹ – деген өлең жолдары осының айғағы.

Қазақ халқының Құранға деген иманы мен құрметі сол – қайтыс болған адамының артынан да ұдайы Құран оқып, Алладан медет тілеп, сол оқылған Құранның сауабын марқұмға бағыштап отырады.

Бұл мәселе кейбір адамдардың айтып жүргеніндей – ойдан шығарылып, дінге қосылған жаңалық, яғни бидғат емес. Мұның шарифи негізі бар. Ал шарифатта негізі болған нәрсе – дінге енгізілген жаңашылдық болып есептелмейді, керісінше, діннен саналады. Енді осы мәселені жан-жақты талдап көрейік.

Ең әуелі мәселе түсініктірек болу үшін, төмендегі мына тақырыптардың басын ашып алайық:

Қайтыс болған адамға қатысты сауабы үзілмейтін істер.

Адам дүниеден өтсе де, артынан үзілмей барып тұратын жақсылықтар бар. Бұған қатысты ғалымдар арасында қайшылық жоқ. Өйткені бұл мәселе шарифи дәлелдермен нақты бекітілген. Енді осы дәлелдерге тоқталып өтейік.

Әбу Һурайра (р.а.) жеткізген хадисте Алла елшісі (с.ғ.с.): *«Адам баласы дүниеден озғанда, үш түрлі ісінен өзге барлық істері тоқтап (кітабы жабылып) қалады. Тоқтамайтын істері: үзілмейтін садақа²⁹², адамзат игілігі үшін қалдырған пайдалы ілімі және артынан дұға жасайтын ізгі ұрпақ»²⁹³*, деген.

Басқа хадисте Алла елшісі (с.ғ.с.): *«Расында, адамның жәннатта дәрежесі көтеріледі. Сол кезде ол: «Бұл қалай болды?», – деп таң қалады. Сонда оған: «Балаңның сен үшін жасаған дұғасы себепті», – деп жауап беріледі»²⁹⁴*, – деген.

Әбу Һурайра жеткізген басқа хадисте Алла елшісі (с.ғ.с.): *«Мүмін дүниеден озған соң амалы мен жақсылықтарынан пайдасы тиетіні – үйреткен және таратқан ілімі, артында қалдырған салиқалы ұрпағы, мұра етіп қалдырған мұсхаф (Құран) пен салған мешіті, сондай-ақ, жолда қалғандар үшін салып кеткен үйі, не ағызып кеткен өзені, денсаулығы бар кезінде әрі тірі кезінде мал-мүлкінен шығарған садақасы, бұлар оған дүниеден озған соң пайдасын тигізеді»²⁹⁵*, деп баяндаған.

Пайғамбарымыздың (с.а.с.) аталмыш хадистерінен, қайтыс болған адамның артынан сауабы үзілмейтін амалдардың бар екеніне нақты көз жеткіземіз. Сондай-ақ жоғарыда айтып өткеніміздей, бұл мәселеге қатысты ғалымдар арасында қайшылық жоқ.

Тақырыбымызды одан әрі аша түсу үшін келесі тоқталатын мәселе ол:

Орындалған ізгі амалдың сауабын қайтыс болған адамға бағыштаудың немесе сыйлаудың шарифи дәлелі

Ғалымдарымыз жасалған жақсылық пен берілген садақаның, шалынған құрбандық пен жасалған дұға сауабының марқұмға тиетініне бірауыздан келіскен. Осыған қатысты Ибн Аббас (р.а.): *«Бір кісі Алла елшісіне келіп, анасының өмірден*

²⁹⁰ Тәуил/араб/ – түсінігі, түсіндірмесі.

²⁹¹ Он ғасыр жырлайды 273-б.

²⁹² Яғни, мешіт, медресе, аурухана және көпір сияқты халықтың игілігіне жарайтын нысандарды салып, үздіксіз сауапқа бөлейтін игі істер.

²⁹³ Мұслим, уасыйя 14.

²⁹⁴ Сунан ибн Мәжаһ, 2/1207.

²⁹⁵ Сунан ибн Мәжаһ, 1/188.

озганын естіртті де: *Анамның атынан садақа берсем, оған тиеме?»*, – деді. *Пайғамбарымыз: «Иә», – деп жауап берді. Сонда әлгі кісі: «Менің құрма бағым бар, соны садақа еткеніме өзіңді куә етемін»²⁹⁶*, – деген.

Сондай-ақ Айша (р.а.) және Әбу Һурайрадан (р.а.) жеткен хадисте: *«Алла елшісі (с.а.с.) құрбан шалғысы келсе мүйізді, піштірілген, нозала екі семіз қошқарды алдырып, біреуін Алланың жалғыздығы мен Пайғамбардың (с.а.с.) елшілігін мойындаған үмбетінің атынан, екіншісін Мұхаммед пен әулетінің атынан шалатын еді»²⁹⁷*, деп айтылады.

Негізгі тақырыпты қозғар алдын, жоғарыда келтірілген хадистерге тоқталып өтуіміздің себебі – қайтыс болған адамның артынан сауабы үзілмейтін амалдардың бар екендігінің, сондай-ақ, орындалған ізгі амалдың сауабын қайтыс болған адамға бағыштау немесе сыйлаудың шариғи негізі бар екенін дәлел тұрғысынан айқындап, көрсету еді. Өйткені бұл мәселені түсінген адам, қозғайын деп отырған тақырыбымызды, яғни, марқұмның артынан Құран бағыштау мәселесін оңай түсіне алады.

Әсілінде бағышталып оқылған Құран сауабының марқұмға тиіп-тимейтініне қатысты ғалымдар арасында екі түрлі көзқарас бар. Бірінші көзқарастағы ғалымдар, бағышталып оқылған Құран сауабының марқұмдарға тимейтінін айтса, екінші көзқарастағылар тиетінін айтқан.

1. Оқылған Құран сауабы марқұмдарға тимейді деген көзқарасты ұстанатын ғалымдар, дәлел ретінде бұл мәселеге қатысты нақты бір шариғи мәтіннің келмегенін алға тартады.

2. Оқылған Құран сауабы марқұмдарға тиеді дейтін көзқарасты ұсатанатын ғалымдардың дәлелі:

а) Марқұмдарға Құран оқуға болмайды деген де нақты хадис жоқ;

ә) Көпшілік әһли-сүннет ғалымдары Құран сауабының марқұмдарға тиетінін айтқан;

а) Оқылған Құран сауабы марқұмдарға тимейді деген көзқарасты ұстанатын ғалымдар, бұл мәселеге қатысты нақты бір шариғи мәтіннің келмегенін алға тартса, Құранның сауабы марқұмдарға тиеді деген көзқарасты ұстанған ғалымдар, Құран оқуға болмайды деген де нақты хадис жоқ дейді. Керісінше, қайтқан адамға арналып берілген садақа, ұсталған ораза, өтелген қажылық сынды т.б. жақсылықтардың сауабының марқұмға жететінін білдірген сахих хадистердің бар екенін алға тарта отырып, дәлел ретінде төмендегі хадистерді келтіреді.

Әбу Һурайрадан (р.а.) риуаят етілген хадисте Алла елшісіне (с.а.с.) бір кісі келіп: *«Әкем дүниеден өтті, бірақ, артында қалған дүниесін өсиет етпеді. Әкемнің орнына дүниесінен садақа етіп берсем, күнәлары кешіріледі ме? – деп сұрады. Алла елшісі (с.ғ.с.): «Иә», – деп жауап берді»²⁹⁸*.

Бұхари мен Муслимнің сахих жинағында келген ибн Аббастың риуаят еткен хадисінде: *«Бір адам Алла елшісіне (с.ғ.с.) келіп: «Уа, Алланың елшісі! Менің анам*

²⁹⁶ Сахих Бұхари, 2/102.

²⁹⁷ Суан ибн Мажа 2/1043.

²⁹⁸ Хадис Муслимнің сахихында және Ахмадтың Муснадында келген.

мойнында бір айлық оразасы бар күйде дүниеден өтті. Анамның мойнындағы оразасын менің өтеуіме бола ма?», – деп сұрайды. Алла елшісі: «Егер анаңның біреуге қарызы болса, оны өтер ме едің», – дейді. Әлгі адам: «Иә», – деп жауап береді. Сонда Пайғамбарымыз: «Алла алдындағы анаңның қарызы өтелуге әлде қайда лайығырақ», – делінген.

Ибн Аббастан риуаят етілген басқа бір хадисте: «Жуһайна тайпасынан болған бір әйел кісі Алла елшісіне келіп: «Анам қажсылық жасауға нәзір еткен еді, бірақ, өкінішке орай қажсылығын жасамас бұрын дүниеден өтті. Енді мен анамның орнына қажсылық жасай аламын ба? (яғни анамның қажсылығын өтей аламын ба?)», – деп сұрайды. Сонда Алла елшісі: «Егер анаңның біреуге қарызы болса, оны өтер едің ғой, ендеше, Алла алдындағы анаңның қарызы өтелуге әлде қайда лайығырақ», – деп жауап береді.

ә) Көпшілік әһли-сүннет ғалымдары Құран сауабының марқұмдарға тиетінін айтқан.

Әбу Ханифа мен Ахмад ибн Ханбалдың, сондай-ақ, кейінгі Мәлики ғалымдары мен бір топ Шафиғи ғұламаларының көзқарасы бойынша да, бағышталып оқылған Құран сауабы өліге тиеді.

Сондай-ақ, Ибн Қудаманың «әл-Муғни» атты кітабында Ахмад ибн Ханбалдың айтқан сөзі келтіріледі: «Бізге жеткен хадистерде, бағышталып жасалған жақсылық сауабының марқұмдарға тиетіндігі айтылған. Сондай-ақ, барлық аймақтағы мұсылмандар Құран оқып, сауабын марқұмдарға бағыштауда және бұған ешкім қарсылық білдіріп жатқан жоқ. Демек, ғалымдар арасында осы амалдың дұрыстығына қатысты ижмақтың²⁹⁹ барын көреміз»³⁰⁰.

Ибнул Қайым әл-Жәузия³⁰¹ да: «Жасалған жақсылық пен оқылған Құранның сауабы өліге тиеді» деген көзқарасты таңдаған.

Мәлики мәзһабын ұстанушы үлкен тәпсір ғалымы Куртуби бұл жайлы: «Бұл тақырыптағы еш талассыз нәрсе – берілген садақа сауабының өліге тиетіндігі. Ал енді садақаның сауабы өліге тиетіні секілді оқылған Құран мен дұға, истиғфарлардың да пайдасы өліге тиеді. Өйткені бұлар да садақаға жатады. Садақа тек ақша, дүниемен шектелмейді», деген³⁰².

Сондай-ақ, Мағқал ибн Ясардан жеткен риуаятта Алла елшісі (с.ғ.с.): «Өлілеріңе «Йасин» сүресін оқыңдар»³⁰³, деген. Хаким мен ибн Хиббан хадиске

²⁹⁹ Ғалымдардың шариғи бір мәселеге қатысты бір ауыздан келісуі

³⁰⁰ Бурхануддин Ибрахим ибн Мухаммад. әл-Мубди шарх әл-Мукни. – Бейрут: «Дарул китаб әл-илмия», 1997. – 2-т., –254-б., Сайд Сабиқ. Фикһу әс-Сунна. – Бейрут: «Китаб әл-арабия», 1971. – 1-т., –570-б., әл-Баһуути. Кәшшаф әл-Қинаа. – Бейрут: «Дәрул китаб әл-илмия», (жылы көрсетілмеген), –2-т., –147-б.

³⁰¹ Ибн Тәймияның үлкен шәкірттерінің бірі

³⁰² Жолдыбайұлы К. Дін мен діл 1. – Алматы: Ислам мәдениеті мен білімін қолдау қоры, 2011. –82-б.

³⁰³ Әбу Дәуід, 8-том, 385-бет. Муснад Ахмад. Әс-сунанул-Кубра лин-Насайй. Әл-муғжамул Кубра лит-Табарани. Шуғабул-иман лил Байһақи, 4-том, 469-бет. Сахих ибн Хиббан, 12-том, 496-бет. Бұл хадисті Дәракутни және Ибну Қаттан әлсіз десе де, Ибн Хиббан мен әл-Хаким сахих деп баға берген. Ибн Хиббан хадистегі «өлілеріңе» деген сөзді «әл үстінде, өлім төсегінде жатқан адам»-деп жорамалдаған. Оның бұл жорамалына Мухибб әт-Табари, хадисте «өлілеріңе» деп нақты

сахих деп баға берген.

Ғалымдарымыз жоғарыда келген хадистердің бәрін саралай келе, марқұмның атынан берілген садақаның, ұсталған ораза мен өтелген қажылықтың сауабы секілді, оқылған Құран сауабының да оларға жететінін айтады. Садақа, ораза, қажылық, мұның бәрі өз алдына бір ғибадат және осы аталмыш ғибадаттардың барлығы қайтқан адамға арналып жасалатын болса, сауабының жететіндігіне Пайғамбарымыздың хадистері арқылы куә болдық. Сондай-ақ Құран оқудың да ғибадат екендігіне қатысты хадистер келген. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): *«Кімде-кім Алланың кітабынан (Құраннан) бір әріп оқитын болса, оған бір жақсылық жазылады. Ал әрбір жақсылық он еселенеді. Мен Әлиф, Ләм, Мимді (бәрін қосып) бір әріп демеймін, Әлиф – жеке бір әріп, Ләм – жеке бір әріп, Мим – жеке бір әріп (әрқайсысына жеке-жеке сауап жазылады)»*³⁰⁴, деген.

Садақа, ораза, қажылық, намаз секілді діни рәсімдердің ғибадат саналғаны секілді, Құран оқу да өз алдына жеке ғибадат болып есептеледі. Ал жоғарыда келген Пайғамбарымыздың сахих хадистері, ораза, қажылық, садақа секілді ғибадаттар бақилық болған адамға арналып атқарылған жағдайда сауабының жететіндігін көрсетуде. Демек, Құран да бұл үкімнен тысқары қалмайды. Өйткені Құран оқу да ғибадат болып есептеледі.

Бүгінгі күні халық арасында бүйректен сирақ шығарып, өліге Құран бағыштау дінге енгізілген жаңашылдық (бидғат), Құран өлілерге емес тірілерге түсірілген деп байбалам салып жүргендер бар. Рас, Құран ең әуелі тірілерге түсірілген. Яғни Құранды оқып, оның үкімдеріне амал ету қажеттігі бірінші орында. Бұған ешкімнің таласы жоқ. Алайда дінде негізі бар, көптеген әһли-сүннет ғұламалары, олардың ішінде мәзһаб имамдары оң пікір танытқан, сондай-ақ, халқымыздың салт-санасына сіңісті болған – өлілерге Құран бағыштау мәселесін дінге енгізілген жағалық деуге мүлдем келмейді. Шала сауаттылардың қазақтың бұл әдетін жоққа шығаруының астарында мына себептер жатыр:

1. Діннің негіздерін жете түсіне алмау. Усулул фикһ, хадис ілімдері, Құран ілімдері секілді ғылым салаларын білмеу. Тіпті олардың кейбірі мұндай ілімдердің бар екенінен де хабарсыз;

2. Діни мәтіндердің сыртқы формасына ғана үңілу (яғни буквализм);

3. Өзінің діни ұстанымын бір ғана ғалымның көзқарасына негіздеу;

4. Айтылған басқа дәлелдерді (көкейге күдік ұялатады деп) қабылдамау;

5. Тарихты жетік меңгермеу;

6. Елінің салт-дәстүрін жақсы танып алмау;

7. Өзге елдің әдет-ғұрпынан әсерлену және соны дін деп білу.

Көріп отырғанымыздай қазақтың қайтыс болған кісілердің артынан Құран бағыштауы – ислам дінімен қатар келіп, халықтың қанына сіңіп кеткен мұсылмандық дәстүр.

айтылғандықтан, оны басқаша жорамалдау үшін басқа қуатты дәлел керек деп қарсы жауап берген.

³⁰⁴ Суанан әт-Тирмизи, 5/175.

Қабірді зиярат ету

Ислам – дүние мен ақыреттің шылбырын тең ұстаған иләһи дін. Сондықтан да оның әкелген құндылықтары осы дүние мен қатар ақырет игілігін де ерекше назарда ұстайды. Ислам діні осы дүниені ақыреттің егін алқабы ретінде қарастырып, соған сай әрекет етіп, тек қана жақсылық жасауға, күнәлі істерден бойды аулақ ұстап, ақырет азығын жинауға шақырады. Осындай рухани құндылықтардың бірі – осы дүние мен ақыретті байланыстырып тұратын алтын көпір – қабірлерді зиярат ету.

Қабірлерді зиярат ету ақыретті еске салатындықтан адамды тақуалыққа, ықыластылыққа жетелейді. Адам өзін бұл дүниеге уақытша келген қонақ сияқты сезініп, соған сай өмір сүрсе рияшылдықтан құтылып, ықыласқа қол жеткізед. Қонақта адам өзін қалай ұстайды? Әрине, барынша әдепті, сабырлы болуға әрекеттенеді. Өйткені, қонақ болу – уақытша ғана сәт. Сол сияқты мына өткінші ғұмырда да өзінің қонақ екенін сезіне білген адам әрбір адымын аңдап басады. Хақ тағала айтқандай: **«Әрбір тірі жан өлімнің дәмін (әйтеуір бір) татады. Қиямет күні істеген жақсылықтарыңның қарымын толық аласыңдар. Кімде-кім тозақтан алыстатылып, жұмаққа кірсе, мұратына жеткені. Дүние тіршілігі алдамшы әрі өткінші қызықтан басқа ештеңе де емес»**³⁰⁵. Тағы бір аятта: **«Уа, иман еткендер, дүние-мүліктерің мен бала-шағаларың Алланы еске алуларыңа кедергі болмасын! Осынау нығметтерге алданып, Алланы ұмыт қалдырғандар үлкен зиян шегеді...»**³⁰⁶, деп дүние қызықшылығына алданып, Алла тағаланы естен шығарып алмауға бұйырады. Сондықтан да Пайғамбарымыз: **«(Жалған дүниенің) ләззатын ұмыттыратын (өлімді) жиі естеріңе алыңдар»**³⁰⁷, деп әрдайым өлімді еске алуға үндеген. Ардақты Пайғамбарымыз айтқандай, осы өлімді еске салып тұратын ең маңызды тұрақ – қабірлер. Сондықтан ол жерлерді зиярат ету сауапты амалдар қатарына жатады.

Өкінішке орай қазіргі таңда біздің қоғамымызда осы мәселеге қатысты үлкен дау-дамайлар туындауда. Бірілері шарифаттың талаптарына немқұрайлы қарап, әулиелерді аралауды кәсіпке айналдырып, көптеген адамның иманына селкеу түсіруде. Өмірде тап болған барлық қиындықтардан шығудың жолы әулие аралаудан өтеді деген жалған сеніммен мәселелерінің түйнін шешуді Алла тағаладан сұраудың орнына, әулиелерден сұрап, бата алу қажет деп өздері шатасқанмен қоймай, өзгелерді де адастыруда.

Шарифат талаптарына осындай немқұрайдылық танытқандарға қарсы реакция ретінде өздерін «сәләфи» деп атаушы уаххабилер қабірлерді зиярат етуге «ширк болады» деп үзілді-кесілді қарсы шығуда. Керек десеніз кейбіреулері тарихи қорымдарды былай қойғанда, өз ата-анасының қабірлерін қиратып вандалистік әрекеттерге баруда. «Исламды бидғаттардан тазартамыз» деп ұрандатқан уаххабшылдардың бар арманы Қазақстандағы барлық әулиелердің қабірлерін қирату екені де жасырын емес. Керек десеніз «Құран өлілерге емес, тірілер оқу

³⁰⁵ «Әли Имран» сүресі, 185-аят

³⁰⁶ «Мунафиқун» сүресі, 9-аят

³⁰⁷ Тирмизи, Зүһд 4

үшін түскен кітап» деп, қайтыс болған ата-бабаларымызға Құран бағыштауды да харамға шығаруда. Сондықтан да исламның шынайы рухын түсінген, шектен шықпайтын, орта жолды ұстанған әхли сунна уәл-жамағаттың және сол түсінік негізінде қалыптасқан бабаларымыздың осы мәселеге қатысты ұстанымдарын дәлелдерге сүйене отырып баяндай кетсек.

Бурәйда (р.а.) жеткізген хадисте: «Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм): *«Мен сендерді қабірлерді зиярат етуден тыйған едім. Енді зиярат етулеріңе болады», деп айтты»* делінген³⁰⁸. Басқа бір риуаятта: *«Кімде-кім қабірлерді зиярат етуді қаласа, зиярат етсін, өйткені қабір фәни дүниені ұмыттырып, ақыретті есімізге салады»*³⁰⁹ делінген. Осы мәндес тағы бір хадисте, ағасы Абдуррахманның қабірін зиярат етіп келе жатқан Айша анамыздан (Алла оған разы болсын!) «Пайғамбарымыз қабірлерді зиярат етуге тыйым салмап па еді?» – деп сұраған кезде ол: «Иә, тыйым салған еді. Алайда кейін қабірлерді зиярат етуді бұйырды», – деп жауап берген³¹⁰.

Пайғамбарымыздың (с.а.с.) өзі де мұны іс жүзінде көрсетіп, сахабаларының қабірлерін зиярат етіп, оларға дұға еткендігі белгілі³¹¹. Осы және өзге де дәлелдерге сүйенген ғалымдарымыз қабірлерді зиярат етуді мәндүп деген. Мұны сүннет дегендер де бар. Ибн Хазым және т.б. кейбір кісілер тіпті «өмірінде бір рет қабірлерді зиярат ету уәжіп»³¹² деген екен. Демек қабірлерді зиярат ету құпталған іс. Алайда қабір зиярат ету қажет екен деп шектеп шықпай шарифат шеңберінде зиярат жасаудың өзіндік шарттары мен әдептерін де білу қажет. Солардың кейбірін атай кетейік:

Қабірлерді зиярат етер кезде дәретті болу;

Қабірді зиярат еткен кезде әуелі сол қорымда жатқан мұсылман жұртшылығына сәлем беру; *Пайғамбарымыз сахабаларына: «Әссәләму аләйкум йә әһләл-қубуур, уә иннә иншаллаһу бикум ләлаахиқун уә әс-әлуллаһа ләна уә ләкумул-афияһ», деп айту қажет екенін үйреткен. Оның қазақша мағынасы: «Уа, қабір қауымы, Сендерге Алланың сәлемі болсын! Алла қаласа, әлбетте, біз сендерге барып қосыламыз. Алладан бізді және сендерді кешіруді тілеймін!». Осы жерден біз қабірлерді зиярат еткен кезде олардың біздің сәлемімізді еститінін көреміз. Өйткені сәлем еститіндерге беріледі. Бұған дәлел ретінде Пайғамбарымыздың бәдір шайқасынан кейін жер жастанған мүшіріктердің басына келіп: «Раббымыздың уәде еткен азабының рас екеніне көз жеткіздіңдер ме?», дегенін естігенде қасындағы сахабалар таңданып «Уа, Алланың елшісі, Сіз мына өліктерге айтып жатырсыз ба?» дегенде Пайғамбарымыз: «Сендер олардан артық ести алмайсыңдар. Бірақ олар жауап бере алмайды»³¹³, дегенді.*

Құран оқып, сауабын күллі мұсылмандарға әрі қабірін зиярат етуге барған ата ана, туған туыстарына бағыштау;

³⁰⁸ Муслим, Жәнәйз 106

³⁰⁹ Тирмизи, Жәнәйз 60; Әбу Дәуіт, Жәнәйз 77

³¹⁰ әл-Хаким, әл-Мустадрәк, 1/375

³¹¹ Муслим, Жәнәйз 104

³¹² Шәукани. Нәйлүл-әутар, 5/117-120

³¹³ Ахмед ибн Ханбал, II, 121

Мәйітке арнап Құран оқып, сауабын марқұмға бағыштауға болады. Абд ар-Рахман әл-Жазиридің (р.а.) «Фикһул-Жазирә» атты кітабында: «Құран бағыштаудың мәйітке пайдасы бар», делінген.

Ханафи мен ханбали мәзһабында бағышталған Құранның сауабы марқұмға тиетіндігі айтылған. Мәлики мен шафиғи мәзһабтарының кейінгі ғұламалары да оқылған Құран сауабының мәйітке пайда беретінін айтады³¹⁴. Ибн ас-Салах: «Алла тағалам не оқысақ та осы оқығанымыздың сауабын пәленшеге жеткізе гөр»³¹⁵, деп дұға қылған. Ханбали мәзһабының танымал ғалымы Мухаммед ибн Қудама имам Ахмад б. Ханбалдың марқұмдарға Құран оқуға қатысты мына бір сөзін жеткізеді: *«Зиратқа барған кезде Аятул курси және 3 рет «Ықылас» сүресін оқып, былай деп дұға етіңдер: Алла тағалам! Оның сауабын мына қабір әһліне жеткіз»*³¹⁶. Ибн Хажар әл-Асқаланиден «Марқұмға бағышталып оқыған Құран сауабы тиеме?» деп сұралғанда ол: *«..Алғашқы ғалымдардың басым көпшілігінің пікірі бойынша, оқылған Құранның сауабы марқұмға тиеді. Осы амалдың мұстахаб болғаны таңдалған пікір»*, деп жауап берген екен.

Ханафи ғалымдары дәлелдерге сүйене отырып, адамның жасаған құлшылықтарының сауабын да қайтыс болған кісіге бағыштауға болатындығына келіскен. Мәселен, намаз, ораза, садақа немесе басқа да ізгі амалдардың сауабын өлген кісіге бағыштауға болады, бағыштағанда өз сауабынан ештеңе кемімейді³¹⁷. Жоғарыда осы мәселеге қатысты дәлел-дәйектер көп келтірілгендіктен ұзақ тоқталып жатпай-ақ қояйық.

Қабір басында Құран оқу – сауапты іс. «Ясин» сүресін оқу – мұстахаб. Сонымен қатар бір мәрте «Фатиха» және үш мәрте «Ықылас» сүресін немесе өзі білген сүрелерді оқып, сауабын марқұмға бағыштаса болады.

Құран оқылғаннан кейін марқұмдар үшін дұға жасалып, Алладан кешірім тілеу; Көпшілік ғалымдар бағышталған дұға-тілектердің сауабы дүниеден озған әруақтарға жететіндігіне бір ауыздан келіскен. Мысалы, «Уа, Алла тағалам, пәленшені кешір, өзіңнің мейіріміңе бөлей гөр!» деп дұға жасаудың сауабы мәйітке жетеді. Бұған Құрандағы: **«Олардан кейін келгендер былай дейді: «Раббымыз! Бізді әрі бізден бұрын иман келтірген туыстарымызды жарылқай гөр»**³¹⁸ деген аят дәлел. Дұғаның қайтыс болған кісіге айдасы міндетті түрде тиеді. Әсіресе, Құран оқылғаннан кейін жасалған дұға қабыл болуға лайықтырақ³¹⁹.

Қабірлерді зиярат ету барысында мына нәрселерді жасауға тыйым салынады:

Қабірлерді сипалап, қолымен бетін сүрту;

Қабірлерді айналып, тәу ету;

Шүберек байлау;

Шам жағу;

Ақша және түрлі заттарды тастау;

³¹⁴ әз-ЗухәйлиУ. Әл-Фикһ әл-Ислами уа Адиллатуһу. 2/1581.

³¹⁵ Мұғни Мұхтаж ила мағрифатил алфаз, 3/64

³¹⁶ Мухаммед ибн Қудама. әл-Муғни, II, 424 б.

³¹⁷ әз-ЗухәйлиУ. Ислам фикһ энциклопедиясы. – Стамбул, 3/99

³¹⁸ «Хашір» сүресі, 10-аят

³¹⁹ әз-ЗухәйлиУ. Фикһул ислами уә әдилләтуһ. III, 91-92

Қабірдегі адамнан тілегінің орындалуын сұрау. Осы соңғы мәселеге қатты абай болу керек. Сұрайтын нәрсенің бәрін бір Алладан ғана сұрау керек. Олай болмаған жағдайда Аллаға серік қосқан болады. Сонымен қатар, «Уа, Алла тағалам, осы қабірде жатқан Пайғамбар, әулие яки қандай да бір ізгі адамның құрметі үшін дұғамды қабыл ала гөр!», деу серік қосуға жатпайды. Міне осы мәселені дұрыс ажырата алмаған «сәләфилер» бұл әрекетті серік қосу деп санап, қабірлерді зиярат етуге тыйым салуда. Қазақтар әруағын сыйлағанымен оларға сыйынбағанын естен шығармау керек. Ал қазіргі таңдағы әруақ аралауды кәсіп етіп жүргендерге қарап, қазақ халқының мұсылманшылығына баға беру – жаңсақтық.

Ас, садақа беру жоралғылары

Қазақ халқында қайтыс болған кісінің артынан ас беру дәстүрі ерекше мәнге ие. Өсілінде ас беру – көне ғұндар және сақ дәуірлерінен бері келе жатқан дәстүрлердің бірі. Көбіне ас адам қайтыс болғаннан кейін бір жылдан кейін берілетін болған. Ас негізінен қоғамдық өмірде статусы өте жоғары, қадірлі адамдарға берілетін. Ол әуелде дүниеден өткен адамға арналса, кейін бұл дәстүр еске алу кейпіне енген. Оны қайтыс болған кісінің ұрпақтары ғана емес, ру, тайпа мүшелері жиналып беретін және оның мәні тек діни емес, қоғамдық-әлеуметтік өмірдегі мәні жоғары, саяси-әлеуметтік институционалдық мазмұндағы жалпы халықтық «саяси форумдық» мәнге ие болған. Көбіне жасы 60-70-тен асқан кісілерге берілген астар той секілді өтсе, жасы 60-қа жетпей дүниеден өткен адамдардың жылдық асында күліп-ойнау, бәйге ұйымдастырып, көңіл көтеру салтқа қайшы саналған³²⁰.

Әрине қазіргі таңда жылына дейін қайтыс болған адамның артынан орындалатын көп дәстүрлер (әйел адамдардың бір жылға дейін қара жамылып, жоқтау айтуы, бетін тырмалап жылау, қаралы ту тігу, тұл қайыру т.б.) өзгеріске ұшырап, басқаша мән иеленгенімен, дүниеден өткен ата-баба әруағын ескі алуға бағытталған түпкі мақсаты сақталып қалған. Қазақ халқының әсіресе қайтқан кісіні жөнелту салттарының бәрі ислам дінінің ықпалымен басқаша түрленіп, мұсылмандық мәнге ие болған. Осы орайда А. Әбдірәсілқызы мынадай орынды ой айтады: «Тарихи тұрғыдан осылай айшықталатын бұл үрдіске танымдық қырынан келер болсақ, қазақтың қанына біткен әруақ сыйлау үрдісі ата-ананы құрметтеу әдебімен ұштасады. Ата-ананы сыйлаудың Алланың разылығын алудың ең жақын жолы екені талай хадистерде айтылған. Ал Алладан кейінгі ұлығы, көз алдындағы киелісі – ата-анасын ғана емес, жеті атасын түгел сыйлауы, көзі тірі үлкендердің ғана емес, дүниеден әлдеқашан өтіп кеткен өлілердің де қамын ойлап, дұғасын бағыштауы қазақтың иман дүниесінің қаншалықты тереңде жатқанын аңғартса керек»³²¹.

³²⁰ Смағұлов Е. Ас. Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының кітап сериялары. – Алматы: Арыс баспасы, 2005. – 245-246-бб.

³²¹ Имамға көмекші: Үстел кітабы / Құраст.: А.Әбдірәсілқызы, М.Исахан, М.Муслимов, Т.Әбуов, С.Көкенай, Г.Новикова, Ж.Тенлибаева. – Астана, Дін мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу және

Қазіргі таңда жылдық асына дейін берілетін 3-і,7-сі, 40-ы, 100-і секілді астар бар. Жалпы ислам дінінде қайтыс болған кісінің артынан ас-садақасын беру сауапты іс саналады. Алайда нақты бір күнін белгілеу талабы қойылмаған. Негізінен қазақ және өзге де түркі халықтарында кездесетін осы дәстүрлер исламдық сопылық мектебінің тәлімі негізінде қалыптасқан. Сондықтан бұл дәстүрлеріміз де мұсылманшылық түсінікпен толықтай үйлесім тапқан.

Осыған орай ҚМДБ тарапынан шығарылған «Жаназа және жерлеу рәсімдері» атты кітапта былай делінеді: «Негізінде, үшін, жетісін, қырқын, жүз күндігін және жылын беру шарифаттың талабы емес. Алайда, ханафи мәзһабының ғалымдары оны жаназасына қатыса алмаған алыстағы ағайын-туысқандары көңіл айтып, көрісу үшін жасалатын «мубах» (рұхсат етілген) жоралғылардың қатарына жатқызады (Тахтауи, Марақи әл-фалах фи шархил-изах).

Әйткенмен, асыра сілтеп, қаза садақасы мен нәпіл садақаның дастарханынан тойдыкінен бетер жайып, байлық көрсетушілер де ел арасында баршылық. Өлім садақасының дастарханы ас та төк болуы міндет емес.

Алла Тағала «әл-Ағраф» сүресінің 31-ші аятында:

المُسْرِفِينَ لَا يُحِبُّ وَكُنُوا وَاشْرَبُوا وَلَا تَمْسُرُوا إِنَّا

«Жеп-ішіндер, тек ысырап қылмандар! Ақиқатында Ол (Алла) ысырап қылушыларды жақсы көрмейді» деп, ысырап етуден тыйған.

Қазіргі заманда ата-баба аруақтарына арнап берілетін садақа астар сәулетті мейрамханаларда өткізіліп, келген қонақтарға арналған бағалы сыйлықтар беріліп жатады. Осы шараның аясында жоқ-жітік, жарлы-жақыбайды жарылқаса құба-құп»³²².

Қазақ дәстүріндегі қайтыс болған кісінің артынан жетісін, қырқын, жылын беру әдеті шарифатта міндетті түрде атқарылуы тиіс парыз амалдарына жатпайды. Ол – адамның еркіне қалдырылған сауапты іс. Яғни, жасалмаған жағдайда ешбір адам күнәһар саналмайды.

Жалпы қазақ ғұрпы бойынша, өлік жөнелтілмей, қаралы үйдің қазаны қайнамаған. Бұл – шарифатымыздан алынған жоралғы. Ислам діні бойынша ол үйде тамақ пісіріп, қонақтарға дастарқан жаю емес, керісінше көңіл айтып келген туыстары мен көршілерінің қаралы үйге тамақ ала келуі өсиет етіледі. Тіпті сахаба Жағфар қайтыс болғанда Пайғамбарымыз (с.а.с.) айналасындағыларға: *«Жағфардың үйіндегілерге тамақ әзірлеңдер. Олардың басына қиындық туындады»*³²³, деген. Жаназа намазы оқылғаннан соң бата оқу рәсімі басталып, оған келген жандарға да арнайы дастархан жайылады. Асым бин Кулайб әкесінен жеткізген хадисте, ансарлық (мәдиналық) бір сахабаның: *«Пайғамбарымызбен (с.а.с.) бірге жаназаға қатыстық. Қайтып келе жатқанда әйелі (мәйіттің) жіберген бір кісі қарсы алдынан шығып асқа шақырды. Пайғамбар (с.а.с.) келген кезде, ортаға тамақ қойылды. Ол қолын тамаққа созды. Отырған қауым да қол созып тамақ жеді. Алланың Елшісі (с.а.с.) аузындағы тамақты шайнап отырды», деп айтқанын*

талдау орталығы, 2015. – 147-б.

³²² Жаназа және жерлеу рәсімдері. – Астана, 2017. – 44-45-бб.

³²³ Әбу Дәууд, Сүнән

әңгімелейді. Осы оқиға қаза болған үйде тамақ жасалып, кісі шақырып ас беруге рұқсат екеніне дәлел болады. Баззази деген ғалым әл-Истихсан кітабында: «Егер, жоқ-жітікке ас берсе жақсы болады»³²⁴, деп жазады.

Алыстан көңіл айтуға келгендерге тамақ берудің ешқандай сөкеттігі жоқ. Бұл туралы Жәрир ибн Абдулла: «Егер тамақ пісіру қажет болса, пісіруге болады. Себебі қаралы жерге жаназа үшін және көңіл айту үшін ауылдардан және алыстан келетіндер бар. Олар сол жерде қонақтап қалатын болса, онда тамақ пісіріп, оларды тамақтандыруға болады»³²⁵, деген.

Алайда, қазіргі кезде қаралы үйлерде «басқалардың алдында ұятқа қалмайық», «жұрт күлмесін» деген сияқты ойлармен, той секілді дастарқанды жайнатып тастайтын әдет белең алып барады. Өзі қара жамылып, қайғыға батып отырған шаңырақ дастарқандарын жайнатып қою үшін шығынға белшеден батып, кейбіреулері қарызданып, қайғысына қайғы жамайды. Бұл, әрине, дін тұрғысынан да құптарлық дүние емес.

Жетісін, қырқын беру ғұрпы – қазақ халқының тұрмыс ерекшелігінен туындаған үрдіс. Ол – ұлан-ғайыр аймақты мекендеп, алыстан қыз алысып, қыз беріскен, қарға тамырлы қазақ үшін туған-туысына көңіл айтуға бір күнде немесе аза тұтылатын үш күн ішінде келіп жету мүмкін болмағандықтан әрі қара жамылып отырған шаңырақ иелеріне де бей-берекет уақытта келіп қолайсыздық тудырмау мақсатында туындаған игі іс. Қайғыға да, қуанышқа да ортақтасуды әдетке айналдырған халқымыз туған-туыс, құда-жекжат көңіл айтып, қайғысына ортақтастығын білдіруді өздеріне қарыз деп білгендіктен міндетті түрде келуге барын салған. Туған-туыспен қарым-қатынасты үзбеу де шарифат талабынан туындағандығы мәлім.

Сонымен қатар «қырықтың бірі қыдыр» деп сенген халқымыз қайтыс болған кісінің артынан құдайы ас беріп, дуалы ауыз ақсақалдардан бата алып, қайтқан кісі үшін кешірім тілеуді перзенттік борыш деп білген.

Жалпы алғанда ислам шарифатында дүние салған адамның артынан Құран оқытып, құдайы ас беріп, садақа жасаудың сауапты іс екендігі белгілі. Сондықтан да осындай ізгі мақсаттан туындаған халық дәстүрін мансұқтап, шарифатта мұның негізі жоқ деу жөнсіз.

Алайда мына нәрсені де ұмытпаған жөн, дініміз адамдарға қиындық тудыруды көздемейтіндіктен қарызданып немесе өзіне қажетті қаржыны жұмсап міндетті түрде өлі атынан үлкен мал сойып, садақа бер деген үкім жоқ. Ас ысырапқа жол берілместен атқарылуы тиіс.

Жыртыс, тәбәрік беру

Қазақтың тәбәрік беру дәстүріне кіріспес бұрын әуелі ислам дініндегі тәбәрік ұғымына тоқтала кетейік. Араб тіліндегі «табаррук» сөзінің тілдік мағынасы –

³²⁴ Тахтауи. Марақи әл-фалах фи шархил-изах

³²⁵ әз-ЗухайлиУ. әл-Фикһул-Исламии уә әдиллутуһу, 2-т, 125-б.

береке іздеу. Береке сөзінің мағынасы – өсу, арту дегенді білдіреді. Әр-Рағиб әл-Исфәһани: «Береке дегеніміз – иләһи жақсылықтың бір нәрсеге даруы», деген. Ибн Манзур: «Береке дегеніміз – өсу, арту мағынасына саяды және «ат-табрик» адам үшін дұға тілеу немесе береке тілеуді білдіреді. «Баррактү алейһи табрикан» десе, ол: «Саған Алланың берекесі болсын!» деген тілекті: «Барака Аллаһу ашшайа» және «барака фиһи уә алейһи» дегенде: «Оған береке қойылды» мағынасын білдіреді. «Тағамун барикун» десе, «берекелі тамақ» деген ұғымды білдіреді» дейді.

Терминдік мағынасына келсек, табаррук дегеніміз – түрлі жолдар арқылы берекені талап ету яки Алла Тағаланың басқалардан өзгеше, ерекше еткен заттарынан, орындарынан құт-береке тілеу. Тағы да бір мағынасы – тәңірлік (иләһи) жақсылықтың бір нәрсеге орнауын, бекуін талап ету. Сондай-ақ табаррук ұлы, құрметті саналған істерге де қолданылады³²⁶.

Мұсылман ғалымдары аят, хадистерге, сахабалар мен алғашқы ізгі буын (әс-сәләф әс-солихин») ғалымдарының сөздері және істеріне сүйене отырып белгілі бір заттарды, салиқалы пенделерді немесе солардан қалған әсарларды (зат, киім т.б.) дәнекер етіп, табаррук жасауға болатындығына бірауыздан келіскен.

Ендігі кезекте қазақ халқының осы тәбәрік түсінігіне қысқаша тоқтала кетейік. Қазақ әдеби тілінің сөздігіне үңілсек, «тәбәрік», «тәбәріктей», «тәбәріктік» деген сөздерді кездестіреміз. Осы сөздерге берілген анықтамаларға көз жүгіртейік. Мәселен, тәбәрік сөзінің бірінші мағынасы: «Құранның бір аяты. Сәлделі имам көзін сүзіп, тәбәрікті созып, Бұхар мақамын күңіренгенде екен». Екінші мағынасы:

«Өлген кісінің құдайысынан алған зат, киім, бұйым.

Қандай сый тартсам екен, аға саған,
(Білмеймін жараса ма, жараспай ма?!)

Ешбір сый таба алмасам, аға саған
Аппақ тонын-атамның тәбәрігін,

Жүзге кел деп арқана жаба салам». Мәйітті жерлегеннен кейін молда Құран оқиды. Жасы келген адамның қазасында бейіт басында тәбәрік ретінде жыртыс таратылады» десе, үшінші мағынасы: «Олжа, үлес, сыйлық. Қыз бұйымы – жігітке тәбәрік. Сіздей адам енді бізге кезіге ме, жоқ па? Тәбәрік алып қалайын»³²⁷.

Қазақ салтында, көп жасап, немере-шөбере көрген қадірлі, инабатты кісілер дүние салса, қабір басында түрлі кездемелерден жыртыс жыртып, жерлеуге барған адамдарға үлестіреді. Міне, бұл «тәбәрік беру» делінеді. (Бұл салт кей жерде «өңір тарату», кей жерде «бедян тарату» деп аталады).

Жоғарыдағылардан тыс, сыйлы, қадірлі қарт адамдардың қабірі басына жауып барған киіз, кілем тектес заттарын «жасына келеміз, қасиеті дариды» деп жерлеуге барған адамдар кесіп-кесіп, паршалап бөліп, талап алады. Бұл «телім

326 ШәкизадаұлыС. Исламдағы «табаррук», «тауассул» мәселелеріне теологиялық талдау. «6M021500 –Исламтану» мамандығы бойынша гуманитарлық ғылымдарыныңмагистрі академикалық дәрежесін алу үшін жазылған диссертация. Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті. (қолжазба құқында). –Алматы, 2018. –8-б.

327 МалбақовМ., ЕсеноваҚ., ХаниятБ. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. – Алматы: «Арыс» – «Қазақ тілі» 2014. – 14- т., 46-б

алу» деп аталады. Егер мұндай жағдайда, белгілі себеппен қабір басына бара алмай қалған адамдар марқұмның үйіндегі киім-кешегінен «телім» және «тәбәрік» сұрап алады³²⁸.

Байқағанымыздай қазақ халқы тәбәрік сөзін дүниеден өткен кісінің киімдеріне қолданған. Алла елшісінің шапанын себепкер етіп Алладан дұға тілеу сахабалар мен табиғиндердің заманында көрініс тапқандықтан қазақ жұртының бұл іс-әрекеттерін жоққа шығара алмаймыз. Керісінше бұл дәстүрдің түп-тамыры діннен бастау алатындығын көрсетеді. Сондай-ақ тәбәрік сөзі қазақ ақын-жазушылардың және ғұламалардың өлең шумақтарында да көрініс тапқан. Соның бірі Қожа Ахмет Иасауи бабамыз өзінің «Даналық кітабының» (Диуани хикмет) 98-хикметінде:

«Арыстан бабты сұрасаң, пайғамбар-ды сенгені,
Сахабалар ұлығы, Құдайға шын пенде еді.
Жатыр төмпек жерде бір,
қорлық-зорлық көргені,
Арыстан бабам сөздерін есітіңіз – тәбәрік».

деп³²⁹ әрбір шумағында тәбәрік сөзін тілге тиек еткен. Аталмыш сөзді өлең жолдарында қолдануы бекер емес. Иасауи Арыстан бабаның әрбір сөзін тәбәрік ретінде сипаттаған.

Қайтыс болған кісінің артынан жыртыс, теберік, киім тарату – қазақ халқының салт-дәстүріне сіңісіп кеткен үрдістер. Бұның бәрін мұсылман халқымыздың қайтқан кісінің атынан садақа беру ниетімен бастатқаны анық. Себебі ислам діні бойынша қайтыс болған кісінің атынан садақа беруге болады және оның сауабы өліге тиеді деп есептеледі. Бір күні Пайғамбарымызға (с.а.с.) бір кісі келіп: «Менің әкем қайтыс болды. Артында дүниесі қалды. Артында қалған дүниесін (пәлен жерге берілсін) деп өсиет етпеді. Егер мен оның орнына садақа берсем, күнәлары кешіріледі ме?», – деп сұрайды. Сонда Пайғамбарымыз (с.а.с.): «Иә», – деп жауап қатады. (Муслим, Сахих) Осы хадисте садақаның қайтыс кісіге арналып жасалғанда сауабының оған жететіндігі айтылған. Ахмад ибн Ханбал бұл жайында: «Бағышталып жасалған барлық жақсылықтың сауабы өліге тиеді. Өйткені ол жайлы хадистер бар», – деген³³⁰. Фикһ ғалымдары садақа сауабының өліге тиетіндігін айтқан. Сондықтан жыртыс, теберік, киім таратудың бәрі садақа ниетімен жасалғанда сауабы өліге тиеді. Яғни бұл амалдар садақа ниетімен жасалуы қажет. Осындай ниетпен жасалғанда шарифатқа ешқандай қайшылығы жоқ, қайта керісінше құп көріледі. Бірақ бұл амалдар шамасы келмейтін адамдарға жүктелмейді. Яғни шамасы келетін адамдар, шамасы жетсе ғана жасауына болады, ал шамасы жетпейтіндерді дініміз бұған мәжбүрлемейді³³¹. Міне көріп отырғанымыздай тәбәрік сөзінің төркіні де мән-мағынасы да мұсылмандық түсініктен бастау алған.

Алайда мына нәрсені де атап өткен орынды. «Ертеректе қайтыс болған кісінің

³²⁸ НүсіпоқасұлыА. Тал бесіктен жер бесікке дейін. – Алматы: «Өнер 21-ғасыр қоғамдық қоры», 2014.–546-б.

³²⁹ Иассауи Қожа Ахмет. Хикметтер. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2000. –121-124-бб.

³³⁰ Сайд Сабик. Фикһу әс-Сунна. – Бейрут: «Китаб әл-арабия», 1971.– 1-т.,–560-б.

³³¹ ӘділбаевА.. <http://E-islam.kz> <http://islam-kulsary.kz/info>

киімін «тәбәрік» ниетімен елге тарататын. Ал бүгінде бұл әдет жағымсыз сипат алуда. Марқұмның күнделікті киімін емес, дүкеннен алынған жаңа киімді тарату талабы – шарифатта жоқ. Біреулер баяғы «ұят болмасын» деген жалған түсінікпен шығындалып, қымбат киімдер таратып жатады. Істің арты өзгелермен бәсеке, бақталастыққа да ұласып жатады. Олай жасау ысырапқа әкеп соғады, күнәға батырады»³³².

³³² Рамазанов Н. Жаназа мен жерлеу рәсімдері бірізділікке түсіп келеді <http://www.muftyat.kz/kz/article/2992>

III. ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛЫ ДӘСТҮРЛЕРІ

3.1. Ұят — беттің пердесі

Әрбір әдетін дінге негіздеуді басты ұстанымы еткен қазақ халқының ислам дінімен біте қайнасып, тіпті аяттар мен хадистер арқылы сүйегіне сіңіп кеткен ұлы дәстүрлерінің бірі – ұят. Қазақ әрдайым оғаш қылықтар мен өрескел әдеттерден ұрпағын тиып: «Ұят болады» деп жөнге салып отырған. Ұрпақ тәрбиесінің негізгі тірегі ретінде ұят ұғымын әлдақашан дәстүріне дарытып, пайғамбар хадистерін мақал-мәтеліндей мәпелеген. «Ұрпағым ар-ұятты болса екен», деп салиқалы ұрпақ тәрбиелеу жолында аянбай, тіпті осы принциптерді ұрпағына үйретуді басқа нәрселердің бәрінен жоғары қойған. «Ұятсыз» деген сөзді естіртпеу үшін, «Жүгенсіз кеткен» деген сөзге жолығып қалмаудың қамын жеген қазақ қашан да арлы ұрпақтың тәрбиешісі болар қыз баласының тәрбиесіне ерекше қарап «Қызды қырық үйден тыйюға» аса мән берген.

Ислам дінінде ұят адам баласының бойында болуы керек ең ұлы қасиеттің бірі болып табылады. Бұл қасиет мағынасы терең, мәні мол «Ұят» деген сөзбен айтылған.

«Расында, әрбір діннің өзін етән мінезі бар. Исламның мінезі – ұяңдық (ұят)»³³³, деп дінімізде ұяттың маңыздылығын атап көрсетіп кеткен.

Байқап отырсақ, қазақ халқының барша даналық сөздері мен хикметке толы, мағынасы тәлім-тәрбиеге бай нақылдарының барлығы дерлік шарифатпен астасып жатыр. Адам баласын жақсылық жасауға жетелеп, жамандық атаулыдан алшақтататын, мұсылмандық мінез-құлыққа үйлеспейтін жағымсыз қылықтардан сақтандыратын асыл қасиеттің бірі – осы ұят. Иманның әртүрлі тармақтарының болатындығын айтқан Пайғамбарымыз (с.а.с.) ұят иманның бір тармағы екенін ескерткен. Сондықтан, адам баласының имандылығының көрсеткіші ретінде әрқашан ұяңдығына, ар-намысты болуына қарап баға береді. Ұят – хақ дінді алып келген барша пайғамбарларға тән ортақ қасиет. Сағид әл-Худри жеткізген бір хадисте Пайғамбарымыздың (с.а.с.) ұяңдығы шымылдың ішінде отырған қыздың ұятынан да асып түсетіндігі айтылады. Ардақты пайғамбар (с.а.с.) ұялатын болса, дереу жүзінен сол білініп тұратын³³⁴. Пайғамбардың осы хақ жолын өздеріне ұстаным еткен бабаларымыз да бұл ұят атты көркем қасиетті ұрпағының бойындағы ажырамас мінез қалпына келтірген. Ұят – адам баласының иманының қадірін арттырып, жүріс-тұрысына көркемдік сыйлайтын жақсы сипаттардың бірі хәм бірегейі.

Ұят – жақсылықтың негізі. Жамандықты түп тамырымен жоқ ететін де осы ұят. Сахаба Әнәс жеткізген бір хадисте пайғамбарымыз былай деген:

«Ұят пен иман тығыз байланыста. Егер ұят кетсе, екіншісі де бірге кетеді», деп ұяттан ажыраған кісінің иманнан қол үзетінін жеткізген.

³³³ ӘбуДәуіт, Тирмизи, Бәйһақи.

³³⁴ Имам Бұхари «Мухтасар Сахихул-Бухари». –Дамаск: «Дәрул-Мустафа» баспасы, 2011.– 735-б.

Осындай пайғамбар өнегелерін өздеріне айнымас ұстаным еткен қазақ халқы «Пайда ойлама – ар ойла» деп, ұяттың қаншалықты қымбат дүние екендігін дөп басып көрсеткен.

Әбу Һурайра жеткізген хадисте Пайғамбарымыз (саллаллаһу әлейһи уәсәлләм):

«Иман алтыс немесе жетпіс тармақтан тұрады. Ең абзалы ләә иләһиллалла (Алладан басқа құдай жоқ) деп айту. Ең төменгі дәрежесі жолда жатқан кедергіні алып тастау. Ұят та иманның бір тармағы»³³⁵, деп ұятты иманның бір бөлігі ретінде көрсеткен.

Ұятты Алла тағаладан ұялу және адамдардан ұялу деп бөліп қарастыруға болады. Абдулла ибн Масғұд былай деген: *«Алла елшісі саллаллаһу әлейһи уәсәлләм: «Алла тағаладан шынайы түрде ұялыңдар» деді. Сонда біз: «Уа Расулалла! Аллаға шүкір расында біз Алла тағаладан ұяламыз» дедік. Сонда Пайғамбарымыз саллаллаһу әлейһи уәсәлләм: «Мен ол ұятты айтпаймын, Алла тағаладан шынайы түрде ұялу ол басыңды және оның қамтыған ағзаларын сақтандыруың. Асқазан мен оның айналасындағы ағзаларды сақтандыруың. Өлім мен жоқ болуды есіңде ұстауың, кім де кім ақыретті қалаған болса, онда мына дүниенің әдемілігін тәрк етеді. Осы айтылғандарды жасаған адам ол Алладан шынайы түрде ұялған болады», деді»³³⁶*.

Бұл жердегі басыңды сақта дегені ардақты басымызды Алладан басқаға сәждеге қоймау, басқаларға тәкаппарлық танытып мұрнын шүйірмеу, басымызға тиіселі көз, құлақ тіл секілді ағзаларымызды жаман әрекеттерден аулақ ұстап, таза жүру меңзелген. Асқазанды сақтау болса, Алла арам еткен нәрселерін ішіп-жеуден тыйылу. Айналасындағы аяқ, қол секілді ағзаларды да арам істерден алшақ ұстау. Ата бабамыз қай кезде қандай да бір әдепсіздік байқап қалса: «Ұят болады» деп, қоғамның ұятсыздықтың кесірінен күйреп кететіндігін ескертіп отырған. Осыған қатысты Жүсіп Баласағұн былай деп жырлайды:

Пәле-жала жолын ұят кеседі,
Ұятсыздық ердің емсіз кеселі.
Ашық мінез, пәктік, ұят, серік боп,
Жарасады қуанышқа көрік боп.
Адал ар мен ақ көңіл де еленер –
Екі жалған бақытына бөленер»³³⁷.

Бабамыз Жүсіп Баласағұнның бұл өлең жолдары әйгілі ислам ғұламасы Ибн Хажар ал – Асқаланидің «Мунабихатында» айтылған мына нақыл сөзімен сәйкес келеді: «Төрт нәрсе жақсы, алайда одан жақсы төрт нәрсе бар: Ер кісінің бойында ұяттың болуы жақсы, ал ұяттың әйелде болуы одан да жақсы. Әр адамның әділ болуы жақсы, ал әділдіктің басшыларда болуы одан да жақсы. Қарт қарияның тәубе еткені жақсы, ал жастар тәубе етсе одан да жақсы, байлардың жомарт болғаны

³³⁵ Ахмад ибн Ханбал «Муснад», –Бейрут: «Дәрул Фикр», –1991. 1-т.

³³⁶ Әбу Дәуіт «Сунан». –Бейрут: «Дәрул Фикр», 1992.

³³⁷ «Бабалар сөзі» 1-т., –Астана: «Фолиант» баспасы, 2004. –357-бет.

жақсы, жомарттықтың кедейдің бойынан табылуы одан да жақсы»³³⁸.

Әбу Бәкір Кердері бабамыз әдепті қыз бен әдепсіз қыздың мінез-құлқы туралы сөз еткен кезде ар-ұяттың жоғары болуын қатаң ескертіп:

«Қыз болудан не пайда?
Болмаса сабыр, салмағы.
Қыздарды көркем көрсеткен
Мінездің сынық болмағы.
Жігіттерді көргенде,
Жалтаң-жалтаң қараса
Кеткендей-ақ алмағы.
Оның аты қыз емес,
Шайтанның ұшқан қаңбағы.
Ата-анадан асылы
Ұлықсатсыз жүрмеген
Сұрамаған сөзді білмеген.
Қыздардың осы саңлағы!»³³⁹ деген.

Ұлы таулар мен кең даланы мекен еткен қазақ халқы төл табиғатына тартып туған айбынды, өр мінезді болса да, ар-ибадан, ұят-иманнан ешқашан көз жазбаған. Үлкендер жасы кішіге қамқорлық көрсетіп, жасы кіші жандар өздерінен үлкен кісіні көргенден жүгіріп барып сәлем беріп, алдынан қия өтпейтін. Ал әйелдер ешқашан ер адамның жолын кеспей, тіпті, аттарын атаудың өзін ар санап: «Жақсы аға», «Мырза», «Ерке бала» деген сынды аттармен атайтын. Мұнысын қазақ бір сөзбен әйел кісілердің ат тергеуі деп атаған. Бұл да – қазақ халқының дәстүріне дендеп кеткен ұят атты ұлы қасиеттің көрінісі. Тіпті, «Жаным – арымның садағасы» деп ойлы сөздің астарынан-ақ, халықтың қаншалықты ар-намыс пен ұят атты қасиетке қатал қарайтынын бағамдауға болады. Ал ар-ұяттан безген адамдарды аямай сынап һәм осылай жасау арқылы ұрпақтарына үлгі-өнеге көрсету мақсатында: «Өлімнен ұят күшті», «Ұялмаған бұйырмағаннан дәметеді», «Ұяты жоқтың иманы жоқ», «Ұятын жоғалтқан адам – адам емес», «Беті бүлк етпейді», «Ұятсыздың беті көншарық» деген сөздермен сынаған. Абай өз заманының ар-ұяттан ада қалған адамдарына қарата:

«Ұятсыз, арсыз еріншек,
Көрсеқызар жалмауыз.
Сорлы қазақ сол үшін
Алты бақан алауыз.
Өзін-өзі күндейді,

Жақынын жалған мінейді»³⁴⁰, деп береке-бірліктің түп негізі арлы болу, ұят атты асыл қасиетті жоғалтып алмауда жатқанын жеткізеді. Қазақ халқының

³³⁸ Ахмад ибн Али ибн Хажар әл-Асқалани. Мунаббихат ала Истиғдади ли иәумил мағад. –Бейрут: «Дәрул Фикр», 2000. –27-бет,

³³⁹ «Бес ғасыржырлайды». – Алматы: Жалын, 1989. 2- т.–573-б.

³⁴⁰ Абай Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық жинағы.–Алматы: Жазушы, 2005. 1-т., – 62-б.

әдеттегі тұрмыс-салтында «Көріскен жерде сәлемдеспеу – ұят», «Үлкен адамға тұрып орын бермеу – ұят», «Ерлі-зайыптылардың кісі көзінше күреңқабак болып отыруы – ұят», «Кісі көзінше балаға жекіру – ұят»... деген дағдылы тыйым сөздері ұяттың әрқашан жақсылық әкелетінін һәм тәлім- тәрбиенің негізгі тіректерінің бірі екенін білдіреді.

Қазақ халқының салт-дәстүрі мен ислам дінін біте қайнастыра халыққа ұсынуды мұрат еткен Хакім Абай өзінің 36-шы қарасөзінде: «Ұят кімде болса – иман сонда. Ұят – иманның бір мүшесі. Олай болса білмек керек, ұят өзі қандай нәрсе?» деп алдымен ұят турасында таным-түсінікті қалыптастырып алуға мүмкіндік жасап, тереңнен тартып ғылыми анализ жасауға тырысады. «Бір ұят бар – наданның ұяты, жас бала сөз айтудан ұялған секілді, жақсы адамның алдына жазықсыз-ақ әншейін барып жолығысудан ұялған секілді. Не шарифатқа теріс, не ақылға теріс жазығы жоқ болса да, надандықтан бойын керістендіріп, шешілмегендік қылып, ұялмас нәрседен ұялған мұндай ұят шын ұялу емес – ақымақтық, жамандық»³⁴¹, дейді. Қандай да бір кісінің санасында иманмен қуатталмаған, шынайы ұятпен шідерленбеген әлсіздік болса, ұялмас нәрседен ұялып, Абай айтқандай жаманның жайына тап келеді. Мұндай жандар ұялатын жерде қымсынбай кете беретіндіктен Абай мұны қазақтың дәстүріне сай «наданның ұяты» деген. Болмаса әйгілі Төле би бабамыз он үш жасында төрелік айтып, екі ру арасындағы дауды шешкен кезде наданның ұятын жасамай, ұятқа орын жоқ жерде жағдайға байланысты жақсы шешім қабылдай білді. Абайша айтсақ: «Нағыз ұят шарифатқа, ақылға, абыройға теріс қылықтан туады». Мұндай ұят адамдар арасында һәм жалпы қоғамда дұрыс деп мойындалған ережелер мен қағидаларға қайшы келіп қалған жағдайда туындайды.

Мұндай ұят екі түрлі болады: «Оның бірі – өзіңнен ондай қылық шықпай-ақ, бір бөтен адамнан шыққанын көргенде сен ұялып кетесің. Мұның себебі сол, ұят істі қылған адамды есіркегендіктен болады. «Япыр-ай, мына байғұсқа не болды, енді мұның өзі не болады?» дегендей бір нәрсе іштен рахым секілді болып келіп, өзіңді қысып, қызартып кетеді». Себебі, әрбір жан жүрген жерінде қоғамдық қарым-қатынастан еш босаңси алмайды. Сондықтан, әркез қоғамда кейбір кереғар қылықтармен бетпе-бет келгенде Абайдың айтқанындай ішінен өзінен өзі ұялып, біреудің қылығы үшін жүзі қызарады. Мұндай мінез жауапкершілігі жоғары қазақ ортасынан табылады.

Әрдайым «Ұят – беттің пердесі» дегенді ұран еткен халқымыз «Өлімнен ұят күшті» деп санайды. Келесі бір ұяттың түрін Абай былай деп тарқатады: «Сондай ұят, шарифатқа теріс, ақылға, абұйырлы бойға теріс, адамшылыққа кесел қылық, қатеден, яки нәпсіге еріп ғапылдықтан өз бойыңнан шыққандығынан болады. Мұндай ұят қылық қылғандығыңды басқалар білмесе де, өз ақылың, өз нысабың өзіңді сөккен соң, іштен ұят келіп, өзіңе жаза тарттырады. Кірерге жер таба алмай, кісі бетіне қарай алмай біртүрлі қысымға түсесің. Мұндай ұяты күшті адамдар ұйқыдан, тамақтан қалатыны да бар, хатта өзін-өзі өлтіретұғын кісі де болады»³⁴², дейді.

³⁴¹ Абай Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық жинағы. 2-том, –121-122-бб.,–336-б.

³⁴² Абай Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық жинағы, Отыз алтыншы сөз. 2-том, –121-122-бб., –336 бет.

Бабамыз қазақ: «Өлімнен ұят күшті» дегенде осыны меңзесе керек. Ұялу – ақылды адамның ісі, әдепті жанның білімділігі мен парасаттылығының көрсеткіші. Демек, біздің бабаларымыз ислам дінінің ең ұлы принципін, яғни, жамандықтан жырақ тұру қағидасын, «ұят» деген сөздің аясына сыйдыра түсінген. Ұят білімді адамның бойында көбірек көрініс береді. Білімсіз жан мәдениетсіз болатыны секілді, өзімшіл, тәкаппар болғандықтан өзін ұяттың ауылынан аулақ ұстайды. Мұндай адамның айналасынан береке-бірлік пен сый-құрмет көру мүмкін емес. Адам мұндай жағдайдаға ақылсыздығынан тап болса керек. Жүсіп Баласағұн өзінің «Құтты білік» атты шығармасында былай дейді:

«Ақыл қайда болса – ұлылық толады,
Білім кімде – сол білікті болады».

Демек, ұят деген қасиетті әрнәрседен жоғары қойған халық – өте білімді һәм білікті халық. Халықымыздың арасында «Білімдінің беті жарық, білімсіздің беті көншарық»³⁴³ деп айтылып жүрген сөздің арғы жағында ұялу, текті болу, ар-намысқа дақ түсірмеу жатқандығы жасырын емес.

Қазақ халқы Азия жерінде қоныстана отырып, сол жердің жанға жайлы, көңілге жағымды қоңырсалқын табиғатына теліп «қойдан қоңыр» деген сипатты өзіне таңады. Бұл – ұят пен ұяндықты, ар мен намысты өзінің бойындағы ажырамас бөлігіндей еткеннен соң, «қойдан қоңыр» деген символдық сипатты қадір тұтқан ұлттың белгісі. Мұны ұлт ерекшелігінің қасиеті ретінде айтып тұр. Қазақы қалыптан, дінмен қуаттанған дәстүрден ажырай бастаған тұста халық арасында теріс қылықтар мен ұнамсыз сәттер көбейері анық. Мұның ең қорқынышты тұсы салт-санамызға айналып кеткен ұят атты алтын қазынамыздан айрылу.

Жүректегі ұят сезімі киім кию, сөз сөйлеу, қоғамдағы жүріс-тұрыс пен адамдар арасында өзімізді ұстауымыздан көрініс табады. Сондықтан, Алла Тағала берген нығметтердің ең көркемі – ұят. Ардақты пайғамбармыз (с.а.с.) ұят турасында көптеген ескертулері мен сүйіншілерін білдірген бір сөзінде: «Ұят жақсылықтан басқа ешнәрсе әкелмейді» деген. Демек, ұят – жақсылық атаулығы жасалған алғашқы қадам деуге негіз бар. Ғалымдарымыз да осы мағынаны қуаттайтын сөздерінде «Кімнің жүрегінде қорқыныш пен ұят болмаса, онда ол адамда жақсылық та қалмаған екен» дейді. Сонымен қатар, «Ұялу – адамның Алла Тағаланың жария және жасырын жасалған әр істі білетіндігін сезініп, өз өмірін соған қарай реттеуі, Оның өзімен арасындағы қарым-қатынасты басшылыққа алып өмір сүруі» деп те түсіндірген.

3.2. «Жасы үлкенді қадірлесе құт болар»

Ұлан-байтақ жерді мекендеген бабаларымыз 8-ғасырдан бастап ислам дінін дінгегім деп, ардақты пайғамбарымызды жолбастаушым, дүние мен ақыреттің бақытына апаратын жолды таныстырған жанашыр жақыным деп біледі. Кейбір

³⁴³ Кейкін Ж. Қазақ мақал-мәтелдерінің Алтын кітабы.–Алматы: Аруна, 2014. –632-б.

шаманизм, зооростризмнен қалған негізсіз ырымдар мен жалған тыйымдарды қоспағанда қазақ елінің әрбір қылығы мен мінезінен исламның исі аңқып тұратыны анық. Салт-дәстүрімізбен біте қайнасып кеткендігі соншалық кездескенімізден бастап, қол алысып қоштасқанымызға дейін ата-бабамыз қалдырған дәстүрлі дініміздің дені білініп-ақ тұрады.

Тентегін тыйып жөнге салатын, жақсысының нұрын шалқытып мақтап алатын мақал-мәтелдерінің өзі де сүйікті пайғамбарымыздың хадистерінен алынғандығына көз жеткізе аламыз. Дін қағидаларынан нәр алған ең көрнекті дәстүріміздің бірі һәм бірегейі – үлкенді сыйлау, кішіге ізет көрсету. Бұл әдет қазақшылығымызға сіңісіп кеткені соншалық, тіпті үлкендерді сыйлау сөзді жасы үлкендерге бастату, егер жасы үлкен кісі үндемесе, жасы кішінің сөйлемеуі, жасы үлкендерді басшы ету, кішілерге мейірімділік таныту біздің халқымыздың негізгі ұстанымдарына айналған. Жасы үлкенге жол беріп, астың дәмдісін, сөздің сәндісін үлкеннен күту – қазақы қалпымыздың белгісі. Ардақт пайғамбарымыз бір сөзінде: «Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетпеген бізден емес», деген болатын. Демек, мұсылманшылыққа жараспайтын қылық істеп, өзіңді-өзің жаман әдетіңмен, сүйкімсіз әдебіңмен мұсылмандардан бөлектедің деген сөз. Өзін мұсылман санайтын адамның пайғамбар хадисінде айтылғандай «бізден емессің» деген лақаптың таңылуы яки өзінің сондай атқа қалғанын сезінуінен асқан масқаралық жоқ. Сондықтан үлкен кісіні құрметтемеуді бабамыз қазақ мұсылманшылықтың жоқтығы, имансыздықтың белгісі деп есептеген.

Үлкен кісіні құрметтеу ұлтына, руына, жүзіне қарамай жасалады. Тіпті діни көзқарасының өзі исламға қайшы болған күннің өзінде де, үлкен болғаны үшін көрсетілетін сый-құрметтен шеттетілмейді. Бұған Ибраһим пайғамбардың әкесі Өзармен болған қарым-қатынасы дәлел болса керек. Ибраһимнің шырылдап тура жолға шақырған үндеуіне құлақ аспай, құлақ асу былай тұрсын «Егер бұл ісіңді доғармасаң, өзіңді аяусыз жазалаймын» деген әкесіне құрметсіздік көрсетпей: «Әкетай, мен сіздің бақытыңыз үшін қолымнан келгенді аямаймын» деген еді. Пайғамбарлардың осынау ұлы ұстанымдарын ұлтымыз өзіне мұра етіп алғандықтан, «Әке-шешен жынды болса, байлап бақ» деп мәтелдеген. Демек, өзіңнен үлкенге құрмет көрсету дін ұстанған мұсылманның иман тереңдігін, тақуалы екенін көрсетеді. 19-ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген әйгілі неміс ғалымы Ф. Шварц былай депті: «Қырғыз-қайсақтарда сұлтан, батырлармен қатар барлық жасы үлкен, қартайған ер азаматтардың бәрі де кім екеніне, қандай тектен шыққанына қарамай, ерекше сый-құрметке бөленеді»³⁴⁴.

Қазақ дәстүрінде үлкен кісілер әрдайым құрметті орындарға отырғызылып, төрге жайғасады. Той-жиындарда бірінші сөз соларға беріліп, сол ортадағы кесімді сөз, шешімді ойларды үлкендер айтады. Олардың айтқандарын санасына сіңіріп алған жастар, бұйрықтарын мүлтіксіз орындап, «Үлкен кісі айтса, бір нәрсені біліп айтады» деп қарсы шықпаған. Үлкенге тартылған табақтан ақсақал өз қолымен алып берген астан дәм ауыз тию жас жігіттер үшін ең жоғарғы марпат болып саналған.

³⁴⁴ Тұрсынов Е.Д. Происхождение носителей казахского фольклора. – Алматы: «Дайк-Прес», 2004. –105-б., 322-б.

Жайылған ақ дастарғанға үлкен кісілер жайғаспайынша жасы кіші адамдар өз бетінше отырмайды.

Жастардың үлкен адамдардың жолын кесіп, алдынан алшандап өте шығуын халқымыз әдепсіздік, үлкенді құрметтемейтін желбуаздық деп атаған. Жасы кішілердің үлкендерге дауыс көтеруі, жұрттың көзінше кісімсіп ақыл айтуын да имансыздықтың белгісі, ар-ұяттың аздығы деп білген. Үлкеннің сөзін бөлу, әңгімеге килігіп қалай болса солай өз пікірін айтуды да әдепсіздікке жатқызған. Жастар сапарға шығарда яки отбасылы болып, шаңырақ көтерер шақта ақсақалдардың алдынан өтіп, бата сұрайтын. «Батаменен ел көгереді» дегенді айнымас ереже деп алғандықтан үлкеннің батасын алуды, жолы болудың бір себебі деп топшылаған. Қазақтар жаугершілік замандарда жасы үлкен әрі құрметті адамдардан шайқасқа аттанар алдында бата сұрайтын. Әйгілі Қашаған ақын былай дейді:

«Жетпістен жасы асқанда,
Сексенге аяқ басқанда,
Жастар елеп келмесе,
Келіп сәлем бермесе,
Күнде асыл кесе де,
Қартайғанда ер жетім»³⁴⁵.

Демек, қарттарды қазына деп біліп, жақсы тілегін алу, көңілін сұрап, жетімсіретпей елеп-ескеру де – мұсылманшылықтың белгісі хәм үлкен құрмет. Көңілін аулап, әңгімелесіп көңілдендірген жастарға шын көңілмен батасын берген абыз қариялардың тілегі қабыл болады. Рахметін айтып, батасын береді. Үлкеннің батасын алған жанның бұдан жаманшылық көрмейтіндігі белгілі. Әйгілі сахаба Әбу Һурайра жеткізген бір хадисте ардақты Пайғамбарымыз: «*Жасы кіші адам өзінен үлкенге сәлем бергені жақсы*»³⁴⁶, деген. Ибн Аббас келген риуаятта Пайғамбарымыз (с.а.с.): «*Кішілерімізге мейірімділік танытпаған, үлкендерімізге құрмет көрсетпеген адам бізден емес*»³⁴⁷, дейді. Қарттарды қадірлеу, оларға жылы жүзді болу уахи арқылы бұйырылған. Ардақты пайғамбарымыз: «*Жебірейіл періште маған үлкендерді алға шығар деп бұйырды*»³⁴⁸, деген.

Түркі әлемінің ғұламасы Махмұт Қашқари: «Жасы үлкенді қадірлесе құт болар», деген екен. Жасы үлкенге құрмет көрсетіп, әрдайым төрден орын беру – қазақтың сүйегіне сіңіп кеткен жақсы әдет. Ал мұның қайнары Құран аяттары мен пайғамбар хадистерінде жатқандығы шындық. Үлкендердің қадірін білген ұл мен қыз өздері қартайған шақтарында да осындай сый-құрметке жолығады. Ал үлкенді үлгі тұтпай, өз бетінше өзімбілемділікке салынып, жасы үлкеннің сөзін құлағына аспайтындар қартайған шақтарында ел-жұртқа сүйкімсіз, абырой-беделден жұрдай болады. Дана халқымыз осыны бір ауыз сөзбен түйіндеп: «Атаңа не істесең, алдына сол келер»³⁴⁹ деген. Майлықожа ақын осыны меңзеп:

³⁴⁵ «Бес ғасыр жырлайды». – Алматы: Жалын, 1989. 2- том. –573-бет.

³⁴⁶ Имам Бұхари «Мухтасар Сахихул-Бухари». –Дамаск: «Дәрул-Мустафа» баспасы, 2011. –735-б.

³⁴⁷ Мұхаммд ибн Иса Әбу Иса әт-Тирмизи «Сунанут-Тирмизи». – Бейрут: «Дәрул-ихиаайт-тура-сил-араби» баспасы, 1990.–1/247-б.

³⁴⁸ Әбу Дәуіт «Сүнән» 2/35, Мұслим, «Сахих Мұслим» 3/158

³⁴⁹ Кейкін Ж.Қазақ мақал-мәтелдерінің Алтын кітабы.–Алматы: Аруна, 2014. –632-б.

«Жақсы бір адам қартайса, көкірегі хат болар,
Жаман бір адам қартайса, бықсып бір жанған от болар.
Жақсы қария белгісі жанып тұрған шоқ болар,
Жаман қария белгісі қайран боп қалған сал болар»³⁵⁰, деген.

Әнәс ибн Мәлік жеткізген хадисте ардақты Пайғамбарымыз (с.а.с.) жалпы жастарға қарата: «Қандай да бір жас жігіт үлкен кісіге жасы үшін құрмет көрсетсе, жасы ұлғайғанда құрмет көрсететін адамды жолықтырады», деп сүйінішілеген. Бұл өмірдің заңдылығы деуге болады. Өйткені, үйінде үлкен кісісі бар үйде әрқашан береке-бірлік болады. Жалындаған жастарына ақылын айтып жөнге салып, имандылықтан сыр шертетін қариялары бар отбасы нағыз кеніштің ордасы деуге болады. Алла елшісі өзінің бір сөзінде: «Құт-береке сендердің үлкендеріңмен бірге», деген. Қазыналы қартын «жазып қойған хатына теңеген» халқымыз үлкенге деген құрметке сызат түсіріп кемшілік жібермеуге шақырған.

«Сен демек қиын емес пе,

Бұрынғы туған үлкенге?»³⁵¹ – деп Қанайұлы Шортанбайдың айтқанындай, әрқашан «сіз» деп сыйлауды жастардың міндеті деп білген. Шынында, қазақ халқы үшін үлкенге құрмет көрсету – атадан балаға мирас болып келе жатқан тәрбие. Ешқашан қазақ баласы «Үлкенді құрметтемеймін» деп айтпайды. Себебі, сүйегіне сіңген әдет болғандықтан жан-дүниесі соған бейім тұрады. «Ата тұрып ұл сөйлегеннен без, шеше тұрып қыз сөйлегеннен без» деген ұғым әрбір қазақтың көкейінде сайрап жататыны шындық.

Әйгілі жазушы, драматург Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясында қазақтың салт-дәстүрлері мен әртүрлі жол-жоралғылары керемет көрсетілген. Соның ішінде үлкенді құрметтеудің жарқын үлгісін Абай мен Бөжейдің арасындағы мына диалогтан аңғарамыз:

«Абай тоқтаған қалпында бойын тез жиып, аттылардың алдына жұмысы бар кісідей көлденеңдеп кеп тосып тұрды. Үлкен ықылас білдіріп, айрықша бір тағзыммен төсін басып, қатты дауыстап:

– Ас-салаумағалайкүм!.. – деп сәлем берді.

Өзге қазақтан бөлек, мына сияқты бір алуан сыпайылыққа Бөжей оң назарын салды білем... Атының басын тежей беріп:

– Уа ғалайкүм әс-сәләм, балам!..–деп тоқырай қалды. Бөжей Абай күйін жақсы таныған сияқты еді. Байыптап қарап алып:

– Балам, жөніңді айтшы, бізді көрсең, сәлем бер деп әкең айтып па еді, жоқ өздігіңмен істедің бе? –деді.

– Бөжіке, әкем емес, өзім беріп тұрған сәлемім сізге!..

Абай жауабын естіген соң, Бөжей ықыласпен қарай түсіп, жақындады да:

– Әкең айтпай, өзің білген болсаң, батамды берейін. Көзіңнен жақсы жанар көрдім ғой, шырағым!.. – деді»³⁵². Мінекей, қазақтың сүйекке сіңген әдеті ешқашан

³⁵⁰ «Бес ғасыр жырлайды»– Алматы: Жалын, 1989. 1- т. –573-б.

³⁵¹ Әуезов М. Абай жолы роман-эпопея.–Алматы: «Жазушы» баспасы, 2013. Бірінші кітап, – 376-б.

³⁵² «Бес ғасыр жырлайды». 1- том. –573 бет.

ұмыт болмай, әкенің айтуынсыз-ақ ұрпақтың іс-әрекетінде көрініс тауып отырған.

Шал ақын Құлеке ұлы үлкендерін құрметтеген үй иесі үшін отбасы, ошақ қасының өзі Мекке сынды қасиетті қалдан кем түспейтінін айтып:

«Мекке менен Мәдина – жолдың ұшы,

Алыс сапар дейді ғой барған кісі.

Ата менен анадан құрметтесең,

Мекке болып табылар үйдің іші»³⁵³, –

деп ата-анаға тірісінде қамқорлық танытып, мейірімді болуды өсиет еткен.

Қарты жоқ қоғам бас білмей кеткен асау сынды болады десек, қарттары бола тұра құрметтемеу одан бетер қайғы екені айтпаса да белгілі. «Кәрісі кімнің жоқ болса, жастары болар дуана» деп Махамбет батыр айтқандай үлкендердің орны қоғамда әлдеқайда ерекше екені даусыз. Үлкендерге лайықты түрде сый-құрмет жасап, алғысына бөлену – адам баласының бойындағы тектілігінің белгісі.

Қазақ ешқашан үлкен кісінің атын атамай, кішіпейілділігінің белгісі ретінде өзінен үлкен кісінің есіміне «...әке», «...еке» деген сынды жұрнақтар жалғап айтады. Мәселен, Берікбай – Беке, Бауыржан – Бауке, Дархан – Дәке сынды. Мұны қазақ халқымен араласып, салт-дәстүрі мен менталитетін жақыннан тану мүмкіндігіне ие болған орыс ғалымы Л. Баллюзек байқап: «Қырғыздардың сыпайылығы, кішіпейілділігі мен әдептілігінің бір көрінісі – жасы үлкен кісілердің есіміне «..еке» сөзін қосып айтуы», деген. Әсіресе, жаңа түскен келіндер құрметтің белгісі ретінде күйеуінің ағайын-туысының аттарын атамай, мадақтау-марапаттау сипаттарымен атаған. Күйеуінің әке-шешесін «Ата», «ене» деп, ал іні-қарындастарын «Айнаш», «гүлім», «жарқыным», «мырза жігіт», «ерке бала» деген. Бұл – әйел кісінің өзінен жасы үлкен күйеуіне деген құрметтен туындаған сыпайылығы. Міне осындай сыпайылығы бар ел арасында «Үлкенді сен сыйласан, кіші сені сыйлайды, кіші сені сыйласа, кісі сені сыйлайды», деген халық даналығы қалыптасқан³⁵⁴.

Ислам тарихында орын алған мына бір оқиғаны мысалға бере кетсек. Мекке азат етілгенде Әбу Бәкірдің (р.а.) әкесі ислам дінін қабылдайды. Ол өзінің ислам дінін қабылдағанын жария ету үшін, пайғамбарымызға баруға ниет етеді. Сонда пайғамбарымыз Әбу Бәкірге: «Әкеңіз үйде отырсын, ол кісіге біз барайық», дейді. Осы жерден-ақ біз үлкенді құрметтеудің қаншалықты маңызды екенін байқаймыз. Пайғамбар бола тұра, өзінен жасы үлкен кісіні әуреге салмайын деп жүгіруі, сүйіншісін өз аяғымен барып естуі осыны білдіреді. Жасы үлкен жандарды құрметтеу, сыйлау, көркем қарым-қатынас жасау, көпшілік жиналған жерде құрмет көрсету, егер сапарға шыға қалған жағдайда көмек қолын созу сынды жолдармен жүзеге асырылады. Тіпті Мұса пайғамбарды Раббымыз алуан түрлі әмірлерін беріп перғауынға жолдаған шақта перғауынға жұмсақ сөйлеуді, көркем қарым-қатынаспен мәміле жасауды бұйырған.

Сондай-ақ, көпшілік жиналған жерде үлкенді төрге шығарып, асқа алдымен қол созуға шақыру да – құрметтің белгісі. Сахабалар Пайғамбарымызға (с.а.с.) сүт немесе сусын әкелген кезде пайғамбарымыз азғантай ішіп, сосын оң жағында

³⁵³ Мұқанов С. Халық мұрасы. – Алматы: «Қазақстан» баспасы, 1974. – 41-б., – 234-б.

³⁵⁴ Адамбаев Б. «Тозған қазды топтанған қарға жейді», – Алматы: «Рауан» баспасы, 1991. – 187-б.

отырған кісіге ұсынатын. Егер оң жақтағы адамның жасы кіші болса, одан рұқсат сұрай отырып үлкен кісілерге ұсынатын еді.

3.3. Туысыңмен тату бол тірісінде

Шариғаттың асылынан нәр алып, өмірін соған қарай бейімдеген ата-бабаларымыз Алла Тағала аяттарында бұйырған әмірлерді бұлжытпай орындауды басты міндеті деп санаған. Солардың ішінде Раббымыз бұйырып, Пайғамбарымыз (с.а.с.) үлгі етіп көрсеткеніндей туыстық қарым-қатынасқа ерекше мән беріп, аса ыждағаттылықпен орындауға тырысқан. Балаға берілетін негізгі тәрбиенің тұтқасы ата-анаға қарайласу, туған-туысқанмен байланысты үзбеу, айналасындағы көрші-қоландары мен жолдас-жораларын сыйлауда деп білетін. Туысқанымен ат құйрығын кесісіп, бір-біріне тоң теріс болып қалған ағайындардың жарасын екі бауырдың арасында қалған нәрсе деп емес, қалың қазақтың, күллі халықтың жан жарасы деп ұғынған. Демек, бабаларымыздың ұрпақтарына өнеге етіп қалдырған бұл тәрбиенің түп негізі ислам қағидаттарынан нәр алғанын байқаймыз. Құран аяттарында туыстық қарым-қатынасты үзбеуге шақырған тұстар өте көп кездеседі. Солардың бірінде Алла Тағала былай дейді: **«Алладан қорқындар, туыстық байланысты үзуден сақтаныңдар. Күдіксіз, Алла сендерді бақылап тұрушы»**³⁵⁵.

Осы аяттарда бұйырылған әмірді бұлжытпай орындау барысында «Ағайын тату болса, ат көп, абысын тату болса, ас көп» деп мәтел айтып, қоғам бірлігінің басты шарты татулық, туыстардың емен-жарқын араласулары екендігін басты назарда ұстаған. Қазақ мұсылман болғалы ағайын-туғанның арасын жік-жікке бөлінуден сақтандырып, туыстардың арасындағы жақсы қарым-қатынасқа дәнекер болатын әртүрлі салт-дәстүрлерді көздерінің қарашығындай қорғаған. Өлім-жітім, той-томалақ пен ас беру, күйеу келтіру, қыз ұзату сынды ағайын болып атқаратын дәстүрлеріміз – соның жемісі. Сондықтан қазақ атамыз әрдайым «Ағайынның қадірі торқалы той, топырақты өлімде» деген. Алланың бұлжымас заңын бүтіндей салт-дәстүрі етіп алған қабырғалы ел, қатаң қағидалы халық екеніміз анық.

Қос дүниенің бақыты ағайын арасындағы татулық пен бірлікте екендігі жасырын емес. «Мал қонысын, ер жігіт туысын іздейді» дегенді ұран етіп, әрқашан туыстық қарым-қатынасқа сызат түсірмеуге шақырған. Туыстар арасындағы бірліктің маңызды екенін халық арасына мақал-мәтел һәм даналыққа толы қанатты сөздермен жеткізуге тырысқан бабаларымыз: «Туыста өкпе бар, кек жоқ», «Ағайынның азары болса да, безері жоқ», «Бауыр шырын, бас тәтті, Ағайынмен ішкен ас тәтті», «Ағайын қадірін білмесең, жалғыздық берер сазайды», «Ағайын ағайынның айнасы», «Ағайын бірде араз, бірде тату», «Бетің қисық болса айнаға өкпелеме, ниетің қисық болса ағайынға өкпелеме», «Сара жолдың қадірін адасқанда білерсің, қарындастың қадірін қарасқанда білерсің», «Туғаныңмен туыспасаң

³⁵⁵ «Ниса» сүресі, 1-аят

кең дүниеге сыйыспасың», «Тірінде сыйласпасаң, өлгенде жыласпа»³⁵⁶ деген. Демек, туыстың қадірі тек қайтыс болған кезде ғана емес, тірісінде білінуі керек екенін ұғындырған. Бұл қос дүниенің бақытына жетелейтін жақсы мінез-құлыққа жататындығы белгілі. Дүниеде жалғыздықтан құтқарса, ақыретте тозақтан һәм Алланың ашуынан құтқаратын қасиет.

Кезінде бір кісі қос дүниенің сәруәрі болған сүйікті пайғамбарымыздың жанына жақындап: *«Уа, Расулалла, маған жұмаққа жетелеп, тозақтың ауыр азаптарынан арашалап қалатын керемет бір қам-қарекеттің түрін көрсетіңізші!», дейді. Сонда парасат падишасы болған Пайғамбарымыз (с.а.с.) әлгі кісіге: «Аллаға ғана құлшылық ет және Оған серік қоспа. Намаздыңды кемеліне келтіре оқы да лайықты адамдарға зекетіңді бер. Сондай-ақ, туған-туыстарыңмен жақсы қарым-қатынаста бол!»*³⁵⁷, деп жауап береді.

Байқасақ адам баласының күнделікті тұрмыс-тіршілігімен қатар алып жүретін құлшылықтарының арасында туыстық қарым-қатынастың аталуы да жайдан жай болмаса керек. Осылардың барлығын тереңнен ұғынған дала қазағы ұшса сұңқардың қанаты талып, шапса тұлпардың тұяғы тозатын ұлан-байтақ жерде, барыс-келіс, алыс-беріс қиын болып тұрған шақтың өзінде туыстық қарым-қатынасты бекем ұстаған. Туысшыл, көпшіл болудың нәтижесі ретінде ата-тегі мен шежіресіне аса мән берген. Ғалымдардың айтуынша «бұл этнобиологиялық тұтастыққа, дәлірек айтқанда, ұлттық тұтастыққа ұласудың алғышарттарының бірі»³⁵⁸ саналады. Ғалымдардың айтуынша, туыстық байланысы берік болған жандардың өмірлері ұзаратын көрінеді. Түркі жұртшылығының әйгілі ғұламасы Әбу Ләйс ас-Самарқанди былай деген: «Кімде-кім ғұмырын ұзартқысы келсе, туыстарымен қарым-қатынас жасасын. Егер бір адамның үш-ақ күн өмірі қалса, Алла туыстық қатынасты үзбегені үшін, оны отыз жылға ұзартады. Ал егер біреудің отыз жылдық тіршілігі қалған болса, туыстықты үзгені үшін Алла оны үш-ақ күн етеді»³⁵⁹. Ғалым өзінің бұл көзқарасын Құрандағы: **«Алла (Ләухул Махфуздан) қалағанын өшіріп, қалағанын тұрақты қалдырады»** деген аятпен дәлелдеуге тырысқан. Демек, өмірдің берекесі артып, жақсылықтар мен қуаныштардың толассыз басымызға келуі үшін туыстармен арадағы қарым-қатынасқа ерекше мән беру керек екен. Ағайын-туысқа қол ұшын беріп, қарайласу әрбір адамның негізгі міндеттеріне кіретіні жайлы Құранда: **«Негізінде Алла сендерге әділетті болуды, игілік жасауды және ағайын-туысқанға қарайласуды бұйырады»**³⁶⁰, делінген.

Осы тәрізді аяттарды салт-санасына сіңіріп алған қазақ халқы: «Өле жегенше, бөле же», «Туысы бірдің қонысы бір. Туысы бірдің уысы бір» деген даналыққа толы нақылдарымен ұрпақтарына ақыл-кеңестерін жеткізіп отырған. Дана халқымыз ғасырлар бойы қалыптасып кеткен әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін шарифатпен ұштастырғандықтан ислам бұйырған туыстық қарым-қатынасқа да

³⁵⁶ Кейкін Ж. «Қазақ мақал-мәтелдерінің Алтын кітабы». – Алматы: Аруна, 2014. –632-б.

³⁵⁷ Имам Бұхари. «Мухтасар Сахихул-Бухари». Дамаск: «Дәрул-Мустафа» баспасы, 2011. –735-б.

³⁵⁸ Сейдімбек А. «Қазақ әлемі». – Алматы: «Санат» баспасы, 1997. –464-б.

³⁵⁹ Әбу Ләйс әс-Самарқанди. Тәнбиһул Ғафилин би әхәдиси сәидул әнбия-и уәл мусралин. – Бейрут: «Дәру ибн Кәсир», 2000. –135-б.

³⁶⁰ «Нахыл» сүресі, 90-аят

ерекше мән беріп қарағанын қазақтың жыр-дастандары мен өлеңдерінен, мақал-мәтелдері мен шешендік сөздерінен байқаймыз. Мәселен, Мәшһүр Жүсіп ағайын-туыстың қадір-қасиетін былай жырлайды:

«Аманыңда елжіреп, мақтайтын да ағайын,
Алыстамай айналып, жақтайтында ағайын.
Ауырыңды жеңіл ғып, жоқтайтын да ағайын,
Еркелетіп бетіңнен, қақпайтын да ағайын»³⁶¹.

Демек, қазақ халқы үшін ағайынның қадірі алтыннан да қымбат болған. Екі ел араздасса яки қос бауырдың арасында болар-болмас кикілжің туа қалған жағдайда дереу араларын жарастыруға ұмтылып, өртті өршітпей басатын. Бұл жайлы Құран Кәрімде: **«Расында, мүміндер – бір-біріне шынайы бауыр. Олай болса, (жүз шайысып, ат құйрығын кесіскен) бауырларыңның арасын жарастырыңдар, сондай-ақ, (бауыр ақысына келгенде) Алладан қорқыңдар (һәм үкіміне қарсы келуден сақтаныңдар). Міне, сонда Оның рақымына бөленерсіңдер!»**³⁶² делінген.

Осы аяттың өмірдегі көрінісін қазақ халқының тарихынан көптеп байқауға болады. Араларынан жік шығып, екі құлағы тік шығып араздасқан ағайындардың арасын татуластыруға қам-қарекет қылудың ар жағында осы аятқа деген құрмет жатқандығы жасырын емес. Мына бір оқиға осының жарқын мысалы болса керек: Торайғыр және Шоң дейтін екі ағайынды кісі әкелері дүние салған соң араларынан шыққан дау араздыққа ұласып, бірін-бірі көргісіз болып кетіпті. Мұны естіген айналасындағылар да қарап жатпай, аузы дуалы, сөзі уәлі Байдалы деген қартқа Түсіп деген кісіні жіберіп, араларын татуластыруды өтінеді. Байдалы шешен болған жайды әбден білген соң, екі ағайынды кісіні татуластырмақ болып шығады да ең әуелі Шоңның ағасы Торайғырға барып:

«Торайғыр мен Шоңбысың мақтап жүрген,
Бар білгенің осы ма сақтап жүрген?
Араздасып екеуің аулақ кетсең,

Кұзғын қарға жемей ме жақтап жүрген!», деп татуласуға шақырады. Сонда Торайғыр қарттың дегеніне көніп «Уа, ақсақал айтқаныңызды қабыл алдым!» дейді. Байдалы қарт сөзін жалғап: «Әуелі аға бауырдан болады, іні тастан болады. Сондықтан ініңнің барда, аяғына жығыл», – дейді. Торайғыр қарттың бұл ұсынысын да мақұлдайды. Осылай деуін десе да Байдалы қарт артынан аз-кем ойланып «Араз болған ағайынның арасына жаман үлгі болып қалыптасып кетер» дейді де, Торайғырдың інісі Шоңға барып:

«Қарағай бойы қар жауса,
Жұтамайды сауысқан.
Қанды қалпақ кисе де,
Шыдамайды туысқан.
Оңғандықтың белгісі

³⁶¹ Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. «Ит дүние». Тандамалы шығармалар жинағы. – Алматы, «Халықаралық Абай клубы», 2008. – 416-бет

³⁶² «Хужурат» сүресі, 10-аят

Өзі ұрысып, табысқан.

Оңбағанның белгісі

Өткен істі қуысқан», – деп түйіндейді. Қарттың айтқан сөзіне әсерленген Шоң ел төсектен тұрмай жатып ағасы Торайғырдың үйіне келеді. Сонда Торайғырдың ет жүрегі езіліп, төсектен басын көтеріп алыпінісі Шоңға:

«Жақсы кісі ақылымен тәуір болады,

Мінезі қорғасындай ауыр болады,

Құлағы өсекті естімейтін сауыр болады,

Кедейдің жалғыз керіндей

Құйрығы шолақ, арқасы жауыр болады.

Осы мінездің сенде біреуі де жоқ, біреудің тілі тиіп қалса, қолың тиіп, сүйегімізге таңба болып қала ма деп өтірік араз боп жүрген едім»³⁶³, – деген екен. Байқасақ, қазақ халқының ішіндегі сонау ғасырлардан бері мұра болып келе жатқан береке мен бірліктің сыры осындай татулықты қалаған жандардың ізгі ниеттерінде жатса керек. Бұл – дініне берік, пайғамбарға деген құрметі жоғары халықтан ғана шығатын қам-қарекет.

Ардақты пайғамбарымыздың (с.а.с.) өсиеттерінде туған-туыспен қарым-қатынастың мығым болуы жайлы жиі айтылатын. Абдулла ибн Әбу Ауф атты сахабадан келген бір хадисте былай делінеді: *«Арапа күні кешқұрым біз Алла елшісінің қасына келдік. Сонда ардақты пайғамбарымыз: «Туған-туыстарымен қарым-қатынасына сызат түсіп, сол себепті мүлде байланысын үзген адамдар болса арамыздан кетуін талап етемін», – дейді. Пайғамбардың(с.а.с.) айналасында отырғандардың ешқайсысы қозғала қоймады. Сәлден соң алыстау отырған бір кісі орнынан тұрып кетіп қалды да, біраздан соң қайтып келді. Мұны байқап отырған пайғамбарымыз әлгі кісіге: «Арамызда сенен басқа ешкім орнынан тұрмады. Не болды?», – дейді. Сонда әлгі кісі пайғамбарымызға: «Уа, Алла елшісі, сіздің сөздеріңізден соң, бірге туған әпкемнің жай-күйін, хал-жағдайын білейін дедім. Ол кісі менімен мүлде араласпай ат құйрығын кесісіп еді. Мен әлгі сөзіңізден соң соған бардым. Мені көргенде әпкем таңғалып «Не үшін келдің?», – деді. Мен оған сіздің айтқандарыңызды жеткіздім де «Алладан менің және өзіңнің күнәларың үшін кешірім сұра», – дедім. Содан соң өзіңіздің қасыңызда отыру үшін қайтып келдім», – дейді. Мұны естіп қуанған Пайғамбарымыз (с.а.с.): «Сен ізгі іс жасадың. Кел, арамызға жайғас. Негізінде, өз туған-туыстарымен қарым-қатынасын үзген адам қандай да бір жиынға келетін болса, ол жерге Алла Тағаланың мейірімі түспейді»³⁶⁴, – дейді. Бұл хадистен ағайын-туыспен араз болудың қаншалықты күнә екенін аңғарамыз.*

Алыс-жақындағы ағайынмен араласып, олардың қателерін кешіріп, күнәлары үшін жарылқау тілеу әрбір мұсылманның міндетіне жатады. *«Туысқандармен жақсы қарым-қатынас – Алланың мейіріміне жақындатып, тозақтың отынан алыстатуға себепші болады», «Алладан берілетін сый-сияпатты ең жедел түрде*

³⁶³ Адамбаев Б. «Тозған қазды топтанған қарға жейді». – Алматы: «Рауан» баспасы, 1991. –187-б.

³⁶⁴ Мұхаммад ибн Иса Әбу Иса эт-Тирмизи «Сунанут-Тирмизи», –Бейрут: «Дәрул-ихиаайт-турасил-араби» баспасы, 1990. 1/247-б.

туыстарымен жақсы қарым-қатынаста болған кісі алады. Ал бұл өмірде де, ақыретте де Алланың азабына жедел жолығатын жандар туыстық қарым-қатынасты үзгендер һәм адамдар арасында әділетсіздік жасаушылар»³⁶⁵ деген Пайғамбар (с.а.с.) хадистері әрбір адамның санасына сілкініс берері анық.

Бабаларымыз туған-туыстарды жұрт деген атаумен атап: «Жігіттің үш жұрты бар: Өз жұрты, нағашы жұрты, қайын жұрты» деген. Бабаларымыз кісінің өз жұртын жеті атаға дейін санап «Жеті атасын білмеген жетесіз ұл» деп сөккен. Демек, туған-туысыңмен қоса бұрынғы өткен бабаларыңды да білуге міндеттісің деген сөз. Сол арғы аталарымен бірге туысқан ер кісілерден тараған ұрпақтарға «аталас жақыным», «ағайыным» дейді. Қазақ халқының ішіндегі туған-туыстық қарым-қатынас тек қана ер кісі жағынан болмайды, жоғарыда айтып өткеніміздей, қыз жақтан болған жақын ағайындар бір-біріне нағашы-жиен болып, олардың арасындағы қарым-қатынас түрі де салт-дәстүріміз бойынша өте ерекше болып келеді.

Әсілінде, жиен әрдайым нағашы жұртына батылдау боп келеді. Дәстүріміз бойынша нағашы жұрты жиендеріне «қырық серкеш» беруі тиіс. Әйгілі жырау Дулат Бабатайұлының «Еспенбет батыр» дастанында осы дәстүрлеріміз жырланған тұстар кездеседі³⁶⁶. Осы тұрғыдан қарағанда жиен жақ нағашысынан қалағанын алады. Оқшантайы берік берен мылтық, қиядағыны шалатын қыран бүркіт, аузымен құс тістеген жүйрік тұлпар деген сынды көңілі қалағанын нағашысынан қолқалайды. Бұлай жасағаны үшін жиен айыпты болмайды. Жиеннің барлық еркелігін көтеріп, сұрағанын беруді өзіне міндет деп білген нағашылар жайлы халқымыз: «Өз жұртың – күншіл, қайын жұртың – сыншыл, нағыз қамқоршың – нағашы жұртың» деген.

Жиенді баласындай ерекше ардақтау – қазақ халқының қанына сіңген дәстүрі. Олардың арасындағы сый-құрмет риясыз, шынайы болған. Сол себепті халық арасында «қамқор нағашы, ерке жиен» деген түсінік қалыптасқан. Осы жерден-ақ еліміздің туысқандық қарым-қатынасқа қаншалықты берік болғандығын байқауға болады.

Әр түрлі руларға тұрмысқа кеткен қыздардың бала-шағалары бір-біріне бөле болады. Олардың араларын біріктіріп, бір қауым ел етіп ұйытып отыратын – нағашылар. Бөлелердің арасындағы сыпайы қарым-қатынас пен ерекше сый-құрметті «Бөлем, бөлем үшін өлем» деген әзіл-шыны аралас мәтелден білуге болады. Туыстар арасындағы аразға көбінесе абысындар себеп болатынын ескерген халқымызда бір үйдің қыздарын бір әулетке айттыру дәстүрі болған. Қыздар апалы-сіңілілі болғандықтан олардан таралған балалар да бөле болып, тату-тәтті күн кешіп, әулеттің берекесі бұзылмайды деп білген. Осылайша қазақ халқында алыс-беріс, барыс-келіс сынды құданалық қатынаста шым-шытырық болып кете береді. Мұның ешқандай зияны яки залалы болмайды. Керісінше туыстық байланыстар артып, ру мен ру, ел мен елдің арасы жақындап, сый-құрмет бұрынғысынан да әлдеқайда жоғарылай түспесе, кемімейді. Бұл қатынастардың әрқайсысының өзіне ғана тән, сан қилы әдет-ғұрыптарға байланысты, өзара міндеттіліктері мен жауаптылықтары бар.

³⁶⁵ Бұл да сонда.

³⁶⁶ Дулат Бабатайұлы. «Замана сазы». – Алматы: «Жазушы» баспасы, 1991. –148-б.

Жігіттің үшінші жұрты – қайын жұрт. Қайын жұрт күйеулерін әрқашан сыйлап, төрге шығарып құрметтейді. Қазақ арасында «Пайғамбар да күйеу баласын сыйлаған» деген сөз бар. Десе дегендей-ақ, ардақты пайғамбарымыз өзінің ет жүрегі болған қыздарын айналасында қамқор болып, дін таратуға ат салысқан саңлақ сахабаларына ұзатып, оларды қақпайламай ерешке ілтипатпен қарым-қатынас жасаған. Осыны жақсы ұғынған халқымыз жігіттің үшінші жұрты қайын жұрты деп әрқашан мерейін көтеріп отырған. Күйеу келеді деп күткен қайын жұрт әдайым малдың төстігін күйеудің асы деп сақтаған. Күйеуге тартылған табақта төс болмаса, жігіт қыздың жеңгелерінен өз сыбағасын даулап, жеңіл әзілге салып дәстүрді аттамауға шақырады.

Халқымызда «Күйеу атымен күл тасы» деген мақал бар. Мұнысы күйеу жігітке айтылған бір ескерту сынды қабылданады. Яғни, қайын жұртқа барған күйеу төрге шығарып сый-құрмет жасаса да өзін сол үйдің қонағы деп санамай, әрдайым мал сойысып, қазан-ошағының басында көмектесіп жүреді. Бұл күйеудің қайын жұрты көрсеткен сый-құрметке қайтарған жауабы болмақ. Кейде кәрі күйеулер әзілдеп: «Мен бұл үйге күйеу емеспін, жиенмін» деп жатады. Бұл сөз әзіл болып естілгенмен, астарынада әжептәуір мағына бар. Онысы: «Мен жылдар бойы осы әулетке күйеу болып еңбегім сіңді. Ендігі жерде мен бұл әулеттің бір мүшесіндеймін. Сондықтан мен бұл әулетке жиен секілдімін. Жиен нағашысына қалай еркелесе, менің де еркелейтін жөнім бар» дегені. Мұның барлығы да ғасырлар бойы ислам дінін ұстанып келген бабаларымыздың өте жеңіл һәм табиғи жолмен туысқандық қарым-қатынасты нығайту үшін қолданған әдіс-тәсілдері.

Туыстардың қадірі мен қасиетін жырлап, өлең жолдарымен көркем түрде жеткізген Шылбы Көмекұлы былай жырлайды:

«Жігітке ақыл айтсам елемес пе?!
Өзіңнен үлкенменен ерегеспе.
Ата-анаң тірі болса шын береке.
Мысалы, шалқып жатқан көл емес пе?!
Алдыңда қадірі бар ағаң болса,
Жігітке асқар ала бел емес пе?!
Кемеңгер сыйласымды жеңгең болса,
Қазына таусылмайтын кен емес пе?!
Ақылды алған жарың жақсы болса,
Өзіңмен анық бірдей тең емес пе?!
Артыңда інің болса, қолың ұзын,
Қолыңды тоңдырмайтын жең емес пе?!
Ер жетіп ұл балаңыз билеп тұрса
Алланың сүйген құлы сол емес пе?!
Қыз балаң көрікті боп пісіп тұрса,
Үйіндегі шын асылың сол емес пе?!
Келінің әдепті боп күтіп тұрса,
Ол-дағы шын байлықпен тең емес пе?!
Құдан мен құдағыың жақсы болса,

Дарияға бірге жүзген кеме емес пе?!
Ақылымен аймағына жігіт жақса,
Өзінше ол бір патша бек емес пе?!
Жездең мен тағы бірі күйеу болар,
Күйеуің жақсы болса сүйеу болар.
Жезденің ең жақсысы әкемен тең,
Жығылып, қисайғанда тіреу болар.
Тағы да біржиен мен нағашың да,
Білмеске ақыл айтып ағасың ба.
Нағашың, жиенменен ол да жақын,
Бар болса, алыс беріс арасында.
Қайын атаң, қызын берген қайын енең,
Күтеді көптеп үміт олар сенен.
Асырап саған бағып бермеді ме,
«Жүрегін» айырғандай бір денеден.
Осының бәрінің де еңбегі бар,
Болады жақсылыққа құдайым жар.
Ата-енең, әке-шешең бәрі бірдей,
Ұмытпай, қыз бен жігіт, есіңе ал»³⁶⁷.

3.4. Ата тұрып ұл сөйлегеннен без

Қазақ жұртының өзге елдерге ұқсай бермейтін өзіндік топталу, жіктелу жүйесі бар. Әсіресе, ғасырлар бойы қалыптасқан отбасылық, әулеттік деңгейден басталып, жалпы ұлттық сипат алған қарым-қатынас заңдылықтары бар. Үлкен тұрып кіші сөйлегеннен безуді, ата тұрып, ұл сөйлегеннен безуді талап ететін ұлттық ережелер жетерлік. Қазақ даласында қандай қоғамдық – экономикалық формациялардың орын алуына қарамай, туыстық қатынастың бүгінге дейін берік сақталып келуі осындай кітапқа түспесе де, әрбір ұрпақтың жүрегіне жазылған ерекше заңдылықтардың нәтижесі. Мысалы, отбасылық, рулық топтар жазда жайлауға, қыста қыстауға көшіп қонатын болса, әулеттің үлкенін тыңдау, соның айтқанымен жүріп-тұру қағидасы бұлжымай орындалатын. Атаның кесімді сөзі, әкенің төрдегі орны, қарт-қариялардың дұға, тілек батасы секілді қасиетті ұғымдарды қазақ елімен ғасырлар бойы бірге жасаспаған адамдардың толыққанды ұғына қоюы қиын. Айталық, тепсе темір үзетін мықты жігіттер жорыққа шығарда үлкеннің батасын алуды ешқашан ұмытпаған. Түрлі себеппен бата алуға жағдайы келмей соғысқа шығып қалып, кез келген сәтсіздікке ұшырай қалса, мұнысын бәрінен бұрын сол батасыз шығудан көрген. Жалпы алғанда, қазақ этносының отбасылық, әулеттік жүйесінде

³⁶⁷ Ырыскелдиев Т. Шылбы Көмекұлы және оның шығармалары. –Үрімжі: «Шалғын» баспасы, 1990. –236-б.

патриархалдық тәртіп мықтап орнаған.

Бұл жүйе ислам дінінің қазақ даласында қалыптасып, өркен жаюынан бұрын қалыптасқанымен, мұсылман дінінің ережелері арқылы тіпті қатты беки түскенін байқаймыз.

Қасиетті Құранның аяттары мен Мұхаммед Пайғамбардың (с.а.с.) өсиеттерінде үлкенді сыйлау, атаның сөзіне құлақ асу, жақыннан безбеу, туыстық байланысты үзбеу сынды ережелер мұсылман дінінің негізгі артериясындағы құндылықтарға жатады. Қазақ өркениетінде үлкенді сыйлау туыстық қатынаспен қатар жүреді. Қарға тамырлы қазақ бірін аға, бірін іні деп өзара сыйласып, қадірлесіп жүруді өмірлік ереже етіп ұстанады. Көп болып тіршілік етудің, ұрысып-таласпай, берекелі ғұмыр кешудің де бір сыры осы әлеуметтік бірлік-ынтымақта жатса керек.

Ислам дінінің негізгі құндылықтарын зерделей қарағанда, оның жеке адамдардан гөрі жалпыға, көпшілікке, жамағатқа, әлеуметке арналған дін екенін көреміз. Мысалы, төмендегі аятта: **«Жүздеріңді шығысқа, батысқа жөнелту бір игілік емес. Бірақ кім Аллаға, ақырет күніне, періштелерге, кітаптарға, пайғамбарларға иман келтірсе және туыс жақындарына, жетімдерге, міскіндерге, жолда қалғандарға, сұраушыларға және құлды азат етуге жақсы көре отырып, мал сарп қылса, әрі намазды толық орындап зекет берсе, өзара байласқан уәдесін орындаушы, таршылықта, қиыншылықта және соғыс кезінде сабыр етуші болса, міне солар шыншылдар әрі солар тақуалар»**³⁶⁸, деп баян еткен.

Бұл аятта Аллаға, ақырет күніне, періштелерге, кітаптарға, пайғамбарларға иман келтіру секілді иманның негізгі шарттарымен қатар жетімдер мен міскіндерге, жолда қалғандар мен қол созып, алақан жайғандарға тапқаныңнан бөліп беру аталған. Құлды азат етуден бұрын туыс жақындарға жақсылық жасау жайы баян етілген. Ал егер үлкен тұрып, кіші сөйлесе, ата тұрып бала сөйлесе, ондай елде бірлік-ынтымақтың орнауы екіталай. Көпті көргеннің айтары да көп. Сондықтан жақсылық жасауды да көбінесе, үлкендерден үйрену заңдылық. Бұл да ислам дінінде асты сызылып айтылған ереже. Мысалы, Әбуһурайра атты сахаба Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с.) былай деп айтқанын жеткізген: *«Жақындарыңа жақсы қарым-қатынас жасауды үлкендеріңнен үйреніңдер. Өйткені ағайындармен жақсы болу, ағайын арасындағы сүйіспеншілік – мал-мүлікті арттырып, өмірде берекеге жол ашады»*³⁶⁹. Бұл хадисте малдың көбеюі мен өмірдің берекелі болуы үлкеннің сөзін тыңдаумен байланысты қолға алынған. Сондықтан болар, үлкен жиындарда үлкендердің сөзіне орынсыз араласқан жастарды «Тәйт, әрі! Ата тұрып ұл сөйлегеннен без, шеше тұрып қыз сөйлегеннен без!» деп естияр кісілер тыйып отырған. Әрине, бұл білімі асып, ақылы толып тұрса да, тек жасының кішілігіне қарай жас ұрпақты әңгімеге араласудан тыйып, жасқаншақ етіп өсіру деген қорытындыға әкелмейді. Қой асығы деменіз, уысқа толса сақа тұт, жасы кіші деменіз, ақылы асса аға тұт деген әдептілік қағидасын да естен шығаруға болмайды.

³⁶⁸ «Бақара» сүресі, 177-аят

³⁶⁹ ат-Тирмизи, Ахмед ибн Ханбал және Хаким риуаяты

Осы ретте үш жүздің төбе биі әйгілі Төленің бала кезінде басынан өткен мына оқиғаны еске ала кету орынды.

Шу өзенінің Балқашқа жақын жайылымына бұдан көп жыл бұрын үйсін мен арғын тайпаларының белді бектері таласыпты. Екі жақтың да билері бас қосып, кеңесіп, бәтуаласа алмай отырғанда, топқа еріп келген он бес жасар Төле билік айтушылардың бірде-біріне көңілі толмай:

Ақты ақ деп бағалар,
Уа, игі жақсы ағалар.
Өзегі талса ел біткен,

Өзен бойын жағалар, – дейді. Сонда би: «Ата тұрып ұл сөйлегеннен без, ана тұрып қыз сөйлегеннен без» деуші еді. Мына бала кім өзі?» – дейді.

Төле: Уа, би аға, он үште отау иесі демес пе, кінәлімін бе, келіп қалсам он беске? Сөз сөйледім, бұйыра көрмеңіз айыпқа, алакөз болу ағайын адамға лайық па? Уа, игі асқар тауымыз, әділ ме осы дауымыз? Жар астында тұрғанда, жасырынып жауымыз, – дейді қасқайып.

Би: Жасы кіші демендер, ақылы асса аға ғой. Балам, ағалық билікті саған бердім.

Төле: «Сары табақтан сарқыт қайтады» деген, билікті маған берсеңіз, Шу өзенінің оң жағын үйсін, сол жағын арғын жайласын.

Би: Үй баласы ма деп едім, Ел баласы екенсің. Ақ маңдайлы арысым, Талабың алдан өтелсін. Ауылыңның таңы бол, Маңдайдағы бағы бол, – деген екен.

Бұл оқиғадан үлкендерге де жұртты сөзіне тоқтата алатын, елді соңынан ерте алатын қасиетке ие болсын деген талап бар екенін байқаймыз. Төрде отырып теріс сөйлеуге де жол жоқ.

Төтелер айтқанда, қазақ халқының өзге жөн-жоралғылары секілді үлкеннің алдын кеспеу, сөзін бөлмеу, айтқанын орындау секілді дәстүрлері – ғасырдан ғасырға, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келген ең ізгі құндылықтардың бірі. Екінші жағынан, бұл дәстүрдің астарында ислам дініндегі бұйрықтарды орындаудан туған ниет жатқанын да жоққа шығара алмаймыз.

3.5. Саусақ бірікпей ине ілікпес

Бірлік пен татулық – қазақ халқының ежелден өсиет еткен асыл құндылықтарынан. Сондықтан кез келген жақсылық, береке, бақыттың бастауын ынтымақ, бірлікпен байланыстырған. Тарих беттеріне шолу жасасақ, сонау жаужүрек сақтар мен төрткүл әлемді дүбірлеткен жауынгер ғұндардан тартылған тамырымыз небір сұрапыл заманның өзінде рухы түспей, қан тазалығы мен ар асқақтығын ардақ тұтқан. Ал дәл қазіргі жаһандану кезеңінде ішкі-сыртқы бөліну қаупінен сақтану үшін тарихтан тағылым алып, әрбір азаматтың бойында елге, жерге деген құрмет пен махаббатты күшейтіп қорған қалыптастыру аса маңызды іс

саналады. Ол үшін өткенге ой жүгіртіп, тарихты таразылаудың берері мол. Себебі кез келген өміршен, дамыған ұлттар ең әуелі тарихын құрметтеп, ұлттық сенім-нанымдарына, салт-дәстүрге берік болып келеді.

Имандылықты тіршілік тірегіне айналдырған халқымыз ислам дінінің қағидаларын берік ұстанып әрі өмірден түйген тәжірибесін бір ауыз сөзге сыйдырып отырған. Мысалы, «Ырыс алды – ынтымақ», «Алтау ала болса – ауыздағы кетеді, төртеу тату болса – төбедегі келеді», «Бірлік болмай, тірлік болмас» т.б. деп, соған сай тірлік еткен. Бұл жай ғана халық аузында жүрген нақыл сөз секілді көрінгенімен, оның тамыры қасиетті Құран мен Пайғамбар (Оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) хадистерімен байланысты. Өйткені екі рухани қайнарбұлақта да бірлік пен ынтымақтың маңыздылығы түрлі жолмен насихатталады. Қасиетті Құранда: **«Аллаға әрі Елшісіне бой ұсыныңдар, өзара таласып, тартыспаңдар. Әйтпесе үрейде қаласыңдар, күш-қуаттарың кетеді. Сабырлы болыңдар. Анығында Алла сабырлылармен бірге»**³⁷⁰ деген. Сондықтан қазақ халқы да бір сеніммен бір әмір астына бірігіп, өзара татулық, бірлікте болған елге Алланың да жәрдемі жақын екендігін меңзейтін аяттың ақиқатын терең түсінген, сабырлылық қанына сіңіп, бойына біткен. Қандай нәубет болса да сабыр етіп, бірлігін сақтауға ұмтылған. Соның бір дәлелі 18-19 ғасырларда өмір сүрген Қаблиса жырау:

« - Бақыт қайда барасың?

- Ата-анасын сыйлаған,

Ұйымшылдық ойлаған,

Тату жанға барамын...

- Бақыт қайда барасың?

- Көршімен болған бірлігі,

Тағат, ғибадат тірлігі,

Ұйымшыл елге барамын», деп ұйымшылдықтың бақыт кілті екендігін өсиет етеді³⁷¹.

Бірлікті сипаттайтын сөздерді сараласақ: бауырлас, туыс, ынтымақ, достық, татулық, сыйластық, ұйымшылдық секілді сөздердің айтылғанда көңілге қуаныш пен жылылықты қатар сыйлайтын әсері бар. Осындай асыл қасиеттер жайлы насихаттағанда қасиетті Құранда Алла Тағала жақсылықты уәде етіп, керісінше бір-бірінен бет бұрып, араздасушылардың зиянда болатынын жиі ескертеді. «Ниса» сүресінің 36-аятында **«Бір Аллаға құлшылық етіп, Оған ешнәрсені серік етіп қоспаңдар. Ата-аналарыңа жақсылық жасаңдар. Сондай-ақ жақын туыстарыңа, жетімдерге, жарлы-жақыбайға, туысқан көршілеріңе, туыстығы жоқ көршілеріңе, (сапарлас немесе жақын) жолдастарыңа, елінен жырақта жүрген адамға, қолдарыңдағы құлдарың мен күндеріңе жақсылық жасаңдар»** деген. **Яғни жақсылық жасау арқылы адамдар бір-біріне деген бауырмалдықты, ынтымақты арттырмақ. «Шындығында, мүміндер – бауырлар»** деген.

Сондай-ақ Пайғамбар Мұхаммедтің (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бауырмалдық, мұсылмандар бірлігі, тіпті өзге дін өкілдерімен достық,

³⁷⁰ «Әнфал» сүресі, 46-аят.

³⁷¹ Он ғасыр жырлайды. – Алматы, 2006. – 408-б.

сыйластықта болу қажеттігін насихаттайтын хадистері баршылық. «Мүмин – мүминнің айнасы және бауыры. Мүмин бауырын шығынға ұшыраудан сақтап, абыройын қорғайды»³⁷², деген. Бұл хадистен әрбір Аллаға иман келтіруші келесі мұсылманнан жақсылық, бауырмалдықты талап ету үшін, өзі соған сай болу қажет екендігін түсінеміз. Сонда ондай ортада бауырмалдық, бір-біріне деген риясыз достық, ынтымақ қалыптасады. Ондай қоғамға Алланың да жәрдемі жақын: «**(Уа, Мұхаммед!) Саған қол беріп, ант етіп жатқандар, шынында, Аллаға ант беруде. Алланың (күдірет) қолы олардың қолдарының үстінде. Ендеше, кімде-кім сертінен таятын болса, оның кесірі өзіне тиеді. Ал кім Аллаға берген сертінде тұрса, шүбәсіз, Алла көп ұзамай-ақ оған орасан зор сый береді**»³⁷³. Осы аяттағы «**Алланың (күдірет) қолы олардың қолдарының үстінде**» дегенді ғалымдар бір жұдырыққа жұмылған қауымға Алланың қолдауы болатындығымен түсіндіреді. Сондықтан қазақ халқы да «бес саусақтың саласындай, бір үйдің баласындай, жұмылған жұдырықтай» болудың артықшылығын жиі өсиет етіп, «Татулық – табылмас бақыт», «Жатырқау – жаттың ісі, жақындау – хақтың ісі», «Жолдасы көпті жау алмайды» деген нақыл сөздермен жамағат болып ұйымдасудың, бірлік пен татулықтың артықшылығын айтып, санаға сіңіріп отырған.

Сонау азаттықты аңсаған сұрапыл жылдары ел үшін тағдырын таласқа тіккен халықтың көреген перзентінің бірі Әлихан Бөкейханов: «Қазақ баласы бірігіп, тізе қосып іс қылса – халықтық мақсат сонда орындалады. Бостандыққа апаратын жалғыз жол – ұлттық ынтымақ қана», деген. Ұлттық ынтымақ қашанда маңызды болса да, Әлиханның сөзі бодандықтан қалжыраған елді тәуелсіздікке жеткізетен жалғыз жол – бірлік деп нұсқауы, ел бірлігі тәуелсіздік кепілі екендігін түйсіндіреді. Өйткені осыдан 4 ғасырдай уақыт бұрын Ресей патшалығының «Бөліп ал да билей бер» саясатының сарыны 3 ғасырға созылып, нәтижесі атеизм салтанат құрған кеңестік қоғаммен жалғасқаны белгілі. Құрсаулы атеистік кезеңнің өзінде қазақты әлемге даналықтың иесі етіп паш еткен Абай арқылы сол кезеңдегі елдің тыныс-тіршілігі, табиғатын, басынан өткергендерін біле аламыз. Ал сондай текті тұлғаны дүниеге әкелген Құнанбайдың бейнесі Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» романында жағымсыз кейіпкер ретінде берілуі атеистік қоғамталабы болғанын айғақтайтын деректермен тәуелсіздік алғаннан кейін кеңірек танысып жатырмыз. Соның бірінде Ахат Шәкәрімұлы өз естелігінде Құнанбай туралы шынайы суреттей келе: Құнанбайдың дүниеге келуін ел былай баяндайды: Қарлы боранды қыста, ақпанның қақаған аязында қыран жартасты шыңның заңғар басына аяздың өтіне, тастың үстіне бір жұмыртқа туып тастайды екен. Ол жұмыртқа қатты аязда шыдамай жарылып кетсе, анасы көріп, ол жарылған жұмыртқаны құздан төмен қарай атып жіберіп, келесі қыста және бір жұмыртқа туады екен. Сөйтіп, тек аяздан жарылмай қалған жұмыртқаны ғана басып шығарады екен. Ол балапан құстың құмайы болып шығады. Ата-анасы сол балапанды асырап, қанаттандырып, баулып жетілтеді екен. Құнанбайдың туысы сондай, –деседі. Және елдің айтысы: «Құнанбай ел тілегіне

³⁷² Сахих хадистер (таңдамалы), бірінші кітап. Ауд. Махат А., Сандыбаев Ж., – Алматы. 2006. –200-б. Әбу Дауд, –95-бет.

³⁷³ «әл-Фатих» сүресі, 10-аят.

туды. Ол елі үшін еңбек ететін болады. Соның үшін жұрт болып тілеп, оны екі ажалдан, екі айдаудан алып қалдық. Құнанбай ажал мен айдаудың қармағына ілінгенде халық болып құдайдан жалынып тілеп, көз жасымызды көлдей төгіп, оның жанын алып қалдық» деседі. Мұны жас немересіне Құнанбайдың өзі де айтқан: «Менің ел алдында өтелмес қарызым бар. Мені екі өлім ажалынан, екі айдаудан алып қалған – елімнің тілеуі», деген сөзі бар.

Құнанбай өз елінің арман-тілегін орындауда да барлық күш-жігерін салған. Басқа жуан көп рулардың істеген көп зорлықтарын, атақты адамдарын қорлаған қылықтарын көтермейтін болған. Олардың кегін, ар намысын қорғаған. Бірақ керегі не, Құнанбайдың өзі айтқандай: «Мені сырт жау алмайды, іш жауым өз бауырым алады», – дегені сияқты ішкі жауы, өз бауыры аяғынан, жағасынан алып, жауына қосылып, Құнанбайды да айдатқан, байлатқан, жаппаған жаласы, айтпаған өсегі, істемеген қастығы қалмаған³⁷⁴. Ахат Шәкәрімұлының бұл естелігі халықтың «Іштен шыққан жау жаман» деген даналығын еске түсіреді. Хәкім Абай да:

Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,

Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың,

Жақсы менен жаманды айырмадың,

Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың... – деп халықтың ынтымақ ауылынан алыстап кеткеніне ашынады. Осы өлеңінің тағы бір шумақтарында:

Бас-басына би болған өңкей қиқым,

Мінеки, бұзған жоқ па елдің сиқын?

Өздеріңді түзелер дей алмаймын,

Өз қолыңнан кеткен соң енді өз ырқың... – деген.

Бұл Ресей патшалығы саясатының бірнеше ғасырлық соққысынан есеңгіреген халықтың дәл кескінделген келбеті еді. Соның салдарынан ХХ ғасырдың алғашқы жартысында кеңестік саясат қазақ халқын бірнеше млн-ға еш қиындықсыз жайратып салды. Бұны қазақ халқының басына келген сынақ десек те, сан ғасыр бойы асты мен үсті байлыққа тұнған ұлан ғайыр жерді иман мен ақылға сүйеніп, білектің күшімен, найзаның ұшымен, бірлікпен қорғап келіп, сол бірлікті сақтай алмауының нәтижесінде Абай айтқандай «бас-басына би болған өңкей қиқым» халықтың есепсіз қырылуымен аяқталғанын ешкім жоққа шығара алмас. Тарихтың осындай ащы сабағынан кейін бүгінгі білім мен білік бәстескен көзі ашық, көкірегі ояу халыққа ой түйіп, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, жұдырықтай жұмылатын кез келді. Жеріміз кең, халқымыз аз деген қорқыныш, үрейден аулақ болуға дініміздің өзі демеу десек болады. Себебі қасиетті Құранда «...Егер сабырлы және тақуа болсаңдар, олардың арам пиғылдары сендерге еш зиян тигізбейді»³⁷⁵ деген. Яғни әрбіріміз сабырды дос тұтып, дін талаптарына мойынсұна алға жылжысақ, Алланың жәрдемі болары анық. Себебі жоғарыда айтылған аяттардан соны көреміз. Ал Алланың уәдесі хақ.

Бірінді, қазақ, бірің дос,

Көрмесең істің бәрі бос.

³⁷⁴ Шәкәрімұлы А. Құнанбай туралы, [Www.abai.alemi.kz](http://www.abai.alemi.kz)

³⁷⁵ «Әли Имран» сүресі, 120-аят.

Малыңды жауға,
Басыңды дауға,
Қор қылма, қорға, татулас, – деген Абайдың бір жарым ғасыр бұрынғы сөзі бүгінгі ұрпаққа да өзекті.

3.6. Көрші ақысы – Тәңір ақысы

Исламда баса мән берілген құндылықтардың бірі – көрші ақысы. Құранның бір аятында: «...**жақын көршілеріңе, алыс көршілеріңе... жақсылық жасандар**»³⁷⁶ делінсе, Пайғамбар (с.а.с.) хадистерінде: «*Кімде-кім Аллаға және ақырет күніне сенетін болса, көршісіне еш зиянын тигізбесін*»³⁷⁷ десе, тағы бір риуаятта Алла елшісі (с.а.с.): «*Маған Жебірейіл періштенің көрші ақысы туралы көп өсиет айтқаны соншалықты, мен көршім мұрагеріме айналатын шығар деп ойладым*» деген.

Дана халқымызда: «Жақсы көрші – төрің, жаман көрші – көрің», «Жақсы болсаң көршіңмен, кем қалмайсың еншіңнен», «Отты шұқысаң – өшеді, көршіні шұқысаң – көшеді» деген сынды көптеген тәмсілдер бар. Бұл кемел қоғамның қалыптасуы көршілердің бір-біріне деген ыстық ықыласымен болатынын ұқтырса керек.

Исламдағы құқықтық мәселелердің арасында көршінің ақысы «Шүфға» тақырыбы аясында қарастырылады. «Шүфға» сөзі – жұп, қосақ мағынасын білдіреді. Терминологияда, көршілік статусқа лайық адамның екінші көршісі сатылымға қойған жер, үй сынды мүлкіне мислус-сәмән (лайықты бағасымен) иелік етуге құқылы екендігін білдіреді. Алла елшісі (с.а.с.): «*Шүфға – көршісімен ортақ пайдаланылатын қыры болған жер немесе үйін көршісі сатып алатынын яки алмайтынын білмей тұрып сата алмауын білдіреді. Егер дүние-мүлкін бөгде адамға сатуға көршісі қарсылық білдірсе, сатып алуға көршісі ең лайықты адам*»³⁷⁸ деген.

Шариғаттағы құқықтық шарттар ескеріле отырып, сатушы адам да, көршілер де зиян тартпауы керек. Мысалы, біреу үйін сатпақшы болған жағдайда, әуелі көршісіне барып «үйімді (мәселен, бес миллион теңгеге) сатпақшы едім» деп алдынан өтуі тиіс. Егер көршісі «жоқ, мен үйіңді ала алмаймын» десе, өзге бөтен адамдарға сата беруіне болады. Фықһтағы «көрші ақысы» құқығы діни бір міндет болып, көршіге деген ерекше құрметті білдіреді. Яғни, өзі көшіп бара жатса да, орнына жәйсіз бір адамның көшіп келіп көршісіне зиян келтіруінің алды алынады. Бұл жерде тағы бір ескеретін жәйіт, «шариғат бойынша, мен үйді сатып алудан бас тартпайынша басқа ешкім ала алмайды» деп көршісінің үйін лайықты бағасынан төмен сұрап, үй сататын көршісіне зиян келтіруге болмайды. Тура сол сияқты үйді сатқан адам да «үйімді көршім алатын болса, бес миллионға бермеймін» деп лайықты

³⁷⁶ Мүслим, Иман, 74; Бұхари, Әдеп, 31

³⁷⁷ «Ниса» сүресі, 36-аят

³⁷⁸ Мүслим: шүфға, 1608; Әбу Дәуіт: шүфға, 3513.

бағасынан көтеруге болмайды. Бұл екі түрі де шарифатта тыйым салынған³⁷⁹.

Имам Матуриди, Құрандағы: «...**жақын көршілеріңе, алыс көршілеріңе... жақсылық жасаңдар**»³⁸⁰ деген аятты былай түсіндіреді: «Имам Әбу Ханифа: «Біреу нақты кім екендігін айтпай, жалпылама «көршіме» деп бір затын өсиет етіп қалдыратын болса, ең жақын көршісіне тиеселі болады. Өйткені, жақын көршінің ақысы алыс көршіге қарағанда көбірек болады» деген. Демек, аяттағы уәжіп болған «Шүфға» яғни, көрші ақысы әуелі іргелес көршіге тән болып табылады. Пайғамбарымыз (с.а.с.): «*Көршілердің ең құқылысы – жақын болғаны*» деген. Сол себепті, біреу көршісі жоқ кезде үйін сатып жіберсе, көршісі кейін үйге иелік еткісі келген жағдайда, үйді сатып алған адамға ақшасын қайтарып беріп, үйді қайтартып ала алады. Сатқан көршісі немесе сатып алған адам келіспейтін болса, қазыға шағымдану арқылы үйді қайтарып ала алады.

Мәлики, шафиғи және ханбали мәзһабтары бойынша, көршілердің арасында қоршау немесе жол сияқты бөліп тұратын шекара болса, шүфға уәжіп емес. Олар, Жәбир ибн Абдулла (р.а.) жеткізген: «*Алла елшісінің (с.а.с.): «Арада бөлік болмаған әрбір затта шүфға ақысы бар. Егер арада қоршау және жол түскен болса, шүфғалық ақы болмайды*»³⁸¹ деген хадисін дәлел қылады. Біздің ғалымдарымыз, бұл хадистің айтылу себебі туралы ешнәрсе келмегендіктен, рауидің сөзі болу ықтимал деп санайды. Сондай-ақ, «*арада қоршау және жол түскен болса, шүфғалық ақы болмайды*» деген хадисті ахад жолмен (бір ғана тізбекпен) жеткен. Ал, «*Кімде-кім үйін сатуды қаласа, көршісінің рұқсатын алсын*» деген сынды хадистер мутауатир жолмен (жалғандық ықтималы жоқ, көп тізбекпен) жеткен. Әрі аяттағы «**жақын көршілер**» сөзі туысқандық жақындықты білдірмейді, үйі жақын болған көршіні білдіреді»³⁸² деген.

Аталмыш аятқа түсініктеме берген имам Әл-Жассас: «Әбу Ханифа, Әбу Юсуф, Мұхаммад және Зуфар: «Саудада ортақ болып жұмыс істегендердің ақысы сапарда бірген болғандардан жоғары тұрады. Сапарда бірге болғандардың ақысы іргелес көршіден артық. Ал, іргелес көршінің ақысы алыс көршіден артық», – деді»³⁸³ деп, көршілік ұғымының аясы кең екендігін тілге тиек етеді.

«Көрші ақысы» дегенде ең алдымен екі отбасы арасындағы керек-жарақты бөлісу секілді материалдық ауыс-түйістен басталып, көрші екі ел арасындағы дипломатиялық қарым-қатынасқа ұласып, күллі жер шарын қамтиды. Яғни, күллі адам балалары бір-біріне көрші болып табылады. Өзара бас тартуға келмейтін міндеттері мен көршілік ақылары да бар. Біреуінің жаман жолға түсіп бақытсыз болуы екіншісіне кесірін тигізбей қоймайды.

Демек, көрші болу – өмірдегі жақсы мен жамандығын бірге көруді, сыйластықты білдіреді. Өкінішке орай, бүгінде осынау бір көршілік қасиетті

³⁷⁹ Молла Әли Қари, Фәтхү бабил ғинәя фи шархи китәбин никая, 3-том, 293-297 бб.

³⁸⁰ «Ниса» сүресі, 36-аят

³⁸¹ Бұхари: Буюғ, 2213.

³⁸² Әбу Мансур әл-Матуриди. Тәуилатул Құран (ред. Бәкір Топалұғлы). – Стамбул: «Дәрул мизан» баспасы, 2005. 3-том, –481 бет. –220-223-бб.

³⁸³ Әбу Бәкір әл-Жассас. Әхкамүл-Құран.–Бәйрут: «Дәрул кутубил ғилмия» баспасы, – 2007. 2-т., –245-б.

ұғымды жеке мүдделері үшін теріс жолға пайдаланып жүргендер де жоқ емес.

3.7. «Қонақ келсе — құт келер»

Ислам дінінде адам баласының бақытты ғұмыр кешуінің барлық алғы шарттары жан-жақты қарастырылып, мұсылмандық парыз ретінде іске асуы міндеттелген. Дінде баса мән берілген мұсылмандық міндеттің бірі — қонақжайлылық. Қасиетті Құранда: **«(Уа, Мұхаммед!) Саған Ибраһимнің құрметті қонақтары жайлы (ғибратты) әңгіме жеткен бе еді?! Есінде болса, олар бір күні Ибраһимге келіп: «Сәлем (яғни, саған есендік тілейміз)!» — деп сәлем берген еді. Ибраһим де өз кезегінде оларға: «Сәлем (мен де сендерге есендік тілеймін)!» — деп жылы шырай танытып, ішінен: «Бұлар өздері бұрын-соңды ұшыраспаған бейтаныс қауым болды», — деді. Сөйтті де бірден үй ішіндегілерге барып (құдайы қонақтарға арнап) семіз тананың етін пісіріп әкелді. Асты алдарына қойып: «Дәмнен алмайсыздар ма?» — деді»³⁸⁴** делінген. Осы аятқа тәпсір жасаған имам Матуриди, «Аяттағы: «құрметті қонақтары» тамақ берілетін (яғни, адам балалары) немесе тамақ берілмейтін (яғни, періштелер) қонақтар болуы мүмкін. Сондай-ақ, Ибраһим (а.с.) үйіне барып, семіз тананың етін әзірлеп әкеліп қызмет көрсетіп, «Дәмнен алмайсыздар ма?», — деді.

- Қонақтар: «Тамақтың ақысы қанша тұрады», — деді.

- Ибраһим (а.с.): «Бисмиллә» деп жеңдер. Жеп болған соң «Әлхамду-лиллаһ» дендер», — деді.

- Сонда олар бір-біріне қарасып: «Міне, осы ісің үшін сен Алланың досы болдың», — деді»³⁸⁵ деген.

Әбу Һурайра (р.а.) жеткізген бір хадисте: «Бір мұқтаж адам Алла елшісіне (с.а.с.) келіп, өзін қонақ етуін өтінеді. Алла елшісінің (с.а.с.) оны қонақ етуге жағдайы жоқ еді. Содан ол (с.а.с.): *«Бұл адамды біреуің қонақ ете аласыңдар ма? Алланың рахымы болсын!»*, — деді. Әлгі қонақты ансарлық сахаба (Әбу Талха) қонақ етті. Негізінде, қонақ еткен сахабаның үйінде де балалары жейтіннен артық тамақ жоқ еді. Сонымен әйеліне, *«Балаларды ұйықтатып, шырақты өшіріп таста және бар тамағыңды қонаққа жақынырақ қой»*, — дейді (қараңғыда қонақпен бірге өздері де тамақ жеген сыңай танытып отырды). Сол кезде: **«Өздері мұқтаж бола тұра өзгелерді өздерінен артық көретіндер бар»** деген аят түсті»³⁸⁶ делінеді. Хадиске түсініктеме берген имам Ән-Нәуауи: «Бұл хадистен өмірлік жақсы тәлімдер ала аламыз. Әуелі, Алла елшісінің (с.а.с.) және отбасы мен сахабаларының дүниеқоңыздыққа салынбай, қолында барымен мәрттік танытып, өзгелерге жәрдем бере алатынын көреміз. Екіншіден, мүмкіндігі болса қонақты ауыл басшысы, оның мүмкіндігі болмаған жағдайда қасындағылардың жақсы күтіп, разы етудің діндегі

³⁸⁴ «Зәрият» сүресі, 24-27 аят

³⁸⁵ Әбу Мансур әл-Матуриди. Тәуилатул Құран, 14-т., —430 б.,—140-143-бб.

³⁸⁶ «Хашр» сүресі, 9-аят

орны ерекше екендігін ұғамыз»³⁸⁷ деген.

Қазақ – ежелден «Қонақ келсе – құт келер» деп, қонақ күтуді мұсылмандық міндет, адами борыш санай отырып, өмірлік тәжірибеге айналдыра білген халық. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қонақпен еріп келетін құт жайлы:

«*Жақсылық қонақ күтілген үйге пышақтың түйенің өркешіне жетуінен бұрын жетеді*»,³⁸⁸ – деп баяндаған. Хадисте айтылған жақсылық – Алланың берген нәсібі. Қонақ келсе жалғыз атын сойып берген бабаларымыз осы нәсіптен құр қалмауға қам жасап:

Кісіні көрсең есікке,
Жүгіре шық, кешікпе,
Қарсы алмасаң мейманды
Кесір болар нәсіпке!³⁸⁹

... ..

Қонақ келсе үйіңе құрметтеп ал,
Көңілін оның қалдырма, хақтан ұял.
Пәле кетіп, қонақпен рақмет келер,

Ырза қылып әркімнен бата алып қал,³⁹⁰ – дейді. Пайғамбарымыздың тағылымдарынан нәр алған халқымыз: «Қонақпен еріп құт келеді,» – деп, даналық қорытынды жасаған³⁹¹.

Қазақ халқының қонақжайлылық ғұрып-әдеттерінің ислам дінімен сабақтастығын қысқаша былай салыстыруға болады:

1) Үйге келген әрбір қонақтың қоғамдағы орны және жақындық қарым-қатынасына қарай, көрсетілетін сый-сыяпаты да әртүрлі болған. Мысалы, аузы дуалы ақсақалдар мен дін адамдарына және құда сияқты кісілерге арнайы жылқы немесе ақсарбас айтып сойып, бас тартылады. Ал, жора-жолдас, ағайын-туысқандардың да өз жол-жоралғылары бар. Яғни, қазақ халқының сүйегіне сіңісіп, болмысына айналған қонақ күту дәстүрінің бұл түрінің негізі «Ибраһим пайғамбардың үйіне келген қонақтарына семіз тана сойғанын» білдірген аят пен Мұхаммед пайғамбардың «*Тамақтың төресі – ет*»³⁹² деген хадисіне амал етуден қалыптасқан дәстүр деуге болады.

2) «Қырықтың бірі – Қыдыр», «Қонақтың өз ырыс-несібесі бар» және «Әр қазақтың үйінде алынбаған енші бар» деген түсінікпен әрбір үйге келген қонақты шамасы келгенше күтіп жатады. Бұл да Алла елшісінің (с.а.с.): «*Қонақ астың жаманы – кедейлер шеттетіліп, байлар шақырылатын қонақ асы*»³⁹³ деген хадисінен өнеге алған дәстүр болып табылады.

3) Үйге беттеп келе жатқан қонақты алдынан күтіп алып, кетерінде «Бір

³⁸⁷ Нәуәуи. ән-Нәуәуи. Шарху әлә Мүслим. – Оман: «Бәйтул әфкар әд-Дәулия» баспасы, 2000.– 1300-б.

³⁸⁸ Хадис ансиклопедиси, XVII т., 443-б.

³⁸⁹ Ай, заман-ай, заман-ай, I т., 74-б.

³⁹⁰ Ақмолла, Күндер мен түндер, 67-б.

³⁹¹ Ш. Әділбаева. Хадис – ғұрпымыз, сүннет – салтымыз.

³⁹² Имам әл-Ғаззали. Ихяул улумуддин. I-т., –444-б.

³⁹³ Бұхари және Мүслим.

бұйымтайыңыз жоқ па?» деп, көңілге түйіп келген шаруасын айта алмай кетпесін деген қонақжайлық дархандықпен жолға дейін шығарып салады. Мұның да Пайғамбарымыздың (с.а.с.): «Қонақты ауланың есігіне дейін шығарып салу – сүннет»³⁹⁴ деген тәлімінің нәтижесі екендігін көреміз.

4) Бөгде біреу қонаққа келсе, «Құдайы қонақ келді» деп қуанып, қонақ үйге кіре салып, қайтуға бейімделсе, «Қуыс үйден құр шығуға болмайды» деп, астан дәм-ауыз тигізу сияқты қонаққа қызмет көрсетудің бірнеше түрлерінде дәстүрімізден кездестіреміз. Мұндай қонақтың ықыласына бөленуге ұмтылу дәстүріміз Алла елшісінің (с.а.с.): «Қонақтың дұғасы қайтарылмайды» деген хадисінен қалыптасса керек.

XIX ғасырдың аяқ кезінде Ресей зерттеушісі Виктор фон Герн де қазақтың қонақжайлылығы туралы былай деген: «Жалпы алғанда, қазақтар осы уақытқа дейін жылы жүзділігімен, қайырымды ақкөңілділігімен және қонақжайлылық қасиетімен таңғалдырады. Мұның өзі – олардың сүйегіне ежелден сіңіп кеткен керемет асыл қасиет»³⁹⁵.

Қазақта «құдайы қонақ» деген ұғым да дінге деген адал ниет, ақ пейілден туған. Бір хадисінде Алла Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

*«Аллаға және ақырет күніне сенген адам қонағына қонақасын берсін. Қонақасы – бір күн, бір түн қонағыңды күту»*³⁹⁶ – деген. Қазақи салттың өзегі болып қалыптасып кеткен осы «қонақасы» түсінігі бойынша халқымызда әрбір жолаушы адам «құдайы қонақ» деп қабылданып, оның ас-суын беріп, қондырып, мұқтажын өтеуді міндет деп есептеген. Тіпті ертерек уақытта жолаушы қонақасын жемесе сол елдің биіне барып, арыз айтып, кінәлілерден «ат-тон» айып алатын дәстүр болған екен.³⁹⁷ Осы дәстүрге сәйкес Шортанбай ақын:

Құдайдан қорыққан мұсылман
Қонаққа сояр лағын,³⁹⁸ – дейді³⁹⁹.

Қорыта айтар болсақ, қазақ халқы қонақ келсе жұтын емес, құтын ойлайтын, үй салса қонақ жататын бөлмесімен бірге, келгенде астына салатын қонақ көрпесін де күні бұрын дайындап қояды. Тіпті, пәленше қонақ болып келіп қалар деп бір жілігін алдын ала сақтап отыратын жомарт-мәрттігіміз де бар. Мүмкін бұл жақсы қасиеттердің барлығы Алла елшісінің (с.а.с.): «Кімде-кім Аллаға және ақырет күніне иман етсе, қонағын күтсін»⁴⁰⁰, деген мағыналы сөзді терең ұғынудың нәтижесі болса керек.

³⁹⁴ Имам әл-Ғаззали, Ихяул ғұлумуддин, 1-том, 445-бет.

³⁹⁵ <https://aikyn.kz/2017/10/27/31650.html>

³⁹⁶ Риядус-салихин, II, 112-б.

³⁹⁷ Ж. О. Артықбаев, Жеті жарғы, 36-37-б., А., 2003.

³⁹⁸ Шортанбай, 27-б.

³⁹⁹ Ш. Әділбаева. Хадис – ғұрпымыз, сүннет – салтымыз.

⁴⁰⁰ Бұхари, 6135-хадис.

3.8. «Біздерге сәлем беру болды — сүннет»

Араб тіліндегі «сәләм» сөзі «тыныштық, бейбітшілік» деген мағыналарды білдіреді. Екі адам кездескен кездерінде бір-біріне есендік, бейбіт өмір тілеу мақсатымен қолданылатын «Ас-саламу ғалейкум» және «Уағалейкум ас-салам» деген мұсылмандық сәлемдесу үрдісі қазақ халқының дәстүріне ислам дінін қабыл етуімен бірге қалыптасып, қанына сіңген. Жүсіп Баласағұн бабамыз:

«Сәлем жолы – есендіктен адамға,
Сәлем бердің, саулық бердің – оларға.
Игі тілек танытқанға мейірім,
Алла сыйлар деннің саулық, хайырын», дейді.

Ислам шарифаты бойынша, мұсылман баласы жолыққан адамын танысын, танымасын оған сәлем беруі міндет болып табылады. Мұсылмандық дәстүрге сай сәлем сөзінің қалай айтылатыны және кемеліне келтіріп орындаудың жолдары мына аят, хадистерде білдірілген. Қасиетті Құранда: **«Егер сендерге біреу амандасса, сәлемін одан да асыра не дәл солай қабыл алыңдар!»**⁴⁰¹ делінсе, бір хадисте: *«Бір сахаба келіп «Ас-саламу алейкум» (яғни, сіздерге Алланың сәлемі, есендігі болсын) деп сәлем береді. Алла елшісі «Уа алейкум ас-салам» (яғни, сіздерге де Алланың сәлемі, есендігі болсын) деп, «гәшәрә» (он сауап), – деді. Келесі сахаба келіп: «Ас-саламу алейкум уа рахматуллаһи» (яғни, сіздерге Алланың сәлемі, есендігі және рақымы болсын) деп сәлем бергенде, оған «Уа алейкумус-салам уа рахматуллаһи» (яғни, сіздерге де Алланың сәлемі, есендігі және рақымы болсын) деп, «гишрин» (жиырма сауап), – деді. Үшінші бір сахаба келіп: «Ассаламуғалейкум уа рахматуллаһи уа баракатуһу» (яғни, сіздерге Алланың сәлемі, есендігі және рақымы әрі берекеті болсын) деп сәлем берген кезде, «Уа алейкумус-салам уа рахматуллаһи уа баракатуһу» (яғни, сіздерге де Алланың сәлемі, есендігі және рақымы әрі берекеті болсын) сәләсун (отыз сауап), – деді»⁴⁰² делініп, сәлемдесудің жол-жосығы кеңінен баяндалады.*

Әр халықтың өз мәдениеті, өзіне тән сәлем беру үрдістері бар. Сәлемдесу – батыс елдерінде көбінесе «Қайырлы таң, Қайырлы күн, Қайырлы кеш, Қайырлы түн!» болып келеді. Француздар сәнді қалпақтарын көтере бас изесіп, немістер оң қолын көңілдене көтеріп есендік ілтисатын білдіреді. Шығыс елдерінде сәлемдесудің түрі тіпті көп, қызығы өз алдына. Мәселен, көне қытайдың халқы бір-бірімен амандасқанда «Чылым-ю?» дейтін болған. Онысы «Тамақ іштің бе?» дегені. Сірә, ашаршылық жанына батқан бұқара «қарны тоқ болса, амандық сол» деп ұғынса керек. Алда-жалда жапон фирмасына жұмысқа тұра қалсаңыз, сізге алдымен бір ай бойы кіммен қалай амандасу керектігін үйретеді екен. Деңгейі өзіңізбен шамалас адамның қасында бірдей ғана бас иесіз, дәрежесі өзіңізден жоғары Че-ның яғни фирма директорының алдында барынша бүгіліп, иіліп сәлем беруге тура келеді.

⁴⁰¹ «Ниса» сүресі, 86-аят

⁴⁰² Тұхфатул ахзауи шарху жәмиғ әт-Термизи. – Оман: «Бәйтул әфкар әд-Дәулия» баспасы, 2000. 2-т., –2046-б.

Тіпті кейде үлкен басшының алдында жерге жығылып, маңдайды жерге тигізетін жайттар әлі де бар көрінеді. Төс қағысу, құшақтау, бір тізерлеп отыра қалып, қолын кеудесіне қою, маңайдан иіскеу, қолынан сүю, бетке-бетті тигізу де осы шығыс халықтарына тән амандасудың дәстүрлері⁴⁰³.

Халқымыздың бір туар ғұламасы Мәшһүр Жүсіп бабамыз «Бес парыз» деген өлеңіндегі:

«Біздерге сәлем беру болды – сүннет,
Пайғамбар сүннетін тұт болсаң үмбет (үммат).
Сәлемнен табылады жиырма сауап,

Наданға білмейтұғын бұ да қымбат»⁴⁰⁴ деген сөзінен қазақ халқының сәлемдесу дәстүрі Мұхаммед (с.а.с.) пайғамбарды өнеге тұтудан, сауапты мұрат етуден қалыптасқанын көруге болады.

Атам заманнан қазақ халқы, «қара шаңыраққа сәлем беру», «ата-баба әруақтарына сәлем беру», «халқына сәлем беру» және «атаңа сәлем бер, әжеңмен амандас», «оң қолыңды беріп амандас» деген сынды тәрбиелік мәні терең дәстүрін атадан балаға мұра етіп келуде. Қандай жоғары лауазымдағы адам болса да қара ормандай халқы мен дуалы ауызды қарияларына сәлем беру арқылы өзінің кішілігін, оларға деген құрметін білдіріп отырған. Қазақ халқының, тіпті, жеке бір тұлғаның дархандығын көрсететін сәлем дәстүрінің төркіні ислам дінімен сабақтасып жатқандығын қысқаша былай салыстыруға болады.

Бір үйге кіргенде, ол үйде ешкім болмаса да «Ас-саламу ғалейкум» деп сәлем беріп кіру дәстүрі; Қасиетті Құранда: «**Сендер қандайда бір үйге кірсеңдер, сәлем беріп өздеріңе Алланың қайырлы берекетін тілеп кіріндер**»⁴⁰⁵, делінген. Бұл аят туралы Мұжаһид: «Мешітке кірсең, Алланың елшісіне сәлем бер, біреудің үйіне кірсең, сол үйдің иесіне сәлем бер. Ал, ешкімі жоқ бір үйге кіргенде, «Алланың сәлемі Оның сүйікті құлдарына және бізге болсын!» деп сәлем беріп кір»⁴⁰⁶ деген.

Атты адамның жаяу кісіге, жасы кіші өзінен үлкенге, бірлі-жарым кісінің көпшілікке сәлем беру дәстүрі;

Хадисте: «*Көлікте отырған адам – жаяуға, жаяу адам – отырғанға, аз адам – көпшілікке, жасы кіші – жасы үлкенге сәлем берсін*»⁴⁰⁷ делінген.

Халқымызда «Сәлем түзелмей, әлем түзелмейді» деген мәтел бар. Хадисте: «*Сендер толық иман келтірмейінше – жәннатқа кіре алмайсыңдар. Ал, өзара сүйіспеншілікте болмайынша – толық иман еткен болмайсыңдар. Өзара сүйіспеншіліктеріңді арттыруға септігін тигізетін нәрсені айтайын ба? Өзара сәлемдесіңдер, араларыңда сәлемдесуді жайыңдар!*»⁴⁰⁸ делінген.

Қазақ халқы: «Алыстан алты жастағы бала келсе, алпыс жастағы қария барып

⁴⁰³ Құдайберді Бағашар. Ислам және өнеге. – Алматы: «Көкжиек-В» баспасы, 2010. – 6-б.

⁴⁰⁴ Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Көп томдық шығармалары. – Алматы: «Алаш» баспасы, 2003. 1-т., –168-б.

⁴⁰⁵ «Нұр» сүресі, 61-аят

⁴⁰⁶ Ибн Кәсир. Мұхтасару. –Бейрут: «Дәрул мағрифат» баспасы, –2002. 2-т., –774-б. –143-б.

⁴⁰⁷ Бұхари, 6232-хадис.

⁴⁰⁸ ән-Нәуәуи. Шарху әлә Мүслим. – Оман: «Бәйтул әфкар әд-Дәулия» баспасы, 2000. (2068 б.) –130-б. 93-хадис.

сәлем береді», – дейді. Әнас ибн Мәлік (р.а.) жеткізген хадисте: «*Алла елшісі (с.а.с.) бір топ балалардың қасынан өтіп бара жатып, оларға сәлем берді*»⁴⁰⁹ делінген.

Міне, осындай сәлем беруге байланысты халқымыз арасындағы дәстүрге үңілер болсақ, бір аят немесе Пайғамбардың (с.а.с.) бір хадисімен үндес екендігіне куә боламыз. Бұл қазақ халқының ислам дініндегі міндеттермен қатар, адамдар арасындағы сүйіспеншілікті арттыратын сүннет амалдарға да жіті мән беріп, соны күнделікті тіршіліктің көзіне, яғни, дәстүрге айналдыра білгендігін көрсетеді.

Қазіргі таңда діни үрдіске, салихалы дәстүрімізге сай амандасу оғаш бір қылыққа айналып бара жатқан тәрізді. Кешегі қазақтың *ақиық ақын* Мұқағали Мақатаевтың,

«Бағамын деп әркімнің қас қабағын,

Балам қабақ шытса да жасқанамын.

Сәлемімді біреулер алмай кетсе,

Екі иығым салбырап, пәс қаламын» деп жырлағанындай. «Ас-саламу ғалейкум» деп берілген сәлемге жатсынып қарайтындардың қарасы көбеюде. Әсіресе, қала жағалаған халық арасында Батыстық «Бет тиістіріп, сүйісіп амандасу» үрдісіне көбірек бейімделіп бара жатыр. Мұндай амандасудың елімізде кең етек жаюына кешегі кеңес одағының да өзіндік үлесі бары ақиқат.

Қорыта айтар болсақ, қазақи дәстүрге сай амандасудың негізі ислам дінімен тікелей байланысты. Өзара сәлем берісіп, амандық сұрасу– бауырмалдықты арттырып, ынтымағымызды бекемдей түсетін басты фактор. Сонымен қатар, дәстүрге жат амандасуға бейімделу болмысымызды жоғалтып, жаһандану иріміне тоғытылып кетуге әкеліп соғады. Сол себепті, атадан ұрпаққа мирас болып келе жатқан қазақи дәстүрдегі сәлемдесуді ұрпаққа насихаттап, сақтап қалу – саупты да салмақты іс.

3.9. Жылу жинау

Қазақ халқының ұлт болып ұйысуына, еңсесі биік ел болуына мол септігі тиген қайырлы һәм сауапты салттардың бірі – жылу жинау. Бұл жораның бір қыры әлеуметтік өмірге қарасты болса, екінші шеті мейірімділік, жомарттық, қайырымдылық секілді жүрек дархандығымен астасып жатыр. Мысалы, ауылдағы бір үй қайғыға ұшыраса, әр алуан тілсіз жаулардың біріне душар болса, үйі өртеніп, селге ұрынып немесе мал жұтап жатса, оған бәрінен бұрын сөз жомарттығы, одан кейін қол жомарттығы ауадай қажет болады. Екеуі де барынан айырылып, пұшайман болып отырған қайғылы отбасыға жылылық сыйлайды. Жүрегін жібітіп, көңілін сергітеді. Сондықтан болса керек, бұл дәстүр «жылу жинау» деп аталған.

Әрине, жылуды мұңға батып отырған үйдің иесі өзі сұрамайды. Мұндай кезде ауылдың абыз ақсақалдары, билері, абыройлы үлкендері көпшілікті жинап, бәле

⁴⁰⁹ ән-Нәуәуи. Шарху әлә Мүслим, 1358-б. 2168-хадис.

айтып келмейтінін, бұл қасірет әркімнің басына түсуі мүмкін екенін ескертіп, осынау игі шараға жаппай ат салысуға үндейді. Қазақ халқында еш уақытта жылу жинауға сарандық қылмайды. Бірлі-жарым қашқақтаған жандарды көпшілік «қайырымсыз», «сараң» деп қатты сынға алады. Мұхаммед Пайғамбардың «Мейірімді болыңыз, сонда мейірімге бөленесіз» деген ұлы қағидаты еске салынады.

Асылында, жылу жинау секілді жүректерді жарастыратын, адамдарды бір-біріне жақын етіп, олардың арасындағы бауырмашылық көпірлерін салатын игі дәстүрлердің көпшілігі жүректегі иманға байланысты десек, артық айтқандық емес. Өйткені, Абай Құнанбайұлының «үш-ақ нәрсе адамның қасиеті – ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» деп айтқанындай, қайырымды істер жүректің жылылығымен байланысты.

Қоғамдағы әлеуметтік теңсіздікті болдырмау, мал-мүлікті дұрыс жолдармен жұмсау, ел экономикасына үлес қосу секілді ережелер ислам дінінің дерекқорларында көптеп кездеседі. Мысалы, қасиетті Құранда мынадай аят бар: **«Алла сол мұминдердің жүректерін жарастырды. Сен жер бетіндегі байлықтың бәрін осы жолда жұмсаған да, олардың жүректерін дәл бұлай жарастыра алмас едің. Алайда Алла оларды жарастырды...»**⁴¹⁰.

Бұл аяттан мұсылмандардың бір-біріне жәрдем беруіне ынта туғызу, көңілге қайырлы ой салу, бауырмашылық сезімдерді ояту Алла Тағаланың қолдауымен болатын нейропсихологиялық күйлер екенін ұғынуға болады. Мұсылманның мойнындағы бес парыздың бірі зекет те, сауапты іс деп шақырылатын садақа да, түптеп келгенде, пайдалы іске мал жұмсауға барып тіреледі.

Құран терминологиясында жиі ұшырасатын діни терминдердің бірі «инфақ» қазақ тілінде «Құдайдың жолында мал жұмсау» деген мәнге саяды. Бұл термин туралы ғылыми еңбектерде мынадай анықтама беріледі: «Терминологиялық тұрғыдан инфақ – өз иелігіміздегі мал-мүлік пен мүмкіншіліктерді сол игіліктерге азырақ ие болған жандармен бір деңгейге теңескенге дейін жұмсау»⁴¹¹.

Басқаша тілмен айтқанда, инфақ адамға берілген аманат дүниелерді олардың шын Иесі (Алла Тағала) қалаған жолдарға жұмсау болып саналады. Қазақ халқының жылу жинау салтында осындай Құдайдың көрсетіп берген бағыт-нұсқаулары сақталады. Мысалы, «Хадид» сүресінің 7-аятында: **«Аллаға және Елшісіне иман келтіріңдер және Оның (аманат ретінде) иеліктеріне бергендерінен (дін жолында һәм қайырымдылық мақсаттарда) жұмсандар. Араларындағы иман келтірген және қолындағы мал-мүлкінен зекет, садақа берген жандарға зор сауап, үлкен сый-сыяпат бар»** делінген.

Ислам дінінде қайырымдылық пен мейірімділік сияқты көркем мінезге толы, иман жүзді, тақуа да ізгі салих құлдарға мол сауаптың берілетіндігі және олардың екі дүниеде де Алла Тағаланың нығметтеріне бөленетіндігі жиі айтылады.

Қазақ халқының ұлттық философиясында да мал-дүниенің уақытша, баянсыз екендігі айтылып, сараңдықтан қашуға, дархандыққа ұмтылуға шақыру бар екенін байқаймыз. Асан Қайғының «Өлетуғын тай үшін, көшетуғын сай үшін желке терің

⁴¹⁰ «Әнфал» сүресі, 63-аят

⁴¹¹ Йашар Нури Өзтүрк. Куранын темел каврамлары.–Стамбул, 2000. 2-т., –162-б.

құрысып, ешкімменен ұрыспа!» деп толғайтынын білеміз. Мұның астарында кез келген мал-мүлік бүгін бар да, ертең жоқ деген түсінік менмұндалап тұр. Құран аятында да: **«Күллі аспан әлемі мен жердің бар мұрасы Аллаға тиесілі болып, ондағы барлық нәрсе түбінде Аллаға қалатынын біле тұра неліктен зекет-садақ бермейсіндер?»**⁴¹² делінген. Ендеше, жылу жинау салтында мұсылман адамның бойында жоғарыда аталған жомарттық, дархандық мінез қажет болады.

Мұхаммед Пайғамбарымыздың (с.а.с.) немере ағасы Жағыфар қайтыс болғанда *«Бауырларың Жағыфардың отбасына тамақ істеп апарыңдар, олардың басына ауыр жағдай түсіп қалды»*⁴¹³ деп елді қайырымды іске шақырған. Бұл да – жылу жинаудың бір түрі. Қайғылы жағдайға ұшыраған отбасыға көмек берудің бұл үлгісі де қазақ дәстүрінде бүгінге дейін сақталған. Кісі қайтыс болған қаралы үйге ағайын-туыс, көрші-қолаңдар бірден жиылады. Марқұмды арулап аттандыру, алыс-жақыннан келген құда-жегжат, ет бауыр жақындарды күтіп алу ісін ақылдасады. Жаназаға жан-жақтан жиылатын жұрт та қаралы үйге құры қол келмей, «пата оқыр» деп тай, тайынша, қойларын жетектеп келеді. Бұл айтылғандардың бәрі өз кезегінде қолынан келген көмекті аямай, қайырымдылық жасаудың ниетінен туындаған ұлттық жол-жоралар болып табылады. Олардың ешбірі ата дініміз исламның қағидаттарына да қайшы келмейді. Керісінше, шарифат талаптарымен біте қайнасып, Құран аяттарын барынша үлгілі етіп, жарасымды һәм үйлесімді форматта орындауға жатады. Сондықтан мұндай дәстүрлер халықпен бірге жасасып, ғасырдан ғасырға, ұрпақтан ұрпаққа жалғаса берері сөзсіз.

3.10. Қолға су құю

Еліміз егемендігін алып, етек-жеңімізді жинағалы бері қазақ халқының әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін, қоғамдық қатынастың құқықтық заңдарын іздестіру, жинау, жүйелеу және зерттеу ісіне көп көңіл бөлінуде. Қазіргі атақты ғалым-заңгерлеріміз С.З.Зиманов, Ғ.С.Сапарғалиев, Н.Өсерұлы, М.С. Нәрікбаев, З.Ж.Кенжалиев т.б. көптеген ғалымдар қазақтың ата заңының бастаулары мен қайнар көздерін тереңнен зерттеумен айналысты.

Қазақ дәстүрлерін ретсіз, жүйесіз, бейберекет әрекеттердің жиынтығы деп емес, адам өмірінің барлық саласын түгел қамтитын ғұмырлық өлшемдер деп бағалаған жөн. Бұл дәстүрлерде қоғамның үйлесімді дамуына үлкен үлес қоса алатын өркениет негіздері жатыр. Алыстан орағытпай, бір ғана қолға су құю дәстүрінің астарын қарастырып көрсек осы шындыққа анық көз жетеді. Қазақ даласында қол жуу – бір адамның жеке гигиенасы ғана емес, көпшілік орындарда дәстүрлі түрде іске асатын іргелі ғұрып.

Қолға су құюдың ең бірінші қыры тазалықпен байланысты екені түсінікті. Қолға құман ұстап, сыртқа шығу қазақ халқының өмірінде тазалыққа қаншалықты

⁴¹² «Хадид» сүресі, 10-аят

⁴¹³ Әбу Дәуід, Жәнайыз, 25, 26

мән беретінін көрсетеді. Бұл дәстүрдің мұсылман дініне қатысты мәні осы тұстан шығады. Өйткені Мұхаммед Пайғамбардың (с.а.с.) өзі тазалыққа ерекше мән бергені хадис кітаптарында кеңінен айтылған. Мысалы, Алланың Елшісі – Мұхаммед Пайғамбар (с.а.с.) ұйқыға жатарда қасына құман мен тіс тазалағышты дайындап қоятыны туралы деректер бар. Бір хадисте былай делінеді: «Алла Елшісінің (с.а.с.) төсегінің басында дәрет алуға арналған құман мен тіс тазалағыш тұратыны риуаят етіледі. Ол ұйқыдан тұрған кезде әжетін өтеп, сосын (қолы мен) тісін тазалайтын»⁴¹⁴.

Ислам дініндегі шарифат заңдарын түсіндіретін кітаптардың көпшілігі ең әуелі «Тазалық» деген баптан басталатыны да біраз жәйттен хабар береді. Сондай-ақ тамақ ішерден бұрын және тамақтанып болған соң қол жуу ислам дініндегі әдеп кодексінің басты ережелері қатарына жатады. Міне, осы тұста қазақ халқының қолға су құю дәстүрінің мұсылманшылықпен қаншалықты терең ұштасып жатқандығы көрінеді.

Бүгінге дейін ас берілетін, жиын өтетін үйлерде ең алдымен қолға су құятын жағдай жасалады. Жас балалардың қолына жылы су құйылған құман беріледі. Қолға су құю функциясының жас балаларға жүктелуі де тегін емес. Өйткені үлкен өмірге бет алған жас баланың үлкеннің батасын алуы өте маңызды. Батаменен ер көгереді деген қағида да осы жерде көрініс табады. Қолын жуған кісілер «Өркенің өссін!», «Көп жаса!», «Бақытты бол!» деген дұға-тілектерін жаудырады. Көпшіліктің дұғасы қабыл деген сөз де ислам дінінің заңдылықтарында айтылған. Олай болса, қолға су құюдың маңызы жеке гигиенадан әлдеқайда биіктеп кетеді. Бұл дәстүрдің мазмұнында кісі сыйлау, қонақ қадірлеу, үлкенге ізет көрсету сияқты көптеген мәні терең мінездер жатыр. Демек, бұл жоралғының жастарды тәрбиелеудегі рөлі де ерекше.

Қолға су құю процесі кейде үйдің ішінде жүзеге асады. «Бата – бастан, су – аяқтан» деген сөз осыған нұсқайды. Қонақтар тегіс отырып болған соң, ас пісіп, табақ тартыларда жауапты бір немесе екі жігіт жылдамдатып қолға су құйып шығады. Бұл да «Тамақтанар алдында қолдарыңды жуыңдар» деген пайғамбар сүннетіне сай әрекет етуден туған ақ ниет болса керек.

Жинақтай келгенде, қазақ халқының қай дәстүрін алсақ та, астарында терең тәрбиелік мән жатады. Сол секілді қолға су құюдың да мұсылман дініндегі және қазақ жұртының әлеуметтік өміріндегі маңызы үлкен.

3.11. Айттау дәстүрі

Мереке – қуанышты бөлісіп, көңіл көтеретін күн. Бұрыннан-ақ әр ұлттың діни мәнге ие күндері, тарихи жадыларын жаңғыртатын мерекелері болған. Сондай-ақ бір діннің мүшелерінің де діни күндері мен діни мерекелері бар. Мереке – сенушілердің жанына жағымды әсер беріп, діни саналары мен сезімдерін қуаттандырады. Адамдардың бір-бірімен біте-қайнасып араласуына мүмкіндік береді.

⁴¹⁴ Сунан Әби Дауд

Мұсылмандардың ерекше салтанатпен тойлайтын екі мерекесі бар. Олар: ораза айт пен құрбан айт. Әсілінде айт сөзі тілімізге арапшадан енген. Қазақтар басқа айтулы күндерді мереке деп атаса, осы екі мерекені ғана айт деп атаған. Осының өзі осы екі айттың қазақ қоғамындағы ерекше орнын көрсетеді.

Айтты тойлау тарихы Ардақты Пайғамбарымызға барып тіреледі. Алланың елшісі (с.а.с.) Меккеден Мәдинаға һижрет жасаған кезде жергілікті халық көңіл көтеретін екі күн бар болатын. Пайғамбар (с.а.с.): «Бұл қандай күн?» деп сұрағанда мәдиналықтар: «Біз жахилет дәуірінен бері осы күндері көңіл көтереміз» – дейді. Содан кейін Алланың елшісі: «Алла сіздерге ол күндердің орнына олардан әлдеқайда жақсы екі мереке берді. Олар рамазан және құрбан айты»⁴¹⁵ деген. Сондай-ақ бұл күндері айт намазы оқылады.

Айт күндері толықтай құлшылық жасайтын күн болмаумен қатар, ертеден қара кешке дейін көңіл көтеретін де күн емес. Бірақ бұл күндері осы екі элемент те көрініс береді. Діни тұрғыдан шектен шықпаған жағдайда ойын сауық құрып, көңіл көтеруге толықтай жол ашық. Мәселен Пайғамбар (с.а.с.) Айша анамызбен бірге айт күндері хабаштықтардың қылыш-қалқан биін тамашалап, тіпті ««Уа, Әрфида ұрпақтары, қанеки!» деп қолдау білдірген»⁴¹⁶.

Ислам діні Рамазан айында бай адамдарға пітір садақасын, құрбан айт мерекесінде құрбан шалуды уәжіп еткен. Бұл да ислам дінінің мереке кезіндегі қуаныш пен көтеріңкі көңіл күйдің ортақ болуына қаншалықты мән бергенін көрсетсе керек.

Мейрамдар – мүміндер үшін көңілді әрі қуанышты күн. Рамазан айында ауыз бекіту, құрбан айтында құрбан шалу арқылы Алланың әмірін орындап, Аллаға мойынсұнатындығын білдірген мұсылмандар – мереке арқылы құдайдың көрсеткен жолымен жүрудің бақытын сезінеді. Бұл күндері мүміндер бір-бірін мерекелерімен құттықтайды. Мереке күндері мұсылмандар ата-аналары мен үлкен кісілердің жағдайын арнайы барып сұрап, баталарын алады. Ренжіскендер болса татуласады. Бір-біріне сыйлық жасап, қуаныш пен көтеріңкі көңіл-күйдің артуына себеп болады. Осылайша қоғамда қуанышпен қатар, достық пен бауырластық, сыйластық пен татулық орнайды.

Құрбан – сөздікте «жақындау, Аллаға жақындауға себепкер болатын нәрсе» деген мағыналарға келсе, термин ретінде «құлшылық мақсатында белгілі бір уақытта, белгілі сипаттарға ие жануардың ережеге сай бауыздалуы немесе ережеге сай бауыздалған жануар» дегенді білдіреді.

Адамзат тарихынан бастау алатын құрбан шалу әрекеті – орындалу үлгісі мен мақсатында бірқатар өзгешеліктер болмаса, негізінде барлық діндерде орындалатын құлшылық түрі. Мәселен Құран Кәрімде Адам атаның екі ұлының құрбан шалғандығы жайында айтылады⁴¹⁷. Басқа бір аятта иләһи діндердің барлығында құрбандық шалу бар екендігіне қатысты: **«Біз (адамзат тарихындағы пайғамбарлардың соңынан ерген) әрбір иманды үмбет үшін құрбан шалу**

⁴¹⁵ Әбу Дәуіт, Салат, 245; Нәсәи, Салату әл-Идайн, 1.

⁴¹⁶ Бұхари, Идаин, 3; Муслим, Идаин, 16.

⁴¹⁷ Мәида, 5/27

рәсімін межелі уақытта һәм межелі жерде орындалуы ләзім құлшылықтың бір түрі қылдық..»⁴¹⁸ – делінген. Құрбандық – ислам дінінде де әмір етіліп, қазіргі уақытта мұсылмандар аталмыш құлшылықты үлкен ыждахаттылықпен орындауда.

Құрбан шалу көптеген хадистерде ерекше айтылады. Әзірет Пайғамбарымыз да үнемі құрбан шалып: *«Кімде-кім шамасы жете тұра құрбандық шалмаса біз отырған жерге жақындамасын»⁴¹⁹*, *«Әй адамдар! Әр жылы, әр үй иесіне құрбандық шалу уәжіп»⁴²⁰* деген.

Мұсылман адам құрбандық шалу арқылы сауапқа кенеліп, жарлы-жақыбайларға көмек қолын созып, мал-мүлкін пида етіп жанқиярлық көрсетеді. Барлық құлшылықтар секілді құрбандық та құлды Алла Тағалаға жақындата түседі. Құран Кәрімде Аллаға құрбанның еті мен қаны емес, шалған адамның тақуалығы жететіндігі айтылады. Демек шынайы ықыласпен болған жағдайда тұлғаға құрбандықтың ең маңызды пайдасы – Аллаға жақындатуы.

Адам құрбан шалу арқылы Алла Тағалаға деген шүкіршілігінің рухани ләззатын алады. Өзіне берілген нығметтердің қарымы ретінде рахмет айтудың рахатын сезіну адам үшін зор бақыт. Құрбан шалу – менмендік пен сарандық секілді жаман сипаттардың жойылуына көмектеседі. Адамға жомарттық қасиетін сыйлайды. Құл екендігін сезінуіне себеп болады.

Құрбандық қоғамдағы бауырмалдық, өзара көмек пен қолдау сезімін жандандырады. Әлеуметтік әділеттің орнауына үлес қосады. Әсіресе ет сатып алу мүмкіндігі жоқ немесе мүмкіндігі шектеулі жарлы-жақыбайлар көп қоғамда оның рөлі ерекше. Ал бай адамдарға өз мал-мүлкінің бір бөлігімен Алланың разылығын көздеп мұқтаж жандармен бөлісуді әдетке айналдыруына септігін тигізеді. Осындай көмек алған жағдайы төмен жандар өзін өмір сүріп отырған қоғамның толыққанды мүшесі ретінде сезініп, пайдалы болуға тырысады.

Мұсылмандық дәстүрдегі құрбандық шалу үрдісі ислам дінінің қазақ топырағына таралуымен тікелей байланысты. Ислам дінін сонау ерте кездің өзінде қабылдап үлгерген халқымыз мұсылманшылыққа тән ең үлкен екі мерекені өте жоғары деңгейде тойлауды әдетке айналдырып, салтына сіңірген. Отыз күндік ораза біткеннен кейінгі бірінші күні таңертеңгісін бүкіл мұсылман жамағаты өз үйінің маңындағы мешіттерге жиналады. Мешітте имамға ұйып, айт намазын оқиды. Намаз оқып болғаннан кейін айт мейрамы басталады. Сол жерде адамдар бірін-бірі: *«Оразаң қабыл болсын, айтың мұбарак болсын!»*, – деп қол алысып, төс қағыстырып құттықтасады. Ең алдымен өз үйіне келіп дұға оқиды да, айтқа арналған тағамнан дәм татады. Содан кейін көрші қолаңның үйіне дәм татып, ықылас-пейілін білдіреді. Бұл күні әр мұсылман кез келген мұсылманның үйіне кіріп, құттықтап, қуаныштарымен бөліседі. Айт мейрамына арнап әр үй бауырсақ пісіріп, шелпек салып, құрт-майын, бар жақсысын дастарханға қояды. Айтшылағандар сол үйдің ата-баба рухына бағыштап Құран оқып, жақсылық тілейді.

Қазақта айтшылаудың өзі айрықша бір салтанат. Кәрі жасы түгел сәнді киініп

⁴¹⁸ Хаж, 22/34

⁴¹⁹ Ибн Мажа, «Әдахи» 2, Ахмад ибн Ханбал, Муснад, II, 321

⁴²⁰ Термези, Әдахи, 18; Ибн Мажа, «Әдахи» 2

атқа мінеді де, ауыл ауылды аралайды. Қыз-келіншектер мен жігіттер өз сәнімен жүріп, ән салып, өлең айтады. Мұның бәрі осы айт жоралғысынан аспайды. Бүкіл мұсылман қауымы бұл мейрамды зор салтанатпен өткізеді. Айт күндері жеңіл желпі ойын сауыққа тыйым салынбайды. Бірақ салттан шыққан дарақылыққа да жол берілмеген⁴²¹.

3.12. Мәуліт мерекесін тойлау

«Мәуліт» араб тіліндегі «уәләдә» түбірінен туындаған сөз. Мағынасы «туылған жер, туылған уақыт, туған күн» дегенді білдіреді. Мұсылман жұртшылығы «мәуліт» сөзін Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с.) туған күні ұғымында қолданады. Ал Ислам тарихшыларының басым көпшілігі Пайғамбарымыздың (с.а.с.) туылған күнінің 571 жыл Рабиул-әууәл айының дүйсенбі күніне (571 жыл сәуір айына) сәйкес келгенін айтады. Соңғы жылдары Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының бастамасымен елімізде ұмытылған діни құндылықтарымыздың бірі Пайғамбарымыздың (с.а.с.) туылған күнін атап өту қолға алынып, көптеген игі шаралар ұйымдастырылуда. Өкінішке орай бүйректен сыйрақ шығаруға құмбыл тартып тұратын псевдо-сәләфилер осы жақсы дәстүрге де қарсы шығып, дін қызметкерлері мен дінге пейіл бұрған халқымызды адасушылықпен айыптауда. Сондықтан қысқаша мәулітті тойлаудың тарихына көз жүгіртіп өтсек.

Әсілінде Адамзаттың асылы (с.а.с.) дүниеге келген Рабиул-әууәл – көктем айларының алғашқысы. Бұл қайта жаңарудың белгісі. Пайғамбарымыздың көктемде дүниеге келуі бейнебір қыстан кейін адамзаттың қайта тірілуін көрсеткендей.

Ислам тарихында Пайғамбарымыздың Меккедегі туылған үйін «Мәулидун-Нәби» деп атаған. Сонау ерте замандардың өзінде қажылық пен ұмраны өтеуге келгендер Пайғамбарымызға деген сүйіспеншіліктері мен сағыныштарының белгісі ретінде осы үйді зиярат ететін болған. Осыдан-ақ мұсылмандардың Аллаһ елшісіне қатысты нәрсенің бәрін қадір тұтып, мәулітке де ерекше назар аударғанын көреміз. Тіпті келушілердің саны артқандықтан Аббаси халифасы Харун ар-Рашидтің анасы әл-Хәйзурән (қайтыс болған жылы 790 ж.) Пайғамбарымыздың (с.а.с.) туылған үйін жөндеп, мешітке айналдырған. Сондықтан мәуліт мереке ретінде хижри 2-ғасырда атап өтіле бастаған десек артық айтқандық емес⁴²². Ал мәулітті ресми түрде тойлау Фатимилер мемлекетінде Муиз Лидинилләһ билік басына келген кезеңнен (972 ж.) басталады⁴²³.

Мәулітті атап өтудің негізінде Пайғамбарға деген сүйіспеншілік жатқаны мәлім. Алғашқы үш ғасырда (сахаба, табиғун, әтбағут-табиғин) мәулітті ресми түрде тойлау әдеті болмаған. Дегенмен сахабалар кезеңінде жыл санауды белгілеуге

⁴²¹ «Қазақстан» Ұлттық энциклопедия. /Бас ред. Ә. Нысанбаев. –Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. –144-б.

⁴²² ХубМ. Илк Нурун догушу. –Стамбул, 2008. –100-б

⁴²³ ХубМ. Илк Нурун догушу. –Стамбул, 2008. –103-б.

қатысты айтылған ұсыныстардың ішінде Пайғамбарымыздың туылған күнінің де аталуы, сахабалар арасында осы күннің ерекше болғандығын көрсетсе керек.

Негізінен, діни үкімдер Құран мен хадистен алынады. Ал мәулітті атап өтуге үзілді-кесілді тыйым салған аят немесе хадистің жоқ екені мәлім. Олай болса, мәулітті тойлау «бидғат, харам, адасушылық» деудің ешқандай шариғи негізі жоқ. Қайта, керісінше, ғалымдарымыз Құран аяттары мен хадистерден дәлел келтіре отырып, мәулітті атап өтуге болатындығына бір ауыздан келіскен.

Жоғарыда мәуліттің тарихына қысқаша тоқталып өттік. Жалпы алғанда, мәулітті ең алғаш тойлаған адамзаттың ардақты тұлғасы – хазірет Мұхаммедтің өзі десек, ақиқатты айналып өту болмайды. Өйткені Пайғамбарымыздан дүйсенбі күндері ұстайтын ораза жайлы сұралған кезде ол: «*Бұл күні мен дүниеге келдім әрі елші болып жіберілдім немесе бұл күні маған Құран түсті*»⁴²⁴, – деп жауап берген. Пайғамбарымыз (с.а.с.) жылда бір рет емес, әр дүйсенбі сайын ораза ұстау арқылы туған күнін атап өткен. Кей ғалымдар осыған сүйене отырып, мәулітті атап өтуді ең алғаш бастаған Пайғамбарымыздың өзі дейді⁴²⁵.

Мұсылман ғалымдары бұған қатысты көптеген дәделдер келтіргендіктен, қысқаша мына бір-екі мәселені айта кетейік. Негізі мәулітті атап өту – әлеуметтік қажеттілік.

Алғашқы үш ғасырда мәулітті ауқымды деңгейде неге тойламаған дегенге келсек, Пайғамбарымыздың нұрлы шуағын көріп өскен бақыт ғасырында Пайғамбарымыздың туған күнін атап өтудің, пайғамбарымызды бір шара арқылы еске түсірудің қажеті жоқ еді. Еске түсіру, ең алдымен, ұмытқандарға немесе ұмыта бастағандар үшін қажет. Сахаба Сағид ибн Әбу Уаққастың «Біз Пайғамбарымыздың өмірін балаларымызға Құраннан сүре үйрететіндей үйрететін едік» дегеніндей, алғашқы ғасырларда Оның естеліктері халық жадында әлі сол жаңа күйінде жаңғырып тұрған-ды. Ал, атап өтіп, еске алу бір қажеттілікке яки себепке байланысты жасалады. Қазіргі таңда қандай да бір мұсылман елі болмасын Хақ елшісін (с.а.с.) естеріне алып, жадында ол жайлы мәліметтері мен білімдерін жаңғыртуы үлкен қажеттілік. Әрі халықтың бір жерге жиналып мәулітті атап өтуі Пайғамбарымызға деген сағынышын жаңғыртып, сүйіспеншіліктерін арттыра түседі. Пайғамбарымызды (с.а.с.) еске алу – мұсылман қауымын Алла тағалаға лайықты құл, Оның елшісіне ақыретте мақтан тұтарлық үмбет болдым ба деген ойға жетелеп, мұсылмандығына қайта көз тастауына сеп болары сөзсіз. Мұсылмандардың осындай игі мақсат үшін бір жерге жиналуы араларындағы бауырластықтың күшеюіне де жол ашады. Адамзат баласын жақсылыққа шақыратын мұндай іс-шараның пайдалы екені, ал әрбір пайдалы да сауапты іс-әрекетті ислам дінінің қолдайтыны баршамызға мәлім.

Негізінен мәулітті атап өтудің түрлі қайырымдылық шаралардың өтуіне себеп болумен қатар, халықтың жүрегінде Пайғамбарымызға деген сүйіспеншілікті жаңғыртуға да қосар үлесі мол. Мәулітті атап өту – Расулалланы күллі ғаламға

⁴²⁴ Мүслим, Сиям, 197; Әбу Дәуіт, Саум, 54; Ахмәд ибн Ханбәл, 5/297, 299

⁴²⁵ Мухәммәд ибн Әләуий әл-Мәлики әл-Хәсәни. Хәуләл-ихтифәл би зикрәил-мәулидин Нәбәуиш-шәриф. –Каир, 2004. –15-б.

рақым ретінде жібергені үшін Аллаға шүкіршіліктің де бір белгісі.

Мәулітті тойлауға болатындығын білдіретін дәлелдердің бірі – мәуліт кештерінде оқылатын мәуліт жырлары. Ал оның негізі алтын ғасырдағы, яғни Пайғамбарымыз бен сахабалар кезіндегі қасидаларға барып тіреледі. Ардақты пайғамбарымыз (с.а.с.) өзін мақтап, мадақ айтқан ақындарға қарсы шықпаған. Тіпті оларға ризашылығын білдіріп, сый-сыяпат беріп отырған. Мысалы, Кағыб ибн Зухәйр «Бәнәт суад» деп аталатын өлеңін Пайғамбарымызға оқығанда ол ерекше толқып, үстіндегі «бүрдә» деп аталатын шапанын шешіп Зухәйрдың иығына жапқан еді. Осыған орай әлгі өлең «Қәсидәтул-бүрдә» деген атпен танымал болып, кейінгі Пайғамбарымызға арнап өлең жазғандарға әсер еткен. Алтын ғасырда Пайғамбарымызды мадақтаған өлеңдердің арасында әлі күнге дейін мұсылмандардың арасында кең тараған, сүйспеншілікке толы туынды – «Тәләл-Бәдру әләйнә» деп басталатын өлең-жыр.

Міне мұсылмандар арасында мәуліт оқыту алтын ғасырдағы «шуараун-нәби», яғни Пайғамбар ақындары деп аталған Кағыб ибн Зухәйр, Хассан ибн Сәбит, Абдулла ибн Рәуәхалардың Пайғамбарымызды мадақтауы әрі Пайғамбарымыздың оларға қарсылық білдірмеуімен үйлесуде.

Араб әдебиетінде бұл жанр хижра жыл санағы бойынша IV ғасырда шыңына жеткен. Классикалық парсы әдебиетінде болса Хакім Сәнайи, Низами, Фаридуддин Аттар, Ширази, Әмір Хусрау-и Дихлауи және Молда Жами осы жанрда өте жарқын шығармаларын жазған.

Өз кезегінде исламды жүрек қалауымен қабылдап, оны өмір салтына айналдырған мұсылман-түркі халықтарында Пайғамбарға (с.а.с.) сүйіспеншіліктің орны ерекше. Бұның жарқын көрінісі ретінде мұсылман-түркі әдебиетінде Мұхаммед пайғамбарға (с.а.с.) байланысты туындаған әдебиет жанрларын атауға болады. Бұл әдеби шығармалар «Әсма-и-нәби» (Әз-Пайғамбардың есімдері), «Сира» (Пайғамбардың өмірбаяны), «Мәулид», «Мираж-нама», «Муғжиза-и нәби» (Пайғамбардың муғжизалары), «Ғазауат-ы нәби» (Пайғамбар қатысқан соғыстар), «Шапағат-нама», «Қырық хадис», «Жүз хадис», «Мың хадис» сияқты тақырыптар төңірегінде өрбіп дамыды.

Түркі халықтарының Пайғамбарға (с.а.с.) сүйіспеншілігі мен құрмет-ізетінен туындаған әдебиет түрлерінің бірі – нағыт жанры. Нағыт (арабша – на‘т) – бір адамды бойындағы ерекшеліктері мен қасиеттерін мадақтай отырып, сипаттау деген мағынаны білдіреді. Діни әдебиеттегі терминдік мағынасы – әзірет Мұхаммедті (с.а.с.) мадақтау, мақтау мақсатымен жазылған әдеби шығармалардың жалпылама атауы. Бұл жерде ескере кететін бір жәйт, Әз. Пайғамбардың тысындағы адамдарға арналған жырлар мадақ жырлары деп аталып жатса, тек қана Әз. Пайғамбарға арналған мадақ жырлары “нағыт” (на‘т) деген атқа ие болған⁴²⁶.

Түркі халықтарындағы бұл жанр бастауын араб әдебиетінен алады. Әз. Мұхаммедтің көзі тірісінде оған арнап мадақ жырлары жазылғандығын жоғарыда атап өткен едік. Тіпті осы нағыт сипатындағы алғашқы өлеңнің ол дүниеге келмей тұрып 7 ғасыр бұрын жазылуы да бұрын-соңды болмаған нәрсе. Йаман патшасы Әбу

⁴²⁶ Әділбаев А. Қазақ халқында Пайғамбар сүйіспеншілігі. Дала мен қала газеті, 7 мамыр, 2004.

Кәриб әл-Химиарисол кездегі ғалымдардан Инжіл мен Тәуратта соңғы пайғамбар Өз. Мұхаммедтің (с.а.с.) келетіндігі жайлы жазылғанын естіп, оған мадақ жырын арнаған. Осы пайғамбардың Алланың елшісі екенін, оның кезеңіне дейін өмір сүрсе, оған мойын сұнатынын жазып кеткен. Кейіннен сахаба Әбу Айиуб әл-Әнсаридің қолына келіп жеткен осы хат Өз. Пайғамбарға ұсынылған. Бұл оқиғаны қазақ ақыны Шәді Жәңгірұлы да “Назым сияр шариф” атты кітабының “Табим Хамри оқиғасы” деген бөлімінде қазақ тілінде әсем баяндаған.

Ислам дінін ертеден қабылдаған Қазақ халқы оның жеткізуші пайғамбарын да тануға тырысты. Ислам діні қазақ даласында әл-Фараби, Иассауи, Баласағұни, Бақырғани, Иүгнеки, Хайдар Дулати секілді даналардың кезеңінде нағыз гүлденген дәуірін бастан кешірді. Халқымыздың бұл даналары өз шығармаларын Құран, хадис және ислам мотивтерімен көркемдеп безендірді.

Қазақ әдебиетінің алғашқы мұраларына көз жүгіртер болсақ, Өз. Пайғамбарға алғаш мадақ жырын жазған күллі мұсылман-түркі халықтарына ортақ Жүсіп Баласағұн екенін көреміз. Мұсылман-түркі әдебиетінің алғашқы үлгісі болып саналатын “Құтадғу білік” атты кітабы арқылы ол Өз. Мұхаммедті халқына танытып, сүйдіруді мақсат тұтқан. Шығармасын түсінікті болуы үшін жергілікті халықтың тілінде жазған Баласағұни әзірет Пайғамбардың мінезінің көркемдігін, адамзатқа жіберілген шырақ екендігін және үмбетіне деген сүйіспеншілігін айта келе, Пайғамбардың жолының есендікке жеткізетінін тілге тиек етеді. Ол Мұхаммед (с.а.с.) пайғамбарды былай мадақ етеді:

Рахымды ием, пайғамбарын жіберді
Кісі ізгісі, ел сарасы жігерлі.
Түнек түнде шамы болды халықтың,
Саған, жұртқа нұрын шашты ол жарықтың!
Ол құдайдың елшісі, ерім, білгейсің,
Сен, содан соң, тура жолға кіргенсің!
Өз. Мұхаммедтің (с.а.с.) күллі әлемге үлгі-өнеге болатын мінез-құлқын былай деп жырлайды:

Елге деген рахымы ол құдайдың,
Қылығы хош, құлқы түзу, шырайлы.
Жібек мінез, ақылды, әппақ пейілді,
Жаны жомарт, қолы ашық, мейірлі.

Қара жерде, жасыл көкте әзіз-ді,
Оған құрмет берді тәңір жаны ізгі.
Бастаулардың басы еді, оңдысы,
Болды, кейін, пайғамбардың соңғысы!

Жүсіп Баласағұн Өз. Пайғамбардың “Расулулла” (Алланың елшісі), “Хабибулла” (Алланың сүйікті құлы), “Хатемул-әнбия” (пайғамбарлардың соңғысы) деген сыпаттарын халыққа өлең жолдарымен шебер тілде жеткізеді. Өз. Мұхаммедке арналған шығармалардың бәрінің ең басты мақсаты авторлардың пайғамбарға деген сүйіспеншіліктерін паш етуі, халықты сусындату болса, қосалқы мақсатында осы еңбектері арқылы Алланың ырзашылығына бөлену мен

Өз. Пайғамбардың шапағатынан үлес алу ниеті жатқандығы анық. Міне осындай ниетін Жүсіп Баласағұн жырында былай білдіреді:

Пейіл бұрдым енді оның жолына
Сүйдім сөзін, сендім ділі оңына.
Иләһи! Менің көңілімді күзеткін,
Қияметте пайғамбермен бір еткін!
Қияметте көрсет толық жүзіңді,
Қолымнан демеп, раббым, өткіз өзімді!⁴²⁷.

Ақынның бұл өлең шумақтарынан Пайғамбарымызға деген ыстық ықылас пен терең сүйіспеншілікті көруге болады. «Пейіл бұрдым енді оның жолына» деп Алла елшісінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жолы адамдарды бақытқа жетелейтінін, «Сүйдім сөзін, сендім ділі оңына» дей отырып, Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) хадистері мен сүннетін ұстануды халыққа уағыздайды.

Жалпы мұсылман авторлар кез-келген шығармасын жазған кезде “хамдәлә” (Аллаға мадақ) және “салуәлә” (Пайғамбарға салауат) айтып оны мадақ етіп бастап, одан кейін барып негізгі тақырыптарына көшкен. Осылайша “хамдәлә” мен “салуәлә” мұсылман мәдениетінің символына айналып кеткен. XII ғасыр қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Ахмет Иүгінеки де осы дәстүрді ұстанып, “Ақиқат сыйы” атты кітабының “салуәлә” бөлімінде хазірет Мұхаммедке деген сүйіспеншілігін былай жеткізеді:

«Ақыл-ойыңа салып, сөзімді аңда.
Ол (Мұхаммед) – тумысынан игі, адамдардың бақыттысы.
(Бүкіл) жаратылғандардың ішінде оған тең келетін (ешкім) жоқ.
(Өзге) пайғамбарлар жарқын жүз (сияқты болса),
Бұл – ол жүзге (жарасып тұрған) көз.
Яки олар – қызыл (шырайлы) бет, ал ол бетке (көрік беретін) мең.
Оны мадақтағанда тілімнің дәмі кіреді.
Оны еске алғанда шекер мен бал (жегендей болады).
Бүгін менен сәлем жетсін, ол ертең
Қол ұшын берушіме қам жегізісін».

Одан кейінгі дәуірде жалпы түркі халықтары, әсіресе қазақ даласында Исламның таралып, жүрек төрінен орын алуыға сүбелі үлес қосқан Ахмет Иассауи бабамыздың «Диуани хикмет» атты шығармасы бейнебір мадақ жыры іспетті. Әрбір парағында әзірет Мұхаммедке (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) деген терең махаббатты көруге болады. Ол Адамзаттың асылын: «Нур-ы Худа (Алланың нұры), дост-ы Худа (Алланың досы), дүруд-ы Худа (Алланың дұғасы, мақтауы, сәлемі), уирд-і Худа (Алланың зікірі), сәйидул-мурсәлин (пайғамбарлардың мырзасы), хатәмул-әнбия (пайғамбарлардың соңғысы), рахмәтән лил-аләмин (әлемдерге рақым), фахр-ы аләм (әлемнің мақтанышы), туба-и қабу қәусәйн (каб кәусәйн туба ағашы), қамару бағ-ы кәунәйн (кәунәйн бақшасының айы), Һади әл-мудиллин (адасқандарға жол көрсетушісі), муқаддәм-і әнбия (пайғамбарлардың алдыңғысы), хабиб-ы Халық

⁴²⁷ БаласағұнЖ. Құтты білік, (ауд. және түс. жазған А. Егеубаев).–Алматы:«Жазушы» баспасы, 1986. – 53-54-б,

(Жаратушының сүйіктісі), хуласа-и халайық (жаратылғандардың негізі), асыл-ы усуд-ы аләм (әлемнің асылы)» деп керемет сипаттайды⁴²⁸.

Бертін келе қазақ даласында ислам дінінің орныққан шағында Қазақ әдебиетінде Абай атамыз бастаған көштің де жоғарыда аталған бабаларымыздың Әз. Пайғамбарға деген сүйіспеншілік дариясына шомылып, солардың сара жолымен жүріп, дәстүрін жалғастырғандығын көреміз. Қазақтың қамын жеп, жоғын жоқтаған ұлы Абай, халқының өз дәуіріндегі мәдени дамудан жырақ қалмауы үшін білім мен ғылымды уағыздады. Сонымен бірге заманауи ағымға сай өз дәстүрі мен дінін сақтап қалудың маңызын терең түсінген ойшыл:

«Алла мінсіз, әуелден пайғамбар хақ,

Мүмін болсаң үйреніп, сен де ұқсап бақ» немесе: «Алланың, пайғамбардың жолындамыз» деп, хақ Пайғамбардан үлгі алуды насихаттайды. “Сен де ұқсап бақ” деу арқылы Пайғамбарымыздың бойындағы адамдық асыл қасиеттерді нұсқауда. Бұл да болса Абайдың әзірет Пайғамбарды жете танып, сүйе білгендігінің айқын көрсеткіші. Абай Құнанбаев, өзінің ақылға толы “Қара сөздерін” әзірет Мұхаммедтің хадистерімен көркемдей білген.

«Шапағат шамшырағы – әзірет Мұхаммед» атты кітабымызда⁴²⁹ бұған қатысты көптеген мысалдар бергендіктен бәрін айтып жатпай-ақ, Кеңес одағының жасаған қаншама қыспағына, қудалауына қарамастан халықтың жүрегінен өшпеген Пайғамбарға деген сүйіспеншілікті паш еткен Мұқағали ақынның:

Сатпаймын, сатқан емен дінімді мен,

Өлмейтін, өшпейтұғын күнін білем.

Таппайтын күнде тыным, түнде тыным

Мұсылман Мұхаммедтің үмбетімін.

Мұхаммедтің үмбеті мұсылманмын

Пайғамбарым қолдайды қысылған күн.

Алсын тағалам ант етем, ант етемін

Алла есімін есімнен шығарған күн⁴³⁰, – деген өлең шумақтарымен сөздерімізді түйіндей кетейік.

Мәуліт айы күллі ғаламға рақым ретінде жіберілген, өмір бойы «үмбетім, үмбетім» деп өткен сүйікті елшінің дүние есігін айқара ашып, адамзатқа шуақ сыйлаған айы. Бұл айда Пайғамбарымызға көбірек салауат айтып, сәлем жолдаудың берер пайдасы шаш етектен. Пайғамбарымызға (с.а.с.) салауат айтып, сәлем жолдауға қатысты Құранда «Ахзаб» сүресінің 36-аятында Алла тағала: *«Шынында да Алла мен Оның періштелері Пайғамбарға салауат жолдайды. Әй, иман келтіргендер, сендерде оған оған шын жүректен салауат айтып, сәлем жолдаңдар!»*⁴³¹ деп бұйыруда. Пайғамбарымыз да өзіне салауат айтудың маңыздылығын: *«Қиямет күнінде маған ең жақын болатын кісі – ең көп салауат*

⁴²⁸ Хожа Ахмет Йасауи. Хикмет жинақ: Даналық Сыр. – Алматы: «Жалын» баспасы, 1998.

⁴²⁹ ӘділбаеваА., ӘділбаеваШ. «Шапағат шамшырағы – әзірет Мұхаммед». –Алматы: «Көкжиек баспасы», 2013.

⁴³⁰ ӘділбаеваА., ӘділбаеваШ. «Шапағат шамшырағы – әзірет Мұхаммед». –Алматы: «Көкжиек баспасы», 2013.

⁴³¹ ҚайырбековӘ. «Қазақ жырының қара бурасы», Қазақ әдебиеті газеті, 27 шілде, 2001..

*айтқан адам»*⁴³² деп білдерген. Міне осындай діни тағылымдарды жақсы білген халқымыз мәулітті Пайғамбарға деген сүйіспеншіліктерін жеткізудің таптырмас мүмкіндігі деп білген.

Жалпы, қоғамдық ақыл-ойға ықпал еткен ақындар өз кезеңіндегі халықтың жүрек үніне аудармашы болған. Қазақ халқының Пайғамбарға (с.а.с.) сүйіспеншілігі мен құрметін халық ауыз әдебиетінен де көруге болады. Мақал-мәтелдерде хадистердің қолданылуы көптеген әдет-ғұрыптардың Пайғамбарымыздың (с.а.с.) сүннетінен туындағанының айғағы. әзірет Пайғамбардың (с.а.с.) атының баталарда қосылып айтылуы осы сүйіспеншіліктің белгісі. Тіпті, халқымызда Мұхаммед, Ахмет, Мұстафа, Нұрмұхаммед, Махмұд, Махамбет, Мәмет, Мұқаш, Мұқағали (Мұхаммед-Әли) т.б. сияқты есімдердің көптеп кездесіп жатуы – сәбилерін адамзаттың ардақтысы, Алланың сүйікті құлы әзірет Мұхаммедке (с.а.с.) ұқсасын, соның жолымен жүріп, ақыретте шапағатынан үлес алсын деген арманнан туындаған жүректің пәк тілегінің айқын көрінісі екені айдан анық.

⁴³² Термези, Салат, 357.

Қорытынды

Ислам – белгілі бір ұлтқа, аймақ пен уақытқа ғана емес, күллі адамзат баласына жіберілген әлемдік дін. Хақ Тағала Пайғамбарымыздың күллі адамзатқа жіберілгеніне ерекше назар аударып, Құранда бекітілген құндылықтардың белгілі бір уақытқа, мекенге, ұлтқа ғана тән емес екендігін баяндаған.

Ардақты пайғамбарымыз (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) да осы дәстүрлерді іс жүзінде көрсете отырып, сонау ерте кездің өзінде адамдарды түр-түсіне, реңіне, тегіне, әлеуметтік жағдайына қарай алаламау қажет екенін, Құранда айтылғандай артықшылықтың құдайға жақындықта екенін үйретіп кеткен. Қасиетті Құранда Алла алдында адамның дәрежесі оның белгілі бір ұлтқа тиісті болуымен емес, өзге қасиеттерімен айқындалады. «Рум» сүресінің 22-аятында: **«Көктер мен жерді жаратуы, тілдеріңнің, түстеріңнің қарама-қарсылығы да Оның белгілерінен. Шүбәсіз, бұларда білгендер үшін белгілер бар»**, деп Жаратушы адамдар арасындағы айырмашылықтардың ақыл салып ойланғандар үшін анық белгі екендігін айтады. Құран қоғамдық және әлеуметтік әрқелкілікті әлемдегі әр алуандылық секілді Алланың құдыреттілігінің белгісі ретінде қарастырады. Сондықтан түрлілікті Иләһи құдыреттің жемісі ретінде қабылдау керек. Ал «Хужурат» сүресінің 13-аятында: **«Әй, адам баласы! Шүбәсіз сендерді бір ер, бір әйелден жараттық. Сондай-ақ бір-біріңді тануларың үшін сендерді ұлттар, рулар қылдық. Шынында Алланың қасында ең ардақтыларың – тақуаларың. Шүбәсіз, Алла толық білуші, әр нәрседен хабар алушы»**, деп адамдардың мәдени және этникалық әртүрлілігінің мәні көрсетіледі.

Құран мен сүннетке жіті назар аударғанда, шариғаттың құқықтық нормалар бекітуде қоғамдық-әлеуметтік ерекшеліктерді назарға алғандығы, түбегейлі өзгерістерді бірден емес сатылай, бірте-бірте өзгерту әдісін қолданғандығы, халықтың аят-хадиске қайшы келмейтін дәстүрлерінің жалғасын тапқандығы байқалады. Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) осындай ұстанымдарын негізге алған мұсылман ғалымдары туындаған кейбір діни мәселелерге қатысты үкім берерде халықтың әдет-ғұрпына мән берген.

Әдетте, мұсылмандардың ешқандай зияны жоқ үйреншікті әдеттеріне қарсы келу адамдарға қиындық туғызады. Алайда, Құран Кәрімде: **«Дінде де сендерге ауырлық салмады»** («Хажж» сүресі, 78-аят), деген аят бар. Байқағанымыздай мұсылман ғалымдарының Исламның қоғам өміріндегі жағдаяттарын назарға ала отырып, дін белгілеген негізгі қағидаларға жіті мән беріп, өз әдіснамларына сай келетін әдет-ғұрыптарды құқықтық нормалар белгілеуде негіз етіп алғандықтарын көреміз. Осы орайда мұсылман құқықшыларының **«Әдет-ғұрып – белгілеуші»**, **«Шариғатта тікелей нұсқауы жоқ нәрсе, әдет-ғұрыпқа қарай таңдалады, өйткені ғұрып дәлел болып табылады»**, **«Әдет-ғұрыппен бекітілген нәрсе шариғатпен бекітілгенмен тең»** деген секілді сөздері ғұрыптың құқықтық негіз екендігін аңғартатын қағидалар болып табылады.

Әдет-ғұрыпқа мән беріп, оны негізге алу – ислам құқығының динамизмін,

барлық уақытта жергілікті халықтың дүниетанымына сай келетін кеңдігін көрсететін бірден-бір ерекшелігі. Осы ерекшелігіне баланысты ислам дінін өзге ұлт өкілдері жатсынбай қабылдап, өзіндік ұлттық ерекшеліктерін сақтап қалған.

Тарихи тұрғыдан қарастырсақ, ислам діні қазақ даласына сонау ерте кезеңнің өзінде (VIII ғ.) тарала бастап, Мәураннахр мен Түркістан аумағында салтанат құруы Қарахан мемлекеті дәуірінде жүзеге асты. Қарахандықтар кезінде ислам діні түркі әлемін біріктіретін негізгі фактор ретінде қарастырылды. XIII ғасырдың екінші жартысында Жошы ұлысынан бөлініп шыққан Алтын Орданың ресми діні ислам болды. Алтын Орда кезеңінде Қазақстанның барлық аймақтарында ислам діні толықтай үстемдік құрып, Қазақ хандығы мұсылман мемлекеті ретінде танылды. Алтын Орданың мұрагері саналған Қазақ хандығы да бабалар салған сара жолдан қиыс кетпей, ханафи мәзһабына арқа сүйеген дін жолын өздеріне жолбасшы етті. Қазақ халқының ұлт ретінде ұйысуында ислам дінінің ықпалы күшті болды.

Жоғарыда да айтып өткеніміздей ислам дінінің құндылықтары мен дәстүрлерінің кеңдігі өзге де ұлттардың, соның ішінде қазақ халқының да ислам дінін шын жүректен қабылдап, өмірлік дәстүрлеріне айналдыруына жол ашты.

Қазақ халқының тұрмыс-ірішілігінде әдет-ғұрыптың орны ерекше болған. Әдет-ғұрып құқығы сайын сахараны мекендеген ұлы дала халқының сан ғасырлық тарихымен қатар өмір сүріп, 1930 жылдарға дейін өзінің күшін жойған емес. Кеңес өкіметі кезінде құқықтық норма ретінде күшін жойғанымен халықтың санасында, тұрмысында әлі күнге дейін жалғасын тауып келе жатқан өміршең жүйе. Ол рухани бастаулардан нәр алып, адами құндылықтарды қорғауды мақсат тұтты. Ислам дінін қабылдаған халқымыз дала заңдарының озығын ислам шариғатына сай бейімдей отырып, өмірінің өзегіне айналдыра білді. Өз кезегінде қазақтың би-қазылары шариғатқа сай ғұрыптарды негізге алып, қайшы елген жораларды тәрк етіп отырған.

Қазақ халқының шыр етіп дүниеге есігін ашып, құлағына азан шақырып ат қойылғанна бастап, ақтық сапарға аттанғанға дейінгі тұрмыс-тіршілігі мен ой санасында исламның жасампаз һәм өміршең дәстүрлерінің керемет үйлесіммен өріле өмір сүргендігіне толықтай көз жеткізе аламыз. Қазақтың тұрмыс-салты мен әдет-ғұрпын ислам дінінен бөлек қарастыру мүмкін емес. Жоба аясында жүзеге асырылған осы зерттеуімізде еліміздің діни тұтыстығы мен тұрақтылығы тұрғысынан ерекше маңызы бар осы «Қазақ салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарының ислам шариғатымен үйлесімі» атты тақырыпты жан-жақты ашып көрсетуге тырыстық. Өз кезегінде бұл тақырып – отандық исламтану мектебін қалыптастыру жолында маңызды рөл ойнайтын негізгі мәселелердің бірі.

Қазақ халқы – ислам дінін қабылдап қана қоймай, ислам өркениетіне өзіндік үлес қоса білген, мәдени мұрасының тамырлары тереңде жатқан халық. Елбасымыздың сөзімен айтсақ «ұлттық код, ұлттық мәдениет сақ-талмаса, ешқандай жаңғыру болмайды». Біздің ұлттық кодымыздың негіздерінде ислам дінінің құндылықтарының жатқандығы жасырын емес. Сондықтан да тарихи сабақтастықты сақтай отырып, өзіміздің жаңа мұсылмандық келбетімізді айқындау жолында дін мән дәстүр үйлесімін көрсете білу ұлттық діни санамыздың қалыптасып, сырттан келетін діни экспансия мен діни алауыздықтың алдын алуға септігін тигізеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Құран кәрім
2. Абай. Энциклопедия. (Бас ред. Р.Н. Нұрғалиев). –Алматы: «Қазақ энциклопедиясының Бас Редакциясы, «Атамұра» баспасы,1995.
3. Абай Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық жинағы. –Алматы: Жазушы, 2005.
4. Абдурраззақ Мусаннәф, I-XI т. – Бейрут, 1971-1975.
5. Абдуррахман әл-Жәзәри. Китәбул фиқһи алаал мәзәһибил арбаға. – Стамбул: «Дәру ад-Дағуа», 1987.
6. Абдуррахман б. Хүсәйн әл-Ирақи, әл-Муғни ан хамлил- әсфар фи тахрижи мә фил-ихияи минәл-ахбар, I-III т.Рияд: Дарут-табария. 1995.
7. Абрамзон С.М., «О пережитках ранних форм брака у киргизов. История, археология и этнография Средней Азии». – Москва,1968.
8. Адамбаев Б., Тозған қазды топтанған қарға жейді. – Алматы: «Рауан» баспасы, 1991.
9. «Ағаш бесіктен жер бесікке дейін» кітабы. –Алматы, 2011.
10. Ай, заман-ай, заман-ай. (Бес ғасыр жырлайды), құр: М. Мағауин; М. Байділдаев, I-II том, Алматы, 1991.
11. Айдүз Д., Кыса сүрелерин тефсири. – Стамбул, 2004.
12. Айтыс. – Алматы, 1988.
13. Ақгүндүз А. Башлык// Ислам ансиклопедиси,. – Анкара: ТДУ, 2002. 5-т.
14. Алтынсарин Ы. Орынбор ведомствосы қазақтарының өлген адамды жерлеу және оған ас беру дәстүрінің очеркі // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. –2-т.– Алматы: Арыс баспасы, 2006.
15. Аманова Ғ., Халықтың педагогика даналық мектебі.– Алматы: «Сарыжайлау» қоғамдық қоры, 2012.
16. Андреева И.Н. Традиция // Социологическая энциклопедия / Под. Общ. Ред. А.Н. Данилова. Минск: Белорусскаяэнциклопедия, 2003.
17. Арабажы Ф. Ханефилигин олушумунда жоғрафи еткенлер//Имамы Ағзам Ебу Ханифе ве дүшүнже системи, 16–19 Еким, 2003, семпозиум материалдары. – Бурса: Куран араштырмалары уакфы, 2005. 1-т.
18. Арғынбаев Х.А. Қазақ халқындағы семья мен неке. –Алматы, 1973.
19. Арғынбаев Х. Қазақтың отбасылық дәстүрлері. – Алматы: Қайнар. 2005.
20. Ахмад ибн Али ибн әл-Муснад Әбу Яғла әл-Мусили әт-Тәмими. Мүснәд Әби Яғла. Баспаға әзірлеген Хусейн Сәлим Әсәд. – Димашқ, 1984.
21. Ахмад ибн Ханбал. Муснад, I-VI том, Мысыр, 1313.
22. Ахмад ибн Али ибн Хажар әл-Асқалани. Мунаббихат ала Истиғдади ли иәумил мағад. –Бейрут: «Дәрул Фикр», 20000.
23. Ахмед Фахми Әбу Сина, Әл-Адат уә әл-урф фи раи әл-фуқаһа. – Каир, Матбағу әл-Әзһар, – 1947.

24. Әбетова Н. 40 санының қасиеті туралы, [HTTP://KEREK-INFO.KZ/RUHANIYAT/](http://KEREK-INFO.KZ/RUHANIYAT/)
25. Әбдірәсілқызы А.. <http://ansar-aktobe.kz/index.php/kz/vopros-otvet/2-uncategorised/83-din-zh-ne-d-st-r-20-s-ra-pen-zhauar>
26. Әбу Бәкір әл-Жассас. Әхкамүл-Құран. –Бейрут: «Дәрул кутубил ғилмия» баспасы, – 2007.
27. Әбу Бәкір әз-Зубайди. Жәуһаратун Нира ала мухтасар әл-Қудури.– Бейрут: «Табағатул-Хаирия», 1999.
28. Әбу Дәуд Сүлейман ибн әл-Ашғас әс-Сижистани. Сүнән. – Бейрут: Дәр әл-китаб әл-арабия, I-IV т.
29. Әбу Ләйс әс-Самарқанди. Тәнбиһул Ғафилин би әхәдиси сәидул әнбия-и уәл мусралин. –Бейрут: «Дәру ибн Кәсир», 2000.
30. Әбу Мансур әл-Матуриди. Тәуилатул Құран (ред. Бәкір Топалұғлы). – Стамбул: «Дәрул мизан» баспасы, 2005. 3-том,
31. Әбул Қасым әт-Табарани. Муғжамул Кәбир. – Каир: «Дәрул Райян», 2010.
32. Әбул Хасан Али бин Мухаммад ибн Мухаммад әл-Мәуәрди. әл-Иқнағ фил-фиқһи әш-Шәфиғи. – Каир: «Дәрул Ихсан», 2000.
33. Әділбаев А.. <http://E-islam.kz> [http, //islam-kulsary.kz/info](http://islam-kulsary.kz/info)
34. Әділбаев А. Қазақ халқында Пайғамбар сүйіспеншілігі. Дала мен қала газеті, 7 мамыр, 2004.
35. Әділбаев А., Әділбаева Ш. «Шапағат шамшырағы – әзірет Мұхаммед». –Алматы: «Көкжиек баспасы», 2013.
36. Әділбаева Ш. Хадис–ғұрпымыз, сүннет–салтымыз.–Алматы: “Көкжиек-Б” баспасы, 2009.
37. Әжіғали С., Байғабатова Н., Жетісу қазақтарының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары//Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. – Алматы, 2005.
38. Әжіғали С., Оразбек Е., Қазақтардың дінге сенгіштігі// Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары, жауапты ред: С.Әжіғали,. – Алматы, 2005. 1-т.
39. Әлдиден эпосқа дейін. – Алматы: «Орхон» баспа үйі, 2015.
40. Әуезов М. Абай жолы роман-эпопея. –Алматы: «Жазушы» баспасы, 2013. Бірінші кітап,
41. Әуезханұлы А. Ізгілік қалсын әр ізде, – Алматы: «Көкжиек» баспасы, 2015.
42. Бабалар сөзі. – Астана: Фолиант. 2002-2005. 1-т.
43. Бабалар сөзі–даналық көзі, құр: О. Исмаилов. – Алматы, 1996.
44. Бағашар Құдайберді. Ислам және өнеге. – Алматы: «Көкжиек-В» баспасы, 2010.
45. Баласағұн Ж. Құтты білік, (ауд. және түс. жазған А. Егеубаев). –Алматы: «Жазушы» баспасы, 1986.
46. Бартольд В.В. Туркестан в эпоху монгольского нашествия. Часть вторая. – С.Петербург, 1900.
47. «Батырлар жыры». 1-том. – Алматы: Жазушы, 2007.
48. әл-Баһуути. Кәшшаф әл-Қинаа. –Бейрут: «Дәрул китаб әл-илмия», (жылы

көрсетілмеген), –2-т.

49. Бәйһақи, әс-Сүнәнүл-кубра, I-XI т. – Бейрут: «Дәрул-китаб әл-илмия».
50. Бегманов Қ., Этнографпен әңгіме : көрнекті ақын, қаламгер Қасымхан Бегмановтың абыз, зерттеуші-ғалым Жағда Бабалықұлымен сыр-сұхбаты. – Алматы, 2010.
51. Бекімов М.Н., Орал облысы қазақтарының үйлену салты//Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. – Алматы, 2006. II-т.
52. Әл-Бәләзури, Футухул-булдан, таһ. А. Е. et-Tabba, Ө. Е. et-Tabba. – Beyrut, 1958.
53. «Бес ғасыр жырлайды» 2- том. – Алматы: Жалын, 1989.
54. Бозкурт Н. Сүннет (Хитан) ве сүннет дүғүнү// http://www.davetci.com/hukuk_hitan.htm
55. Бурһануддин Ибраһим ибн Мухаммад. әл-Мубди шарх әл-Муқни. – Бейрут: «Дарул-китаб әл-илмия», 1997.– II-т.
56. Бұлұтай М. Ата баба діні. Түркілер неге мұсылман болды? –Алматы: Білім, 2000.
1. Бұхари Мұхаммад б. Исмаил, әл-Жамиус-сахих, I-VIII том, –Стамбул, 1315.
57. Бұхари. Мухтасар Сахихил-Бухари. – Дамаск: «Дәрул-Мустафа» баспасы, 2011.
58. Васильев Л. С. История религий Востока. – Москва: Высшая школа, 1983.
59. Gross D. The past in ruins: tradition and the critique of modernity. Amherst: University of Massachusetts Press, 1992.
60. Дәулетхан Ә. Хүн-түрік-қазақ тарихын зерттеу мәселелері. 2-кітап. – Алматы.
61. Дужан К. Көкпекті округі қазақтарының үйлену әдет-ғұрыптары, Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары, жауапты ред: С.Әжіғали. – Алматы, 2006. 2-т.
62. Дулат Бабатайұлы. «Замана сазы». –Алматы: «Жазушы» баспасы, 1991.
63. Дүниеге келгеннен өмірден озғанға дейін (отбасылық әдет-ғұрыптар ертеректегі авторлардың еңбектері бойынша) / Құраст. С.Әжіғали. –Алматы: Арыс, 2006.
64. Дін мен дәстүр. II кітап. – Астана, 2017.
65. Ерасов Б.С. Социально-культурные традиции и общественное сознание в развивающихся странах Азии и Африки. – Москва: Наука, 1982
66. Esposito John L. Islam: The Straight Path. 3rd edition. – New York: Oxford University Press, 1997. A general introduction to Islam which covers the history of Islamic belief and practice with special emphasis on modern Islam.
67. Жаназа және жерлеу рәсімдері. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы. – Алматы, 2018.
68. Жолдыбайұлы Қ. Дін мен діл. –Алматы: Ислам мәдениеті мен білімін қолдау қоры, 2011.
69. Жүнісов А. Бабалар дәстүрі. – Алматы, 1992.

70. Жүнісұлы А., Пәниден бақиға дейін. – Алматы, 2001.
71. Зәйдан А. әл-Уәжиз фи усулил-фикһ, – Бағдат: Дәр саада баспасы, 1976,
72. әз-Зухәйли У. Ислам фикһ энциклопедиясы. – Стамбул, I-XIт.
73. әз-Зухәйлий У. әл-Фикһул-Ислами уә әдилләтуһ. – Бейрут: Дәрул-фикр, 3-т.1996.
74. әз-Зухәйлий У. әл-Уәжиз фи усулиль-фикһ. – Бейрут: Дәрул-фикр баспасы, 1995.
75. Ибн Абидин. «Нәшрул-өрф», Мәжмуатур-рәсәил Ибни Абидин. – Бейрут: Дару Ихияит-турасил-араби, (жылы көрсетілмеген).
76. Ибн Абидин. Хашият кітабы, III т. Лубнан.
77. Ибн Әбу Шәйба, Мусаннәф. – Жидда, 2005.
78. Ибн Әмир әл-Хаж. Әт-Тақрир уә әт-тахбир. – Бейрут: Дәру әл-кутуби әл-илмия, 1983. – 1-т.
79. Ибн Кәсир. Мұхтасару. –Бейрут: «Дәрул мағрифа» баспасы, –2002. 2-т.,
80. Ибн Мажә. Әбу Абдулла Мухаммад ибн Иәзид, Сунан. – Бейрут: «Дәрул ихяи кутубил арабия», 2010.
81. Ибн Хишам. Әс-Сирату ән-нәбәуия.– Бейрут, 1391/1971.1-4- том.
82. Ибн Хубейб. Әсмәул-муғтали. Нәуадирул-махтутат. – Каир, 1954, II т.
83. Ибрагимов И.И. Қазақ халқының этнографиялық очерктері//Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. – Алматы, 2006. 2-т.
84. Ибраев М. Сарыарқа қазақтарының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары// Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары, жауапты ред: С.Әжіғали. – Алматы, 2005. 1-т.
85. Имам Ғазали. Ихияу улумиддин. – Дамаск, 2010. 2-т.
86. Имамға көмекші: Үстел кітабы / Құраст.: А.Әбдірәсілқызы, М.Исахан, М.Муслимов, Т.Әбуов, С.Көкенай, Г.Новикова, Ж.Тенлибаева. – Астана, Дін мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу және талдау орталығы, 2015.
87. Исахан М. «Есім ханның ескі жолы» заңы қандай заң еді?». //e-islam.kz
88. Исахан М. «Қазақ билерінің үкім кесуде қолданған әдіснамалары (айла-шарғы) шарифатға сай ма?»// e-islam.kz
89. Исахан М. Қазақ халқының әдет-ғұрып заңдарының бастаулары және ислам діні//e-islam.kz.
90. Иассауи Қожа Ахмет. Хикметтер. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2000.
91. Йашар Нури Өзтүрк. Куранын темел каврамлары. – Стамбул, 2000. 2-т.
92. Каракая Х. Фыкһ усулу, – Стамбул, 1995,
93. Караман Х. Адет. Ислам ансиклопедиси. – Стамбул:ТДУ, 1988, 1-т.
94. Кафи Дөнмез. Өрф, Ислам ансиклопедиси. – Стамбул: ТДУ, 2007.
95. Кейкін Ж., Қазақ мақал-мәтелдерінің Алтын кітабы – Алматы: Аруна, 2014.
96. Кеңесбаева А., Әлемдік діндердегі әйел құқығы мәселесі, Маг. Диссертация, (қолжазба құқығында) – Алматы, 2018.
97. Кенжалиев З. Көшпелі қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқықтық мәдениет/

теориялық мәселелері, тарихи тағылымы./ – Алматы, 1997.

98. Кенжетай Д, Зайырлы ел – қайырлы ел. – Астана, 2017.
99. КИтапчы 3. Орта Догуда түрк аскери варлығынын илк зухуру. – Стамбул. 1987.
100. Көксал А. Хз. Мухаммед ве исламиет, Медине деври. –Стамбул, 200. 2-т.
101. Көпрүлү Ф. Түрк едебиатында илк мутасаууфлар. – Анкара: ТДИ, 1976.
102. Көпрүлү Ф. Түркі әдебиетінде алғашқы сопы-ақындар. –Түркістан, 2017.
103. Қазақ әдеби тілінің сөздігі, «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының сериялары. – Алматы: Арыс баспасы, 2006. – 2-т.
104. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. –Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010 жыл
105. Қазақ салт дәстүрлері. – Алматы: Балауса баспасы, 2017.
106. Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. – Алматы, 2005-2006.
107. «Қазақстан» Ұлттық энциклопедия. /Бас ред. Ә. Нысанбаев. –Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998.
108. Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері. 1 том. – Алматы. 2005.
109. Қазақтың би-шешендері. – Алматы: «Жалын» баспасы, 1993.
110. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – Алматы: DPS, 2011.
111. Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде (этнолингвистикалық сөздік), 1-т.
112. Қайырбеков Ә. «Қазақ жырының қара бурасы», Қазақ әдебиеті газеті, 27 шілде, 2001.
113. Құдайбергенова А., Бекбалақ Қ. Оңтүстік Қазақстан қазақтарының әдет-ғұрпы мен салт-дәстүр ерекшеліктері// Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. – Алматы, 2005. 1-т.
114. Құрметұлы А. Ала жіпті аттама // <https://baq.kz/kk/blog/101/blog-101-508>
115. Құтты болсын тойларың: Той кітабы / құраст. Б. Сапаралы, Ж. Дәуренбеков. Толықтырылып 2-бас. – Алматы: Өнер. 1993.
116. Лазаревский Ф., Орынбор ведомствосы қазақтарының үйлену салттары// Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары, жауапты ред: С.Әжіғали. – Алматы, 2006. 2-т.
117. Макриси Т. Ас-сулук ли-марифати дубалил мулук. – Бейрут. 1974.
118. Малбақов М., Есенова Қ., Хинаят Б. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. – Алматы: «Арыс» – «Қазақ тілі» 2014. – 14- т.
119. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Көп томдық шығармалары. – Алматы: «Алаш» баспасы, 2003. 1-т.
120. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. «Ит дүние». Тандамалы шығармалар жинағы. – Алматы, «Халықаралық Абай клубы», 2008.
121. Молла Әли Қари. Фәтхү бабил ғинәя фи шархи китәбин никая, 3-том.
122. Молдабаев М. Халықтық салт-дәстүр немесе қазақ феномені. – Алматы: ҚАЗАҚПАРАТ баспасы. 2003.
123. Молдабаева Д. Казакларын зухуру ве казак ханлығынын курулушу, (маг.

дис-я), қолжазба құқығында. – Анкара, 2000.

124. Момышұлы Б. Ұшқан ұя. – Алматы: «Жалын» баспасы, 1975.

125. Муслим б. Хажжаж әл-Қушәйри. әл-Жамиус-сахих. I-VIII том –Стамбул, 1329-1333.

126. Мухаммад ибн Абдулла ибн әл-Араби, әл-Мәсәлик фи шархи Муаттаи Мәлик. – Бейрут: «Дәрул ғарбил Ислами», 2007. 3-т.

127. Мухаммед ибн Қудама. Мұғни Мұхтаж ила мағрифатил алфаз. –Рияд, 1403.

128. Мухәммәд ибн Әләуий әл-Мәлики әл-Хәсәни. Хәуләл-ихтифәл би зикрәил-мәулидин Нәбәуиш-шәриф. –Каир, 2004.

129. Мұқанов С. Халық мұрасы. –Алматы: «Қазақстан» баспасы, 1974.

130. Мұхаммад ибн Юсуф әл-Ғарнати. Өт-Тәж уәл иклил ли мухтасар Халил. – Дамаск: «Дәрул Илмия». 1994.

131. Кәусари З. Насбур-Раиә. –Каир, 1973.

132. ән-Нәуәуи. Шарху әлә Мүслим. – Оман: «Бәйтул әфкар әд-Дәулия» баспасы, 2000.

133. Нуртазина Н. Распространение ислама и формирование казахской мусульманской традиции. (V-VIII-нач. XIX вв.). –Алматы: «Қазақ университеті», 2013.

134. Нүсіпоқасұлы А. Тал бесіктен жер бесікке дейін. – Алматы: «Өнер 21-ғасыр қоғамдық қоры», 2014.

135. Нұрғалымұлы Ұ. «Естірту», «Егемен Қазақстан» :<https://www.egemen.kz/article/167647-qayghynynh-emi-estirtu-nemese-altyn-kimdiki-bolady>

136. Нұртазина Н.Д., Хасанаева Л.М., Ежелгі түркілердің исламдануының тарихи алғышарттары. – Алматы: «Қазақ университеті» 2010.

137. Он ғасыр жырлайды. (ред: Р.Бердібаев, т.б.) – Алматы, 2006.

138. Ораз С. Ұлы дала төсіндегі Ислам. – Алматы, 2018.

139. Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Әлеуметтану және саясаттану бойынша.– Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ. 2006.

140. Өзбекұлы С., Қопабаев Ө. Мемлекет және құқық теориясы. – Алматы: Оқулық, 2006.

141. Польза тахник. <http://islam-risalyat.ru>

142. Рамазанов Н. Жаназа мен жерлеу рәсімдері бірізділікке түсіп келеді <http://www.muftyat.kz/kz/article/2992>

143. Сағындықұлы Б., Сөз төркінін ашудың жаңа әдістері мен тәсілдері, 3-б., <http://pps.kaznu.kz>

144. Сайд Сабиқ. Фиқһу әс-Сунна. – Бейрут: «Китаб әл-арабия», 1971.– 1-т.

145. Сахих хадистер (таңдамалы), бірінші кітап. Ауд. Махат А., Сандыбаев Ж., – Алматы. 2006.

146. Сейдімбек А. «Қазақ әлемі». –Алматы: «Санат» баспасы, 1997.

147. Сейдімбек А. /«Ойтолғақ»/ 14.01.1989 жыл/<http://el.kz/kz>

148. Су Бихай. Қазақ мәдениетінің тарихы, ауд: Т. Зәкенұлы. – Алматы, 2013.

149. Смағұлов Е. Ас. Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары.

- «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының кітап сериялары. – Алматы: Арыс баспасы, 2005.
150. Смағұлова А.С. «Қазақтың әдет-ғұрып заңдары». Оқу құралы. – Ақтөбе: Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің редакциялық баспа бөлімі, 2004.
151. Суюти Жәләлуддин б. Абдуррахман, әл-Жамиус-сағир фи әхадисил-бәшир уан-нәзир, I-II том, Мысыр, 1321.
152. Табари Әбу Жафәр Мұхаммед б. Жәрир, әл-Жамиул-Бәйан, I-XXX том, Мысыр, 1373-1377.
153. Тахтауи. Марақи әл-фалах фи шархил-изах
154. Тирмизи, Мұхаммед ибн Иса Әбу Иса. Сунан. – Бейрут: «Дәрул-ихиаайт-турасил-араби» баспасы, 1990.
155. Топбаш Н. Куран керим ышығында небилер силсилеси, altinoluk.com <http://nebilersilsilesi2.darulerkam.altinoluk.com/>
156. Торайғыров С., Өлеңдер, поэмалар, роман. – Алматы: «Ан Арыс» баспасы, 2009.
157. Тұрсынов Е.Д. Происхождение носителей казахского фольклора. – Алматы: «Дайк-Прес», 2004.
158. Тілеуқабылұлы Ө. Шипагерлік баян. (Араб қарпінен көшіргендер – К.Елемес, Д.Мәсімхан) – Алматы: Жалын, 1996. – 15,43-б., <https://e-history.kz/kz/contents/view/2673>
159. Тұхфатул ахзауи шарху жәмиғ әт-Термизи. – Оман: «Бәйтул әфкар әд-Дәулия» баспасы, 2000. 2-т.
160. Хадис ансиклопедиси, дай: И. Жанан, I-XVIII том, –Стамбул, 1993.
161. Хаким ән-Нисабури. әл-Мустадрок алә-сахихайн. –Бейрут, 1990.
162. Хасан Аббас Қутуб. Сахих Муслим бишархи ән-Нәуәуи. – Ар-Рияд: Дәр аламу әл-кутуб, 2003. (Китаб ат-таһара) 3- т.
163. Хасанова С. Өрф ве адетин ислам хукук дүшүнжесинде иери ве хукүмлерин дегишмеси капсамындаки тартышмаларда рөлү//Ислам хукук араштырмалар дергиси, №14, 2009.
164. Хожа Ахмет Йасауи. Хикмет жинақ: Даналық Сыр. – Алматы: «Жалын» баспасы, 1998.
165. Хуб М. Илк Нурун догушу. –Стамбул, 2008.
166. Шәкизадаұлы С. Исламдағы «табаррук», «тауассул» мәселелеріне теологиялық талдау. «6M021500 –Исламтану» мамандығы бойынша гуманитарлық ғылымдарының магистрі академиялық дәрежесін алу үшін жазылған диссертация. Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті. (қолжазба құқында). –Алматы, 2018.
167. Шәкәрімұлы А. Құнанбай туралы, [Www.abaialemi.kz](http://www.abaialemi.kz)
168. Шәукани. Нәйлул-әутар, 5/117-120
169. Шортанбай: Толғаулар, айтыстар, дастан, (құр: Қ. Мәдібаева, К. Жүністегі), –Алматы, 1993.

170. Ырыскелдиев Т. Шылбы Көмекұлы және оның шығармалары. –Үрімжі: «Шалғын» баспасы, 1990.
171. https://massaget.kz/mangilik_el/shanyirak/salt-dastur/35697/
172. <http://kazislam.kz/islam/ishki-kategoriyalar/fiqh/khanafi-mazkhaby/item/14854-khanafi-mazhabyny-ortalyk-aziya-a-taraluy-ham-orny-uyny-sayasi-astary>.
173. <https://www.kunfeyekun.org/kf/peygamber-efendimiz-sav-namazini-kim-kildirdi.27097/>
174. <http://qasym.kz/kudajy-korshi-nemese-korshi-akysy-turaly-ne-bilemiz/>
175. <https://aikyn.kz/2017/10/27/31650.html>

А. Ш. Әділбаев

**Қазақ салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарының
ислам шариғатымен үйлесімі**

Заказ № 23/9 Басылым 300 дана

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан басылып шықты



ЖШС, "Ideal Group" жарнама агенттігі, 160021

Шымкент қаласы, Қонаев д-лы, 60

E-mail: reklama@idealgroup.kz



